Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

УДК: 37.016:811.111(043) Қолжазба құқығында

АБДРАИМОВА БАНУ АМАНЖОЛҚЫЗЫ

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми- әдістемелік негіздері

8D01721 – Шетел тілі педагогтарын даярлау
Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы
профессор Жайтапова А.А.

Шетелдік кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы
профессор Дянкова Гергана
(Благоевград қ., Болгария)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
АНЫҚТАМАЛАР..... 4
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР..... 5
КІРІСПЕ..... 6
І БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 17
1.1 Заманауи білім беру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру тенденциялары..... 17
1.2 Лингвомәдени құзыреттілік ұғымының мәні, мазмұны және құрылымы..... 26
1.3 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары..... 48
Бірінші тарау бойынша тұжырым……..... 69
ІІ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ 71
2.1 Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың әдіснамалық негіздері..... 71
2.2 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі..... 85
2.3 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы жаттығулар кешені..... 110
Екінші тарау бойынша тұжырым..... 124
ІІІ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ 126
3.1 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік - эксперименттік жұмысты ұйымдастыру..... 126
3.2 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру барысындағы тәжірибелік – эксперименттік жұмысты жүргізу..... 143
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесін талдау және тұжырымдау..... 153
Үшінші тарау бойынша тұжырым..... 162
ҚОРЫТЫНДЫ 164
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 168
ҚОСЫМШАЛАР ……..... 181

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға және нормативтік құжаттарға сілтемелер берілген:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (қолданыстағы өзгерістер мен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ;

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде №28916 болып тіркелген);

«Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 маусымдағы №133 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 маусымда №36207 болып тіркелген);

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 27 мамырда №6976 болып тіркелген);

Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) және Білім беру саласының біліктілік шеңбері (БСБШ). Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 24 қыркүйектегі №373-ө-м және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі №444 бірлескен бұйрығымен бекітілген;

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген;

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу». 2025 жылғы 8 қыркүйек;

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». 2024 жылғы 2 қыркүйек;

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі». 2020 жылғы 1 қыркүйек.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Шеттілдік білім беру – белгілі бір шетел тілін меңгертуге бағытталған педагогикалық үдеріс; тілдік, коммуникативтік және мәдени құзыреттерді қалыптастыруды мақсат ететін білім беру жүйесі.

Құзыреттілік – қажетті білім, білік, дағды және тұлғалық қасиеттердің интеграцияланған жиынтығы.

Лингвомәдени құзыреттілік – тілді сол тілге тән мәдени-тарихи, әлеуметтік-этникалық контекстпен біртұтас жүйе ретінде меңгеру қабілеті; тілдік бірліктердің артында жатқан ұлттық-мәдени мәндерді, символдарды және мәдени кодтарды тану, дұрыс интерпретациялау және оларды әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда мәдениетаралық талаптарға сай, прагматикалық тұрғыдан орынды қолдану қабілеті.

Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік – тұлғаның лингвомәдени ақпаратты әртүрлі дереккөздерден іздеу, іріктеу, жүйелеу, сыни тұрғыдан талдау, интерпретациялау және кәсіби-педагогикалық мақсатта тиімді қолдану қабілеті.

Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік – тұлғаның тілдік және мәдени білімдерді танымдық тұрғыдан меңгеруі, мәдени ақпаратты түсінуі, салыстыруы және оларды мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілеті.

Прагматикалық субқұзыреттілік – тұлғаның тілдік бірліктерді мәдени және әлеуметтік контекстке сәйкес қолдануы, сөйлеу актілерінің прагматикалық ерекшеліктерінің реңктерін түсінуі, коммуникативтік жағдаятқа және мәдениетаралық қарым-қатынаста тиімді әрекет ету қабілеті

Мәдениетаралық құзыреттілік- әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен өзара түсіністік негізінде тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін білім, коммуникативтік дағдылар және құндылықтық бағыттар жүйесі.

Цифрлық платформа- оқыту, коммуникация, бағалау немесе ақпарат алмасу үдерістерін ұйымдастыруға арналған көпфункционалды цифрлық орта.

Оқыту технологиясы - оқу мақсатына жету үшін жүйелі ұйымдастырылған әдістердің, тәсілдердің, құралдардың және іс-әрекеттердің жиынтығы.

Nearpod - білім беру үдерісін интерактивті ұйымдастыруға арналған цифрлық оқыту платформасы.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

ҚР - Қазақстан Республикасы
ЦТ - цифрлық технология
ЖОО - Жоғары оқу орны
ҚазХҚжӘТУ - Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
МЖМББС - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
ҰБШ - Ұлттық біліктілік шеңбері
БСБШ - Білім берудегі салалық біліктілік шеңбері
ШТ - Шетел тілі
ЛҚ - Лингвомәдени құзыреттілік
ЛҚКҚ - Лингвомәдени құзыреттілігі компоненттері қалыптасуы
ЭТ - Эксперименттік топ
БТ - Бақылау тобы
CEFR - Common European Framework of Reference

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттермен саяси, экономикалық, мәдени байланыстарының нығаюы қазіргі кезеңде ұлтаралық және мәдениетаралық коммуникацияның жаңа деңгейде дамуына негіз болып отыр. Халықаралық ықпалдасу үдерістерінің жеделдеуі жаңа әлеуметтік-мәдени кеңістіктің қалыптасуын қамтамасыз етіп, оның ықпалы еліміздің білім беру жүйесіне тікелей әсерін тигізуде. Бұл жағдай жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып, болашақ мамандарды даярлау үдерісін жаңа талаптарға сәйкес ұйымдастыруды талап етеді.

Осыған орай, тіл мамандарын даярлау Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыты болып табылады. Білім беру жүйесін дамыту, бәсекеге қабілетті маманды даярлау және цифрлық технологияларды енгізу бойынша стратегиялық нұсқаулар Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларында көрініс тапты.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2024 жылғы «Әділетті Қазақстан: заңдылық пен тәртіп, экономикалық өсім және қоғамдық оптимизм» атты жолдауында адами капиталды дамытудың маңызды факторы ретінде білім беру сапасын арттыруға ерекше назар аударылған. Жолдауда Президент әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында тиімді жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандарды даярлау қажеттілігін, сондай-ақ инновациялық технологияларды енгізу және мұғалімдерді даярлау сапасын арттыру арқылы білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттілігін атап өтті [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы негізгі қиындықтар мен шешімдер» атты жолдауында білім беруді цифрлық трансформациялаудың және жасанды интеллекті, заманауи цифрлық платформаларды және инновациялық технологияларды білім беру процесіне кеңінен интеграциялаудың басымдықтарына ерекше назар аударылған. Жолдауда әрбір тұлғаның цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру бәсекеге қабілетті адами капиталды құрудың және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтеді [2].

Жолдаудағы көрсетілген стратегиялық бағыттар болашақ мамандарды даярлау жүйесін жаңғыртуға негіз қалайды делінген. Қазіргі заманғы тіл маманы жоғары кәсіби құзыреттілікке ие болуы, шетел тілдерін жетік меңгеруі, заманауи оқыту әдістемелері мен цифрлық технологияларды меңгеруі және цифрлық білім беру ортасында оқу процесін ұйымдастыруға дайын болуы дей келе, ҚР Президенті айқындаған стратегиялық басымдықтарды іске асыру мәселелері «Білім туралы» ҚР Заңында, Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында, ҚР жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, «Педагог» кәсіби стандартында және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарында бекітілді.

Яғни, ҚР «Білім туралы» Заңы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі қағидаттарын анықтайды, жоғары оқу орындарын қоғамды цифрландыру жағдайында кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталды [3].

Ал, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты болашақ шетел тілі мұғалімінің табысты кәсіби тәжірибесімен айналысуы үшін қажетті кәсіби, коммуникативтік, зерттеушілік және цифрлық құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздей отырып, білім алушылардың оқу нәтижелеріне қойылатын талаптарды белгіледі [4].

ҚР жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы жоғары білім беру ортасын цифрлық трансформациялауға, инновациялық технологияларды енгізуге, академиялық ұтқырлық пен зерттеу мәдениетін дамытуға, сондай-ақ педагогтерді даярлау сапасын арттыруға негізделген. Аталған құжатта тілді әлеуметтік-мәдени контекстпен бірге меңгерту аясындағы бағыттар болашақ шетел тілі мұғалімін даярлауда лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігін айқын көрсеткен [5].

«Педагог» кәсіби стандарты мұғалімнің кәсіби тәжірибесіне қойылатын заманауи талаптарды анықтай отырып, маңызды рөл атқарды. Стандартта цифрлық білім беру технологияларын, заманауи оқыту әдістерін және білім беру нәтижелерін бағалау құралдарын жетік меңгеру, сондай-ақ заманауи стандарттарға сай келетін тиімді білім беру ортасын ұйымдастыру мүмкіндігі талап етілді. Кәсіби стандартта мұғалімнің кәсіби қызметі тек тілдік білімді меңгертумен шектелмей, мәдениетаралық коммуникацияны дамыта алатын тұлға қалыптастыруды көздейді. Стандарт болашақ педагогтардың көпмәдениетті ортада жұмыс істеуге дайын болуын міндеттейді. Шетел тілі мұғаліміне қатысты бұл талаптар лингвомәдени компонентті оқыту әдістемесінің ажырамас бөлігіне айналдырады [6]. Тілді мәдени контекстпен бірге оқыту студенттердің мотивациясын арттырып, оқу материалының өмірмен байланысын күшейтеді. Мәдени ақпарат тілдік бірліктердің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің даярлығында лингвомәдени құзыреттілік негізгі компоненттердің бірі ретінде танылады. Бұл құзыреттілікті қалыптастыру болашақ мамандардың кәсіби дайындығының берік негізін құрайды.

Шетел тілін оқыту барысында мәдениетті меңгерту мұғалімге тек тілдік нормаларды үйретумен шектелмей, сол тіл қолданылатын әлеуметтік-мәдени кеңістікті түсіндіруге жағдай жасайды. Бұл әртүрлі мәдени орталардың өкілдері арасында мазмұнды өзара түсіністік пен тиімді коммуникация орнатуға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы талаптар шетел тілін оқытуды шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыруды, заманауи цифрлық технологияларды қолдануды және оқыту процесінің тұлғалық дамуына ықпалын күшейтуді міндеттейді. Сондықтан шетел тілін меңгертудің тиімді әдістемесін іздеу мен жетілдіру бүгінгі күні ерекше маңызға ие болып отыр. Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің білім мен дағдылары қалыптасқан, қажетті жаңа іс-

әрекеттерді құруға дайын және қабілеті бар тұлға болуы керек екендігі айқындалады.

Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінде маман даярлаудың теориясы мен әдістемесі алдында болашақ педагогтің жоғары деңгейдегі лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруды ғылыми тұрғыдан негіздеу міндеті өткір қойылып отыр. Бұл құзыреттілікті кәсіби бағытталған оқытуға кіріктіру мәселесі соңғы жылдары зерттеушілердің назарын ерекше аударуда. Лингвомәдениетке бағытталған оқытудың әртүрлі теориялық аспектілері (С.С.Кунанбаева, К.С. Құдайбергенова, Г.А. Кажыгалиева, О.Я. Сүлейменова, А.Ш. Жумашева, Ш. Қ. Жарқынбекова, Н.Уәли, В. Сафонов, Д.И. Башурина, А.В. Гетманская, С.В. Иванова, Ф.С. Кебекова, М.С. Киселева, М.А. Мигненко, И.А. Орехова, М.А. Пахноцкая, Л.Г. Саяхова, Н.А. Фоменко, Ф.Б. Хубиева, Е.А. Чубина, А.М. Шуралёв, C. Kramsch, M. Byram) еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Дегенмен келтірілген ғалымдардың еңбектерінде лингвомәдени құзыреттіліктің мәні мен құрылымына қатысты бірізді анықтама берілмегені байқалады. Бұл ұғымды түсіндіруде әртүрлі теориялық ұстанымдар қолданылуда, соның салдарынан оны қалыптастырудың тәсілдері де бірыңғай жүйеге келтірілмеген. Әсіресе жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын әдістемелік модельдер мен механизмдердің әрқилылығы бұл мәселенің өзектілігін одан әрі күшейтеді.

Зерттеу тақырыбы аясында лингвомәдениетке, тіл, мәдениет және ойлау арақатынасына қатысты іргелі теориялық көзқарастарды қалыптастырған (С.Г. Тер-Минасова, Ш. Балли, В. Гумбольдт, Л. Витгенштейн, Е. Сепир, Б. Уорф, Д. Фодор, П.О. Якобсон, И.А. Бодуэн де Куртенэ, А.А. Потебня, Л.С. Выготский, Ә. Қайдар, Н. Уәли, О.Я. Сулейменова, Ж.С. Нарымбетова, Э.Д. Сулейменова, S. Farrow) және басқа да ғалымдардың еңбектері ерекше маңызға ие. Бұл зерттеулер тілдің мәдени феномен ретіндегі табиғатын, тілдік бейнелеудің ұлттық сипаттарын, тіл мен танымның өзара байланысын түсіндіруге теориялық негізін қалайды.

Тіл мен ойлау қатынасына қатысты ғылыми ойлар (Л.С. Выготский, П.П. Блонский, Д. Уотсон, В.В. Давыдов, Ж. Пиаже) еңбектерінде терең талданған. Бұл еңбектер тілдің тек коммуникация құралы ғана емес, адамның когнитивтік кеңістігін қалыптастыратын негізгі механизм екенін ғылыми түрде дәлелдейді.

Ал лингводидактикалық бағытта (С.С. Кунанбаева, Т.А.Кульгильдинова, Г.А. Кажыгалиева, Г.Б. Жумабекова, Б.Б. Утегалиева, И.Л. Плужник, А.Ю. Муратов, Г.В. Елизарова, П.В. Сысоев, сондай-ақ J.C. Beacco мен M. Byram) еңбектерінде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдіснамалық негіздері қарастырылған. Бұл авторлардың зерттеулері шетел тілін оқытуда мәдениетті, құндылықтарды, ұлттық ерекшеліктерді интеграциялау мүмкіндіктерін дәлелдейді. Осылайша талданған ғылыми бағыттардың барлығы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі күрделі, көпқырлы және терең теориялық негізді қажет ететін педагогикалық феномен екенін айқындайды.

Зерттеулер нәтижесінде ғылыми идеялардың ауқымы кең болғанымен, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың бірыңғай тұжырымдамалық моделі ғылымда толық қалыптаспағанын көрсетті. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау барысында лингвомәдени құзыреттіліктің мазмұнын, құрылымын және қалыптастыруын жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді.

«Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру» феноменіне объективті ғылыми талдау жасау, оны кәсіби оқытудың нақты мазмұнымен, технологияларымен және әдістемелік қамтамасыз етуімен толықтыру - зерттеудің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге жасалған теориялық талдау бұл құзыреттілікке деген қызығушылық жоғары болғанымен, мәселенің толыққанды зерттелмеуі көптеген шешімін таппаған сұрақтарды туындататынын көрсетті.

Демек, жоғарыдағы талдауларды негізге ала отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін келесі *қарама-қайшылықтар анықталды*:

-шетел тілін оқытудың теориялық-әдіснамалық және лингвистикалық негіздерінің жеткілікті дәрежеде жетілмеуі мен мұғалім даярлау сапасына ықпал етуі;

-қоғам тарапынан жоғары мәдениетаралық ақпараттандырылған мамандарға деген сұраныс пен кәсіби білім беру жүйесінің мүмкіндіктерінің үйлесімсіздігі;

- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оны жүйелі жүзеге асыруға байланысты арнайы даярланған оқу-әдістемелік қамтамасыздандырудың жеткіліксіздігі арасында алшақтық анық байқалады.

Осы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу мәселесін анықтауға және диссертациялық жұмыс тақырыбын «Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» таңдауға негіз болды.

Зерттеу нысаны: Жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні: болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеу мақсаты: болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу, құрылымдық – мазмұндық моделін құру және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің міндеттері:

- Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің «лингвомәдени құзыреттілігі» ұғымының мәнін, мазмұнын және құрылымын теориялық тұрғыдан негіздеу;

- цифрлық технологияларды пайдалану арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда лингводидактикалық шарттарының ерекшеліктерін анықтау;

- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін

цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесінің құрылымдық - мазмұндық моделін жасау;

- цифрлық технологиялар арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың оқу-әдістемелік кешенін даярлау;

- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесін ұсыну және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент барысында тексеру.

Зерттеудің болжамы: Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру тиімді болады *егер*, оның мәні мен құрылымы теориялық тұрғыдан негізделсе, аталған құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін лингводидактикалық шарттар айқындалса, құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленсе, арнайы даярланған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі оқу үдерісіне енгізілсе, *онда* болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі артады, *өйткені* ұсынылған әдістеме құзыреттілік, интерактивтік, аксиологиялық тәсілдер негізінде кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің жетекші идеясы: Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін тіл мен мәдениетті өзара байланыстыра отырып қалыптастырады. Осы үдеріс цифрлық технологияларды орынды қолдану, лингвомәдени мазмұнды меңгеруге және мәдениетаралық қарым-қатынаста пайдалануға ықпал етеді.

Тақырып бойынша зерттеу деңгейі. Лингвомәдениеттану пәнаралық сала ретінде лингвистика, мәдениеттану, философия бағыттарының тоғысында пайда болды және қазіргі уақытта көптеген елдерде белсенді дамып келеді. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, мәдени құндылықтардың тілдік бірліктердегі көрінісін және лингвомәдени құзыреттіліктің дамуын бірқатар ресейлік және халықаралық ғалымдар зерттейді.

Халықаралық лингвомәдениеттануда тілді мәдени ақпараттың тасымалдаушысы және дүниетанымды түсіну құралы ретінде қарастыратын зерттеушілер айтарлықтай үлес қосты. Олардың ішінде (Э. Бенвенист, К. Леви-Штраус, Ю. Лотман, А. Вержбичка, Э. Сапир, Б. Ворф, К. Крамш, Г. Палмер, Дж. Лакофф, М. Тернер) атап өтуге болады. Бұл ғалымдар тілдің тек мәдениетті ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар ойлау мен әлемді қабылдау тәсілдерін қалыптастыратынын атап көрсетеді. Ал, Ресей ғалымдары (В.В. Воробьев, В.И. Телия, С.Г. Тер-Минасова, В.И. Карасик, В.А. Маслова, Н.Д. Арутюнова, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Ю.С. Степановтың) еңбектерінде лингвомәдениеттанудың теориялық негіздерін дамытып, оның лингвомәдениет, лингвомәдени тұжырымдама және лингвистикалық дүниетаным сияқты негізгі ұғымдарын анықтап, тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесу механизмдерін ашып көрсеткен.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздерін:

– зерттеліп отырған мәселенің әдіснамалық негізі (А.А. Потебня, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, М.С. Суворова, О.А. Артемьева, Н.В. Баранова,

С.Б. Гусева, Н.И. Гез, Я.М. Колькер, Е.С. Устинова, Т.М. Эналиева, О.Ю. Искандарова, И.Р. Максимова, И.А. Максимова, М.М. Гохлернер, В.П. Фурманова) ғалымдардың еңбектерінде айқындалған;

– болашақ маманды кәсіби-әдістемелік даярлау мәселелері (М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович, Е.А. Климов, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Ф.Н. Алипханова, А.П. Тряпицына, Т.А. Кульгильдинова, К.У. Кунакова, Т.Д. Кузнецова) және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде зерделенген;

– шеттілдік білім берудің мақсаттары, мазмұны, принциптері мен оқыту әдістемесінің теориялық негіздері (А.М. Иванова, К.К. Дуйсекова, Е.А. Опарина, Е.Н. Соловова, Н.Д. Гальскова, А.А. Вербицкий) еңбектерінде қарастырылған;

– құзыреттілік тәсіл (В.И. Байденко, Т.М. Балыхина, К.Э. Безукладников, В.А. Болотов, Е.Ф. Глебова, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, О.Г. Оберемко, А.М. Павлова, Е.Р. Поршнева, Г.С. Трофимова, А.В. Хуторской, В.Д. Шадриков, А.В. Щепилова, J.A. van Ek, H. Holec, W. Hutmacher, D. Hymes, С.С. Кунанбаева, Д.Н. Кулибаева, А.Т. Чакликова, А.А. Жайтапова, Ш.Т. Таубаева, К.С. Құдайбергенова, Г.Б. Жұмабекова, Г.М. Касымова, Г.О. Рахимбекова, М.А. Касымбекова, Т.Н. Жорабекова, М.К. Ахметова, У.К. Орынбаева, Г.А. Ризаходжаева) және т.б. ғалымдардың еңбектерінде негізделген;

– шетел тілін оқытудағы коммуникативті тәсіл (И.Л. Бим, Н.В. Барышников, Г.А. Китайгородская, Р.П. Мильруд, Е.И. Пассов, Г.В. Рогова, В.В. Сафонова, Т.С. Серова, И.И. Халеева, А.Н. Шамов, А.А. Головчун) еңбектерінде қарастырылған;

– шетел тілін оқытудағы интерактивті тәсілдің теориялық және әдістемелік негіздері (H.D. Brown, W.M. Rivers, J.C. Richards, T.S. Rodgers, M.L. Weisburd) ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған;

– білім берудегі цифрлық технологиялар мәселелері (Г.К. Нургалиева, Д.М. Джусубалиева, С.Г. Абдуллаев, С.Э. Абасова, П.Д. Гаджиев, З.З. Мусакаева, Г.И. Ибрагимов, Н.А. Инькова, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова, А.И. Тажигулова, Г.О. Тажигулова, Н.Н. Жаксыбаева, Д.Е. Сагимбаева, А.Қ. Жұмабекова, Н.Б. Жиенбаев, М.Г. Соколова, Г.М. Саматокина, Б.Ж. Шарипов, Е.В. Артықбаева) еңбектерінде орын алған;

– білім алушының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруіне, өзге мәдениеттерді құрметтеуіне және құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға негізделген аксиологиялық тәсіл (В.А. Сластенин, Г.И. Чижакова, Н.Д. Никандров, З.И. Равкин, Е.Н. Шиянов, С.А. Узакбаева) және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделген.

Ғылыми зерттеу әдістері:

теориялық: отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, нормативтік білім беру және бейіндік құжаттарды пәндік-мазмұнды талдау, жоғары оқу орнындарында оқу әдістемелік тұжырымдарды саралау;

эмпирикалық: сауалнама жүргізу, сұхбаттасу, тәжірибе нәтижелерін шығару және мақсат негізінде тәжірибелік экспериментті жасау;

статистикалық: әзірленген әдістеменің тиімділігін математикалық статистика арқылы нәтижесін шығару.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні:

- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалып, оның ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерден тұратын құрылымы анықталды;

- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттар жиынтығы айқындалды;

- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалық-нәтижелілік блоктарынан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Модельдің әдіснамалық негізін құзыреттілік, интерактивтік, аксиологиялық тәсілдер, сондай- ақ коммуникативті, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу, тұлғаға-бағдарланған принциптері құрайды.

- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың оқу-әдістемелік кешені дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен расталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- Nearpod платформасында дайындалған «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикумы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда негізгі дидактикалық құрал ретінде пайдаланылды;

-зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауға арналған білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнын жетілдірді;

- ұсынылған әдістеме практикалық сабақтарда болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби даярлығына бағытталды;

- зерттеу барысында даярланған тапсырмалар жүйесі оқытушыларға практикалық сабақтарды ұйымдастыруда, цифрлық білім беру ресурстары мен мәдениетаралық бағыттағы тапсырмалары әзірленді;

- ұсынылған диагностикалық құралдар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға және оның даму динамикасын бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің дереккөздері - зерттеу мәселесі бойынша философия, педагогика және психология салаларындағы ғылыми-зерттеу еңбектері; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары білім беру мәселелеріне қатысты нормативтік құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендері (оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, оқулықтар және т.б.); педагогика мен дидактика саласындағы ғылыми жетістіктер мен үздік тәжірибелер; оқу-әдістемелік құралдар, сондай-ақ докторанттың әдістемелік және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік базасы: Тәжірибелік эксперимент жұмысы 2022-2024 оқу жылдары Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің шетел тілдері

педагогикалық факультетінің В018- «Екі шетел тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс және 3 курс студенттерінің қатысуымен өткізілді.

Қорғауға мынандай қағидалар ұсынылады:

1. Лингвомәдени құзыреттілік - болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі. Бұл құзыреттілік тілдің мәдени қырларын, құндылықтар мен мәдени нормалар жүйесін түсіну және бағалау нақты мәдени ортада, контекстке сәйкес қолдану дағдылары, әртүрлі мәдени ерекшеліктерді ескеріп, қарым-қатынасын бейімдей алуына, мәдениетаралық диалог жүргізуіне және тілдік тәжірибені мәдени контексте терең талдауына мүмкіндік беретін білім, дағдылар және қабілеттер жиынтығы. Құзыреттіліктің құрылымы ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік, когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік және прагматикалық субқұзыреттілік жүйесінен тұратын кешенді құрылым.

2. Құзыреттілік, интерактивтік, аксиологиялық тәсілдермен бірге, коммуникативті, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу, тұлғаға бағдарланған принциптері, сонымен қатар (ынталандырудың интерактивті әдістерін қолдану іс-әрекеті; зерттелетін құзыреттілікті қалыптастыру процесінің жағдаяттық бағыттылығының кәсіби контекстін өзектендіру; цифрлық пәндік ортаның резервтерін олардың кең мүмкіндіктерін қолдана отырып) оқу сабақтарын неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге бейімделген лингводидактикалық шарттары болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы әдістеме мен теорияны жетілдірудің тұжырымдамалық-әдіснамалық негізі болып табылады.

3. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі бір-бірімен байланысқан мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалау-нәтижелік блоктар арқылы оқыту процесінің мақсатын, мазмұнын және нәтижесін жүйелейді, құзыреттілікті кезең-кезеңімен қалыптастыратын әдістемелік жүйе ретінде цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне тиімді интеграциялауды қамтамасыз етеді**.**

4. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үшін арнайы ұсынылған практикалық жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі – болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығының теориялық және практикалық аспектілерін кешенді түрде тоғыстыратын, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға негізделген және лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін жүйелі ұйымдастыруға бағытталған әдістемелік өзек. Аталған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі Nearpod платформасында әзірленіп, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында апробациядан өткізіліп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелері арқылы дәлелденді.

Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған еңбектер:

Оқу-әдістемелік құрал – 1 (Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher); Scopus библиографиялық базасында – 2; Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын

ғылыми басылымдарда – 4; халықаралық ғылыми конференцияларда – 5; халықаралық дөңгелек үстел материалдарында – 1.

Оқу-әдістемелік құрал:

1. Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher. – Almaty: Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, 2023. – 84 p. ISBN 978-601-09-8676-3 (Ә қосымшасы). Оқу құралына авторлық құқық куәлігі алынды (2026 жылғы 29 шілдедегі №77002).

Scopus библиографиялық базасында:

1. Enhancing cultural and linguistic competencies in pre-service teachers through technology-integrated learning: a comparative study // Interchange: A Quarterly Review of Education. – 2025. – Т. 56. – Б. 113-132. Education: процентиль: 60, CiteScore 1.8, Q.2 DOI: https://doi.org/10.1007/s10780-025-09538-1 (докторант үлесі - 70%).

2. Empowering preservice teachers in Kazakhstan for linguistic and cultural competence through technology-integrated learning // International Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education (IJCRSEE). – 2024. – Т. 12. – № 2. – Б. 273-282. Education: процентиль: 41,48, CiteScore 2**,** Q.3 DOI: https://doi.org/10.23947/2334-8496-2024-12-2-273-282 (докторант үлесі - 80%).

Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда:

1. Formation of linguistic and cultural competence of pre-service foreign language teachers through national identity // Ясауи университетінің хабаршысы. Педагогика және оқыту әдістемесі. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. – 2024. – № 1(131). – Б. 373-381. DOI: https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.30 (докторант үлесі - 80 %).

2. Effective organization of lectures through the Nearpod platform in the formation of linguoculturological competence of pre-service foreign language specialists // Journal of Educational Sciences. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – 2023. – Т. 77. – № 4. – Б. 111-118. DOI: https://doi.org/10.26577/JES.2023.v77.i4.10 (докторант үлесі - 80 %).

3. Ағылшын тілі мамандарының лингвокультурологиялық құзыретін қалыптастыруда VOA Learning English көмегімен экстенсивті тыңдалым дағдысын дамыту // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия. Торайғыров университеті. – 2023. – № 2. – Б. 104-114 (докторант үлесі - 80%).

4. Integrating structural and content components of foreign language formation to improve future specialists' linguistic and cultural competence // Хабаршы. Педагогика ғылымдары сериясы. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті. – 2023. – Т. 68. – № 1. – Б. 22-36. DOI: https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.68.1.002 (докторант үлесі - 80%).

Халықаралық ғылыми конференцияларда:

1. Pre-service English language teachers' linguistic and cultural competence development within facilitated and self-paced MOOCs // Genç Araştırmacılar

Kongresi (GÜGAK-2023): Abstract Book. – Ankara, Türkiye, 2023.(постерлік баяндама).

2. Scientific and theoretical bases of the methods of formation of linguoculturological competence of the future foreign language teacher // World Conference on Teaching and Education (WORLCTE): Abstract Book, Los Angeles, USA, August 17-18, 2023. (постерлік баяндама).

3. Methodological approaches to the formation of linguistic and cultural competence of pre-service teachers // IV. Başkent International Conference on Multidisciplinary Studies: Abstract Book, Ankara, Türkiye, August 4-6, 2023. (постерлік баяндама).

4. Peculiarities of forming linguoculturological competence // Proceedings of the IV International Scientific and Practical Conference «Scientific community: interdisciplinary research», Hamburg, Germany, January 26-28, 2022. – 428-440б.

5. Methods of teaching linguocultural competence // Proceedings of the International Conference «Modern education: new philosophy, new technologies» («Современное образование: новая философия, новые технологии»), Niš, Serbia, December 2021 – January 2022. – Society for Academic Activity, 2022. ISBN 978-86-901928-0-9. – 86-92б.

Халықаралық дөңгелек үстел материалдарында:

1. Ағылшын тілі мұғалімдерінің лингвокультурологиялық құзыретін қалыптастырудағы әдістемелік амалдары // «Актуальные проблемы профессиональной подготовки специалистов иноязычного образования в контексте лингвокультурологической методологии: опыт и инновации» атты халықаралық дөңгелек үстел материалдар жинағы, 1 желтоқсан 2022 ж. – Алматы, ҚазХҚжӘТУ. – 21-27б.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2021-2022жж) – зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерге, жоғары білім берудің нормативтік құжаттарына, отандық және шетелдік тәжірибеге талдау жасалып, материалдар жүйеге келтірілді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелу жайы анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты (нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы) құрылды. Нәтижесінде «лингвомәдени құзыреттілік» ұғымының мәні нақтыланып, оның ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерден тұратын құрылымы айқындалды. Зерттеудің алғашқы нәтижелері халықаралық ғылыми конференция материалдарында жарияланды.

Екінші кезеңде (2022-2023жж). – зерттеу болжамын нақтылау мақсатында кәсіби даярлау модельдеріне салыстырмалы талдау жасалып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді, құрамы мен құрылымдық компонентері анықталды. Зерттеу аясында, даярланған жаттығулар жүйесі әзірленіп, нәтижесінде «Practicum on

Formation Linguocultural Competence of Future Foreign Language Teacher» практикумы даярланды.

Үшінші кезеңде (2023-2024жж). Зерттеу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру құрылымдық-мазмұндық моделі мен Nearpod платформасы негізіндегі практикумының мазмұны толықтырылып, олардың тиімділігін тексеру мақсатында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері бойынша салыстырмалы түрде талданып, Пирсонның χ^2 критерийі арқылы математикалық-статистикалық өңдеуден өткізілді. Зерттеу нәтижелері негізінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірленіп, жүйеленіп, қорытындыланып, диссертация рәсімделді.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың көлемі – 197 бет, онда 21 кесте, 17 сурет берілген, қолданылған әдебиеттер саны – 182.

Қосымшаларда тапсырмалар мен жаттығулар (А қосымшасы), оқу-әдістемелік құрал мен авторлық құқық куәлігі (Ә қосымшасы) берілген.

1 БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Заманауи білім беру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру тенденциялары

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (МЖМББС) енгізілуі болашақ мамандарды даярлау мазмұнында, оқыту процесін ұйымдастыру әдістерін әзірлеуде, сондай-ақ білім беру сапасын бағалаудың құзыреттілік параметрлерінде өзгерістерді алдын ала анықтады. Жоғары оқу орындары МЖМББС талаптарына сәйкес жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді [7].

Шетел тілі мұғалімдерінің болашақ кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - жоғары оқу орындарында шетел тілі бойынша педагогикалық кадрларды даярлаудың басым және стратегиялық маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Себебі қазіргі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында қоғамға тек теориялық біліммен шектелмейтін, кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыра алатын, өзгермелі әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделе білетін, бәсекеге қабілетті мамандар қажет. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісі оның тек пәндік білімін жетілдірумен ғана емес, сонымен қатар педагогикалық, коммуникативтік, цифрлық, зерттеушілік және мәдениетаралық құзыреттерін кешенді түрде дамытуға бағытталуы тиіс.

Білім беруді жаңғыртудың қазіргі кезеңінде мамандарды кәсіби даярлауда құзыреттілігін қалыптастыру білім алушыларды даярлау жүйесінің негізі ретінде қарастырылады. Сондықтан жоғары оқу орындарындағы кәсіби даярлық үдерісі теория мен практиканың өзара байланысына негізделіп, студенттердің нақты педагогикалық ортада әрекет ету тәжірибесін қалыптастыруды көздейді.

Әсіресе болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін кәсіби құзыреттілік құрылымы көпқырлы сипатқа ие. Оның құрамына тілдік-коммуникативтік даярлық, әдістемелік сауаттылық, психологиялық-педагогикалық білім, мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындық, заманауи білім беру технологияларын пайдалану дағдылары, сондай-ақ білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту қабілеті енеді. Мұндай кешенді даярлық болашақ шетел тілі мұғалімдеріне тек сапалы сабақ өткізуге ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал ететін кәсіби орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – қазіргі еңбек нарығының сұраныстарына, халықаралық білім беру кеңістігінің талаптарына және жаңартылған білім мазмұнының басымдықтарына жауап беретін маңызды педагогикалық міндет болып саналады. Бұл міндетті тиімді жүзеге асыру болашақ маманның кәсіби сапасын арттырып қана қоймай, жалпы білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге негіз болады.

С.С. Кунанбаева «Жоғары оқу орнын бітірушінің кәсіби дайындығы» атты тұжырымдамасында, типтік кәсіби міндеттерді шешу қабілетін, стандартты емес міндеттерді шешу қабілетін білдіретін «жұмыс істейтін маманның кәсіби

құзыреттілігінен» нақты ажырата отырып енгізді. Ғалымның пайымдауынша, жоғары оқу орнын бітірушінің кәсіби дайындығы – болашақ маманның типтік кәсіби міндеттерді орындауға әзірлігімен, сондай-ақ туындайтын стандартты емес мәселелерді шешуге қабілеттілігімен сипатталатын бастапқы кәсіби әлеуеті болып табылады делінген [8, 51 б.].

Ал жұмыс тәжірибесі бар маманның кәсіби құзыреттілігі практикалық іс-әрекеті барысында қалыптасатын, жетілдірілетін және нақты еңбек жағдайларында тиімді әрекет ету арқылы көрініс табатын неғұрлым кең әрі терең сапалық деңгей ретінде түсіндіріледі. Осылайша, ғалым жоғары оқу орнын бітірушінің кәсіби дайындығын маманның кәсіби қалыптасу жолындағы бастапқы негіз ретінде қарастырып, оның кейінгі кәсіби құзыреттілікті дамытуға алғышарт болатынын негіздейді.

Зерттеу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін мәдениетаралық-кәсіби шеттілдік-коммуникативтік құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тілдік білімді мәдени аспектілермен біріктіру қажеттілігімен расталады. Лингвомәдени құзыреттілік күрделі және көпқырлы құбылыс болып табылады, ол тілді жүйе ретінде білуді ғана емес, сонымен қатар бұл тілдік мәдени контексттерді түсінуді де қамтиды. Қазіргі білім беру жағдайында, жаһандану мен мәдениетаралық коммуникация өзекті болып айқындалады, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңыздылығы арта түседі. Ол болашақ мұғалімдерге шетел тілін тиімді оқытуға ғана емес, сонымен қатар мәдени алмасуға ықпал етуге мүмкіндік береді, бұл көпұлтты және көпмәдениетті қоғамдағы маңызды міндет болып табылады.

Лингвомәдени құзыреттілік ұлттық тілдік сана мен менталитетті бейнелейтін «өз мәдениеті негізінде әлемнің алғашқы тұжырымдамасын» қалыптастырады. С.С. Кунанбаева мен А.А. Подгорбунскихтің еңбектерінде лингвомәдени құзыреттілік «лингвомәдениет туралы, осы лингвомәдениет шеңберіндегі вербалды және вербалды емес қарым-қатынастың жалпы нормалары, ережелері мен дәстүрлері туралы ақпаратты іріктеу, игеру, өңдеу, трансформациялау және практикалық іс-әрекетте пайдаланумен байланысты білімді, іскерлікті, дағдыларды қамтитын тұлғаның интегративті сапасы» ретінде анықталады [9, 110 б.; 10, 102 б.]. Яғни, лингвомәдени құзыреттіліктің мазмұны тек тілдік біліммен шектелмей, әлдеқайда кең әрі көпқырлы. Ол белгілі бір халықтың тілі арқылы көрініс табатын мәдени құндылықтарды, дүниетанымды, ұлттық мінез ерекшеліктерін, қарым-қатынас әдебін және әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін түсіну қабілетін қамтиды.

Лингвомәдени құзыреттілік тұлғаның белгілі бір тілдік ортада тиімді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар жүйесі болып табылады. Оның құрамына сол мәдениетке тән тілдік бірліктердің мағынасын дұрыс қабылдау, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердегі ұлттық мазмұнды түсіну, сөйлеу барысында жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды

орынды қолдану, сондай-ақ вербалды емес амалдарды іске асырып пайдалана білу. Сонымен қатар, лингвомәдени құзыреттілік лингвомәдени білімді меңгерумен қатар, оны талдау, салыстыру, интерпретациялау және әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда мақсатқа сай қолдану қабілеттерінің бірлігін сипаттайды. Мәселен, білім алушы өз мәдениеті мен өзге мәдениеттің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралай отырып, мәдениетаралық қарым-қатынаста туындауы мүмкін түсінбеушіліктердің алдын ала білуге үйренеді. Бұл өз кезегінде тұлғаның мәдени сезімталдығын, толеранттылығын және өзге құндылықтарға құрметпен қарауын қалыптастырады.

Құзыреттілік тәсіл білім алушының меңгерген білімін кәсіби және коммуникативтік жағдаяттарда тиімді қолдана алу қабілетін қалыптастыруға бағытталады. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру аталған тәсілдің негізгі қағидаларымен сабақтасады. Өйткені лингвомәдени құзыреттілік болашақ маманның көпмәдениетті және көптілді ортада тиімді қарым-қатынас жасауын, мәдени ерекшеліктерді ескере отырып диалог құруын және кәсіби өзара әрекетке дайын болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан оны қалыптастыру болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың маңызды мақсаттарының бірі болып табылады.

Шетел тілін оқытудың қазіргі теориясы мен практикасында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру процестеріне айтарлықтай әсер ететін бірінші тенденция жаңа әдістемелік бағдар беру. Яғни, болашақ шетел тілі мұғалімі оқыту әдістемелері мен форматтарын өзгертуге дайын маман болуы шарт. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ұтқырлығы мен бейімделуі білім алушылардың қажеттілігінен және педагогикалық жағдаятқа байланысты туындайды. Мәліметтерге сәйкес, олардың өзгермелі оқу жағдайларын тез бағдарлай білуі, білім алушылардың ерекшеліктерін ескеріп, оқытуды ұйымдастырудың ең тиімді әдістерін таңдай білуі керек. Білім алушылардың қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен коммуникативтік мүмкіндіктерін ескеру оқыту әдістері мен ұйымдастыру формаларын икемді таңдауды талап етеді. Осыған байланысты оқу материалының мазмұнын нақты педагогикалық жағдайға бейімдей білуі және мәдениетаралық өзара іс-әрекетті дамыту үшін жағдай жасай білуі тиіс. Ойлаудың икемділігі болашақ шетел тілі мұғаліміне оқыту стратегиясын уақтылы өзгертуге, әртүрлі тәсілдерді қолдануға және сабақта білімгерлердің белсенділігін сақтауға мүмкіндік береді. Деректер білім алушылардың ынтасын арттыруға, олардың шеттілдік мәдениетке деген қызығушылығын дамытуға және лингвомәдени құзыреттілігін неғұрлым табысты қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан ұтқырлық пен бейімделу болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби сипаттамалары болып табылады, өйткені олар педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігін қамтамасыз етеді және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін сәтті қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл өзгерістер жаһанданған қоғамдағы мәдениетаралық өзара әрекеттесу рөлінің артуымен де,

мәдени әртүрлілік жағдайында тиімді әрекет жасай алатын мамандарды даярлау қажеттілігімен де байланысты.

Б.Р. Могилевич жаһандану процесінде мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттесудегі мәселелердің өзектілігі мен нақты контурына байланысты мәдениетаралық коммуникацияның әлеуметтік рөлі артып келеді. М. Вебер атап өткендей, ерекшеленетін әр түрлі субъектілердің әлеуметтік мінез-құлқын түсінуге қол жетімді ету үшін олардың «әлем бейнесін» қайта құру керек, олар «мағыналы» және «маңызды емес», «күнделікті» және «трансцендентальды» деп анықтаған [12, 21–25 бб.].

Қазіргі мәдениетаралық өзара қарым-қатынастар, бір жағынан, мәдениеттердің өзара әрекеттесу процестерінің қарқындылығымен, екінші жағынан, дифференциациямен, мәдени бірегейлікпен сипатталады. Жаһандану процесі мәдени халықаралық байланыстардың белсенділігінің артуынан көрінеді.

Екінші тенденция тілдік және мәдени компоненттерді интеграциялау, жаңа білім беру технологияларын іздеуге және тілдік біліммен ғана шектелмей, зерттелетін тілдің мәдени құндылықтарын, нормаларын және мінез-құлық модельдерін терең түсінуге ықпал ететін оқыту ортасын құру болып отыр. Тілдік және мәдени компоненттерді интеграциялау – бұл тіл мен мәдениеттің бірігуі мен өзара ықпалы процесі, ол мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

С.С. Кунанбаева «Шетел тілі – шет тілі мәдениеті – тұлға» триадасын шетел тілін оқыту объектісі ретінде қарастырған. Когнитивтік-лингвомәдениеттану әдістемесінде шетел тілін оқытудың негізгі мақсатының шын мәнін ашады, оның ішінде когнитивтік аспект және шеттілдік қоғамның тілі мен мәдениетін бірлесіп зерделеу қарастырылған [9, 51 б.].

С.С. Кунанбаева тілдік білім тілдік тұлғаны қалыптастырады, ал шеттілдік білім беруде лингвомәдени бағыттағы субъект қалыптасады атап өтеді [13, 52 б.].

Тіл мен мәдениеттің арасындағы тығыз байланыс тілді қолданылуының сан алуан қырларынан көрініс табады. Әсіресе білім беру ортасында бұл айқын байқалады, себебі шетел тілін оқыту және студенттерді сол тілдің мәдениетімен таныстыру мәселесі әдіскерлер мен мәдениеттанушылардың жіті зерттеу нысанына айналған [14; 15; 16; 17; 18; 19].

А.А. Головчун (A.A. Golovchun) шетел тілін оқыту үдерісін көптілді және көпмәдениетті білім беру кеңістігі тұрғысынан қарастырады. Ғалымның пікірінше, тілдік білім мазмұндық біліммен және мәдени контекспен ықпалдастырылған жағдайда ғана білім алушының коммуникативтік және мәдениетаралық қабілеттерін тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл ұстаным лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады, себебі шетел тілін меңгеру тілдік бірліктерді игерумен қатар, сол тіл иесінің мәдени ерекшеліктерін түсінуді талап етеді [20, 297–306 бб.].

Нәтижесінде, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру процесі неғұрлым кешенді, практикаға бағытталған және тұлға үшін маңызды сипатқа ие болады, себебі ол тек тілдік білімді игеруге ғана емес, сонымен қатар білім

алушыларды мәдениетаралық өзара іс-әрекеттің әртүрлі формаларына саналы түрде тартуға негізделеді. Мұндай тәсіл мәдени құбылыстарды талдау және түсіндіру, оларды өз мәдениетімен салыстыру, алған білімдерін нақты коммуникативтік жағдаяттарда қолдану және басқа халықтардың құндылықтарына құрмет көрсету қабілетін қалыптастыруды көздейді. Осының негізінде, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің нақты қажеттіліктеріне бағытталған және тілдің мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі рөлін терең түсінуді қалыптастыру болады.

Ол тілдік білімді игеруге ғана емес, сонымен қатар студенттерде тілді мәдениетаралық коммуникацияның негізгі құралы ретінде терең, концептуалды түрде түсінілгенін қалыптастыруға бағытталған. Мұндай тәсіл болашақ шетел тілі мұғалімдеріне тілді жай ғана ақпарат алмасу құралы ретінде емес, ұлттық құндылықтар, дүниетаным және шетел тілінде сөйлеушілердің менталитеті ерекшеліктері көрінетін күрделі прагматикалық құбылыс ретінде қарастырады. Мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды қабылдау, сәйкес қарым-қатынас стратегияларын таңдау, кәсіби және әлеуметтік ортада басқа мәдениет өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, лексикалық және грамматикалық құралдарды игеруді ғана емес, тілде көрсетілген мәдени мағыналарды, құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын түсінуді де қамтиды. Нәтижесінде, болашақ шетел тілі мұғалімдері тілді динамикалық мәдени құбылыс ретінде қабылдауға үйренеді, ол арқылы сөйлеушілерінің дүниетанымының ерекшеліктері көрінеді. Осы орайда, мәдениетаралық ортада өзара әрекеттесуді тиімдірек құруға және мәдени контекстке байланысты қарым-қатынас стратегияларын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Тілдік формалар мен мәдени мазмұнның тығыз байланысын түсіне отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдері әрбір сөйлемнің белгілі цифрлық технологиялар арқылы прагматикалық мағынаны білдіретінін және оны дұрыс түсіндіруді талап ететінін ұғына бастайды. Мұндай түсінік мәдениетаралық ортада коммуникацияны неғұрлым саналы әрі тиімді құруға ықпал етеді. Яғни, тек сөздердің дәлдігі ғана емес, сонымен қатар сұхбаттасушының менталитетінің ерекшеліктерін, оның мәдени тәжірибесі мен күтулерін ескере білу де маңызды.

Тілдік және мәдени компоненттерді интеграциялау өз кезегінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің қарым-қатынастың оңтайлы стратегияларын саналы түрде таңдауға, сөйлеу мінез-құлқын нақты мәдени жағдаяттарға бейімдеуге және мәдениетаралық жағдайында туындайтын ықтимал түсініспеушіліктердің алдын алуға көмектеседі. Осының негізінде оларда көпұлтты білім беру ортасында және тұтастай алғанда жаһанданған әлемде тиімді кәсіби іс-әрекетте қалыптасады. Осы тұрғыда, полиэтникалық және полимәдени білім беру ортасында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің қажетті шарты болып табылады. Сонымен қатар, жаһанданушы әлем жағдайында тиімді өзара әрекеттесуге дайындығын қамтамасыз етеді. Бұл, өз тұрғысынан тиімді коммуникация жасауға, мәдени ерекшеліктерін ескеруге және мәдениетаралық сигналдарды дұрыс түсіну қабілетімен анықталады.

Осыған орай, пәндердің интеграциялануы әдістемелік тұтас білім беру кеңістігін құрайды. Ол лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру оқшауланбай, ауқымды гуманитарлық білім контекстінде жүзеге асады. Пәнаралық интеграция студенттердің тілді оның мәдени және әлеуметтік шарттылығында талдау, мәдениеттің көпдеңгейлі сипатын түсіну және аутентті материалдармен және мәдениетаралық жағдайлармен іс-әрекет кезінде кешенді аналитикалық тәсілдерді қолдану қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Диссертациялық жұмыста қарастырылатын үшінші тенденция болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісіндегі практикаға бағытталған оқыту үдерісі. Практикаға бағытталған оқыту үдерісі ЖОО-да білім беру үдерісін ұйымдастыру және мазмұнының практикалық бағытын күшейту арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығының сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Қазіргі білім беру парадигмасы студенттердің оқу процесінде өзіндік жұмысына негізделген. Бұл жағдайда студент кәсіби білім берудің белсенді қатысушысы ретінде әрекет етеді.

Ю.Б. Лунева практикаға бағытталған оқытуды студенттердің білім беру бағдарламасын нақтыға жақын жағдайларда меңгеруі деп анықтама берсе [21], ал Ю. Ветров пен Н. Клушина оны «өз мамандығының шекарасында жұмыс істеу дағдысының дамуын» қамтамасыз ететін практикалық сабақтардың түрлері арқылы студенттердің кәсіби ортаға ену процесі ретінде қарастырады [22, 43–46 бб.].

Ф.Г. Ялалов практикаға бағытталған білім беруді кәсіби және әлеуметтік маңызды құзыреттіліктердің негізі ретінде, практикалық тәжірибені меңгерумен байланыстырады, оны практикаға бағытталған оқыту үдерісін жүзеге асыру ретінде түсіндіреді [23], А.В. Савицкая бұл әдісті студенттерді мамандар кездесуі мүмкін нақты мәселелерді шешу құралдарымен қаруландыруға қабілетті білім беру әдісі деп түсінеді [24, 66–74 бб.], ал Л.В. Павлова практикаға бағытталған оқытуды «студенттердің университеттегі оқуын практикалық жұмыспен ұштастыруға мүмкіндік беретін оқыту мен оқу әдісі» ретінде сипаттай отырып, аталған ұғымның практикалық іс-әрекетпен сабақтастығына басымдық береді [25, 91–92 бб.].

Зерттеушілердің пікірінше, практикаға бағытталған оқыту үдерісі - бұл студенттердің оқу процесі кезінде практикалық тәжірибе мен оларды тәжірибеде қолдану үшін кәсіби маңызды құзыреттіліктерді меңгеруі деп қарастырады.

Практикаға бағытталған оқыту үдерісі тек субъектілік-әрекетке ғана емес, жеке тұлғаның сенсорлық саласына да әсер етіп, студенттердің оқу іс-әрекетін нақты кәсіби жағдаяттарға қосу арқылы белсендіруге ықпал ететін құралдар, формалар, әдістер жүйесімен әрекет етеді. Практикаға бағытталған оқыту үдерісі нәтижесі - болашақ шетел тілі мұғалімдерінің заманауи педагогикалық технологияларды адекватты түрде таңдап алуға және пайдалануға дайындығы, оның кәсіби талаптарға барынша бейімделуі, кәсіби маңызды дағдылардың дамуы, сонымен қатар бұл дағдылар кәсіби іс-әрекетке қайда, қалай және қандай мақсатта қолданылатынын нақты түсінуі.

Төртінші тенденция білім беру үдерісіне цифрлық және мультимедиялық технологияларды кеңінен енгізу болып табылады. Бұл бағыт білім алушылардың шынайы мәдени ортаға барынша жақындауына, тіл иелерінің өмір салтымен, қарым-қатынас ерекшеліктерімен және ұлттық-мәдени құндылықтарымен жан-жақты танысуына мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар дәстүрлі оқыту шеңберін кеңейтіп, студенттерге мәдени ақпаратты тек теориялық тұрғыдан меңгеруге емес, оны көрнекі, интерактивті және тәжірибелік форматта қабылдауға жағдай жасайды.

Интерактивті платформалар, виртуалды экскурсиялар, мәтіндердің цифрлық корпустары, визуализация құралдары, бейнематериалдар, подкасттар және қарым-қатынас симуляторлары студенттердің мәдени ерекшеліктерді табиғи контексте қабылдау қабілетін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Мұндай ресурстар арқылы білім алушылар зерттелетін тіл елдерінің күнделікті өмірімен, сөйлеу әдебімен, әлеуметтік нормаларымен, мерекелік дәстүрлерімен және мінез-құлық үлгілерімен тікелей таныса алады. Бұл өз кезегінде олардың тілдік бірліктердің астарындағы мәдени мағыналарды терең түсінуіне ықпал етеді.

А.К. Садыкова және т.б. цифрлық технологияларды шетел тілін оқыту үдерісін жетілдірудің маңызды құралы ретінде қарастырады. Цифрлық білім беру ортасы студенттерге аутенттік тілдік және мәдени материалдармен жұмыс жасауға, виртуалды коммуникацияға қатысуға және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді деп атап өтеді [26, 136 б.].

Сонымен қатар, цифрлық орта практикаға бағытталған оқыту формаларын жүзеге асыруға кең мүмкіндік береді. Онлайн пікірталастар, бірлескен жобалар, виртуалды рөлдік ойындар, жағдаяттық тапсырмалар және мәдениетаралық коммуникация тренажерлары студенттердің коммуникативтік тәжірибесін байытып, мәдениетаралық өзара әрекеттесу дағдыларын бекітуге жағдай жасайды. Осындай жұмыс түрлері білім алушылардың тек тілдік сауаттылығын ғана емес, сонымен қатар икемділігін, мәдени сезімталдығын, сыни ойлауын және жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу қабілетін де дамытады.

Бесінші тенденция құндылықтық-бағдарлы компоненті, төзімділік, эмпатия және конструктивті диалогқа дайындықты дамытуға бағытталған. Бұл тенденцияны қалыптастыру болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың заманауи үрдістеріне жүргізілген талдау болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығының мазмұнын, құрылымын және әдістемелік мазмұнын айқындайтын елеулі өзгерістерді анықтады. Жаһандану және мәдениетаралық байланыстардың үздіксіз кеңеюі жағдайында шетел тілін меңгеру коммуникация құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ана тілінде сөйлейтіндердің құндылық, мінез-құлық және әлеуметтік ерекшеліктерін терең түсінуді талап ететін мәдени өзара әрекеттесу құралы ретінде қарастырылуда. Қазіргі зерттеулер бұл процестің көп компонентті сипатын растайды.

С. Ачиенг (Stella A. Achieng) тілдік білім беру мазмұнына, мәдениетаралық компонентті кіріктірудің маңыздылығы жан-жақты негізделеді деп атап өтеді. Ғалым қазіргі кезеңде шетел тілін оқыту үдерісі тек грамматикалық құрылымдар мен лексикалық қорды меңгертумен шектелмеуі тиіс екенін атап көрсетеді. Керісінше, білім алушылардың өзге мәдени ортада тиімді әрекет ете алуына, түрлі мәдениет өкілдерімен өзара түсіністік орнатуына және мәдени айырмашылықтарды дұрыс қабылдауына бағытталған мазмұндық модель қажет деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениетаралық компонентті енгізу оқытуды неғұрлым тұтас, өмірлік жағдаяттарға жақын және шынайы коммуникацияға бағдарланған үдеріске айналдырады [27, 19–26 бб.].

Зерттеушілердің пайымдауынша, мәдениетаралық бағдарланған тілдік білім беру білім алушылардың тек тілдік құзыретін ғана емес, сонымен қатар мәдени сезімталдығын, толеранттылығын, ойлауын және әртүрлі әлеуметтік-мәдени контекстерде әрекет ету қабілетін де дамытады. Бұл өз кезегінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау жүйесінде лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың өзектілігін күшейтеді.

N. Oberste-Berghaus өз зерттеуінде шетел тілін дәстүрлі формальды оқытудан, коммуникативтік жағдаяттарды мәдени контекст негізінде модельдеуге көшу қажеттігін көрсетеді [28, 1–15 бб.]. Ғалымның пікірінше, тілді оқыту барысында сөздер мен грамматикалық құрылымдарды механикалық түрде меңгерту жеткіліксіз, себебі тіл нақты әлеуметтік және мәдени ортада іс-әрекет етеді. Сондықтан білім алушылар түрлі мәдени жағдайда тілдік бірліктердің қалай қолданылатынын, қарым-қатынас нормаларының қандай ерекшеліктері бар екенін және сөйлеу мінез-құлқының мәдениетке тәуелді сипатын түсінуі тиіс.

Осылайша, аталған ғалымдардың еңбектері қазіргі тілдік білім беру жүйесінде мәдениетаралық бағыттың басымдығын дәлелдейді. Бұл көзқарастар болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда тілді тек пән ретінде емес, мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттесу құралы ретінде қарастыру қажеттігін айқындайды.

Цифрлық ресурстарды пайдалану студенттердің тілді тек грамматикалық жүйе немесе қатынас құралы ретінде ғана емес, сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымын, құндылық бағдарларын, әлеуметтік нормаларын және мәдени мінез-құлық ерекшеліктерін бейнелейтін динамикалық құбылыс ретінде қабылдау қабілетін қалыптастыруға елеулі ықпал етеді. Мұндай ресурстар білім алушыларға тілдің шынайы қолданыс аясын көруге, оның қазіргі қоғамдағы өзгерістерін байқауға және мәдени контекспен тығыз байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде студенттер тілдік бірліктердің артында тұрған мәдени мағыналарды тереңірек ұғынып, тілді табиғи әлеуметтік ортада қолданылатын күрделі мәдени феномен ретінде қабылдай бастайды.

К. Айдарбекованың (K. Aidarbekova) пайымдауынша, платформалар, виртуалды білім беру ортасы және мультимедиялық технологиялар лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі құралдарына айналатынын растайды. Бұл технологиялар табиғи тіл ортасына барынша жақын

жағдай жасауға мүмкіндік береді. Студенттердің түрлі мәдени контекстерге енуін қамтамасыз етеді және өзара іс-әрекеттері оқу формаларының спектрін кеңейтеді [29, 17–28 бб.].

Талдау нәтижелерін қорыта келе, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру тілдік, мәдениеттанымдық, социолингвистикалық және цифрлық аспектілердің өзара ықпалдасуына негізделген күрделі, көпқұрылымды және серпінді үдеріс екендігін атап көрсетуге болады. Бұл үдеріс заманауи білім беру талаптарына сәйкес болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың жаңа моделіне көшуді сипаттайды. Аталған модельде тіл тек грамматикалық жүйе немесе қатынас құралы ретінде емес, белгілі бір халықтың дүниетанымын, құндылықтарын және әлеуметтік тәжірибесін бейнелейтін мәдени тұрғыдан шартталған жүйе ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ шетел тілі мұғалімдері тек білім беруші маман ғана емес, нәтижелі әрекет ете алатын, түрлі мәдениеттер арасында өзара түсіністік орнататын, коммуникативтік үдерісті үйлестіретін мәдениетаралық өзара іс-әрекеттің кәсіби делдал ретінде танылады. Сондықтан лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру бүгінгі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің стратегиялық басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі заманғы білім беру практикасы болашақ шетел тілі мұғалімдерінде кәсіби икемділікті, құндылықтық ашықтықты, мәдени сезімталдықты, мәдени айырмашылықтарды сын тұрғысынан пайымдай алу қабілетін және көпұлтты кәсіби орта жағдайында меңгерген білімін тиімді қолдану дағдыларын мақсатты түрде қалыптастыру қажеттігін айқын көрсетеді. Жаһандану жағдайында мұндай сапалар педагогтің кәсіби табыстылығының маңызды көрсеткіштерінің біріне айналып отыр, өйткені қазіргі мұғалім тек пәндік білім иесі ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мәдени ортада нәтижелі әрекет ете алатын, толерантты қарым-қатынас орната білетін және мәдениетаралық диалогты ұйымдастыра алатын маман болуы тиіс.

Сонымен қатар, аталған талаптар болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау мазмұнын жаңаша қарастыруды, оқыту технологияларын жетілдіруді және кәсіби даярлықтың құзыреттілік негіздерін күшейтуді қажет етеді. Әсіресе тілдік білімді мәдени мазмұнмен ұштастыру, білім алушылардың рефлексивтік ойлауын дамыту, коммуникативтік жағдаяттарды модельдеу және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану сияқты бағыттар ерекше мәнге ие болуда.

Осының бәрі лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерістерін одан әрі теориялық және тәжірибелік тұрғыдан терең зерделеудің өзектілігін арттырады. Сондай-ақ педагогтердің мәдениетаралық коммуникацияға кәсіби дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін ғылыми негізделген, заманауи талаптарға сай әдіснамалар мен тиімді педагогикалық технологияларды әзірлеудің маңыздылығын дәлелдейді. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау сапасын арттыруға, олардың білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына берік негіз қалайды.

Осылайша, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған ғылыми зерттеулерді талдау қазіргі білім беру кеңістігінде осы бағыттың басым тенденциялары айқындалғанын көрсетті. Біріншіден, кәсіби даярлықтың құзыреттілікке негізделген моделіне көшу нәтижесінде тілдік білімді мәдени мазмұнмен кіріктіре оқытуға басымдық берілуде. Екіншіден, цифрлық білім беру технологиялары мен интерактивті платформалардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану лингвомәдени білімді меңгерудің тиімді құралы ретінде қарастырылуда. Сонымен қатар, оқыту мазмұнының практикалық және кәсіби бағыттылығын күшейту, шынайы коммуникативтік жағдаяттарды модельдеу, жобалық, кейстік және тапсырмаға негізделген оқыту технологияларын енгізу үрдісі күшейіп келеді.

Сонымен бірге, жүргізілген теориялық талдау көрсеткендей, қазіргі зерттеулерде лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымы мен мазмұнына қатысты түрлі ғылыми ұстанымдар болғанымен, оны болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығы жағдайында қалыптастырудың тұтас әдістемелік жүйесі, оның ішінде цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерін жүйелі пайдалануға негізделген ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері әлі де толық шешімін таппаған. Бұл аталған мәселенің ғылыми және практикалық маңыздылығын айқындап, оны әрі қарай терең зерттеу қажеттігін негіздейді.

Осыған байланысты, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылау, тиімді лингводидактикалық шарттарын айқындау және цифрлық білім беру ресурстарын кіріктіре пайдалануға негізделген әдістемені әзірлеу зерттеудің келесі бөлімдерінде қарастырылатын негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Аталған тенденциялар 1-суретте жүйеленіп берілген.



Сурет 1 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру тенденциялары

1.2 Лингвомәдени құзыреттілік ұғымының мәні, мазмұны және құрылымы

Қазіргі жоғары білім беру жүйесі шетел тілін меңгеру үдерісін тек тілдік білімді игеру деңгейімен шектемейді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығы мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, әдістемелік тұрғыдан құзыретті, тілдік және мәдени білімді интеграциялап қолдана алатын маман

қалыптастыруды көздейді. Осыған байланысты білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына қойылатын талаптар түбегейлі жаңарып, құзыреттілікке негізделген парадигмамен қайта құрылып отыр.

Заманауи стандарттар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін тек пәндік біліммен өлшемейді. Оқу бағдарламалары студенттің тілдік, коммуникативтік, лингвомәдени, әдістемелік және зерттеушілік құзыреттіліктерін өзара байланыста қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Әсіресе лингвомәдени және мәдениетаралық құзыреттіліктерді жоғары деңгейде дамыту бүгінгі педагогикалық даярлықтың ажырамас бөлігіне айналды. Бұл талап студенттің тілдік нормаларды меңгеруінен бөлек, мәдени контексті түсінуін, прагматикалық жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдау қабілетін қамтамасыз етеді.

Жоғары білім беру стандарттары оқу нәтижелерінің нақты, өлшемді түрде анықталуын міндеттейді. Осыған орай, оқу бағдарламалары студенттің тілдік дағдыларын халықаралық деңгейде танылған шкалалармен сәйкестендіруге бағытталуы тиіс. Өз кезегінде, ол оқытудың тыңдалым, жазылым, айтылым және оқылым және коммуникативтік тілдік әрекеттерді деңгейлік дескрипторлар арқылы бағалауға мүмкіндік береді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тек тілдік бірліктерді үйренуші емес, мәдениеттер арасындағы дәнекер бола алатын маман болуы қажет. Осыған байланысты оқу бағдарламалары тіл мен мәдениетті интеграциялауды қамтамасыз ететін модульдермен толықтырылуы тиіс. Аутентті материалдармен жұмыс жасау, мәдениетаралық коммуникацияны модельдейтін тапсырмалар, мәдени реалияларды талдау - бағдарлама мазмұнының міндетті бөлігі. Мұндай талаптар студенттің әртүрлі мәдени нормаларды түсінуіне, мәдени айырмашылықтардан туындайтын коммуникативтік қиындықтарды алдын ала болжай алуына мүмкіндік береді.

Білім беру стандарты болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби әрекетке толық дайын болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан да, оқу бағдарламалары педагогикалық технологияларды, шетел тілін оқытудың заманауи әдістерін меңгертуді басты мақсат етеді. Студенттің сабақ жоспарын құрастыру, оқыту материалдарын іріктеу, бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру - бағдарламаның негізгі талаптарының бірі. Теориялық білімді практикалық әрекетпен бекіту үшін педагогикалық практика, микросабақтар мен тренингтердің үлесі жеткілікті болуы қажет.

Қазіргі әлемде шетел тілін оқыту цифрлық ортадан тыс қарастырылмайды. Стандарттар оқу бағдарламаларының цифрлық технологияларды меңгертуін міндеттейді. Студенттер онлайн платформалармен жұмыс істей алуы, цифрлық контент әзірлеуі, мультимедиалық материалдарды сабақта қолдануы және виртуалды коммуникация ерекшеліктерін түсінуі қажет. Бұл талап болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде икемді әрі заманауи болуына жағдай жасайды.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына қойылатын талаптар қазіргі педагогикалық парадигманың

негізгі бағыттарын көрсетеді. Олар білім мазмұнының халықаралық талаптармен сәйкестігін қамтамасыз етуге, мәдениетаралық қарым-қатынасқа бағытталған кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан маман даярлауға мүмкіндік береді. Әдістемелік, тілдік, лингвомәдени, цифрлық және кәсіби компоненттердің біртұтастығы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын басты шарттардың бірі болып табылады. Сондықтан да, ЖОО-да шетел тілін оқытудың жаңа әдістерін іздестіру барған сайын өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта шетел тілін оқыту мұғалімдердің білімділікті, әртүрлі технологияларды белсенді қолдануды, шығармашылық пен саналылықты талап етеді. Шетел тілін меңгеру процесі тек білім беріп, іскерлік пен дағдыны дамытып қана қоймай, тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер ете алатындығымен сипатталады. Осыған байланысты, шетел тілін тиімді оқыту мәселесі жаңа басымдықтар мен реңктерге ие болып отыр.

Үшінші мыңжылдық жоғары білімнің алдына өз мамандығын жетік меңгерген, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі іс-әрекет жасауға қабілетті, тұрақты өсуге дайын, әлеуметтік және кәсіби ұтқыр маман дайындау міндетін қойып отыр. Осыған орай, арнайы құзыреттердің жоғары деңгейін қалыптастыру жеке тұлғаның ұлттық және әлемдік мәдениетке енуіне ықпал ету қажеттілігі туындады.

Осы орайда, тұлға лингвистикалық және мәдени маңыздылықты сыртқы әлеммен байланыстырудың маңызы ретінде түсінеді. Бұл өз тұрғысынан тәжірибені жинақтау, сақтау және ұйымдастыру, сондай-ақ тұлғаның қоғамдағы адаптациясы мен әлеуметтенуі жүзеге асады. Қоғамның ұлттық және мәдени ерекшеліктерін көрсететін сөздік қор ғана емес, ана тілі мен тіл үйренуші үшін маңызды лингвомәдени материал болып табылады осы нәтижелерге қол жеткізу үшін, мәдениетаралық өзара әрекеттесуді жүзеге асыру қажет.

Лингвомәдениет лингвистиканың ең өзекті саласы мәдени лингвистиканы зерттеген тұлға кез келген салада маман бола алады. Себебі, тіл-мәдениет-тұлға концепциясы ажырамас бөлік. Сонымен қатар, лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасуы әртүрлі мәдениет адамдарымен коммуникацияның маңызды сәті болып табылады. Яғни, лингвомәдени тану пәні тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі болып табылады [30, 432 б.].

Лингвомәдениет ұғымы мәдениет пен семантикалық реңктері мен қолданыс аясының кеңдігі жағынан ерекшеленетін, көптеген ғылыми категориялар мен терминдер ішінде мазмұны мен мағынасы әрқилы контексте қолданылатын сирек тұжырымдамалардың бірі болып табылады. Бұл ұғымның кең таралған анықтамасына сәйкес, мәдениет - адамзат тарихының бейнелері, идеялары мен материалдық және рухани объектілерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениетті адамзат қол жеткізген барша құндылықтар мен жетістіктердің жиынтығы ретінде интерпретациялау орынды. Бұл интерпретация мәдениет феноменінің адамзат болмысына тән барша қырларын қамтитындығын білдіреді.

Мәдениет ұғымының теориялық негіздерін пайымдауда ресейлік философ В.С. Библердің тұжырымдарын атап айтуға болады. Оның пікірінше, мәдениет -

бір мезгілде әрі қарым-қатынас формасы, әрі болмыстың көрінісі ретінде көрінеді. Мұндағы қарым-қатынас түрлі мәдениет өкілдерінің өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асады және бұл үдеріс жеке тұлғалардың арақатынасы негізінде ұғынылады. Осылайша, мәдениет - тек әлеуметтік институттардың немесе тарихи мұралардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар адам болмысының мәнін айқындайтын, оның тұлғалық даму жолында шешуші рөл атқаратын күрделі әлеуметтік-философиялық феномен болып табылады делінген [31].

Американдық лингвист әрі антрополог Э. Сепирдің пікірінше тіл мен мәдениеттің өзара байланысын терең делінген. Ол өз еңбектерінде тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамның танымдық және мәдени тәжірибесінің көрінісі екенін атап көрсетеді. Э. Сепирдің айтуынша: «Мәдениет – белгілі бір қоғамның әрекеті мен ойлауының көрінісі, ал тіл – сол ойлаудың көрінісі. Ендеше, тіл мазмұны – мәдениеттің бөлінбейтін бөлшегі», – деп тұжырымдайды. Бұл пікірден тіл мен мәдениеттің ажырағысыз біртұтас жүйе екені байқалады.

Э.Сепирдің әдіснамалық ұстанымдарына сүйене отырып, тіл тек адамның ойын жеткізуші құрал ғана емес, сонымен қатар сол ойдың қалай қалыптасатынына, дүниені қалай қабылдайтынына ықпал ететін фактор екенін атап өтеді. Яғни, тіл - мәдениет элементтерінің бірі емес, мәдениеттің өзі ретінде қарастырылады. Себебі әр ұлттың тілі сол ұлттың дүниетанымын, тарихи тәжірибесін, әлеуметтік құрылымын және рухани құндылықтарын бейнелейді. Э.Сепирдің бұл көзқарасы қазіргі заманғы лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты пәнаралық бағыттардың дамуына негіз болған. Оның идеялары тілдің мәдениетпен тығыз байланыстағы күрделі жүйе екенін дәлелдеп, тіл мен мәдениетті зерттеуде жаңа әдістемелік жолдарды қалыптастырды.Осылайша, Э. Сепирдің пікірін жалғастыра отырып, тіл мен мәдениет – бірін-бірі толықтыратын, өзара тығыз байланыстағы феномендер деп қорытынды жасауға болады. Тіл арқылы мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі, ал мәдениет тілдің дамуына, мазмұны мен құрылымына әсер етіп отырады [32].

Тіл мәдениетті бейнелеуші құрал ретінде қарастырылып, халықтың рухани құндылықтарының, дүниетанымының тілдік бірліктер арқылы жүзеге асуы негізгі назарда ұсталады. Тілдің ерекшеліктерін және лингвистикалық процестердегі материалдық және рухани мәдениеттердің көрінісін зерттейтін гуманитарлық пән немесе, білімнің интегративті саласы ретінде қарастыра келе, тіл білімі мен мәдениеттану саласындағы зерттеулердің нәтижелері деген тұжырым туындайды.

Лингвомәдениет бірліктерінің дамуы үш кезеңнен тұрады:

Бастапқы кезең - бұл тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерделейтін алғашқы ғылыми ізденістер мен лингвомәдениет көзқарастардың қалыптаса бастауы. Бұл кезеңде тілдің мәдени мазмұнды жеткізуші құрал ретіндегі қызметі алғаш рет талдана бастайды.

Қалыптасу кезеңі - лингвомәдениет дербес ғылыми сала ретінде дараланып, оның зерттеу объектісі мен әдіс-тәсілдері айқындала бастаған уақыт.

Бұл кезеңде алғашқы нақты ғылыми еңбектер мен бағыттар қалыптасып, теориялық негіздер бекітіледі.

Ғылыми пән ретінде қалыптасу кезеңі - бұл кезеңде лингвомәдениет ғылыми ұстанымдары, категориялық аппараты, теориялық тұжырымдары мен зерттеу әдіснамасы нақтыланып, ғылым ретінде толық қалыптасады [33].

Ғалымдардың лингвомәдениет ұғымына қатысты көзқарастары 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Ғалымдардың лингвомәдениет ұғымына қатысты көзқарастары

Ғалым	Ғалымның пікірі
1	2
В.Н. Телия	Лингвомәдениет мәніне сәл өзгеше көзқараспен қарап: «Лингвомәдениет- тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын этнолингвистиканың бір бөлшегі»– деп атап өтеді. Бұл жерде лингвомәдениет тіл мен мәдениет байланысының нақты уақыттағы көріністерін зерттейтін сала ретінде сипатталады. Яғни, тарихи аспектіге қарағанда, тіл мен мәдениеттің қазіргі жағдайдағы байланысы басты назарға алынған. Осыған орай, лингвомәдени мәні мен мағынасын, ана тілінде сөйлейтіндердің мәдени және ұлттық ерекшеліктерін қабылдау қабілетімен мәдени код категорияларындағы шындық фактілері мен тілдік белгілерді үсіндіру қабілеті ретінде анықтайды [34].
В.В. Воробьев	«Лингвомәдениет - тілдік немесе тілден тыс тұтастық құрамындағы бірліктің мәдениетті таныта білу деңгейін зерттейтін кешенді ғылыми пән» екендігін атап өтеді. Бұл анықтама лингвомәдениетті тек тілдік бірліктермен шектелмейтін, сонымен қатар мәдени кодтардың, ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтардың да жүйелі түрде қарастырылатын кең ауқымды пәнаралық бағыт ретінде сипаттайды. Оның көзқарасы бойынша, бұл ғылым саласы мәдениетті тіл арқылы тануға бағытталғанымен, тек тілдік құралдарды зерттеумен шектелмейді. Ол тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттестігін, тілдік және тілден тыс факторлардың біртұтас жүйе ретінде іс-әрекет ететінін баса көрсетеді. Осы арқылы лингвомәдениетті тілдік бірліктер мен мәдени ұғымдардың тоғысында тұрған, синтездеуші сипаттағы ғылыми пән ретінде тануға болады. Ғалым бұл бағытты тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін ғана емес, олардың өзара әрекеттестігін түсіндіретін күрделі теориялық-әдіснамалық жүйе ретінде қарастырады. Ол тілдік таңбалар мен символдар арқылы ұлттық мәдениеттің ішкі құрылымын, бағалау жүйесін, менталдық модельдерін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, В.В. Воробьев лингвомәдениетті «синтездеуші типтегі күрделі ғылыми пән» ретінде сипаттай отырып, оның өз ішіндегі пәнаралық байланыстарға (лингвистика, мәдениеттану, психология, философия, этнология) негізделгенін көрсетеді. Осылайша, В.В. Воробьевтің анықтамасы мен тұжырымдары лингвомәдениет ғылымының қазіргі заманғы гуманитарлық білім жүйесіндегі орнын, мазмұндық күрделілігін және пәнаралық сипаттағы интеграциялық мүмкіндіктерін нақтылай түседі [35].
В.В. Красных	Лингвомәдениет - тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін ғылым ретінде қарастырады. Лингвомәдениет тілдегі мәдениеттің көріністерін зерттейді, бұл тілдік сананың және әлем бейнесінің қалыптасуына ықпал етеді. Ғалымның айтуынша, тілде сөйлеушілердің тілдік санасы мен әлем бейнесі тікелей қаралуы тиіс. Бұл көзқарас лингвомәдениеттің пәндік аясын кеңейтеді және оның мәдениет пен тілдің өзара әрекеттесуін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді дейді [36].
Е.И. Зиновьева мен Е.Е. Юрков	Лингвомәдениет - бұл тіл мен мәдениеттің байланысын әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктер, сөйлеу әрекеті мен дискурс негізінде зерттейтін ғылым саласы ретінде сипаттайды. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, лингвомәдениет белгілі бір тілге тән дүниетанымды, ұлттық сана мен мәдени болмысты тілдік құралдар арқылы жеткізудің алуан түрлі тәсілдерін қарастырады. Олар бұл ғылымды ана тілінде сөйлеушілердің сана-сезімін, мәдени танымын және дүниені қабылдау ерекшеліктерін көрсететін бірліктер деп пікір білдіреді. Яғни, сөздердің, тіркестердің, мәтіндік құрылымдардың -

1 кестенің жалғасы

1	2
	мағынасын, реңктерін, коннотациялары мен мәдени ассоциацияларын жан-жақты сипаттауға ұмтылатын зерттеу саласы ретінде қарастырады.Мұндай сипаттамалар тек лингвистикалық емес, сонымен қатар мәдени-танымдық тұрғыдан да маңызы айқындалған. Себебі тілдік бірліктерге мұндай терең сипаттама беру олардың артындағы мәдени мазмұнды, тарихи-әлеуметтік тәжірибені және ұлттық ерекшеліктерді ашуға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдасу механизмдерін терең түсінуге жол ашады. Осылайша, Е.И. Зиновьева мен Е.Е. Юрков лингвомәдениет тек тілдік құбылыстарды зерттеумен шектелмей, оны мәдени мән-мағыналарды тануға бағытталған интегративті ғылым ретінде қарастырады [37].
Т.А. Кульгиль динова	Қазіргі заманғы шеттілдік білім беруде когнитивті-лингвомәдениеттанулық әдіснама тұрғысынан қарастырады. Ғалымның пікірінше, шетел тілін оқыту тіл, мәдениет және тұлғаның бірлігіне негізделуі тиіс. Бұл студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді делінген. Автор білім беру процесін лингводидактикалық когнитивті, коммуникативті және лингвомәдениеттанулық компоненттерді интеграциялауға бағытталуы қажет екенін атап өтеді. Бұл студенттердің лингвомәдениеттанулық құзыреттілігін қалыптастыру үшін жағдай жасайды делінген [38].
З.К. Сабитова	«Лингвомәдениеттану» оқулығында тіл тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетті, құндылықтарды және тұлғаның дүниетанымының ерекшеліктерін көрсететін тәсіл екенін атап көрсетеді. Ол мәдениетаралық қарым-қатынас процесіндегі тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қарастырады. Бұл студенттердің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды негізі болып табылады. Шетел тілін меңгеру тек тілдік бірліктерді игеруді ғана емес, сонымен қатар мәдени мағыналарды, сөйлеу әдебі нормаларын және басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін түсінуді де көздейді [39, 524–528 бб.].
Г.А. Кажига лиева	Лингвомәдениет - тіл мен мәдениеттің түйіскен жерінде орналасатын, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айқындауға бағытталған кешенді зерттеу саласы дейді. Ол әлемнің әртүрлі тілдік бейнесін салыстыру, сөз мағынасының тарихи-когнитивтік негіздерін қарастыру, тілдік білімнің қалыптасу тетіктерін зерттеу арқылы көпмәдениетті және толерантты тілдік тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Осы тұрғыда лингвомәдениет тілдің тек коммуникативтік іс-әрекетін ғана емес, оның мәдени, тарихи, дүниетанымдық іс-әрекеттерін де терең түсінуге бағытталған ғылым ретінде қарастырады [40, 65–70 бб.].
М.Е. Тойғанбе кова	Лингвомәдени құзыреттілік шеттілдік білім берудің маңызды құрамдас бөлігі. Ол тек тілдік құралдарды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар оқытылатын тіл елдерінің мәдени ерекшеліктерін түсінуді де қамтамасыз етеді. Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәдени маңызы бар ақпаратты қамту. Ол оқу мәтіндерімен жұмыс жасау арқылы жүзеге асады, өйткені мәтін ұлттық-мәдени мағыналардың тасмалдаушысы ретінде көрініп, студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға ықпал етеді деген [41, 293–306 бб.].
К.К. Кадашева	Лингвомәдениеттің басты мақсаты -студенттерді тек тілдік біліммен ғана емес, елтану, география, тарих, және өзара байланысты тілдер мен мәдениеттердің этнотанымдық ерекшеліктері туралы біліммен қамту деп түсіндіреді. Оның пікірінше, бұл салада оқыту мен тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету маңызды деп атап өтеді. Яғни, студенттерді өзге елдің тілі мен мәдениетіне құрметпен қарауға, екі ұлттың тарихы мен мәдениетін салыстыру арқылы өзара түсіністік пен достық қарым-қатынасқа баулу - лингвомәдениет функциясының өзегін құрайды. Бұл тұрғыда лингвомәдениеттің міндеттері екіжақты сипатқа ие: біріншісі - тілдік және мәдени мазмұнды игеру арқылы терең когнитивтік білім қалыптастыру болса, екіншісі - ұлттық құндылықтар мен өзге мәдениетке деген толерантты қатынас қалыптастырып, тұлғаның жалпы мәдени өресін арттыру [42, 64–71 бб.].

1 кестенің жалғасы

1	2
А. Сейсенова	Тіл - бұл тек қана мәдениетті бейнелейтін құрал емес, сонымен қатар ұлттың рухани болмысын, тарихи жадысын, дүниетанымын бойына сіңірген ұлттық рухтың айнасы болып табылады деген. Зерттеуші тілдің бойында сол ұлттың мәдениетінің негізін құрап, арқауын түзетін рухани-мәдени іздер сақталғанын атап өтеді. Оның айтуынша, лингвомәдениет ғылымы осы тілдік құрылымдар арқылы ұлтқа тән мәдени-танымдық жүйенің қалыптасуын зерттеуге мүмкіндік береді. Яғни, лингвомәдениет арқылы ұлттың дүниетаным ерекшеліктерін, мәдени кодтарын, қалыптасқан құндылықтар жүйесін анықтауға болады [43].
Ж.А. Дюсембекова	Шетел тілін оқыту үрдісінде студенттердің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың маңызын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, мәдени мазмұнды оқу материалдарын, аутенттік мәтіндерді және интерактивті әдістерді пайдалану студенттердің мәдени айырмашылықтарды түсінуіне, қабылдауына және мәдениетаралық коммуникацияға дайындығын арттырады делінген [44, 216–229 бб.].

Осылайша, лингвомәдениет -тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, олардың қоғамдағы іс-әрекетін және мәдени кодтардың тілдік бірліктер арқылы қалай көрініс табатынын зерттейтін кешенді ғылым екендігін анықтадық. Ол тілдік таңбалардың артында тұрған ұлттық дүниетаным, құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік тәжірибені талдауға мүмкіндік берді. Сондықтан лингвомәдениеттің басты мақсаты-белгілі бір халықтың мәдени болмасын тілдік деректер арқылы тану және сол мәдени ақпараттың ұрпақтан ұрпаққа берілу тетіктерін анықтау болды.

Осы ғылыми негіздер лингвомәдени құзыреттіліктің мазмұнын түсіндіруге тікелей алып келді. Себебі тіл мен мәдениеттің ажырамас бірлігі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде маңызды рөл атқарады.

Лингвомәдениет -тіл үйренушінің мәдени мәні бар тілдік бірліктерді дұрыс түсінуі, оларды коммуникативтік жағдаятқа сәйкес қолдана алуы, сондай-ақ өз мәдениеті мен оқытылатын тіл мәдениетін салыстыра талдап, мәдениетаралық түсіністікке қол жеткізу қабілеті. Бұл құзыреттілік тек тілдік біліммен шектелмей, мәдени ақпаратты интерпретациялау, ұлттық-мәдени коннотацияларды тану және олардың коммуникациядағы орнын дұрыс бағамдау дағдыларымен толықтырылады. Осылайша, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру ұғымының мәнін анықтау және құрылымын ашу мәселелерін ғылыми зерделеу үшін, ең алдымен зерттеу нысанымыздың ұғымын ашу қажет болды. Осы тарауда лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру саласында жинақталған теориялық тұжырымдар мен практикалық тәжірибелер зерделеніп, зерттеу мәселесінің қазіргі жай-күйіне жан-жақты талдау жүргізілді. Бұл, ұғым лингвомәдени құзыреттіліктің ғылыми аппаратын жүйелеуге мүмкіндік берді.

Ғалымдардың лингвомәдени құзыреттілік ұғымына берген анықтамалары 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – Ғалымдардың лингвомәдени құзыреттілік ұғымына берген анықтамалары

Ғалым	Тұжырымдамасы
1	2
Н.В. Баграмова	Лингвомәдени құзыреттілік тек сөйлеу дағдыларына ие болуды ғана емес, сонымен бірге тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас пен «мәдениеттер диалогын» жүзеге асыру мақсатында зерттелетін тілдің заңдылықтарын, әдет-ғұрыптарын, мәдени дәстүрлерін және менталитетін білуді де болжайды [45].
Н.И. Лепёшкина, А.А. Гуляева	Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігі деп - маманның кәсіби міндеттерін орындауға дайындығы тұрғысынан оның тұлғасын сипаттайтын лингвомәдени білім мен дағдылардың тұтас жүйесі деп атайды. Шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінің практикалық, тәрбиелік, дамытушылық міндеттеріне сүйене отырып, бұл мақсаттарға тілді оқытуды сол тілде білім беруді меңгерген халықтың мәдениетімен таныстырумен үйлестіру арқылы ғана қол жеткізуге болатындығын көрсетеді [46, 54 б.]
Л.А. Городецкая	Лингвомәдени құзыреттілікті жеке тұлғаның мәдени құзыреттілігінің бөлігі ретінде анықтайды. Белгілі бір тілдік мәдениет контекстіне ену арқылы қалыптасатын білім, білік және жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде айғақтайды [47].
Н.Ф. Алефиренко	Лингвомәдени құзыреттілікті «мәдени коннотацияны тану және адекватты қабылдау, құндылық жүйелерінің призмасы арқылы белгілі бір сөзді таңдау негізінде жатқан ассоциативті-бейнелі мотивтермен тілдік белгінің семантикалық мазмұнын корреляциялау қабілеті» деп түсінеді [48].
Е.А. Дортман	Лингвомәдени құзыреттілікті ана тілінде сөйлейтіндердің мәдени және ұлттық менталитетін түсіну, әлемнің лингвистикалық суретінің ерекшеліктерін ескеру, мәдени семантикада көрініс тапқан ұлттық-мәдени компонентті түсіру қабілеті ретінде нақтылайды [49].
М.А. Пахноцкая	Ғалымның монографиясында берілген лингвомәдени құзыреттілікті анықтау, тілде салынған мәдени құндылықтар жүйесі туралы білімді және осы біліммен іс-тәжірибеде әрекет ету қабілетін қамтиды [50].
М.С. Бирюкова	Лингвомәдени құзыреттілікті айқындау тәсілдерін қорыта отырып, тілдік және экстралингвистикалық фактілерді аксиологиялық және семиотикалық түсіндіруге «тілде іске асырылған мәдениет туралы білім» жүйесін, сондай-ақ этномәдени құндылықтар мен елдің тұжырымдамасын атап өтеді [51].
А.А. Подгорбунских	Лингвомәдени құзыреттілік ұлттық тілдік сана мен менталитетті көрсететін «өз мәдениеті негізінде дүниенің алғашқы концептуализациясын» қалыптастырады. А.А. Подгорбунскидің ойынша, лингвомәдени құзіреттілік «тұлғаның интегративті сапасы, оның ішінде лингвомәдени туралы, вербалды және вербалды емес сөйлеудің жалпы нормалары, ережелері мен дәстүрлері туралы ақпаратты іріктеу, меңгеру, өңдеу, түрлендіру және практикалық іс-әрекетте пайдаланумен байланысты білім, білік, дағдылар. -берілген лингвомәдениет аясындағы ауызша қарым-қатынас» жасау дейді [10, 102 б.].
C.J. Cardoso	Ғалым өз еңбегінде шетел тілін оқытудағы лингвомәдени құзыреттіліктің маңыздылығын көрсетеді. Ғалым мақсатты мәдениеттің әдет-ғұрыптарын, құндылықтарын және әлеуметтік динамикасын түсінуді және бағалауды талап етеді [52] .
Ә.С. Әлметова	Ә. С. Әлметованың пайымдауынша, лингвомәдени құзыреттілік құрылымына танымдық тұрғыдан талдау жасай алуы - болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығында маңызды рөл атқаратын қабілет дейді. Лингвомәдени құзыреттілік - белгілі бір тілдік және әлеуметтік қоғамға тән сол құрамдас элементтерді біріктіретін, тіл арқылы мәдениетті танып-білуге бағытталған кешенді ұғым деп қарастырады [53, 199–209 бб.]
Г.К. Беккожанова	Г.К. Беккожанова және басқалар (R. Shakhanova, G. Ospanova) ағылшын мақал-мәтелдерін қазақ тіліне аударудың когнитивтік және лингвомәдени аспектілерін зерттей отырып, лингвомәдени құзыреттілікті тілдік бірліктерде көрініс тапқан ұлттық-мәдени мазмұнды тану, оны өз мәдениетімен салыстыра түсіндіру және мәдениетаралық қарым-қатынаста барабар жеткізе білу қабілеті ретінде

2 кестенің жалғасы

1	2
	қарастырады. Авторлардың пікірінше, мақал-мәтелдер сияқты мәдени таңбаланған бірліктермен жұмыс шетел тілін оқытуда студенттердің тіл арқылы өзге халықтың дүниетанымын түсінуіне жағдай жасайды [11, 135–151 бб.].

«Педагог» кәсіби стандартына сәйкес педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру шеңберінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінде келесі дағдылар қалыптасуы керек екендігі айтылады:

– жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеялар;

– әмбебап тұлға жүйесіне қатысу және ұлттық құндылықтар олардың бірлігінде;

– Қазақстанның ұлттық басымдықтары;

– мәдени сана, тілдік құзыреттілік;

– қолайлы білім беруді дамыту;

– студенттердің мәдени және тілдік қажеттіліктерін жүзеге асыру ортасы;

– басқа мәдениетке, басқа өмір салтына төзімділікпен қарау [6].

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігі оның мәдениетаралық-кәсіби шетел тілі-коммуникативті құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады және оның құрамына диссертацияда ұсынып отырған құрылымдық компоненттері кіреді. Яғни ол келесідей беріледі:

– зерттелетін тілдік-мәдени қауымдастықтың типтік білімді өкілінің тілдік формадағы санада көрініс тапқан белгілі бір ұлттық қауымдастықтың жалпылама тәжірибесі ретіндегі негізгі фондық қабілеттері жатады. Сонымен қатар, жанама жағдайларда өзара түсіністікке қол жеткізу үшін фондық қабілеттерді пайдалана білу және тікелей мәдениетаралық қатынас;

– мағынаның ұлттық-мәдени компоненті бар лексикалық бірліктерді қолдану. Оларды мәдениетаралық қарым-қатынас жағдаяттарында барабар қолдана білу;

– мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін барынша тиімді оқытуға мүмкіндік беретін кәсіби-педагогикалық дағдылардың жиынтығы.

Мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін қалыптастыру қазіргі кезеңдегі шетел тілін оқытудың басты мақсаты болып табылады. Ол тұлғаның қалыптасу процесі білімгер санасында оқытылатын тілдің ана тілінде сөйлейтіндерге тән дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырумен байланысты. Көптеген шетел тілі мұғалімдерінің шетел тілі мәдениеті туралы жеткілікті білімі жоқ. Олар мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын емес. Осыған байланысты, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекеті барысында мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін, оның ішінде лингвомәдени құзыреттілігін жетілдіру қажеттілігі туындайды деп зерттеуші ғалымдар пікір білдіреді [54, 3 б.]

Сонымен, құзыреттілікке негізделген тәсіл контекстінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің диалог, ынтымақтастық қабілетін, көпмәдениетті, көптілді

ортада қарым-қатынас жасау қабілеті мен дайындығын қамтамасыз ететін лингвомәдени құзыреттілігі түсіну объектісіне айналуы тиіс [55].

Зерттеуде С.С. Кунанбаеваның «шетел тілі – шет тілі мәдениеті – тұлға» триадасы мен когнитивті-лингвомәдени әдіснамасы теориялық бағдар ретінде басшылыққа алынды [9].

Жоғарыда аталған зерттеулердің талдауы болашақ шетел тілі мұғалімдерін дайындаудағы лингвомәдени көзқарастың кең қамтылғанын және терең зерттелгенін көрсетті.

Лингвомәдени құзыреттілік - бұл студенттің немесе тіл үйренушінің тек тілдік білімін ғана емес, сонымен қатар сол тілге тән мәдени, дәстүрлі және коммуникативтік ерекшеліктерді түсіну және қолдану қабілетін қамтитын күрделі ұғым. Яғни, бұл құзыреттілік тіл мен мәдениетті байланыстыра отырып, адамға тілдік бірліктерді дұрыс интерпретациялауға, мәдени контексте өз ойын жеткізуге және шетелдік мәдениет элементтерін өз өмірінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Лингвомәдени құзыреттілік мәніне келсек ол, адамның тілдік және мәдени білімін біріктіретін дағды, яғни тілдің тек грамматикалық немесе лексикалық аспектілерін меңгеріп қана қоймай, оны сол тілде қалыптасқан мәдени ерекшеліктермен байланыстыра білу қабілеті. Бұл құзыреттілік арқылы тіл үйренуші шетелдік мәдени құндылықтарды дұрыс түсінеді, стереотиптерді ажырата алады және тиімді коммуникация құра алады.

Ғалымдардың ойларын жинақтай келе лингвомәдени құзыреттілік мәдениетаралық қарым-қатынастың негізі болып табылады. Ол тұлғаның тілдік әрекеттерін мәдени контекстпен байланыстырып, нақты өмірлік және кәсіби жағдаяттарда дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл құзыреттілік студенттің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, мәдениетаралық түсінігін және коммуникативтік икемділігін дамытады.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген ғалымдардың ойларын тұжырымдаларына сәйкес, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру тілдің мәдени аспектілерін және оған байланысты мінез-құлық нормаларын, құндылықтары мен сенімдерін түсіну және бағалау қабілетін дамыту процесі болып табылады. Бұл құзыреттілік тілді білуді ғана емес, сонымен қатар оны мәдени ортада контекстік қолдануды, әңгімелесушілердің мәдени ерекшеліктеріне және мәдени контексттерге өз қарым-қатынасын бейімдеу қабілетін қамтиды.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдени аспектілерді олардың тіл тәжірибесі мен өзара әрекеттесуіне әсер ету контекстінде жүйелі түрде зерттеуді талап етеді.

Әрине, болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауда лингвомәдени құзыреттілік маңызды рөл атқарады. Бұл құзыреттілік тілдің тілдік жағын ғана емес, сонымен бірге оның мәдени ортасын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын және әлеуметтік-мәдени реңктерін білуді қамтиды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің

сол тілде сөйлейтіндердің оны қолдануы мен қабылдауына әсер етуі мүмкін тілдің мәдени аспектілерін білуі маңызды.

Лингвомәдени құзыреттілік басқа әлеуметтік қауымдастықтың әлеуметтік және мәдени концепцияларын, оның ішінде негізгі білімдерді, баламалы емес лексиканы, мақсатты елде қабылданған этикет ережелерін қамтитын түпнұсқалық мәтіндер негізінде оқытылатын тілді пайдалану. Яғни, тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті түсініледі. Сондай-ақ, тілдік тұлғаның сөйлеуі және сөйлеуді қабылдау процестерін табиғи меңгеруі және ең бастысы, мәдени көзқарастарды меңгеруі болып табылады.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруда болашақ шетел тілі мұғалімі үшін шешуші маңызға ие. Себебі, ол мәдениетаралық коммуникацияны тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді [56, 115–125 бб.].

Осы тұрғыда зерттеушілердің аталған компоненттердің мазмұны жөніндегі пікірлеріне тоқталамыз. Сипатталған тілдік құзыреттілікке қатысты ұстанымдарды және ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненттеріне салыстырмалы талдау жүргізілді (3-кесте).

Кесте 3 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненттеріне салыстырмалы талдау

Ғалымдар	Ақпараттық-аналитикалық	Когнитивті-коммуникативті	Прагматикалық
1	2	3	4
В.С. Библер	Мәдениетті қарым-қатынас формасы ретінде талдау	-	-
Э. Сепир	Тіл арқылы мәдени ақпаратты талдау	Тіл ойлауға әсер етеді, дүниетаным қалыптастырады	-
В.А. Маслова	Лингвомәдениет ғылымының даму сатыларын жүйелеу	-	-
В.Н. Телия	-	Тіл мен мәдениеттің синхронды байланысын сипаттау	-
В.В. Воробьев	Тілдік және тілден тыс факторларды талдау	-	Мәдени кодтар мен менталдық модельдерді ашу
В.В. Красных	-	Тілдік сана мен әлем бейнесін қарастыру	-
Е.И. Зиновьева, Е.Е. Юрков	Тілдік бірліктерді мәдени тұрғыдан саралау	Дискурс арқылы дүниетанымды жеткізу	-
Т.А.Кульгильдинова	-	Шеттілдік білім беруде когнитивті, коммуникативті және лингвомәдениеттану компоненттерді интеграциялау	-

3 кестенің жалғасы

1	2	3	4
З.К. Сабитова	-	Тілдің мәдени мағыналарын түсіндіру	Сөйлеу әдебі нормаларын меңгеру
Г.А. Кажигалиева	Ақпараттық талдау арқылы ұлттық ерекшеліктерді айқындау	Тілдік білімнің когнитивтік негіздерін қарастыру	-
М.Е. Тойғанбекова	-	Мәтін арқылы мәдени ерекшеліктерді түсіну	-
К.К. Кадашева	Елтанымдық, тарихи ақпаратты талдау	-	Ұлттық құндылықтарға толерантты қатынас
А. Сейсенова	-	Ұлттық рух пен дүниетанымды тіл арқылы жеткізу	-
Ж.А. Дюсембекова	-	Аутенттік мәтіндер арқылы мәдени айырмашылықтарды түсіну	-
Н.В. Баграмова	Ақпараттық талдау арқылы мәдени дәстүрлерді меңгеру	-	Мәдениеттер диалогын прагматикалық реңктер негізінде жүзеге асыру
Н.И. Лепёшкина, А.А. Гуляева	-	-	-
Л.А. Городецкая	-	Тілдік мәдениет контекстінде білім мен білік	
Н.Ф. Алефиренко	Ақпараттық-аналитикалық: мәдени коннотацияны тану	-	
Е.А. Дортман	-	Ұлттық менталитетті түсіну	
М.А. Пахноцкая	Лингвомәдени құндылықтар жүйесі туралы білімді анықтау және оны тәжірибеде қолдану	-	

Сонымен, ғалымдардың тұжырымдарын саралай отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігі деп тілді сол тілге тән мәдени-тарихи, әлеуметтік-этникалық контекстпен біртұтас жүйе ретінде меңгеру; тілдік бірліктердің артында жатқан ұлттық-мәдени мәндерді, символдарды және мәдени кодтарды тану, дұрыс интерпретациялау және оларды әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда мәдениетаралық талаптарға сай, прагматикалық тұрғыдан орынды қолдану қабілетін түсінеміз. Болашақ педагогтың тілдік бірліктердің мәдени астарын түсіндіруін, әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесу барысында мәдени ерекшеліктерді ескеріп қарым-қатынас құра білуін, сондай-ақ шынайы тілдік жағдаяттарды мәдени тұрғыдан дұрыс талдап, интерпретациялауын қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, болашақ шетел тілі

мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігі оның кәсіби іс-әрекетін сапалы атқаруын қамтамасыз ететін келесі дағдылар мен іскерліктердің қалыптасуынан көрінеді:

– тілдік бірліктердің мәдени мәнін ашу дағдысы;

– аутентті материалдар арқылы мәдени ақпаратты талдау және интерпретациялау іскерлігі;

– мәдени жағдаятқа сәйкес тиімді сөйлеу стратегияларын таңдау біліктілігі;

– мәдениетаралық коммуникацияда тілдік және бейвербалды құралдарды дұрыс қолдану дағдысы;

– өз және өзге мәдениеттерді салыстыра отырып, мәдени ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау біліктілігі;

– көпмәдени ортада кәсіби әрекет етуге бейімділік;

– мәдениетаралық қақтығыстарды алдын алу және шешу дағдылары;

– басқа мәдениеттерге ашықтық, эмпатия және толеранттылық сияқты тұлғалық сапаларды дамыту.


Лингвомәдени құзыреттілік тіл үйренушінің тек тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен бірге шетелдік мәдениетті түсіну, бағалау және оны өз тәжірибесінде қолдану қабілетін қамтитын кешен болып табылады. Бұл құзыреттілік қазіргі жаһандану дәуірінде мәдениетаралық қарым-қатынас пен кәсіби іс-әрекетті тиімді жүргізудің маңызды факторына айналып отыр.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің білім беру ортасында тиімді өзара іс-әрекет жасау, мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыруда Common European Framework of Reference ережелерін қолдану ерекше өзекті болып отыр [57]. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігі арқылы шынайы мәтіндер мен цифрлық білім беру ресурстарын талдау және түсіндіру, кәсіби іс-әрекетте заманауи цифрлық технологияларды қолдану, өз көзқарасын дәлелді түрде білдіру, әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында коммуникативтік стратегияларды қолдану, мәдени бағдарланған тапсырмалар мен оқу материалдарын әзірлеу және қолданылатын оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау қабілеті жетілдіріледі.

Осылайша, CEFR ережелері осы зерттеудің әдіснамалық негізі болды [57]. Олар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тілдік білімі мен кәсіби дайындығының заманауи бағытын анықтайды. CEFR көпмәдениетті қоғам жағдайында тиімді әрекет қамтамасыз ететін білім алушылардың коммуникативтік, әлеуметтік-лингвистикалық, прагматикалық және мәдениетаралық даярлығын дамытуға қойылатын негізгі талаптарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл құжатта тілді мәдениетаралық өзара әрекеттесу құралы ретінде пайдалану, мәдени әртүрлілікті түсіну және тілдік білімді әртүрлі коммуникативті жағдаяттарда қолдану қабілетіне ерекше назар аударылады. Бұл ережелер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға кешенді көзқарастың қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен бірге, CEFR талдауы қазіргі мұғалімді даярлау үшін тек тілдік білім мен коммуникативті дағдыларды қалыптастыру жеткіліксіз екенін

көрсетті. Яғни, лингвомәдени ақпаратты талдау және түсіндіру, мәдениетаралық ортада тиімді кәсіби өзара әрекеттесу және алған білімдерін педагогикалық іс-әрекетте қолдану қабілетін дамыту. Бұл зерттеудің тұжырымдамалық бағдарларын анықтауға және лингвомәдени құзыреттіліктің авторлық құрылымын жасауға мүмкіндік берді. Лингвомәдени құзыреттілік ұғымының құрылымы, мәні және мазмұнының талдай келе келесі құрылымдық компоненттерін анықтадық: ақпараттық - аналитикалық, когнитивті - коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктер (2-сурет).



Сурет 2 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері

Аталған құрылымдық компоненттер CEFR лингводидактика және лингвомәдениеттану саласындағы заманауи зерттеулерге, сондай-ақ болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауға қойылатын кәсіби талаптарды талдауға негізделген. Ұсынылған құрылым мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің ерекшелігін көрсетеді және кәсіби дайындық процесінде лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұнын, әдістері мен құралдарын әзірлеудің теориялық негізі болып табылады.

CEFR көрсетілген тілдік білім беру ұстанымдарын және ғалымдардың лингвомәдени құзыреттілік құрылымына қатысты еңбектерін негізге ала отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін талдауға болады.

Келесі кезекте әрбір субқұзыреттілікке талдау жасап кетеміз. Бірінші ақпараттық -аналитикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде лингвомәдени құзыреттілік тек тілдік және мәдени білімдердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар ақпаратты дұрыс қабылдап, өңдеп, интерпретациялай алатын интеллектуалдық қабілеттермен тығыз байланысты. Осы тұрғыда ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру құрылымында маңызды орын алады және оның қалыптасу механизмдерін айқындайтын жетекші факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі білім беру процесінде болашақ шетел тілі мұғалімдері тек кәсіби лингвистер ғана емес, тілдің мәдени және әлеуметтік аспектілерін талдау, тиімді оқыту үшін цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндігі болуы

керек. Болашақ шетел тілі мұғалімдері оқылатын тіл елдерінің мәдени және тілдік ерекшеліктері туралы ақпаратты жинап, талдай алу қабілеттері болуын талап етіледі.

Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттіліктің көмегімен болашақ шетел тілі мұғалімдері тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тереңірек түсіне алады, бұл студенттерге лексикалық және грамматикалық білімді ғана емес, тілді контекстік түсінуді де жеткізуге көмектеседі. Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік арқылы оқыту студенттерде мәдени айырмашылықтар мен ұқсастықтарды терең түсінуді қалыптастыруға көмектеседі, бұл толеранттылық пен мәдениетаралық коммуникацияның дамуына ықпал етеді.

Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттіліктің теориялық мәні шетел тілін үйренушінің лингвомәдени құбылыстарды қабылдауын танымдық тұрғыдан қамтамасыз етуінде жатыр. Шетел тіліндегі мәтіндер мәдени ақпараттың негізгі тасымалдаушысы ретінде ақпаратты іздеу, талдау және түсіндірудің күрделі когнитивтік механизмдерін талап етеді. Сондықтан бұл ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік тілдік білімді мәдени контексте игеру үшін қажетті аналитикалық операцияларды жүзеге асыруды қамтиды: ақпаратты іріктеу, мағыналық бірліктерді айқындау, мәдени маркерлерді интерпретациялау, түрлі дереккөздерден алынған материалды синтездеу, мәдени айырмашылықтарды салыстыру және шынайылыққа негізделген зерттеушілік қорытынды жасау болып табылады.

Лингвомәдени ақпарат көбіне астарлы, мәдени кодтарға негізделген, символдық сипатта беріледі. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетке қатысты релевантты мәліметтерді ажыратып, оларды оқыту мақсаттарына сәйкес қолдана білуі қажет. Бұл субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдеріне:

– мәдени реалияларды тануға;

– тілдік бірліктердің артында тұрған мәдени мәнді анықтауға;

– ұлттық-мәдени контексті дәл түсінуге мүмкіндік береді.

Т.Е. Соколова ақпараттық-аналитикалық іскерліктің мынадай блоктарын бөліп көрсетеді: ақпаратты іздеуді жүзеге асыру; ақпаратты талдауға; сын тұрғысынан бағалауға; өңдеуге; рефлексияны жүзеге асыру [58, 26 б.].

С.Л. Рубинштейндің айтуынша, барлық ойлау операциялары іс-әрекетте қалыптасады дейді [59, 111–116 бб.]. Осылайша, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің маңызды міндеттерінің бірі - студенттердің ақпараттық-аналитикалық дағдыларын меңгеру жөніндегі іс-әрекетін ұйымдастыру. Бұл өз тұрғысынан нені үйрету керектігін түсіну қажет. Оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі, сондай-ақ оны ұйымдастырудың маңызды нысандарының бірі оқу тапсырмалары болып табылады.

Бүгінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туралы айтуға барлық негіздемелер бар. Қазіргі қоғамның адамның кәсіби іс-әрекетіне қойылатын негізгі талаптарына сәйкес - бұл ақпаратты талдау, іріктеу, сақтау, өңдеу және бұл ретте ақпараттық-талдамалық кәсіби міндеттерді шешуде рөлі жоғары.

Цифрлық технологияларды қолдана отырып, талдамалық іс-әрекет мақсатты және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның интегралдық сипаттамасын ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік деп түсіну ұсынылады. ЖОО студенттерінің ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілігін қалыптастыру онлайн платформаларды қолдану негізінде кәсіби ақпаратты талдау жөніндегі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің іс-әрекетін көрсететін оқу міндеттерін шешу процесінде жүзеге асырылады.

Осылайша, ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау процесінде лингвомәдени құзыреттілікті тиімді іске асыру үшін қажетті кешенді білім мен іскерлікті қалыптастыру үшін негіз болып табылады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы ақпараттық - аналитикалық субқұзыреттілік дескрипторлары:

– мәдениет пен тіл туралы ақпаратты жинақтай және талдай білу;

– цифрлық дереккөздерден лингвомәдени ақпаратты іздеу, іріктеу, салыстыру және талдай білу;

– мәдени ақпаратты талдау, салыстыру және интерпретациялай алу.

Ақпараттық -аналитикалық субқұзыреттілік дескрипторлары болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға қалай ықпал ететінін түсінуге көмектеседі. Тілді үйрету процесінде студенттерді мәдениетпен байланысты тілдік аспектілерді зерттеуге тарту маңызды. Осы ретте, ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік лингвомәдени мәтіндерді кешенді талдау арқылы дамиды. Студент мәдени коннотацияларды, символдарды, ұлтқа тән мінез-құлық үлгілерін, вербалдық және вербалдық емес белгілерді анықтап, оларды оқу процесінде қолдануға тиіс.

Бұл дағды болашақ шетел тілі мұғалімнің:

– мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуіне;

– мәдени кодтарды дұрыс интерпретациялауына;

– мәдениетке негізделген контентті түсіндіруіне негіз болады.

Қазіргі білім беру кеңістігінде лингвомәдени ақпараттың басым бөлігі цифрлық форматта беріледі. Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің:

– онлайн дереккөздерден мәдени мәлімет жинау;

– медиамәтіндерді талдау;

– визуалды және дыбыстық ақпараттағы мәдени элементтерді ажырату

қабілетін қамтиды. Бұл шетел тілін оқытуда мультимедиялық және цифрлық контентті тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Осылайша, ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Ол мәдени ақпаратты іздеу, талдау, интерпретациялау және педагогикалық мақсатта қолдану қабілеттерін біріктіреді. Бұл субқұзыреттілік студентті өзге мәдениетті терең түсінетін, мәдениетаралық қарым-қатынасқа бейімделген, ақпараттық ортада еркін бағдарлайтын кәсіби маман ретінде қалыптастыруға тікелей ықпал етеді.

Когнитивті -коммуникативті субқұзыреттілік. Лингвомәдени құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығындағы күрделі әрі көпқырлы құрылым. Оның тиімді қалыптасуы тек тілдік біліммен шектелмейді, сонымен бірге ойлау процестерін, мәдени ақпаратты интерпретациялау қабілетін және оны коммуникативтік жағдаяттарға бейімдеп қолдану дағдыларын талап етеді. Осы тұрғыда когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік лингвомәдени құзыреттіліктің негізгі өзегін құрайды және болашақ шетел тілі мұғалімнің кәсіби дамуы үшін ерекше маңызға ие болады.

Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдени мазмұнды қабылдау, саралау, салыстыру және мағыналық талдау процестерін іске қосады. Лингвомәдени элементтерді түсіну үшін:

– концепт, стереотип, символ, ұлттық құндылықтар сияқты мәдени бірліктердің когнитивтік моделі жасалады;

– тілдік бірліктердің артындағы мәдени кодтар танылады;

– мәдениетаралық айырмашылықтарды айқындауға қажет ойлау амалдары іске қосылады.

Бұл дағды болашақ шетел тілі мұғалімдеріне өзге тілдің мәдени бейнесін жүйелі түсінуге мүмкіндік береді. Когнитивтік қабілет мәдени ақпаратты жинақтап қана қоймай, оны қарым-қатынас барысында тиімді қолдануға жағдай жасайды. Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік: мәдениетке сәйкес тілдік таңдауды; сөйлеу актілерінің прагматикалық ерекшелігін; мәдени нормаларға сай коммуникациялық стратегияларды дұрыс қолдануды үйретеді. Осылайша, болашақ шетел тілі мұғалімдері тек ақпаратты игерген емес, оны коммуникативтік тәжірибеде орынды пайдалана алатын маманға айналады.

Шетел тілінің когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілігі деп - болашақ шетел тілі мұғалімдерінің танымдық қабілетін, яғни өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу үшін жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше меңгеруі деп түсінеміз.

Қазіргі білім берудің, оның ішінде пәндік салалардың бірі ретінде шетел тілін оқытудың мақсаттарының бірі «өмір бойы білім алу» қағидатын жүзеге асырудың негізгі шарты ретінде білімгерлердің когнитивті және коммуникативті дағдыларын дамыту болып табылады. Құзіреттілік көзқарасының идеяларын басшылыққа ала отырып, тұлғаның ең маңызды қасиеттері ақпаратты қабылдау, талдау және бағалау, қорытынды жасауға және қоршаған ортаның басқа субъектілері мен объектілері жеткізетін хабарларға сәйкес өз іс-әрекетін ұйымдастыру қабілеті екенін атап өтеміз.

Когнитивті-коммуникативті дағдылардың мәніне кеңірек ұстанымды И.А.Шейна ұсынады. Ол оларды жиынтық ретінде түсіндіруді ұсынады, ақпаратты алу және жеткізу дағдылары; ақпаратты талдау мен бағалауға байланысты дағдылар; алынған ақпаратты талдау және бағалау кезінде белгілі бір шешімдерді қабылдау нәтижесінде коммуникативті стратегиялар деп көрсетеді[60].

Яғни, коммуникативті құзыреттілік интерпретациясында когнитивті процестерді қосу ықпалы ұсынылады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік маңызды рөл атқарады. Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік қарым-қатынаста тілді тиімді пайдалануға қажетті дағдылар мен білімдерді қамтиды. Бұл грамматика, лексика, фонетика және тілдік құрылымдарды түсінуді және оларды сөйлеу әрекетінде қолдана білуді қамтиды. Лингвомәдени құзіреттілік қолданылатын тіл ресми немесе жалпы болып табылатын елдердің мәдениеті туралы білімді қамтиды.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру тілді оқытып қана қоймай, сонымен қатар мәдени түсінігін кеңейтуі үшін маңызды. Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттіліктің рөлі болашақ шетел тілі мұғаліміне мәдени аспектілерді жеткізу үшін тілді қолдануда сенімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тілдік құрылымдар арқылы мәдени ерекшеліктерді түсіндіру, материалдарды мәдени қажеттіліктерге бейімдеу және оқу ортасында мәдениетаралық өзара әрекеттесуге ықпал ету мүмкіндігі.

Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық ойлауын дамытады, яғни:

– өз мәдениеті мен басқа мәдениеттерді салыстыра алу;

– мәдени айырмашылықтарды түсіністікпен қабылдау;

– көпқырлы мәдени кеңістікте тілдік мінез-құлықты дағдыларды қалыптастырады. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерін мәдениетаралық тұлға рөлін атқаруға бейімдейді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптаструдағы когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік дескрипторлары:

– тұрақты тіркестердің мағынасын анықтау, мәдени реалийлерді сәйкестендіру, сөйлеу этикеті формаларын коммуникативтік жағдаятқа сәйкес таңдай алу;

– коммуникативтік жағдаятты түсіну, мәдени контекстке сәйкес тілдік құралдарды таңдау және оларды қарым-қатынас барысында орынды қолдана алу;

– мәдени контекстті түсіну, мәдениетаралық қарым-қатынаста тілдік бірліктерді орынды қолдану және коммуникативтік жағдаятқа сәйкес өз ойын дәлелді жеткізе алу;

– лингвомәдени білімді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдана алу.

Бұл дескрипторлар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін тиімді қалыптастыру үшін қажетті когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік аспектілерін құрылымдауға және бағалау тиімділігін арттырады.

Белгілі болғандай, когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Ол мәдени мазмұнды тануға, талдауға және болашақ кәсіби іс-

әрекетке бейімдеп қолдануға мүмкіндік беретін күрделі механизмдер жиынтығын біріктіреді. Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік болашақ маманды тіл мен мәдениеттің өзара байланысын терең түсінетін, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, кәсіби деңгейі жоғары педагог ретінде қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосады.

Прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Прагматикалық құзыреттілік CEFR құжатында коммуникативтік тілдік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, дискурстық, функционалдық және мәтінді ұйымдастыруға қатысты білім мен біліктермен сабақтастырылады [57].

Қазақстандық ғылыми кеңістікте прагматикалық құзыреттілік мәселесінің жекелеген аспектілері Ш.Т. Жанысбекова, С. Нұрғали, Г. Клычниязова зерттеулерінде көрініс тапқан. Олар прагматикалық құзыреттілікті коммуникативтік мақсатқа, қарым-қатынас жағдаятына және әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес тілдік құралдарды тиімді пайдалану қабілетін қамтамасыз ететін коммуникативтік құзыреттіліктің маңызды компоненті ретінде қарастырады [61, 177–184 бб.].

Қазақстандық зерттеушілер арасында прагматикалық құзыреттілік мәселесінің теориялық және әдістемелік аспектілері Ш.Т. Жанысбекованың еңбектерінде арнайы зерттеу нысаны. Ол прагматикалық құзыреттілік тілдік құралдарды коммуникативтік ниетке сай қолдану, әдеп нормаларын сақтау, қарым-қатынастың ресмилік дәрежесін, берілетін ақпараттың толықтығы мен орындылығын ескеру қабілетін білдіретінін атап көрсетеді

Прагматикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда ерекше орын алады, өйткені ол тілдік бірліктердің мәдени-прагматикалық қолданылуын түсіну және қарым-қатынаста мәдени нормаға сай әрекет ету қабілетін сипаттайды. Шетел тілін меңгеру барысында болашақ шетел тілі мұғалімі тек грамматикалық құрылымдарды игеріп қана қоймай, сол тілде сөйлейтін қоғамның құндылық жүйесін, қарым-қатынас дәстүрлерін, сөйлеу этикетінің ерекшеліктерін, прагматикалық реңктерді дұрыс түсінуі тиіс. Прагматикалық субқұзыреттілік осындай мәдени-прагматикалық ақпаратты қабылдау, талдау, салыстыру және оны нақты коммуникативтік жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытады. Прагматикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімінің: сөйлеу актілерінің мәдени реңктерін; тілдік этикет формаларын; қарым-қатынастың формалды және бейформалды үлгілерін дұрыс қолдануын қамтамасыз етеді.

Прагматиканы оқытудың әмбебап стратегияларын шетел тілін оқытудың ең тиімді екендігі туралы бірнеше ғалымдар пікір білдіреді [62, 316–341 бб.; 63, 39–64 бб.; 64, 369–386 бб.].

Қазақстанда прагматикалық құзыреттілікті зерттеуге санаулы ғалымдар көңіл бөлген. Олардың бірі Ж.Б. Ошақбаева өз мақаласында екінші тілді меңгеру теориясының өзекті мәселелері ретінде қарастырады. Екінші тілді оқу

процесінде билингвизмнің прагматикалық парадигмасы және типологиясы зерттелді [65, 36–41 бб.].

Прагматикалық білім типологиясы мәтінмен, сөзбен және коммуникациямен тығыз байланысты.

С.В. Елисееваның айтуынша, «әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы диалог тілдік қиындықтардан емес, мәдени фон, ерекше менталитеттер немесе ұлттық және этникалық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы білімнің жеткіліксіздігінен болуы мүмкін, бұл прагматикалық құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып табылады» делінген [66, 541 б.].

Прагматикалық құзыреттілік қарым-қатынастың мақсаттары мен стильдерін, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени әртүрлі ортадан шыққан тұлғалардың мінез-құлқын түсінуді қамтиды. Прагматикалық құзыреттілік педагогтардың, лингвистердің және психологтардың назарында (А.А. Леонтьев [67], Л.С. Выготский [68]). Осы контексте зерттеушілер «прагматика» терминін белгілі бір бірліктердің ықпал ету немесе әлеуметтік өзара әрекеттесу құралы ретінде қызмет ету қабілетін білдіру үшін қолданды. Прагматикалық құзыреттілікті меңгерудің педагогикалық аспектісі көптеген методистер мен педагогтардың еңбектерінде (У. Риверс [69, 226–240 бб.], N. Taguchi, C. Roever [70]) қарастырылған.

Бұл субқұзыреттілік студенттің сөйлеу актілерінің мәдени ерекшеліктерін игеруіне мүмкіндік береді: әр мәдениетте өтініш айту, кешірім сұрау, алғыс білдіру, ұсыныс жасау, қарсылық білдіру сияқты әрекеттердің өзіндік нормалары болады. Болашақ шетел тілі мұғалімі осы айырмашылықтарды түсініп, оларды жағдайға сай қолдануға үйренеді. Сонымен қатар прагматикалық субқұзыреттілік мәдени контексті ескере отырып сөйлеу стратегиясын дұрыс таңдауға ықпал етеді: адресант пен адресаттың әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшеліктері, қарым-қатынастың ресмилік деңгейі, ұлттық коммуникативтік дәстүрлер барлығы тілдік таңдауға әсер ететін факторлар болып табылады. Бұл қабілет мәдениетаралық түсінбеушіліктердің алдын алады және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативтік икемділігін арттырады.

Прагматикалық білімнің тағы бір маңызды қыры - астарлы, имплицитті мағыналарды түсіну қабілеті. Көптеген мәдениеттерде ақпарат жанама түрде берілетіндіктен, меңзеу, ирония, бейвербалдық белгілерді интерпретациялау қабілеті мәдениетаралық коммуникацияда шешуші рөл атқарады. Студент мұндай мағыналарды дәл түсіну және қажет жағдайда өзі де қолдана алу үшін прагматикалық нормалармен терең танысуы керек. Сонымен бірге прагматикалық субқұзыреттілік тілдік бірліктердің мәдени семантикасын түсіндіруге, фразеологизмдер мен тұрақты тіркестердің астарында жатқан мәдени мазмұнды ашуға мүмкіндік береді, бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби түсіндірмелік қабілетін арттырады.

Прагматикалық субқұзыреттілік студенттің мәдениетаралық қателерді дұрыс талдай алуына және оларды болдырмау стратегияларын меңгеруіне де көмектеседі. Мәдени айырмашылықтардан туындайтын түсінбеушіліктерді анықтау, олардың себептерін түсіндіру және оларды түзете білу кәсіби

рефлексияның маңызды элементі болып табылады. Болашақ шетел тілі мұғалімдері мәдениетаралық ситуацияларда тілдік және мәдени нормалар арасындағы сәйкестік пен қайшылықты байқап, оларды дұрыс бағыттай алуы қажет.

Болашақ шетел тілі мұғалімдері аутенттік материалдарды, рөлдік ойындарды, мәдени жағдаяттарды модельдеу әдістерін, коммуникативтік тренингтерді қолдана отырып, студенттердің мәдени нормаларды түсінуіне жол ашады. Прагматикалық білімді дидактикалық мақсаттарға бейімдеп қолдану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби икемділігін арттырады және мәдениетаралық қатынасқа дайын, тілдік мінез-құлқы қалыптасқан мұғалім ретінде жетілуіне ықпал етеді.

Демек, прагматикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ол студентке тілдің тек құрылымдық жүйесін емес, оның мәдениетпен байланысқан прагматикалық сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл субқұзыреттілікті меңгеру болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникацияда сөйлеудің мәдени нормаларын дәл сақтайтын, кәсіби жағынан кемел маман ретінде қалыптастырады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптаструдағы прагматикалық субқұзыреттілік дескрипторлары:

– сөйлеу актілерін, сөйлеу әдебі формаларын және мәдени контекстті түсіну қабілеті;

– прагматикалық нормаларды тәжірибеде қолдана алу;

– коммуникативтік ниеті, мәдени контексті және сөйлеу стратегияларын ескере отырып өз ойын жеткізу қабілетін бағалай алу;

– мәдени контекстке сәйкес тиімді сөйлеу стратегиясын таңдау және кәсіби тұрғыдан негізделген шешім қабылдау барысында сыни тұрғыдан шешім таба алу;

Прагматикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратыны анықталды. Бұл субқұзыреттілік студенттің тілдік әрекетін мәдени нормаға сәйкес ұйымдастыруын қамтамасыз етіп қана қоймай, мәдениетаралық коммуникацияда дұрыс стратегия таңдауға, сөйлеу актілерін прагматикалық және әлеуметтік контексте дәл қолдануға мүмкіндік береді. Мәдени-прагматикалық нормаларды тану, астарлы мағыналарды интерпретациялау, коммуникативтік жағдаяттарды мәдени тұрғыдан саралау сияқты дағдылар шетел тілін меңгерудің жоғары деңгейін көрсететін негізгі көрсеткіштер.

Прагматикалық субқұзыреттілікті қалыптастыру барысында болашақ шетел тілі мұғалімі мәдени айырмашылықтарды түсіну және оларды кәсіби іс-әрекетте ескере білу қабілетін қалыптастырады. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық тұлға ретіндегі рөлін күшейтеді. Сонымен бірге бұл субқұзыреттілік педагогикалық міндеттерді шешу үдерісінде маңызды функция атқарады: болашақ шетел тілі мұғалімі мәдениетке негізделген тапсырмалар құрастыра алады, мәдени-прагматикалық материалды оқыту

контекстіне тиімді бейімдейді, студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді орынды пайдаланады.

Жалпы алғанда, прагматикалық субқұзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби бейнесін қалыптастыратын негізгі тетік болып табылады. Ол тіл мен мәдениеттің өзара байланысын терең түсінуге, шынайы қарым-қатынаста тілдік және мәдени нормаларды үйлесімді қолдануға, мәдениетаралық коммуникациядағы ықтимал қиындықтарды алдын алуға мүмкіндік береді. Осы субқұзыреттілікті мақсатты және жүйелі дамыту болашақ шетел тілі мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, шетел тілін оқытудағы сапаны жаңа деңгейге көтеруді қамтамасыз етеді.

Прагматикалық субқұзыреттілік - бұл жеке тұлғаның сөйлемдерді құру ережелерін пайдалану, сөйлемдерді коммуниканттардың өзара іс-әрекетінің ерекшеліктеріне және коммуникацияның әлеуметтік және мәдени контекстіне сәйкес әртүрлі коммуникативтік функциялар үшін пайдалану.

Субқұзыреттіліктердің критерийлері мен дескрипторлары 4-кестеде берілген.

Кесте 4 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы субқұзыреттіліктердің критерийлері мен дескрипторлары

Субқұзыреттіліктер	Критерийлер	Дескрипторлар
1	2	3
Ақпараттық-аналитикалық	Мазмұндық-танымдық: – мәдениет пен тіл туралы ақпаратты дәстүрлі және цифрлық дереккөздерден іздеу, іріктеу және жинақтау қабілеті; – лингвомәдени ақпаратты талдау, салыстыру, интерпретациялау және оны педагогикалық мақсатта қолдану қабілеті.	– Оқылатын тіл елінің мәдениеті мен тілі туралы ақпаратты жинақтай алады, онлайн дереккөздерден мәдени мәлімет іздеп, релевантты ақпаратты іріктейді; – медиамәтіндерді талдай алады, визуалды және дыбыстық ақпараттағы мәдени элементтерді ажыратады; – түрлі дереккөздерден алынған лингвомәдени материалды салыстырып, синтездейді, мәдени маркерлерді, коннотациялар мен символдарды интерпретациялайды; – мәдени ақпаратты оқыту мақсаттарына сәйкес өңдеп, мультимедиялық және цифрлық контентті шетел тілін оқытуда тиімді пайдаланады.
Когнитивті-коммуникативті	Мәдениетаралық өзара әрекеттестік: – тілдік бірліктердің артындағы мәдени кодтарды тану, мәдени мазмұнды қабылдау, саралау және салыстыру қабілеті; – мәдени контекске сәйкес тілдік құралдарды таңдап, оларды	Тұрақты тіркестердің мағынасын анықтайды, мәдени реалийлерді сәйкестендіреді, концепт, стереотип, символ, ұлттық құндылықтар сияқты мәдени бірліктерді таниды; – өз мәдениеті мен өзге мәдениетті салыстыра алады, мәдени

4 кестенің жалғасы

1	2	3
	қарым-қатынас барысында орынды қолдану қабілеті.	айырмашылықтарды түсініс тікпен қабылдайды; – коммуникативтік жағдаятты түсініп, сөйлеу этикеті формалары мен тілдік құралдарды мәдени контекске сәйкес таңдайды мәдениетаралық қарым-қатынаста өз ойын дәлелді жеткізеді; – лингвомәдени білімді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолданады, оқу материалдарын мәдени қажеттіліктерге бейімдейді.

Осылайша, жүргізілген талдау нәтижесінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің мәні нақтыланып, оның ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерден тұратын құрылымы айқындалды. Әрбір субқұзыреттіліктің мазмұны, критерийлері мен дескрипторлары (4-кесте) лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалауға және оны қалыптастыру әдістемесін әзірлеуге негіз болады. Аталған құзыреттілікті тиімді қалыптастыру белгілі бір лингводидактикалық шарттардың сақталуын талап етеді, олар келесі тараушада қарастырылады.

1.3 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарының (ЖОО) білім беру қызметтері нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасымен айқындалады. Осыған байланысты ЖОО-дағы білім беру қызметінің сапасын арттыру әлеуметтік, экономикалық және ғылыми тұрғыдан өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Жоғары кәсіби білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі – білім беру сапасын басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру. Бұл міндет білім беру жүйесінің даму үрдістерін талдау, мониторинг жүргізу және болжау нәтижелеріне сүйене отырып жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан жоғары білім беру жүйесін жаңғырту үдерісі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің халықаралық білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған маңызды стратегиялық тетік болып табылады. Осы үдеріс аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің құзыреттілік моделі еңбек нарығы мен қоғамның заманауи талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттер кешенін қалыптастыруды көздейді. Бұл құзыреттердің ішінде шетел тілінде тиімді коммуникативтік әрекет жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шетелтілдік коммуникативтік құзыреттілік жетекші орын алады.

Қазіргі жаһандану жағдайында шеттілдік білім беру жүйесі терең мазмұндық және құрылымдық өзгерістерді бастан өткеріп отыр. Әлемдік деңгейде мәдениеттердің өзара ықпалдасуы, халықаралық кәсіби және академиялық коммуникацияның жаһандануы шетел тілін меңгерудің дәстүрлі лингвистикалық мақсаттарымен шектелмей, оны мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің тиімді құралы ретінде қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың рөлі ерекше күшейіп, шеттілдік білім берудің негізгі стратегиялық бағыттарының біріне айналып отыр. Лингвомәдени құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тек тілдік білімін емес, сол тілде сөйлейтін қоғамның құндылықтарын, дүниетанымын, ұлттық мінез-құлық үлгілерін және коммуникативтік дәстүрлерін меңгеруін көздейді. Мұндай құзырет шетел тілін қолдануда мәдени-прагматикалық дәлдікті қамтамасыз етіп, мәдениетаралық қатынастағы әлеуетті кедергілерді болдырмауға мүмкіндік береді. Сондықтан лингвомәдениетті шеттілдік білімнің өзекті компоненті ретінде қарастыру заманауи педагогикалық парадигманың маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Соңғы жылдары шетел тілін оқытуда мәдениетті тілдің ажырамас бөлігі ретінде интеграциялау, аутенттік материалдар негізінде оқыту, мәдениетаралық салыстыру әдістерін қолдану, цифрлық және мультимодальды ресурстарды оқу үдерісіне енгізу басым бағыттардың бірі ретінде айқындалуда. Бұл өз тұрғысынан лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұнын, тәсілдерін және әдістемелік жолдарын жаңғырту қажеттілігін білдіреді. Сонымен қатар халықаралық стандарттар мен ұлттық білім беру бағдарламаларының талаптары шетел тілін меңгертуде мәдени компоненттің маңызын күшейтіп, оны кәсіби дайындықтың негізгі нәтижесі ретінде қарастырады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде олардың лингвомәдени құзыреттілігін тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін лингводидактикалық шарттар кешенін айқындау және оларды теориялық тұрғыдан негіздеу маңызды ғылыми-педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Осыған орай, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың нәтижелілігі осы үдеріске ықпал ететін факторлардың өзара әрекеттестігімен қатар, тиісті лингводидактикалық шарттардың жүйелі түрде қамтамасыз етілуін көздейді. Өйткені, олардың кешенді жүзеге асырылуы ақпаратты талдау, интерпретациялау, мәдени құбылыстарды салыстыру және мәдениетаралық коммуникацияда орынды қолдану қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде лингводидактика тілді оқытудың теориялық негіздерін зерттейтін, лингвистика мен дидактиканың тоғысынан қалыптасқан ғылыми бағыт ретінде қарастырылады. Ол тіл білімінің заңдылықтарын педагогикалық және әдістемелік қағидалармен ұштастыра отырып, тілдік білімді меңгертудің мазмұнын, ұстанымдарын, әдістері мен технологияларын ғылыми тұрғыдан негіздейді. Осы тұрғыдан алғанда, лингводидактика тілдерді оқыту әдістемесінің теориялық іргетасын құрайтын және болашақ мамандардың

коммуникативтік әрі лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындайтын ғылым саласы болып табылады.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте лингводидактика – тілді оқытудың жалпы заңдылықтарын, дидактикалық мақсат, міндеттер мен материалдың сипатына қарай белгілі бір тілді оқытудың мазмұнының, әдістері мен құралдарының ерекшеліктерін зерттейтін жалпы теория деп түсіндіріледі [71].

А.М. Новиков дидактиканы оқыту мен оқудың мақсаттары, мазмұны, нысандары мен әдістері, оқыту құралдары мәселелерінің кешенін қарастырды [72]. Егер лингводидактика, И.И. Халееваның пайымдауынша, білім берудің, оқытудың мазмұндық компоненттерін тіл табиғатымен және қарым-қатынас табиғатымен тығыз байланыста негіздейтін педагогикалық ғылым саласы болып табылса, онда кәсіби лингводидактикада мамандарды даярлаудың мазмұнын негіздейтін саласы болып табылады деген тұжырымдама береді [73].

А.С. Маркосян лингводидактиканы тілді сипаттау принциптері деп түсінеді [74].

А.Б. Бушев лингводидактиканы шетел тілдерін оқытудың теориясы мен тәжірибесі деп атайды. Тілдерді оқытудың жалпы заңдылықтарын зерделейді, тілдік тұлғаның дамып келе жатқан сипатын атап көрсетті [75, 34-41 бб.].

Бұл ой көптеген ғалымдардың қолдауына ие болды. Мысалы, О.Л. Каменская тілдік тұлға теориясын өзгермейтін, тұрақты сипаттағы ұғым ретінде қарастыруға болмайтынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, тілдік тұлға әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік факторлардың ықпалымен үнемі дамып, өзгеріп отыратын динамикалық құрылым ретінде сипатталады [76, 30-36 бб.].

Шетел тілін оқытудың лингводидактикалық аспектілері білім алушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Өйткені шетел тілін тиімді меңгерту үдерісі тек тілдің лексикалық және грамматикалық жүйесін игерумен шектелмейді, сонымен қатар сол тіл қолданылатын елдің мәдениетімен, тарихи-әлеуметтік ерекшеліктерімен және ұлттық құндылықтарымен танысуды да қамтиды. Бұл өз кезегінде білім алушылардың тілдік білімін мәдени біліммен ұштастыруға мүмкіндік береді.

А.А. Жайтапова қазіргі лингводидактикада коммуникативтік бағыттың жетекші орын алатынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, шетел тілін оқыту тек тілдік білімдерді меңгертумен шектелмей, білім алушының әртүрлі мәдени ортада қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Сондықтан оқыту мазмұны тілдік бірліктермен қатар мәдени ақпаратты, әлеуметтік нормаларды және коммуникативтік әрекет ерекшеліктерін қамтуы қажет. Бұл ұстаным лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды лингводидактикалық негізі болып табылады [77].

Ғылыми әдебиеттерде шарт ұғымы белгілі бір үдерістің жүзеге асуына ықпал ететін сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Шарттар кез келген құбылыстың пайда болуы, қызмет етуі және дамуы үшін қажетті ортаны қалыптастырады. Сондықтан олар зерттелетін

үдерістің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ететін маңызды алғышарттардың бірі болып саналады. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, қолайлы шарттарды ғылыми негізде айқындау мен қамтамасыз ету білім беру үдерісінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Шарт - объектінің оны қоршаған құбылыстармен өзара байланысын сипаттайтын ұғым. Педагогикада шарттар белгілі бір жағдаяттың тікелей себебі болып табылмайды, бірақ себептің ықпалын күшейтуі немесе әлсіретуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық шарттар педагогикалық жүйенің тиімді жұмыс істеуіне әсер ететін маңызды факторлар ретінде қарастырылады. Сондықтан білім беру үдерісінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін негізгі алғышарттардың бірі болып саналады. Педагогикада «педагогикалық шарттар» және «дидактикалық шарттар» ұғымдарына анықтама берілді. Олар өзара байланысты және бірін-бірі толықтырады.

Зерттеуде «шарт» ұғымын кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасы ретінде қарастырамыз. Бұл шарттар тіл мен мәдениетті өзара сабақтастықта меңгеруге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруды, мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруды және білім алушылардың лингвомәдени білімдерін кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда қолдануына қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз етуді көздейді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау көп қырлы. Оқу процесін жүзеге асыру үшін лингводидактикалық шарттар шешуші мәнге ие. Дұрыс таңдалған және жүйелі түрде жүзеге асырылатын шарттар, болашақ шетел тілі мұғалімдеріне білім берудің әртүрлі деңгейлерінде студенттермен жүргізілетін практикалық іс-әрекетте жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты арнайы ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде «шарттар» ұғымының мазмұнын ашуға жүгіндік.

Зерттеуші В.М. Полонский шартты «адамның физикалық, моральдық, психикалық дамуына, оның мінез-құлқына, тәрбиесі мен оқытуына, тұлғаның қалыптасуына әсер ететін табиғи, әлеуметтік, сыртқы және ішкі әсерлердің жиынтығы» деп қарастырды [78].

М.В. Зверевтің пайымдауынша «шарттар» түсінігін «педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға бағытталған шарттар кешені» ретінде анықтауға мүмкіндік береді делінген [79, 29-32 бб.].

В.И. Андреевтің пікірінше «шарттар» түсінігін қарастырған кезде келесі түсіндірмелер: «мазмұн элементтерін, әдістерін, сондай-ақ оқытудың ұйымдастырушылық формаларын мақсатты түрде таңдау, ресімдеу және қолдану нәтижесі ретінде айқындалған [80].

Н.М. Борытконың пайымдауынша, «ізденіс нәтижесіне қол жеткізуді білдіретін зерттеуші саналы түрде жобалаған педагогикалық процестің өтуі мен тиімділігіне елеулі әсер ететін қандай да бір сыртқы шарт» деп қарастырған [81].

А.Я. Найн зерттеулерінде «педагогикалық жүйенің құрамдас бөліктерінің бірінің мазмұндық сипаттамасы, оның мазмұны, ұйымдастырушылық нысандары, оқыту құралдары және оқытушы мен студенттер арасындағы өзара

қарым-қатынас сипаты»; «қойылған міндеттерді шешуге бағытталған мазмұнның, нысандардың, әдістердің, құралдар мен материалдық-кеңістіктік ортаның объективті мүмкіндіктерінің жиынтығы» деп қарастырылған [82, 44-49 бб.].

Өз зерттеуімізде лингводидактикалық шарт - оқыту мен тәрбиенің мазмұнын, әдістерін, ұйымдастырушылық нысандарын қамтиды деп тұжырымдайды.


Н.Я. Сайгушев білім алушының ішкі әлемімен өзара іс-әрекетке бағдарланған оқу процесінің маңызды компоненті дегенге сүйенеміз. Бұл тәсіл «педагогика» ғылымында бар «шарттар» ұғымының басқа интерпретацияларына қарсы келмейтіні де маңызды делінген [83, 179 б.].

Осылайша, лингводидактикалық шарт деп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін мақсатты әрі нәтижелі қалыптастыруды қамтамасыз ететін, тілдік және мәдени мазмұнды кіріктіруге, мәдениетаралық оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға және оны кәсіби-педагогикалық контексте жүзеге асыруға бағытталған өзара байлынысты алғышарттар мен ұйымдастырушылық-әдістемелік мүмкіндіктердің жиынтығы деп түсінеміз.

Осы тарауда шеттілдік білім беру жүйесінде лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың заманауи тенденциялары сараланып, олардың педагогикалық негіздері, ғылыми-теориялық бағыттары және практикалық қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен бірге лингводидактикалық шарттардың лингвомәдени білім сапасын арттырудағы мәні талданып, болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісін жетілдірудің ғылыми-әдістемелік алғышарттары айқындалады.

Осыған орай, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін нәтижелі қалыптастыру үшін оқу процесі белгілі бір лингводидактикалық шарттарға негізделуі тиіс. Зерттеуімізде бұл шарттар педагогикалық үдерістің тиімді қамтамасыз ететін, онсыз қойылған мақсатқа қол жеткізу мүмкін болмайтын маңызды әрі жеткілікті факторлар ретінде қарастырылады. Осы ұстанымға сәйкес лингвомәдени құзыреттілікті дамыту үдерісі үш іргелі лингводидактикалық шартқа сүйеніп ұйымдастырылды.

Білім беру үрдісінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру келесі лингводидактикалық шарттарды негізге ала отырып құрастырылды (3-сурет):



Сурет 3 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары

Анықталған лингводидактикалық шарттар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың бірінші шарты - болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде оқу-танымдық белсенділігін арттыратын интерактивті әдістерді жүйелі қолдану.

Интерактивті әдістер оқу процесінде негізгі рөл атқарады, өйткені олар студенттердің оқу процесіне қатысуын және тартылуын ынталандырады. Сондай-ақ шетел тілі мен мәдениетін тереңірек түсінуге ықпал етеді. Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру контексінде бұл әдістер студенттерге тілдік дағдыларды меңгеруге ғана емес, сондай-ақ олар оқып жатқан елдің мәдени аспектілерін меңгеруге көмектеседі.

Т.С. Панина интерактивті оқытуды бірлескен іс-әрекет түрінде жүзеге асырылатын таным тәсілі ретінде қарастырады [84].

Яғни, «интерактивті» деген сөз бірлескен іс-әрекетті, диалог орнатуды білдіреді. Ал «интерактивті оқыту» деп бірлескен коммуникацияға негізделген оқыту, диалог арқылы оқыту, «білім алушы», «өз бетінше білім алушы» қарым-қатынастары мынадай форматтарда түсініледі: әңгімелесу, диалог, талқылау, бірлескен іс-әрекеттер [85, 9-10 бб.].

К.А. Абульханова-Славская білім беру өзара іс-әрекет барысындағы бірлескен іс-әрекет тұлғаны өзінің ерекше жеке үлесін қосуға, білім, идеялар, іс-әрекет тәсілдерімен алмасу процесін туындатады деген пікір білдіреді [86].

Интерактивті оқыту әдістерінің негізгі мәні - оқу үдерісін барлық білім алушылардың белсенді түрде танымдық әрекетке қатысуын қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру. Бұл әдістер студенттердің өзара әрекеттесуіне, пікір алмасуына және оқу материалын бірлесіп меңгеруіне мүмкіндік береді [87].

Білім беру үдерісіне интерактивті оқыту формаларын енгізу - жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби даярлығын жетілдірудің маңызды заманауи бағыттарының бірі болып табылады. Кейбір оқытушылар жаңа оқыту тәсілдеріне күмәнмен қарағанымен, белсенді және интерактивті әдістердің білім

алушылардың оқу нәтижелерін арттырудағы тиімділігін дәлелдейтін көптеген зерттеулер бар. Аталған әдістерді қолдану болашақ шетел тілі мұғалімдеріне оқу материалын тереңірек меңгеруге, оны жақсы түсінуге және ұзақ уақыт есте сақтауға мүмкіндік береді. Қазіргі білім беру тәжірибесінде интерактивті оқыту әдістерін тиімді пайдалану білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттыруды және олардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін маңызды лингводидактикалық шарттардың бірі ретінде қарастырылған [88].

Интерактивті әдістер болашақ шетел тілі мұғалімдеріне оқу материалдарымен белсенді өзара іс-әрекет жасауға мүмкіндік береді, бұл білімді неғұрлым тиімді меңгеруге ықпал етеді. Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру кезінде оқытудың интерактивті әдістерінің негізгі қағидаттарының бірі, студенттердің сабаққа белсенді қатысуы болып табылады. Студенттерге өз пікірлерін айтуға, тақырыптарды талқылауға, сұрақтар қоюға және өз білімдерімен бөлісуге мүмкіндік беріледі. Бұл коммуникативтік дағдыларды дамытуға және оқытуға ынталандыруды арттыруға ықпал етеді.

Оқытудың интерактивті әдістерінің тағы бір маңызды аспектісі оқытылатын тілдің мәдени ерекшеліктерін көрсететін әртүрлі оқу материалдарын пайдалану болып табылады. Бұл мәтіндер, аудио- және бейнематериалдар, ойындар, рөлдік ойындар, кроссвордтар және басқа да оқу құралдары болуы мүмкін. Интерактивті тәсіл студенттерге оқытылатын тілдің тілдік және мәдени ортасына енуге және алған білімдерін практикада қолдануды үйренуге мүмкіндік береді.

Студенттердің ынтасын арттыруға бағытталған интерактивті әдістерді мақсатты қолдану. Интерактивті оқыту құралдары (рөлдік және іскерлік ойындар, жағдаяттық талдаулар, мәдени тақырыптар бойынша дебаттар, кейс тапсырмалар) студентті белсенді әрекетке тартып, оны шынайы коммуникативтік ортаға енгізеді. Мұндай тәсілдер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын күшейтіп, оның танымдық белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, интерактивті әдістер студентке лингвомәдени ақпаратты тәжірибелік тұрғыдан меңгеруге, мәдени құбылыстарды тілдік жағдаяттармен байланыстыра отырып түсінуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде шетел тілін мәдени мазмұнда игеруге деген ішкі уәжді күшейтеді.

Интерактивті әдістерді қолданудың негізгі артықшылықтарының бірі - студенттердің алған білімдері мен тілдік дағдыларын әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда тәжірибеде қолдану мүмкіндігі. Бұл тәсіл тілдік қарым-қатынаста мәдени нормаларды ескеріп, тілді дұрыс пайдалануды тереңірек түсінуге ықпал етеді. Рөлдік ойындар мен модельдеу әдістері ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, диалог құруға және әртүрлі жағдайлар мен қарым-қатынас серіктестеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті оқыту студенттердің мәдениетаралық сезімталдығын дамытуға, түрлі мәдени ерекшеліктерді түсініп, талдауға жағдай жасайды. Ойын элементтеріне негізделген оқыту тәсілдері білім алушылардың қызығушылығы мен оқу белсенділігін арттырып, материалды терең меңгеруіне ықпал етеді.

Сонымен, оқу іс-әрекетін ынталандырудың интерактивті әдістерін қолдану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың тіл және мәдениет саласындағы білімдері мен дағдыларын кеңейтуге тиімді ықпал етеді.

Олай болса, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың интерактивті әдістерін қолдану оқу үрдісінде маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер студенттерге білімді меңгеріп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдануды үйренуге, коммуникативті дағдыларды дамытуға және үйреніп жатқан тілдің мәдени контекстіне енуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде студенттер шетел тілінде қарым-қатынас жасауда сауатты және сенімді бола бастайды, бұл шетел тілін оқытудағы табысты мансапқа ықпал етеді.

Екінші лингводидактикалық шарт - лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттармен сабақтастыру. Бұл шарт оқу үдерісін болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби әрекетін модельдеу мүмкіндігі бар ортаға бейімдеуді көздейді. Жағдаяттық бағыттылық студентке мәдениетаралық коммуникацияда туындайтын мәселелерді алдын ала түсініп, оларды шешудің тиімді жолдарын үйренуге жағдай жасайды. Оқыту барысында мәдени мазмұнды сабақ жоспарын әзірлеу, оқушылардың мәдени қателерін түзету, аутенттік мәтіндерге мәдени талдау жүргізу сияқты кәсіби міндеттер ұсынылады. Мұндай жұмыс формалары болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық медиатор ретіндегі рөлін айқындап, оның кәсіби дайындығын кеңейтеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін дайындауда, әсіресе олардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру жағдайында шарттар шешуші рөл атқарады. Жағдаятқа негізделген оқыту болашақ шетел тілі мұғалімдеріне нақты дағдыларды дамытуға көмектеседі. Төменде болашақ шетел тілі мұғалімдерін дайындаудағы жағдаятың рөлінің негізгі аспектілері берілген. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде қандай кедергілерге кездесуі мүмкін екенін түсінуге көмектеседі.

Жағдаяттар тиімді оқыту үшін қажетті практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мысалы, нақты немесе имитацияланған жағдаяттарда сабақтарды оқыту болашақ шетел тілі мұғалімдеріне сабақты жоспарлауға, әртүрлі әдістерді қолдануға және уақытты басқаруға мүмкіндік береді. Жағдаятқа негізделген оқыту сыни ойлау мен талдауды ынталандырады. Болашақ шетел тілі мұғалімдері жағдаяттарды талдауға, әртүрлі тәсілдерді бағалауға және негізделген шешім қабылдауға үйренеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің жағдаяттық бағыттылығының кәсіби контекстін жаңарту, лингвистикалық және мәдениеттанулық білімді пайдалануды талап ететін нақты кәсіби жағдаяттарды имитациялайтын жағдайлар мен міндеттерді жасаудан тұрады. Мәдени аспектілерді қамтитын жағдаяттар болашақ шетел тілі мұғалімдеріне мәдени айырмашылықтарды түсінуге және құрметтеуге көмектеседі.

Имитациялық жағдаяттар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Олар болашақ шетел тілі мұғалімдеріне сабақ беру үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі және әртүрлі мәдени ортадағы студенттермен тиімді қарым-қатынас жасауды үйретеді. Имитациялық жағдаяттар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Олар студенттерге мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын жаттықтыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Студенттерді сабақтарды жоспарлау және өткізу кезінде мәдени көзқарастарды ескеруге үйретеді және оларға нақты өмірдегі оқу жағдаяттарында мәдениетаралық қиындықтарды тиімді жеңуге көмектеседі. Бұл, әсіресе, әртүрлі мәдени ортадағы студенттермен тиімді қарым-қатынас жасау және оқытуды қажет ететін тіл мұғалімдері үшін өте маңызды.

Сондай-ақ, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру процесінің жағдаяттық бағдарлануының кәсіби контекстін жаңарту мұғалім өз жұмысында кездесетін нақты кәсіби міндеттер мен жағдаяттарды үлгі ететін білім беру жағдайларын құруды көздейді. Бұл студенттерге тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар шетел тілін тиімді оқыту үшін қажетті мәдени сананы дамытуға көмектеседі.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде жағдаяттық бағдардың кәсіби контекстін жаңарту студенттерге тіл мен мәдениетті меңгерумен қатар, мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқытуды үйренуге көмектеседі. Бұл көпұлтты және көп мәдениетті оқыту орталарында жұмыс істеуге дайын жоғары білікті мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Үшінші лингводидактикалық шарт - лингвомәдени мазмұнды меңгертуде ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктерін мақсатты түрде жүйелі пайдалану. Заманауи цифрлық технологиялар ресурстары лингвомәдени мазмұнды шынайы әрі қолжетімді форматта ұсынуға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар, мультимедиалық материалдар студенттің тілдік және мәдени құзыреттілігін тереңдете түседі. Цифрлық технологияны сабақта жүйелі интеграциялау студенттің дербес білім алуын жандандырып, мәдени ақпаратпен жұмыс істеу, оны салыстыру, талдау және коммуникативтік жағдаятта қолдану дағдыларын дамытады. Сонымен бірге цифрлық орта оқу процесін тартымды, динамикалық және студентке қолайлы етеді, бұл олардың уәжін арттырып, оқу белсенділігін күшейтеді.

Қоғамда цифрлық технологияларды дамыту білім беру саласын тиісті жаңартусыз және әрбір оқу орнында мамандандырылған ақпараттық-білім беру ортасын құрмайынша мүмкін емес. Бұл күрделі міндет, бірақ оны шешу білім берудің технологиялық базасын жаңғыртуға ғана емес, сонымен қатар қазіргі өмірлік талаптарға жауап беретін ашық ақпараттық білім беру жүйесіне көшуге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияны тұлға аралық білім беру және ЖОО тыс қарым-қатынаста қолданудың орындылығы да айқын. Оқу іс-әрекетінің әсері

мазмұндық деңгейінің сапасына және сәйкес құралдарының әдістемелік өңделуіне айтарлықтай байланысты [89, 22-29 бб.].

Шетел тілін және шеттілдік мәдениетті оқытудың цифрлық технологиялары сабақтарды мазмұны бойынша толтыруға және сонымен қатар студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл студенттерді өз бетінше іздеумен, шығармашылық тапсырмаларды орындаумен және проблемалық міндеттерді шешумен, құрылған білім беру-дамыту ортасын пайдалана отырып, білім мен іскерлікті икемді бақылауды жүзеге асырумен, сондай-ақ рөлдік ойындарды өткізу барысында жасырын бақылаумен педагог баяндайтын оқу материалын оңтайлы үйлестіру есебінен қамтамасыз етіледі [90, 42-48 бб.].

Педагогикалық сөздікке сәйкес цифрлық технологиялар - бұл жаңа сапалы (ақпараттық өнім) ақпарат алу үшін ақпараттық деректерді түрлендіру құралдары мен әдістерінің жиынтығы делінген [91].

Ал цифрлық технологиялар - бұл микропроцессорлық негізінде іс-әрекет ететін бағдарламалық, аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдар мен құрылғылар, сондай-ақ ақпаратты таратудың, ақпарат алмасудың, жинау, жинақтау, сақтау, өңдеу, беру операцияларын қамтамасыз ететін заманауи құралдар мен жүйелер жиынтығы [92].

Профессор Д. Джусубалиеваның пікірінше, цифрлық технологиялар студенттердің кәсіби дағдыларын дамытудың перспективалы бағыты болып табылады делінген [93].

Цифрлық технологиялар пайдаланушыларға құрылғылармен бірге цифрлық контенттің кең ауқымымен жұмыс істеуге жол ашады. Г. Нұрғалиева цифрлық контенттің құрамына электронды оқулықтарды, мультимедиялық оқыту бағдарламаларын және цифрлық форматтағы білім беру ақпаратын енгізеді [94].

О.В. Львова цифрлық технологиялардың артықшылықтарға ие тиімді оқыту құралы ретінде сипаттайды: мұндай технологиялардың айқын мотивациялық функциясы бар; компьютерлік оқыту бағдарламалары оқулықтардағы тапсырмалардан гөрі студенттерді көбірек тартады; телекоммуникациялық технологиялар арқылы тұрақты өзара әрекеттесуді жүзеге асыру дейді [95, 35-37 бб.].

Цифрлық технологиялардың басты артықшылығы, Е.С. Полат электрондық ақпараттық ортаны жауып, студенттерге ақпаратты өңдеудің әмбебап құралы ретінде компьютермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретіндігінде жатыр деп ой білдіреді [96, 54-59 бб.].

Цифрлық пәндік орта оның негізгі құрамдас бөліктерімен, яғни ақпараттық жүйелермен, ресурстық және әдістемелік қамтамасыз етумен, инновациялық педагогикалық технологиялармен бірге қатар жүреді.

С.В. Зенкина цифрлық технологияларды пайдалануға негізделген білім беру ортасын әзірлеу қажеттігін дәлелдейді. Ол мұндай орта білім берудің мақсаттары мен құндылықтары туралы заманауи ұғымдарға сәйкес келетін білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған жеке оқыту моделіне бағдарлануы

тиіс екенін баса айтады. Бұл нәтижелер танымдық мүдделерді, құндылықтар мен өмірлік бағдарлар жүйесін қалыптастыруды, сондай-ақ іс-әрекеттің әмбебап әдістерін игеруді қамтиды. Студенттердің зерттеу және жобалау дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. С.В. Зенкина атап өткендей, тек осындай тәсілмен ғана цифрлық технология және электрондық білім беру ресурстары өздерінің ерекше білім беру қасиеттерін толыққанды көрсете алады және білім беру процесін оның мақсаттары мен нәтижелеріне сәйкес айтарлықтай өзгерте алады [97].


Цифрлық білім беру ортасы, А.Т. Чакликованың анықтамасына сәйкес, құрылымдалған тұлғаға бағдарланған электрондық білім беру ресурстарының жүйесі болып табылады. Мұнда негізгі назар қарапайым оқытуға емес, осы ресурстармен ұсынылған мәдениетпен өзара іс-әрекет арқылы тұлғаның дамуына аударылады. Бұл үдеріс заманауи цифрлық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін мақсатты пайдалану негізінде ұйымдастырылады [98].

С.С. Жумамуратова (Jumamuratova S.) зерттеуінде заманауи цифрлық технологиялардың лингвомәдени құзыретін дамытудағы артықшылықтары жан-жақты талданған. Автордың пікірінше, мультимедиа жүйелері мен цифрлық технология құралдары оқыту процесін дараландыруға, студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға және мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Quizizz, LearningApps сияқты интерактивті платформалар студенттердің белсенділігін күшейтіп, лингвомәдени құзыреттілікті тәжірибелік тұрғыдан дамытуға ықпал етеді. Цифрлық ресурстардың қолданылуы бірнеше маңызды артықшылық береді: біріншіден, студенттер өздерінің тілдік және мәдени дағдыларын тиімді жетілдіре алады; екіншіден, оқыту процесіне цифрлық ресурстарды интеграциялау лингвомәдени құзыреттіліктің деңгейін айтарлықтай жоғарылатады [99, 86-88 бб.].

Д. Саржанова, А. Шокпаров, М. Акешова, Г. Ризоходжаева (Sarzhanova D., Shokparov A., Akeshova M., Rizakhojayeva G.) зерттеулерінде цифрлық технологияларды қолданудың студенттердің лингвомәдени құзыреттілігін дамытудағы мүмкіндіктері айқындалып, олардың білім беру үдерісіндегі маңыздылығы көрсетілген. Авторлар web-quest жобалары арқылы студенттердің мәдени дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды және мінез-құлық үлгілерін терең түсінуіне қол жеткізетінін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл технологиялар студенттердің интерактивті шығармашылығын дамытып, ақпаратты тиімді интеграциялауға және өңдеуге мүмкіндік береді [100, 2129-2138 бб.].

А. Халем және басқалар (M. Javaid, M.A. Qadri, R. Suman) цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіндегі мүмкіндіктерін талдай отырып, олардың оқытудың қолжетімділігі мен икемділігін арттырудағы, білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудағы маңызын айқындайды. Бұл тұжырымдар зерттеуімізде цифрлық құралдарды, соның ішінде Nearpod платформасын, оқу үдерісіне енгізудің теориялық негіздерінің бірі ретінде басшылыққа алынды. Авторлар пандемия жағдайында цифрлық құралдардың

білім беру жүйесін сақтап қалудағы маңызын атап өтеді. Сонымен қатар, онлайн виртуалды сыныптардың білім беруді қолжетімді әрі тиімділігі көрсетілген. Осылайша, цифрлық технологияларды аудиториялық мақсатта ерекшеліктері ретінде қолжетімділік, икемділік, интерактивтілік, инновациялық мазмұн, бірлескен жұмыс, қолайлы оқыту процесі және оқу сапасын арттыру көрсетілген (4-сурет) [101, 275-285 бб.].



Сурет 4 – Цифрлық технологияларды қолданудың негізгі ерекшеліктері (Haleem, Javaid, Qadri & Suman (2022) бойынша бейімделген [101])

Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеуімізде Nearpod платформасы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған оқу тапсырмаларын ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тиімді цифрлық құралы ретінде қолданылды. Өйткені, Nearpod-платформасы кеңістігі студенттерге аутенттік мәдени және тілдік ақпаратты тікелей өңдеп, оны қайта құрылымдауға мүмкіндік бере отырып, мәдениетаралық мазмұнды меңгеруді жандандырады. Зерттеушілердің пайымдауынша, Nearpod-платформасы студентті тек білім тұтынушы емес, оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады [102]. Бұл ерекшелік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің танымдық белсенділігін, ақпаратты талдау және мәдени контексте қолдану компоненттерін дамытуға ықпал етеді (5-кесте).

Кесте 5 – Nearpod платформасының цифрлық құралдарының мүмкіндіктері

№	Tasks for the Formation of Linguocultural Competence	Purpose	Tasks	Task execution platforms	Emerging results
1	2	3	4	5	6
1	Match the words with their meanings.	Developing an understanding of linguocultural vocabulary and its significance within a cultural context.	1.Match words with their meanings. 2. Identify culturally marked vocabulary. 3. Consolidate new lexical units.	Quizlet (Match)	Understands linguocultural vocabulary and identifies the meanings of culture-specific words

5 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
2	Match the pictures with the correct cultural words.	Developing the ability to interpret cultural symbols through visual images.	1. Identify the depicted cultural objects. 2. Match the image with the corresponding vocabulary. 3. Explain the cultural significance of the objects.	Nearpod (Draw It)	Identifies cultural symbols and interprets their meanings.
3	Read the text and identify the main cultural ideas.	Developing skills for analyzing linguocultural information.	1. Read the authentic text. 2. Identify the key cultural information. 3. Formulate conclusions.	Nearpod (Open-ended Question)	Analyzes linguocultural information and identifies key cultural concepts.
4	Watch the video and identify cultural differences.	Developing in future foreign language teachers the skills to analyze and interpret linguocultural information presented in authentic video materials, as well as to identify the characteristics of intercultural interaction.	Understands cultural features presented in authentic video materials. Analyzes cultural differences in communication. Compares cultural norms and communication styles.	Edpuzzle (Interactive Video)	Analyzes intercultural differences using authentic video materials.
5	Discuss the questions in pairs.	Developing in future foreign language teachers the skills to apply linguocultural knowledge during intercultural communication, to express their own point of view with reasoned arguments, and to interact with a partner in a communicative situation.	Explains cultural similarities and differences using appropriate language. Discusses intercultural issues in pairs using effective communication strategies. Applies linguocultural knowledge in communicative situations.	Nearpod (Collaborate Board)	Explains linguocultural concepts and participates in intercultural communication.
6	Complete the dialogue using appropriate expressions.	Skills in using linguistic resources and linguocultural knowledge to construct a dialogue in an intercultural communication setting.	Completes dialogues using culturally appropriate language. Explains the choice of communicative expressions according to the cultural context.	Nearpod (Open-ended Question)	Uses culturally appropriate language in communication.
7	Compare English idioms with Kazakh equivalents.	Developing in future foreign language teachers the skills to analyze and compare English and Kazakh idioms, identify their linguocultural characteristics, and interpret their meaning	Understands the meanings of English idioms and their Kazakh equivalents. Compares idioms from different cultures and identifies similarities and	Padlet (Wall)	Analyzes similarities and differences between cultures.

5 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
		within an intercultural context.	differences. Interprets.the cultural meanings embedded in idiomatic expressions		
8	Create a digital poster illustrating five idioms with examples.	To develop students' linguocultural competence by creating a digital poster that demonstrates the meaning, cultural background, and practical use of English idioms in authentic communication.	To identify and understand the meanings of five English idioms. To select appropriate examples illustrating the use of each idiom in context.	Canva	Creates culture-based learning materials.
9	Solve the case involving communication between students from different cultures.	To develop students' linguocultural competence by analyzing and solving an intercultural communication case using appropriate communication strategies and cultural awareness.	Analyzes intercultural communication problems from multiple cultural perspectives. Selects appropriate communication strategies for resolving intercultural misunderstandings.	Padlet (Discussion Wall)	Applies intercultural communication strategies and designs appropriate solutions.

Nearpod платформасын қолданудың тиімділігі ол оқытушы мен студенттердің нақты уақыттағы интерактивті өзара әрекеттесуі болып табылады. Nearpod платформасы мәтіндік, визуалды, аудио және бейне форматтарын біртұтас білім беру ортасында біріктіре алу қабілетіне ие. Өз тұрғысынан, Nearpod платформасы оқу мотивациясын арттыруға, аналитикалық ойлауды, коммуникативті дағдыларды және цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. Nearpod платформасында студенттер тапсырмаларды орындап қана қоймай, оны практикалық коммуникативті мәселелерді шешуде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттілігін кешенді қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Біздің бұрынғы зерттеуімізде Nearpod платформасының интерактивті құралдары мен шынайы мәдени материалдары болашақ шетел тілі мұғалімдерінің оқуға қатысуын арттырып, олардың мәдени сезімталдығын және мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал ететіні көрсетілген [103].

Nearpod-платформасының маңызды артықшылықтарының бірі - оның аутенттік мәдени-тілдік контентке қолжетімділігі. Мысалы, платформа бейнематериалдарды, виртуалды шындық (VR) экскурсияларын және 3D

модельдерді сабақ слайдтарына тікелей енгізуге, оларды ашық сұрақтар, сауалнамалар және сурет салу тапсырмаларымен толықтыруға мүмкіндік береді, бұл тіл мен мәдениетті бірлікте игеруге жағдай жасайды [104]. Сонымен қатар, Nearpod-тың интерактивті құралдары студенттердің сабақтағы өзара әрекеттесуін арттыратыны анықталды [105]. Бірлескен тапсырмаларды орындау тәжірибесі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби коммуникациясы мен топтық әрекетке бейімділігін арттырады.

Nearpod-платформада жұмыс істеу студенттердің тілдік жетістіктерін арттырады: зерттеу нәтижелері бойынша Nearpod қолданылғаннан кейін білім алушылардың нәтижелері статистикалық тұрғыдан маңызды түрде жақсарған, әсіресе тыңдалым мен оқылым дағдыларында жоғары тиімділік байқалған [106]. Бұдан бөлек, зерттеулер Nearpod құралдарының студенттердің сабаққа қатысуын, оқу материалын түсінуін және өзара әрекеттесуін арттыратынын, ал жедел кері байланыс мүмкіндігінің студенттер тарапынан ерекше жоғары бағаланатынын көрсетеді [105].

Nearpod-платформасы уақыттық және географиялық шектеулерді жоятын, интернетке қосылған кез келген құрылғыдан қолжетімді цифрлық орта ұсынатыны да белгілі. Сабақтарды оқытушы басқаратын немесе студенттің өз қарқынымен орындайтын (student-paced) режимдер оқыту процесін икемді етіп, студенттің жеке және топтық жұмысты жүйелі ұйымдастыруына жағдай жасайды [104].

Алайда Nearpod платформасын білім беру үдерісіне енгізу оның дидактикалық мүмкіндіктерімен қатар, бірқатар ұйымдастырушылық, техникалық және әдістемелік қиындықтар мен шектеулерді ескеруді талап етеді. Ең алдымен, платформаның тиімділігі тұрақты интернет байланысына тікелей тәуелді [107]. Бұл оқу орнынан тиісті техникалық инфрақұрылымды, ал студенттерден құрылғыларға қолжетімділікті талап етеді.

Сонымен қатар, зерттеулер Nearpod тыңдалым мен оқылым дағдыларын дамытуда тиімді болғанымен, айтылым мен жазылым сияқты өнімді дағдыларды дамыту үшін жеткіліксіз екенін көрсетеді: бұл дағдылар оқытушының делдалдығын, студенттер арасындағы өзара әрекетті және қосымша кері байланысты қажет етеді [106]. Бұл тұрғыда оқытушының әдістемелік қолдауы аса маңызды.

Жалпы алғанда, Nearpod-платформасын қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін кешенді талдау бұл құралдың болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда жоғары әлеуетке ие екенін көрсетеді. Оның аутенттік материалдарды ұсыну мүмкіндігі, ұжымдық оқытуға жағдай жасауы және цифрлық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы – негізгі артықшылықтары. Ал интернет байланысына тәуелділік, өнімді дағдыларды дамытудағы шектеулілік және техникалық инфрақұрылымға қойылатын талаптар сияқты шектеулері - педагогикалық қолдауды қажет ететін тұстар болып табылады. Барлық артықшылықтар мен шектеулерді ескере отырып құрылған оқыту моделі Nearpod-платформасының мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Алайда, цифрлық платформаның педагогикалық мүмкіндіктерін жеке құрал ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Оның тиімділігі оқыту үдерісі жүзеге асырылатын білім беру ортасының мазмұнымен, құрылымымен және ұйымдастырылу ерекшеліктерімен тікелей байланысты болады. Осы тұрғыдан алғанда, Nearpod-платформасын болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған білім беру ортасының құрамдас бөлігі ретінде қарастыру орынды деген пікір білдіргіміз келеді.

Зерттеу аясында жоғары оқу орнының білім беру ортасының теориялық негіздерін қарастыру керек деген тұжырымдамаға келдік. Қазіргі білім беру теориясы мен практикасында «жоғары оқу орнының білім беру ортасы» ұғымы маңызды ғылыми-педагогикалық категориялардың бірі ретінде қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде аталған ұғымның мазмұнына қатысты әртүрлі теориялық көзқарастар қалыптасқан. Осыған байланысты, ең алдымен, «орта» ұғымының ғылыми мазмұнын талдау, одан кейін «білім беру ортасы» ұғымының негізгі сипаттамаларына тоқталып кеткенді жөн көрдік.

Т.Н. Щербакова атап өткендей, «орта» термині адамды қоршаған ортаның қоғамдық, материалдық және рухани жағдайларын білдіреді дейді [108, 545-548 бб.]. Қазіргі педагогикалық ғылымда «орта» ұғымының да нақты анықтамасы жоқ. Жалпы мағынада «орта» қоршаған орта ретінде түсініледі. Отандық педагогика мен психологияда «орта» термині 20-жылдары пайда болды, ол кезде «орта педагогикасы» ұғымы жиі қолданылды.

К. Ширяева орта деп өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, өзара іс-әрекетті креативтілік көрсетуге дайын, мәселелерді жалпы шешу және өзара іс-қимыл үшін жиналған қатысушылардың ерікті негізде бірігуі деп тұжырымдайды [109, 85-87 бб.].

Г.М. Андреева өз даму ортасын құру - әлем туралы ақпаратты жүйеге келтіру, осы ақпаратты ұйымдастыруды - оның мағынасын түсіну мақсатында байланысқан құрылымдарға келтіру деп санайды [110].

Е.Е. Мерзонның пікірінше, білім беру ортасы қарапайым орта ретінде іс-әрекеттің материалдық шарты болып табылмайды. Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру процесінің контексінде білім беру ортасы:

а) шындықты қабылдаудың субъективті тәжірибесі;

б) білім беру практикасындағы тәжірибе мен өзіндік сәйкестікті өзгерту;

в) әлеуметтік ортаның қазіргі білім беру өзара іс-қимылы болып табылады.

Білім беру ортасы екі субъектінің коммуникативтік өзара іс-әрекеті орын алғанда, онда қатысушылардың әрқайсысы өз ұстанымын өзгертуге және осы тәжірибе негізінде жаңа іс-әрекет жобасын жасауға қабілетті [111, 170-172 бб.].

ЖОО-ның білім беру ортасы мынадай компоненттерден тұрады:

– жоғары оқу орнының ішкі бағыты немесе жоғары оқу орнының мақсаттарының, құндылықтары мен міндеттерінің ерекшелігі;

– таңдап алынатын білім беру технологиялары және олардың психологиялық ұйымдастырылуы;

– ЖОО өз міндеттерін жалпы мәдени контексте шешетін құралдар;

– психологиялық климат;

– оқытушылардың өз студенттері туралы ұсыныстарының сараланууы;

– профессорлық-оқытушылық құрамның әлеуметтік-психологиялық құрылымы;

– білім беруді психологиялық ұйымдастыру; оқытушылар мен студенттердің психологиялық сипаттамалары.

Б.Г. Солдатов, Н.В. Солдатова білім беру ортасының тиімділігі студенттің мәдениет пен оқу процесінің белсенді қатысушысы ретінде дамуы арқылы көрініс табады; шетел тілін оқытудағы білім беру ортасының басты ерекшелігі – студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға ықпал ететін жағдайларды жасау дейді [112, 49 б.].

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруда ЖОО-ның білім беру ортасында тұлғалық әлеуетті өзін-өзі танытуға жағдай жасауды көздейді деген қорытындыға келдік.

Шетел тілі бойынша білім беру ортасы білім беру процесін мазмұнды және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етіп, осы ресурстардың өзара әрекеттесуінің жеке ерекшеліктерін ескеретін және тұлғаның шығармашылық әрі мәдени өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады. Мұндай оқу ортасы шетел тілін меңгеру процесінде тілдік біліммен қатар мәдени құндылықтарды игеруіне, оларды түсінуі мен интерпретациялауына жағдай жасайтын мәдени мазмұнымен сипатталады [113].

Д.М. Джусубалиева шетел тілін оқытудағы цифрлық технологиялардың рөлін білім беру үдерісін жаңғыртудың маңызды шарты ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, цифрлық технологиялар білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың өздігінен білім алу қабілетін, ақпараттық сауаттылығын және цифрлық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Цифрлық білім беру ортасы студенттерге шетел тілін меңгеруде аутенттік материалдарға қол жеткізуге, виртуалды коммуникацияға қатысуға және тілдік дағдыларды нақты қолдану жағдайларында дамытуға жағдай жасайды [114, 70-75 бб.].

А.К. Садыкова және т.б. шетел тілін оқытуда цифрлық технологияларды қолдануды білім беру үдерісінің маңызды әдістемелік шарты ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, цифрлық білім беру құралдары студенттердің тілдік тәжірибесін кеңейтіп, шынайы коммуникациялық жағдаяттарға қатысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық ресурстар мәдени ақпараттарды меңгеруге, аутенттік материалдармен жұмыс жасауға және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Бұл ұстаным лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруда маңызды, себебі цифрлық орта арқылы білім алушы зерттелетін тіл мәдениетінің ерекшеліктерімен танысады [115].

Е.Е. Мерзонның пікірінше, білім беру ортасының тұлғалық және кәсіби дамуға ықпалы туралы тұжырымдарына сүйене отырып [111], зерттеу аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды факторы бола алады деп есептейміз, егер:

– оқытылатын пәндердің мазмұны практикаға бағытталған болса;

– іс-әркет нысандары мен әдістері логикалық негізделген және тәжірибеде оңай қолданылатын болса;

– заманауи оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға және студенттерді жан-жақты дамуына қажетті материалдық-техникалық мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілсе;

– оқу-тәрбие процесінің әртүрлі субъектілері арасында тиімді өзара іс-әрекет ұйымдастырылса. Яғни, білім беру ортасы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді факторына айналады.

Жоғары оқу орындарында білім беру ортасын қалыптастыру жағдайында шетел тілі мұғалімі іс-әрекетінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

– студенттер өз көзқарасын еркін білдіруге және оны негіздеуге ынталандыру;

– ойлау мен іс-әрекеттің баламалы тәсілдерін қарастыруға және оларды тәжірибеде қолдануға бағыттау;

– мәселелерді талқылау мен шешуде дербестік және сенімділік танытуға үйрету;

– сұрақтар қою, болжамдар ұсыну және оларды негіздеу дағдыларын қалыптастыру;

– өзгенің пікрін тыңдауға, түсінуге сонымен қатар өзіндік ұстанымын сақтап, оны дәлелді түрде білдіруге үйрету;

– топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру, жеке жауапкершілік пен бірлескен іс-әрекеттің ортақ нәтижесі арасындағы байланысты түсінуге бағыттау.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру міндетін шешу ЖОО-ның білім беру ортасында жеке әлеуетті өзектендіру үшін жағдай жасауды көздейді деген қорытындыға келдік. Кәсіби өмірдің анағұрлым саналы нұсқасын алу үшін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды қамтиды, кәсіби перспективаға және жеке тұлғаның дүниетанымдық ұстанымдарына бағдарланады және кәсіби-бағдарланған нысандарды қолдану арқылы кәсіби іс-әрекетте жүзеге асырылады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мақсаттарына сәйкес келетін оқыту әдістері мен құралдары.

Осы тұрғыдан алғанда, лингводидактикалық шарттарды жүзеге асыру болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тілдік және мәдени білімді өзара сабақтастықта меңгеруіне, оны мәдениетаралық коммуникативтік жағдаяттарда орынды қолдануына және кәсіби-педагогикалық қызметпен байланыстыра білуіне бағытталған оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыруды көздейді. Бұл шарттарды жүзеге асыру шетел тілін оқытудың мазмұнын, әдістерін, құралдарын және оқыту технологияларын лингвомәдени бағытта жүйелі қолдануды талап етеді (6-кесте).

Кесте 6 – Лингводидактикалық шарттарды жүзеге асыру

№	Лингводидактикалық шарттар	Практикалық жүзеге асырылуы	Алынатын нәтижелер
1	2	3	4
1	болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде оқу-танымдық белсенділігін арттыратын интерактивті әдістерді жүйелі қолдану;	студенттердің дайындық деңгейіне және оқу мақсаттарына сәйкес пікірталас, рөлдік ойын, кейс-әдіс, жобалық оқыту, миға шабуыл, дебат, Collaborative learning, gamification элементтері, сондай-ақ Nearpod, Quizlet, Padlet, Kahoot және басқа цифрлық платформалардың интерактивті құралдары іріктеу; танымдық белсенділігін, өзара әрекеттесуін және ынтымақтастықта оқуын дамыту мақсатында жұптық, топтық және ұжымдық жұмыстар ұйымдастыру; лингвомәдени мазмұндағы оқу материалдары, кейстік тапсырмалар, цифрлық білім беру платформалары, мультимедиялық ресурстар, бағалау критерийлері және рефлексия құралдары арқылы оқу үдерісі қамтамасыз ету; мотивациялық, танымдық, коммуникативтік және рефлексивтік кезеңдерінде студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз ететін тапсырмалар қолдану.	ішкі оқу мотивациясы мен танымдық қызығушылығы күшейді; өзара ынтымақтастық пен командалық жұмыс дағдылары қалыптасты; ақпаратты талдау, пікір алмасу және дәлелдеу қабілеті жетілді; цифрлық білім беру платформаларын оқу мақсатында тиімді пайдалану дағдылары қалыптасады; ақпаратты талдау, пікір алмасу және дәлелдеу қабілеті жетілді; цифрлық білім беру платформаларын оқу мақсатында тиімді пайдалану дағдылары қалыптасады; кәсіби жағдаяттарды бірлесіп шешу және шығармашылық шешім қабылдау тәжірибесі дамыды.
2	лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттармен сабақтастыру;	рөлдік және іскерлік ойындар, кейстерді шешу, пікірталастар, жобалық жұмыстар және топтық өзара әрекетке негізделген тапсырмалар іріктеу; оқу материалдарын іріктеу, мәдени мазмұндағы тапсырмалар әзірлеу, мәдениетаралық қарым-қатынасты ұйымдастыру және оқыту әдістемесін кіріктіру;	мәдениетаралық қарым-қатынасын ұйымдастыруға арналған тапсырмаларды өздігінен әзірлей алды; рөлдік және іскерлік ойындарды, кейстерді шешуді, пікірталастарды, жобалық жұмыстарды және топтық өзара әрекетке негізделген тапсырмаларды іріктеу нәтижесінде студенттердің оқу үдерісіндегі белсенділігі артты.
3	лингвомәдени мазмұнды меңгертуде ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктерін мақсатты түрде жүйелі пайдалану	Nearpod, Quizlet, Padlet, Kahoot, Wordwall, LearningApps, Google Forms, Canva және басқа да цифрлық білім беру платформалары мен электрондық ресурстар іріктеу; оқу үдерісі мультимедиалық материалдармен, электрондық оқу ресурстарымен, интерактивті тапсырмалармен, бейнесабақтармен, цифрлық бағалау құралдарымен және онлайн	лингвомәдени ақпаратты әртүрлі цифрлық дереккөздерден іздеу, талдау, өңдеу және ұсыну дағдыларын меңгерді; мультимедиалық және интерактивті ресурстарды пайдалана отырып, мәдени

6 кестенің жалғасы

1	2	3	4
		коммуникация сервистерімен қамтамасыз ету; мәдениетаралық коммуникацияға арналған цифрлық тапсырмалар, онлайн тесттер және кері байланыс құралдары енгізу; лингвомәдени мәтіндерді талдау, мәдени құндылықтарды салыстыру, ұлттық ерекшеліктерді таныстыру, виртуалды мәдениетаралық қарым-қатынас ұйымдастыру және кәсіби жағдаяттарды модельдеу үдерісімен кіріктіру.	мазмұндағы оқу тапсырмаларын орындады; цифрлық құралдарды сабақтың мақсатына сәйкес таңдап, оларды оқу тапсырмаларымен тиімді ұштастырды.

Осылайша, лингводидактикалық шарттарды жүзеге асыру шетел тілін оқыту үдерісінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың маңызды педагогикалық негізі болып табылады.

Осылайша, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің тиімділігі ғылыми тұрғыдан негізделген лингводидактикалық шарттардың кешенді және өзара сабақтастықта жүзеге асырылуына байланысты. Зерттеу барысында айқындалған лингводидактикалық шарттар тіл мен мәдениетті кіріктіре меңгертуді, білім алушыларды мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттарға негізделген белсенді оқу әрекетіне тартуды, сондай-ақ цифрлық және мультимодальды ресурстардың дидактикалық мүмкіндіктерін мақсатты пайдалануды көздейді.

Аталған лингводидактикалық шарттардың мазмұны болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени білімді меңгеруімен ғана шектелмей, мәдени ақпаратты талдау, салыстыру, интерпретациялау, оған сыни тұрғыдан баға беру және оны мәдениетаралық қарым-қатынас пен болашақ кәсіби-педагогикалық қызметте орынды қолдану қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сонымен қатар интерактивті оқыту әдістері мен цифрлық білім беру ресурстарын жүйелі қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін, дербестігін, рефлексиялық әрекетін және мәдениетаралық өзара әрекетке дайындығын арттыруға мүмкіндік береді.

Демек, анықталған лингводидактикалық шарттар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйенің мазмұндық, үдерістік-әдістемелік және технологиялық құрамдастарын өзара байланыстыратын негіз ретінде қарастырылады. Олардың кешенді жүзеге асырылуы лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінің мақсаттылығын, жүйелілігін және нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты зерттеудің келесі тарауында айқындалған лингводидактикалық шарттарды жүзеге асыруға бағытталған болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылып, оның компоненттері мен өзара байланысы негізделеді. Сонымен қатар аталған модельді практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқыту мазмұны, әдістері, құралдары мен цифрлық технологияларды қамтитын әдістемелік жүйе әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріледі.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Диссертациялық зерттеудің бірінші тарауында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері талданды. Отандық және шетелдік ғылыми-педагогикалық, лингводидактикалық еңбектерді саралау лингвомәдени құзыреттілік мәселесінің зерттеушілер назарында болғанымен, оны болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау аясында, әсіресе цифрлық білім беру ортасы жағдайында қалыптастыру мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелмегенін көрсетті. Атап айтқанда, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың құрылымы, оның кәсіби-педагогикалық бағыттылығы және цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асырылу жолдары арнайы зерделеуді қажет етеді.

Зерттеу барысында лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың қазіргі кезеңдегі негізгі тенденциялары анықталды. Олардың қатарында шетел тілін оқытуда жаңа әдістемелік бағдарға көшу, тілдік және мәдени компоненттерді біріктіріп оқыту, болашақ мұғалімдерді даярлаудың практикаға бағытталуы, білім беру үдерісіне цифрлық және мультимедиялық технологияларды кеңінен енгізу, сондай-ақ оқытудың құндылықтық-бағдарлы сипатының күшеюі бар. Осы өзгерістер аясында болашақ шетел тілі мұғалімі өзге мәдениетпен диалог құра алатын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын тұлға ретінде қарастырылады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың лингвомәдени құзыреттілік туралы тұжырымдарын жинақтай келе, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруды оқылатын тілдің мәдени аспектілерін, оған байланысты мінез-құлық нормаларын, құндылықтары мен сенімдерін түсіну, бағалау және оларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдану қабілетін дамыту үдерісі ретінде анықтадық.

Лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымы өзара байланысты үш субқұзыреттіліктің бірлігі ретінде негізделді. Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік мәдени ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау, интерпретациялау және оны педагогикалық мақсатта қолдану қабілеттерін біріктіреді. Ол болашақ мұғалімнің өзге мәдениетті терең түсінуіне және ақпараттық ортада еркін бағдарлауына негіз болады. Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік мәдени мазмұнды танып, ойша өңдеу және оны мәдени контекске сай қарым-қатынаста орынды қолдану қабілеттерін қамтиды, сонымен қатар жаңа білімді өз бетінше меңгеру арқылы өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Прагматикалық субқұзыреттілік тілдік құралдарды мәдени және әлеуметтік контекске сәйкес

қолдануды, сөйлеу актілерінің прагматикалық реңктерін салыстыра білуді және оларды нақты коммуникативтік жағдаяттарда тиімді пайдалануды білдіреді.

Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары айқындалды. Бірінші шарт – оқу-танымдық белсенділікті арттыратын интерактивті әдістерді жүйелі түрде қолдану. Екінші шарт – лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттармен сабақтастыру. Үшінші шарт – лингвомәдени мазмұнды меңгертуде ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктерін мақсатты әрі жүйелі пайдалану.

Осылайша, бірінші тарауда анықталған теориялық тұжырымдар, лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымы мен лингводидактикалық шарттары оны қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындауға және әдістемелік жүйесін әзірлеуге негіз болады. Аталған шарттарды педагогикалық үдеріске енгізу болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге, оның ішінде лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін арттыруға ықпал етеді.

2 БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың әдіснамалық негіздері

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру кәсіби білім берудің құзыреттілік парадигмасы, мәдениетаралық коммуникация теориясы, тұлғаның белсенді іс-әрекет арқылы дамуы және білімнің құндылықтық сипатын басшылыққа алатын ғылыми-әдіснамалық тұжырымдарға негізделеді.

Осы зерттеудегі модельдеуде шеттілдік білім берудің әдістемелік жүйесі негіз алады. Ол тұтас, құрылымдық ұйымдастырылған педагогикалық білім беру жүйесі ретінде түсініледі, оған мақсат, мазмұн, әдістер, құралдар мен оқыту формалары, сондай-ақ нәтижелерді бақылау және бағалау механизмдері кіреді. Мұндай жүйені құру логикасы оның дамуы мен әрекет ету бағыттарын анықтайтын тұжырымдамалық негізге, әдіснамалық қағидаттарға және заманауи тәсілдерге сүйенуді талап етеді.

Әдістемелік жүйенің тұжырымдамалық ерекшелігі оның құрылымдық компоненттерінің тұтастығы мен өзара сабақтастығын қамтамасыз етуінен, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін мақсатты қалыптастыруға бағытталуынан, мәдениетаралық коммуникация, коммуникативтік бағыттылық, ізгілендіру және тіл мен мәдениетті кіріктіре оқыту идеяларына негізделуінен, сондай-ақ цифрлық және мәдениетаралық білім беру ортасының дидактикалық мүмкіндіктерін жүйелі пайдалануынан көрінеді.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі студенттің танымдық белсенділігін, коммуникативтік әрекетін және мәдени құндылықтарды саналы қабылдауын қамтамасыз ететін әдіснамалық негізде ұйымдастырылады. Осыған сәйкес зерттеуде лингвомәдени құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін негізгі принциптер мен тәсілдер басшылыққа алынды.

Шетел тілін оқыту – күрделі және көп қырлы процесс, оның тиімділігі педагогикалық технологияларды дұрыс таңдалуына байланысты болады. Шетел тілін оқытуда гуманистік сипаттағы бірнеше тәсілдер бар. Негізгісі - оқыту принциптерінің болуы, оларға жалпы оқыту процесі негізделеді.

Оқыту принциптерін әртүрлі тұрғыдан қарастыра отырып, зерттеушілер оларға әртүрлі анықтамалар береді.

Т.А. Кульгильдинованың пайымдауынша, қазіргі заманғы шет тіліндегі білім беру коммуникативтік бағыттылық, когнитивтік даму, тіл мен мәдениеттің интеграциясы, тұлғаға бағдарланған оқыту және құзыреттілік тәсіл қағидаттарына негізделуі тиіс. Бұл қағидаттарды жүзеге асыру тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қабілетті екінші тілдік тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді [38, 25-35бб.].

К.У. Кунакованың тұжырымы бойынша, жоғары оқу орнындағы шетел тілін оқыту үдерісі кәсіби бағыттылық, коммуникативтілік, тәжірибеге бағдарланған оқыту және құзыреттілік тәсіл қағидаларына сүйенуі қажет.

Аталған ұстанымдар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығында тілдік білімді мәдени мазмұнмен сабақтастыруға, мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруға және меңгерілген білім мен дағдыларды кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан олар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйені құрудың маңызды теориялық негіздерінің бірі болып табылады [116].

С.А. Узакбаева мәдениетке сәйкестілік принципін тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың маңызды педагогикалық негізі ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, білім беру мазмұны халықтың мәдени мұрасын, ұлттық құндылықтарын және рухани тәжірибесін ескеруі тиіс. Бұл принцип білім алушының мәдени танымын кеңейтіп, оның өз мәдениетін және басқа мәдениеттерді түсінуіне мүмкіндік береді. Аталған қағида лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруда маңызды, себебі шетел тілін меңгеру тілдік біліммен қатар мәдени мағыналарды, құндылықтарды және қарым-қатынас нормаларын игеруді талап етеді [117].

А.Т. Чакликова шетел тілін оқытудың негізгі бағыттарының бірі ретінде мәдениетаралық-коммуникативтік бағыттылық принципін қарастырады. Ғалымның пікірінше, шетел тілін меңгеру тек тілдік білімді игерумен шектелмейді, ол білім алушының өзге мәдениетті түсінуін, мәдени айырмашылықтарды қабылдауын және әртүрлі мәдени ортада тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыруы тиіс. Бұл принцип лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды әдіснамалық негізі болып табылады [118, 146-152бб.].

В.И. Загвязинский оқыту принциптерін оқытудың мақсаты, мәні, мазмұны мен құрылымы туралы ғылыми заңдар мен заңдылықтардан туындайтын және педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың нормативтік талаптары мен бағдарларын айқындайтын бастапқы ережелер ретінде қарастырады [119].

В. А. Сластенин және басқа ғалымдар принциптерді заңдылықтардан туындайтын бастапқы ережелер ретінде қарастырып, оқу процесінің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтеді [120].

Оқыту принциптері – жетекші идеялар, дидактикалық процесті ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын нормативтік талаптардан тұрады. Олар оқу процесін реттейтін ең жалпы нұсқаулар, ережелер, нормалар сипатында болады.

Принцип - кез келген теорияның, ғылымның немесе жүйенің оның негізін, ішкі заңдылықтарын, ережелерін анықтайтын негізгі, бастапқы ұстаным. Принциптер қорытындылар мен шешімдердің негізгі постулаты рөлін атқарады. Принциптер іс-әрекеттердің нақты шеңбері мен жүйелілікті қамтамасыз етуде маңызы зор.

Принцип - кәсіби үрдістің қазіргі жағдайын анықтайтын негізгі талаптар, яғни оның мақсаттары, мазмұны және ұйымдастыру әдістері болып табылады. Білім берудің заманауи әдістемесі қазіргі заманғы білім беру жүйесінің

талаптарына сай болуы керек. Теориялық және практикалық әрекетті ұйымдастыру үшін әдістемелік принциптер жүйесі қажет [121].

Жоғарыда қарастырылған ғылыми еңбектер мен әдіснамалық талдау нәтижесінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін ұйымдастыруда коммуникативті, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу және тұлғаға бағдарланған оқыту қағидаттарын басшылыққа алу қажеттілігі туралы қорытындыға келдік

Аталған принциптерді таңдау лингвомәдени құзыреттіліктің табиғатымен және оны қалыптастыру ерекшеліктерімен айқындалады: коммуникативтік принцип тілдік және мәдени білімді нақты мәдениетаралық қарым-қатынаста қолдануға; ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі білім алушылардың бірлескен әрекеті арқылы мәдени мағыналарды түсіну, салыстыру және интерпретациялауға; тұлғаға бағдарланған принцип студенттің жеке тәжірибесін, мәдени құндылықтары мен кәсіби қажеттіліктерін ескеруге бағытталады.

Коммуникативтік принцип – тіл үйретудің негізі. Ол тұлғалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуіне басымдық береді. Сондықтан-да, мәдени сауаттылық пен түсіністікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл принцип тілді белсенді қолдануға жағдай туғызады, мәдени аспектілерді тереңірек түсінуге септігін тигізеді [122, 152-170 бб.].

Коммуникативтік принциптің теориялық және әдістемелік негіздері бойынша тұжырымдарын саралау коммуникативтік принцип шетел тілін оқытуда қарым-қатынасты тек оқу мақсаты ретінде ғана емес, сонымен қатар тілді меңгертудің негізгі құралы ретінде қарастыруға негізделетінін көрсетеді. Бұл принцип білім алушының тілдік білімді дайын күйінде меңгеруінен гөрі, оны нақты коммуникативтік жағдаяттарда мақсатқа сай қолдануына басымдық береді.

Зимняя И.А. коммуникативтік принцип тілді оқытудың мақсаты мен құралы қарым-қатынас, коммуникация екенін білдіреді [123, 33б.].

Шетел тілін оқыту әдістемесіндегі коммуникативтік принципі -оқытудың мақсаты абстрактілі ережелерді меңгеру емес, тілді нақты қарым-қатынас құралы ретінде игеру болып табылатын ұстаным: нақты әлеуметтік және мәдени жағдаяттарда айтылған сөздерді түсіну және өндіру. Бұл шынайы коммуникативті тапсырмаларды пайдалану, нақты сөйлеу жағдайларын модельдеу және сабақтың мағыналық өзара әрекеттесуіне бағытталуымен көрініс табады. Сонымен қатар, коммуникативті принцип қазіргі заманғы шетел тілін оқыту жүйесінің негізгі әдістемелік негіздерінің бірі болып табылады және оқу процесін студенттердің тілді нақты қарым-қатынас құралы ретінде қолдану қабілетін қалыптастыруға бағыттауды көздейді. Коммуникативті принциптің мәні — оқыту сөйлеу іс-әрекеті мен коммуникативті тапсырмаларға негізделуі. Бұл принципті отандық әдістемеде дамытқан Е.И. Пассов оқытудың коммуникация процесінде, коммуникация арқылы және коммуникация үшін жүзеге асырылуы тиіс екенін атап көрсетеді [124].

Бұл оқытудың мазмұны мен әдістері студенттер өз ойларын және эмоцияларын білдіру үшін тілді қолданатын нақты қарым-қатынас жағдаяттарына мүмкіндігінше жақын бағытталуы керек дегенді білдіреді. Осылайша, коммуникативті принцип сөйлеудің семантикалық жағының формальды жақтан басымдығын, студенттердің рефлексиялық іс-әрекетін белсендіруді, пайдаланылған материалдар мен модельденген жағдайлардың түпнұсқалығын болжайды.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда коммуникативтілік принципінің маңызы ерекше зор. Қазіргі педагог тек тіл жүйесін ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық өзара іс-әрекет дағдыларын меңгеруі, коммуникативті ортаны модельдеу және студенттерде сөйлеу бастамасы мен дербестігін дамыту үшін жағдай жасау қабілетіне ие болуы тиіс. Коммуникативтілікке бағытталу, болашақ шетел тілі мұғалімінің жаттығу арқылы тілдік дағдыларды емес, мәдениетаралық ортада шынайы қарым-қатынас қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, коммуникативтілік принципін қолдану педагогтің коммуникациядағы әлеуметтік-мәдени факторлардың рөлін түсінуін дамытуға ықпал етеді, бұл оның кәсіби құзыреттілігінің маңызды элементі болып табылады.

Коммуникативтік принцип лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруда ерекше рөл атқарады, бұл құзыреттілік тілдік бірліктер мен мінез-құлық үлгілерін түсіну, интерпретациялау және мәдениетаралық қарым-қатынаста қолдану қабілеті ретінде қарастырылады. Тіл мәдениеттің тасымалдаушысы болғандықтан, коммуникативтік принципті жүзеге асыру мәдени нормаларға, құндылықтарға, сөйлеу дәстүрлеріне және қарым-қатынас стереотиптерін қамтиды. Осылайша, коммуникативтік негізде құрылған оқыту, мәдени айырмашылықтарды ұғыну, контекстке сәйкес келетін тілдік құралдарды таңдау дағдыларын дамыту және тілді мәдени феномен ретінде тұтас түсінігін қалыптастыру үшін табиғи ортаға айналады. Яғни, коммуникативтік принцип тілдік, прагматикалық және мәдени оқыту компоненттерін біріктіруге мүмкіндік беретін әдіснамалық негізді қамтамасыз етеді. Ол болашақ шетел тілі мұғалімінің коммуникативтік және лингвомәдени құзыреттілігін дамыту үшін жағдай жасайды. Білім беру кеңістігінде тиімді әрекет ете алатын маман даярлауға бағытталған қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкес келеді.

Ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі педагогика мен шетел тілін оқыту әдістемесінің негізгі әдіснамалық негіздерінің бірі болып табылады. Оның мәні, оқу процесін оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекеті, сондай-ақ коммуникативтік, танымдық және мәдени бағыттағы міндеттерді шешу процесінде өзара әрекеттесу ретінде ұйымдастырылады. Бұл принцип оқыту үдерісін оқытушының жетекші рөлі басым болатын дәстүрлі фронтальды оқыту моделінен білім алушылардың өзара әрекеттесуіне, диалогіне және білімді бірлесіп құруына негізделген іс-әрекеттік-коммуникативтік парадигмаға көшіруді көздейді.

Шетел тілін оқыту әдістемесінде ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі коммуникативтік тәсілмен өзара сабақтастықта қарастырылады. Бұл

принципке сәйкес тілдік қарым-қатынас студенттердің ортақ мақсатқа бағытталған бірлескен іс-әрекеті, рөлдерді өзара бөлісуі, ақпарат алмасуы және оқу міндеттерін бірлесіп шешуі жағдайында неғұрлым тиімді жүзеге асады. Осындай ұйымдастырылған өзара әрекеттесу сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін табиғи коммуникативтік ортада дамытуға, сондай-ақ мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл М. Лонгтың пікірінше, өзара әрекеттесу сөйлемдерді түсіну, өңдеу және түзету арқылы тілді меңгеру сапасын арттырады.

Ынтымақтастық принципі оқу процесінде келесі жолдармен көрініс табады:

– топтық және жұптық жұмыстар арқылы табиғи коммуникацияны модельдеуге мүмкіндік беру;

– проблемалық тапсырмаларды бірлесіп шешу, мұнда әр қатысушы өз үлесін қосады;

– диалогтық қарым-қатынас, сөйлеу дағдыларын дамытудың негізі болып табылады;

– оқытушы мен студенттер арасындағы жауапкершілікті бөлу, тілді меңгеруде автономияны қалыптастырады;

– құрмет, өзара көмек және мәдени айырмашылықтарды қабылдауды бағалайтын оқу қауымдастығын қолдау [125].

Ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Лингвомәдениеттану тілді мәдениеттің құрамдас бөлігі әрі оны танытудың негізгі құралы ретінде қарастырады. Осыған байланысты лингвомәдени білімді меңгеру тек мәдени ақпаратты игерумен шектелмей, мәдени мағыналарды бірлесіп зерделеуді, мәдени стереотиптерді сыни тұрғыдан талдауды, жеке мәдени тәжірибені рефлексиялауды және әртүрлі мәдениеттердің әлем бейнесін салыстыруды қамтиды.

Ынтымақтастық пен өзара іс-әрекет мәдени диалогқа, толеранттылық пен эмпатияны қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл мәдениетаралық құзыреттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, ынтымақтастық принципін меңгерген болашақ шетел тілі мұғалімі аудиторияда ашықтық, сенім және өзара қолдау атмосферасын құра алады. Бұл қағида, әсіресе, шетел тілін оқыту үдерісінде ерекше маңызға ие, өйткені студенттердің психологиялық қауіпсіздік сезімі олардың коммуникативтік әрекетке белсенді қатысуына және еркін тілдік қарым-қатынас орнатуға дайындығына тікелей ықпал етеді. Осылайша, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас үшін қажетті құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді. Тұтастай алғанда, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі оқытудың гуманистік бағытын қамтамасыз етеді, студенттердің белсенділігі мен уәждемесін күшейтеді, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ жеке дамуға, коммуникация мен ынтымақтастыққа бағытталған білім берудің заманауи талаптарына жауап береді.

Тұлғаға бағдарланған принцип шетел тілді оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінде негізгі орын алады, өйткені ол студенттердің жеке қасиеттерін, уәждемесін, зияткерлік қабілеттерін және құндылық бағдарын дамытуға бағытталған [126; 127].

Тұлғаға бағдарлану әрбір студенттің бірегей ерекшеліктерін ескеруге және оның әлеуетін ашу процесі ретінде оқу құралдарын құруға мүмкіндік береді. Болашақ шетел тілі мұғалімін даярлау тұрғысынан бұл принцип негізгі мәнге ие болады: лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәдени айырмашылықтарды, эмпатияны, төзімділікті және мәдениетаралық диалогқа қабілеттілікті түсінуді талап етеді, бұл студенттердің жеке басы белсенді қатысқан кезде ғана мүмкін болады [128].

Тұлғаға бағдарланған принцип студентті білім беру үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қарастырып, оның жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, мәдени тәжірибесі мен өмірлік тәжірибесін оқыту мазмұнына кіріктіруді көздейді. Осыған сәйкес студенттің жеке мәдени және өмірлік тәжірибесі шетел тілі мен мәдениетін меңгерудің маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Аталған принцип Л.С. Выготскийдің жақын даму аймағы туралы тұжырымымен және білім алушының жеке мүмкіндіктері мен даму деңгейін ескере отырып оқытуды ұйымдастыруды көздейтін дамыта оқыту идеяларымен сабақтасады. Бұл тұрғыда оқыту мазмұны мен әдістерін білім алушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру оның танымдық белсенділігін арттыруға және оқу әрекетінің нәтижелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [68].

Е.И. Пассов пен А.А. Леонтьевтің зерттеулерінде дараландыру шетел тіліне неғұрлым саналы көзқарасты қалыптастыруға және мәдениетаралық өзара іс-әрекетке терең қосылуға ықпал ететіні атап өтілген [129].

Тұлғаға бағдарланған принцип лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру процесінде мәдени құбылыстарды өз бетінше талдауға, оларды өз мәдениетімен салыстыруға, мәдени фактілерді түсіндіруге және жеке ұстанымын білдіруге мүмкіндік беретін әдістерді қолдануды қамтиды. Рефлексиялық тәжірибелер, жобалық іс-әрекет, аутентті мәтіндерді талдау, мәдениеттанулық пікірталастар тиімді болып саналады. Мұндай әдістемелер сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға, ішкі мотивацияны күшейтуге, мәдени интерпретациялау және өзін-өзі реттеу қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді [130; 131].

Ерекше маңызды рөлді психологиялық тұрғыдан, гуманистік бағыттағы білім беру ортасын құру атқарады, онда студент өзінің маңыздылығын сезінеді, ойларын ашық айта алады, мәдени айырмашылықтарды талқылап, диалог жүргізе алады.

Аталған ұстаным Н.Кинг пен Г.Клифорд еңбектерінде көрініс тапқан гуманистік педагогикалық парадигма идеяларымен сабақтасады. Бұл парадигма білім алушының тұлғалық ерекшеліктері мен құндылықтарын құрметтеуге, сондай-ақ өзге мәдениет өкілдеріне толерантты және құндылықтық қатынас қалыптастыруға бағытталады. Мұндай ұстаным болашақ шетел тілі

мұғалімдерінің өз және өзге мәдениеттердің ерекшеліктерін түсінуіне, оларды салыстырып, интерпретациялауына және мәдениетаралық қарым-қатынаста құрметпен әрекет етуіне негіз болады. Осы тұрғыдан аталған идеялар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құндылықтық негіздерінің бірі ретінде қарастырылған [132].

Сонымен қатар, тұлғаға бағдарланған тәсіл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің маңызды кәсіби қасиеті – рефлексияны дамытуды қамтамасыз етеді. Б.К. Адамбалинова, Е.У. Артыкова тұлғаға бағдарланған принцип оқу процесін ізгілендіруді қамтамасыз ететінін және студенттердің белсенді субъектілік позициясы үшін жағдай жасайтынын атап көрсетеді. Болашақ шетел тілі мұғалімін даярлау контекстінде бұл принцип іргелі болып табылады, өйткені лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәдениет пен тіл туралы білімді ғана емес, сонымен қатар мәдени айырмашылықтарды түсіну және түсіндіру, толеранттылық пен эмпатияны көрсету қабілетін талап етеді, бұл студенттердің тұлғалық дамуымен тікелей байланысты [133, 149-151бб.].

Р.Г. Сейдахметова мен А.А. Задаеваның еңбегінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің полимәдени тұлғасын қалыптастыруда, оның мәдениетаралық білім беру кеңістігінде тиімді әрекет ету қабілетін дамытуда тұлғаға бағдарланған оқытудың маңызды рөл атқаратыны атап өтіледі. Мұндай дайындық оқу процесіне мәдени маңызы бар материалдарды енгізуді, оқытылатын мәдениеттерді салыстыруды, кәсіби рефлексия мен сыни ойлауды дамытуды қамтиды. Бұл ережелер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру міндеттерімен шектеулі түрде байланысты [134].

Тұлғаға бағдарланған оқыту студенттердің мәдени құбылыстарды саналы түрде түсіндіруіне, оларды өзінің мәдени және өмірлік тәжірибесімен салыстыра талдауына, мәдени айырмашылықтарды сыни тұрғыдан бағалауына мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде мәдениетаралық өзара әрекеттесудің сапасы артып, студенттердің лингвомәдени құзыреттілігі мен мәдениетаралық коммуникацияға даярлығы нығая түседі.

Б.М. Өтегенованың ғылыми еңбектері тұлғаға бағдарланған білім берудің құндылықтық компонентін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін айқындайды. Ғалымның пайымдауынша, болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби-тұлғалық дамуы өзге мәдениетке құрметпен қарау, мәдени әртүрлілікті қабылдау, ашықтық, толеранттылық және мәдениетаралық диалогқа даярлық сияқты құндылықтарды қалыптастырумен тығыз байланысты. Аталған құндылықтар студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынасқа саналы қатысуын қамтамасыз етіп, олардың кәсіби қызметінде мәдени ерекшеліктерді ескеруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл қасиеттер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құндылықтық негізін құрайды [135].

Оқытуды тұлғалық бағдарлау идеялары Ж.А. Караевтың зерттеулерінде де көрініс табады, ол тұлғаға бағдарланған принципті қазақстандық білім беруді жаңғыртудың негізгі элементі ретінде қарастырады Оның пікірінше,

студенттердің жеке ерекшеліктерін, оқу қажеттіліктері мен кәсіби әлеуетін ескеруге негізделген білім беру үдерісі жаңа формациядағы шетел тілі мұғалімін даярлаудың маңызды алғышарты болып табылады. Мұндай даярлық дербес кәсіби шешім қабылдай алатын, жоғары мәдениетке ие, рефлексиялық ойлау мен педагогикалық шығармашылыққа қабілетті, мәдениетаралық қарым-қатынасты тиімді жүзеге асыратын маман тұлғасын қалыптастыруға бағытталған [136].

Бұл ұстаным С.С. Кунанбаеваның еңбектерінде мәдениетаралық білім беру тұжырымдамасы аясында ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор оқыту тәсілдерін мәдениетаралық парадигманы жүзеге асырудың, мәдениеттер диалогын қалыптастырудың және тұлғаның мәдениетаралық коммуникативтік тәжірибесін дамытудың тиімді педагогикалық құралы ретінде қарастырады. Осыған сәйкес, болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде қолданылатын тәсілдер оқу үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық негізін айқындап қана қоймай, олардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға, мәдениетаралық қарым-қатынасқа кәсіби даярлығын және лингвомәдени делдалдық қызметті тиімді жүзеге асыру қабілетін дамытуға бағытталады [121].

Оқыту тәсілі – әдістеме ғылымының негізгі категорияларының бірі болып табылады. Ол зерттеуші мен оқытушының тілдің табиғаты, оны меңгеру заңдылықтары және оқыту жолдары туралы ғылыми көзқарастар жүйесін сипаттайды. Оқыту тәсілі тілді оқыту жүйесінің әдіснамалық негізін құрай отырып, тілдік білімді меңгертудің жалпы лингводидактикалық бағытын айқындайды. Сонымен қатар ол оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, әдістері мен құралдарын таңдаудың ғылыми негізі ретінде қызмет етеді және білім беру үдерісін ұйымдастыру стратегиясын анықтайды.

Оқытуға деген көзқарас-бұл белгілі бір стратегия түрінде және белгілі бір оқыту әдісі арқылы тәжірибеде жетекші, басым оқыту идеясын жүзеге асыру болып табылады [137].

А.Н. Щукин зерттеуінде «оқыту тәсілі» термині ғылыми қолданысқа ағылшын әдіскері Edward Anthony арқылы енгізілгенін атап өтеді. Оның анықтамасы бойынша, оқыту тәсілі зерттеушінің тілдің табиғаты мен оны меңгеру жолдары туралы ұстанатын бастапқы теориялық қағидаларының жүйесін білдіреді [138].

Б.А.Абдраимова, А.А. Жайтапова «Ағылшын тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы әдістемелік амалдары» атты мақаласында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы әдістемелік тәсілдердің кезеңдерін атап өткен. Яғни, ол белгілі бір мамандықтың тұжырымдамалық-категориялық аппаратын жүйелеу; лингвомәдени құзыреттіліктің даму деңгейіне, оның құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды анықтау; шеттілдік білім беру жүйесінде оны қалыптастыру процесінің эвристикалық білім беру технологияларын әзірлеу, сынақтан өткізу және іске асыру деп атап өткен [139, 22-36 бб.].

Е.В. Турковскаяның пікірінше, тәсіл сондай-ақ оның құрылымында тек әдіснамалық ғылымның ғана емес, сонымен қатар басқа да сабақтас

ғалымдардың принциптерін пайдалануға ашықтығы және дайындығымен сипатталады деп атап өтеді [140, 107-115 бб.].

Сонымен қатар, оқыту тәсілдері білім беру мақсаттарына сәйкес жүйеленеді, ал аталған мақсаттар қоғамның әлеуметтік қажеттіліктері мен ғылымның қазіргі даму деңгейінің талаптары негізінде айқындалады.

Шеттілдік білім берудің әдіснамалық негізі және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру шарты ретінде тәсілді түсінуді негізге ала отырып, осы процестің тұтастығын қамтамасыз ететін бірін-бірі толықтыратын тәсілдердің жиынтығын қарастырған жөн. Зерттеудің мақсаты мен болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктерін ескере отырып, зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық тәсілдер таңдалды. Аталған тәсілдердің өзара сабақтастығы лингвомәдени құзыреттіліктің білімдік, іс-әрекеттік және құндылықтық аспектілерін кешенді қамтуға мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тәсіл. Қазіргі дидактикада мамандарды даярлауда тұлға мен құзыреттілікке көңіл бөлу ерекше рөл атқарады, бұл студенттердің кәсіби ортаға бейімделу процесін айтарлықтай жеңілдетуге және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Шетел тілдерін оқытудың құзыреттілік тәсілі жалпы білім беруді жаңғыртудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта құзыреттілік тәсіл педагогикалық үдерісті білім алушыларда қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру тұрғысынан зерделеуге, ұйымдастыруға және сипаттауға мүмкіндік беретін жетекші әдіснамалық бағыт ретінде түсіндіріледі [141].

Қоғамның нақты қажеттіліктерін, әлеуметтік мәдениетаралық өзара іс-әрекет практикасын ескере отырып, шетел тілін оқытуды жүзеге асыруға, оқу процесін білім алушылардың уәждемесіне негіздеуге, құндылық бағдарларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тәсіл мәселесіне арналған ғылыми еңбектерді талдау оның мәні, құрылымы мен білім беру үдерісіндегі іс-әрекетін түсіндіруде зерттеушілер арасында әртүрлі ғылыми көзқарастардың қалыптасқанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде әртүрлі деңгейдегі және бағыттағы білім беру бағдарламаларына аталған тәсілді тиімді кіріктірудің ғылыми негізделген модельдерін әзірлеуді қиындатады. Соңғы жылдардағы зерттеулерде құзыреттілік тәсілін дәстүрлі білім беру мазмұны мен оқыту әдістерін түбегейлі өзгертпей, формалды түрде енгізу үрдісі байқалады. Мұндай ұстаным құзыреттілік тәсілінің мүмкіндіктерін толық іске асыруға кедергі келтіріп, әсіресе болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби және лингвомәдени даярлығын қалыптастырудағы тиімділігін төмендетеді [142, 46-54 бб.].

А.В. Хуторскойдың пікірінше, құзыреттілік – бұл білім алушының белгілі бір өмірлік немесе кәсіби жағдаяттарда тиімді әрекет ету үшін өзінің білімін, білігі мен дағдыларын, сондай-ақ сыртқы ресурстарды ұтымды жұмылдыра алу даярлығы. Ғалымның тұжырымдауынша, құзыреттілік тәсілінде білімді жай ғана меңгеру емес, оны нақты жағдаяттарда қолдана білу, мақсат қоя білу, болжам ұсыну, мәселені талдау және оны шешудің тиімді жолдарын анықтау

қабілеттерін қалыптастыру басты орын алады. Осыған сәйкес, болашақ маман кәсіби даярлық барысында меңгерген білімін, білігі мен дағдыларын өзінің кәсіби қызметінде шығармашылықпен және нәтижелі қолдана алуы тиіс. Сондықтан құзыреттілік тәсіл студенттердің кәсіби құзыреттерін оқу үдерісінің барлық кезеңінде жүйелі және сабақтастық негізінде дамытуды көздейді [143].

Осылайша, құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижелеріне бағдарлануды көздейді. Бұл әрбір болашақ шетел тілі мұғалімінің оқу үдерісі аяқталғаннан кейін қандай құзыреттерді меңгеруі тиіс екенін нақты айқындауға мүмкіндік береді. Аталған тәсілдің басты ерекшелігі – білім көлемін игеруге емес, алынған білімді, білік пен дағдыларды кәсіби қызметте тиімді қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталуында. Сондықтан құзыреттілік тәсілі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығының нәтижелілігін қамтамасыз ететін негізгі әдіснамалық негіздердің бірі болып табылады.

Зерттеуде интерактивті тәсіл оқу үдерісінде өзара әрекеттестік пен бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған әдіснамалық негіз ретінде таңдалды. Бұл тәсіл білім алушылардың тілдік және мәдени нормаларды қарым-қатынас барысында тәжірибелік тұрғыдан меңгеруіне, өзара пікір алмасуына, ынтымақтастықта жұмыс істеуіне және коммуникативтік тәжірибесін дамытуына мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жағдайында интерактивті тәсіл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың жетекші әдіснамалық бағыттарының бірі болып саналады. Оның ерекшелігі білім алушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыруға, бірлескен оқу әрекетін жүзеге асыруға және тіл мен мәдениетті диалогтік қарым-қатынас негізінде меңгеруге бағдарлануымен сипатталады. Интерактивті оқыту барысында білім алушылар тек ақпаратты қабылдаушы емес, білімді бірлесіп құрастырушы және мәдениетаралық қарым-қатынастың белсенді субъектісі ретінде әрекет етеді.

Оқу үдерісінде ұйымдастырылған тілдік өзара әрекеттестік білім алушыларға нақты коммуникативтік жағдаяттарда тілдік бірліктердің мағынасын түсінуге, оларды орынды қолдануға және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты интерактивті тәсіл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығында лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды әдіснамалық негіздерінің бірі болып табылады.

Интерактивті тәсіл өзара ынтымақтастыққа, пікір алмасуға және коммуникативті міндеттерді бірлесіп шешуге негізделген. Бұл жағдайда студенттер ақпаратты пассивті қабылдаушылар емес, керісінше, мәдениетаралық қарым-қатынастың белсенді қатысушылары ретінде қарастырылады. Бұл әсіресе болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауда маңызды.

В.Ф. Горбатюк, Р.В. Мелькаева, Л.В. Смолина шетел тілінде өзара әрекеттесу және интерактивті тәсілді жүзеге асыру саласындағы соңғы зерттеулер, оны мазмұндық және функционалдық тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуды қоса алғанда, оқытудың теориялық-

әдістемелік стратегиясы ретінде қарастыруға болатынын дәлелдейді [144, 8–15 бб.; 145, 17–22 бб.; 146, 41–47 бб.].

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру контекстінде интерактивті тәсіл студенттерді мәдениаралық өзара іс-әрекеттің модельденген жағдайларына тартуды қамтамасыз етеді, бұл жағдайларда ана тілі мен шетел тілі мәдениеттерін салыстыру, сөйлеу мінез-құлқының нормаларын және мәдени себепті мағыналарды игеру жүзеге асады. С.С. Кунанбаеваның пікірінше, мұндай оқытуды ұйымдастыру мәдени делдалдық қабілетін дамытуға және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде мәдениеттер диалогын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді [9].

Интерактивті тәсіл білім алушылардың рефлексивтік дағдыларын дамытуға да ықпал етеді, өйткені ол бірлескен оқу іс-әрекеті барысында мәдени құбылыстарды талдауды, түсіндіруді, салыстыруды және сыни тұрғыдан бағалауды көздейді. Мұндай оқу әрекеті білім алушылардың өз көзқарасын негіздеуге, өзге мәдениет өкілдерінің ұстанымдарын құрметтеуге және мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін саналы түрде түсінуге және лингвомәдени құбылыстарды талдауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты интерактивті тәсіл болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың тиімді әдіснамалық негіздерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл білім алушылардың коммуникативтік, әлеуметтік және лингвомәдени құзыреттерін кешенді дамытуға, тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, мәдениетаралық өзара түсіністік пен мәдени құндылықтарды жеткізудің маңызды құралы ретінде саналы қолдануына жағдай жасайды. Нәтижесінде болашақ мұғалім кәсіби іс-әрекетінде мәдени ерекшеліктерді ескеретін, тиімді мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыра алатын және мәдени құндылықтарды білім беру үдерісіне кіріктіре білетін бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасады.

Интерактивті тәсілді қойылған коммуникативті міндеттерді шешуге жағдай жасауға бағытталған өзара әрекеттесуді жоспарлау және жүзеге асыру стратегиясы ретінде қарастырамыз.

Аксиологиялық тәсіл білім беру үдерісінде тұлғаның құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға негізделген жетекші әдіснамалық бағыттардың бірі болып табылады. Бұл тәсілге сәйкес, білім алушының білімді сапалы меңгеруі мен кәсіби тұрғыдан дамуы, ең алдымен, оның болашақ кәсіби қызметіне деген құндылықтық қатынасының қалыптасуымен анықталады. Сондықтан кәсіби даярлық барысында білім, білік және дағдыларды игерумен қатар, мамандықтың әлеуметтік және мәдени маңызын саналы түсіну ерекше мәнге ие.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде аксиологиялық тәсіл шеттілдік білім берудің құндылықтық негіздерін айқындауға және білім алушылардың жалпыадамзаттық, ұлттық әрі мәдени құндылықтарды құрметтеуін қалыптастыруға бағытталады. Сонымен қатар, бұл тәсіл болашақ мұғалімдердің мәдени құндылықтарды саналы қабылдауына, оларды сыни тұрғыдан бағалай білуіне және кәсіби-педагогикалық қызметінде тиімді

қолдануына мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім алушылар мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында мәдени құндылықтарды жеткізе алатын, өзге мәдениеттерге құрметпен қарайтын және лингвомәдени құзыреттілігі жоғары маман ретінде қалыптасады.

Аксиологиялық тәсілдің ғылыми-теориялық негіздері В. А. Сластенин, И.А. Колесникова және басқа зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Ғалымдардың еңбектерінде білім беру үдерісінің құндылықтық негіздері, тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен мәдени дамуы аксиологиялық тұрғыдан зерделеніп, оның білім беру жүйесіндегі маңызы айқындалған. Маман даярлау процесіне аксиологиялық тәсіл – бұл ғылыми және практикалық мәселені шешудің, білім беру процесіне құндылық бағдарларды таратуға негізгі назар аударылатын тәсілі болып табылады. Сондықтан маман даярлау тиімділігін анықтайтын негізгі ұғымдар – құндылықтар, құндылық сана, құндылық қарым-қатынас болып табылады [147, 15-17б.].

ЖОО білім беру жағдайында аксиологиялық тәсіл студенттің тұлғалық және шығармашылық әлеуетін дамытуға, рухани-мәдени құндылықтарды меңгеруіне, кәсіби қызметке құндылықтық қатынасын қалыптастыруға және оның жеке тұлғалық әрі кәсіби құндылықтық бағдарларын жетілдіруге негізделеді. Бұл тәсіл болашақ маманның кәсіби қызметін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұрғысынан саналы бағалай алуына мүмкіндік береді [148].

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау контекстінде бұл тәсіл тұлғаның құндылық-мағыналық білімі ретінде лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негізі болады. Аксиологиялық тәсіл тұрғысынан шетел тілі тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар дүниетанымның, құндылықтар жүйесінің және қоғамның мәдени нормаларының көрінісі ретінде қарастырылады.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру процесінде аксиологиялық тәсіл студенттерді тілде көрініс тапқан мәдени маңызды құбылыстарды, сөйлеу мінез-құлқының нормаларын және этикалық ұстанымдарды талдауға және түсіндіруге тартуды көздейді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің құндылықты рефлексия қабілетін дамыту ерекше маңызға ие болады, бұл оларға шеттілдік мәдениеттердің құндылықтарын түсінуге және салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл ұстаным С.С. Кунанбаеваның зерттеулерінде дәйекті түрде ұсынылған, онда шеттілдік білім мәдениеттер диалогының және мәдени делдалдыққа дайындықты қалыптастыру кеңістігі ретінде қарастырылады.

Осылайша, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы аксиологиялық тәсіл білім беру процесінің құндылықты-мағыналық бағытын қамтамасыз етеді, мәдени эмпатияны және мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында тиімді педагогикалық іс-әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды жеке қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

Тарауда ұсынылған теориялық ережелерді қорытындылау болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру кешенді әдіснамалық қамтамасыз етуді талап ететін көпқырлы педагогикалық процесс

екенін тұжырымдауға мүмкіндік береді. Зерттеуде таңдалған құзыреттілік, интерактивті және аксиологиялық тәсілдер жиынтығында шетел тілі білімінің мақсатты, процессуалды және құндылық-мағыналық бағдарларын анықтайды, оның тұтастығын және болашақ педагогтың кәсіби қалыптасуына бағыттылығын қамтамасыз етеді. Құзыреттілік тәсіл кәсіби маңызды құзыреттіліктер жүйесінде көрінетін оқыту нәтижесіне бағдар береді, интерактивті тәсіл білім алушыларды коммуникативті және мәдениетаралық іс-әрекетке белсенді қосуды қамтамасыз етеді, ал аксиологиялық тәсіл тіл мен мәдениетке педагогикалық өзара әрекеттесудің негізі ретінде құндылық қатынасын қалыптастырады.

Көрсетілген тәсілдерді жүзеге асыру шетел тілін оқыту принциптерінің жиынтығы арқылы жүзеге асырылады, олардың ішінде коммуникативтік бағыттылық принципі, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі, тұлғаға бағдарланған принцип ерекше маңызға ие. Бұл принциптер тәсілдердің әдістемелік ережелерін нақтылайды және болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау процесінде олардың практикалық жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді (7-кесте).

Кесте 7 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми- әдіснамалық негіздері			
Тәсілдер	Принциптері	Тапсырмалар мазмұны	Қалыптасатын нәтижелер
1	2	3	4
Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік			
Интерактивті	коммуникативті	Collect information about British holidays from different digital sources. Compare British and Kazakh traditions and prepare an analytical comparison table. Analyze tourism information from official websites. Identify the cultural features of one English-speaking country and summarize the findings. Compare two cultural festivals using online resources. Analyze their historical and cultural significance.	лингвомәдени ақпаратты әртүрлі ғылыми, цифрлық және медиа дереккөздерден іздейді, іріктейді және жүйелейді; ақпараттың сенімділігіне, өзектілігіне және мәдени құндылығына сыни тұрғыдан баға береді; цифрлық платформалар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мәдени ақпаратты өңдеу және талдау құралы ретінде тиімді пайдаланады.
Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік			
Құзыреттілік	ынтымақтыстық және өзара әрекеттесу	prepare and deliver a presentation about cultural differences in education. Answer classmates' questions. create and perform a dialogue based on intercultural communication.	лингвомәдени білімді коммуникативтік жағдаятта қолданады; өз пікірін логикалық және дәлелді жеткізеді;

7 кестенің жалғасы

1	2	3	4
		Evaluate your partner's communication strategies. participate in a debate on the influence of social media on culture. Defend your viewpoint with examples.	коммуникативтік мәселені талдап, шешу жолдарын ұсынады; сұрақтарға дәлелді жауап береді; диалог барысында тілдік және мәдени нормаларды сақтайды; сыни ойлау мен дәлелдеу дағдыларын қолданады;
Прагматикалық субқұзыреттілік			
Аксиологиялық	тұлғаға бағдарланған	Understanding: Describe the cultural significance of a festival. Explain the meanings of idioms. Analyzing: Compare them with Kazakh idioms. Creating: Develop communicative exercises using idioms. Explain online communication rules. Analyzing: Compare communication styles.	Лингвомәдени мазмұнға негізделген оқу тапсырмаларын, әзірлейді. Лингвомәдени білімді кәсіби-педагогикалық қызметте тиімді қолданады. цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігін бағалайды.

Осылайша, таңдалған әдіснамалық тәсілдер мен оқыту принциптердің өзара ықпалдастығы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жүйелі, мақсатты және құндылықтық бағдарланған сипатта ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олардың өзара сабақтастығы лингвомәдени құзыреттіліктің ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктерін кешенді қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Аталған теориялық-әдіснамалық негіздер зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделін құруға, оны жүзеге асыру әдістемесін әзірлеуге және қалыптасу деңгейін бағалайтын диагностикалық құралдарды айқындауға негіз болады.

2.2 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Болашақ маманның кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлығы жоғары білім беру жүйесінің негізгі нәтижелерінің бірі болып табылады. Жоғары кәсіби білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес, жоғары оқу орнының білім беру үдерісі мамандардың кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға, олардың тұлғалық және шығармашылық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ еңбек нарығының жоғары білікті кадрларға деген әлеуметтік сұранысын ескеруге бағытталуы тиіс. Осыған байланысты жоғары оқу орындарының білім беру қызметінің басты мақсаты – білім алушылардың болашақ кәсіби іс-әрекетінің тұтас құрылымын қалыптастырып, олардың кәсіби міндеттерді тиімді орындауға даярлығын қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай даярлық кәсіби білімді, практикалық дағдыларды, құндылықтық бағдарларды және кәсіби маңызды жеке қасиеттерді

кешенді түрде қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл контексте шетел тілі кәсіби қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады, бұл оның мәдениаралық өзара іс-әрекетті түсіну және кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке тиімді кірісу қабілетін қамтамасыз етеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған даярлықтың тиімділігі зерттелетін педагогикалық үдерістің ғылыми негізделген моделін әзірлеуге тікелей байланысты. Педагогикалық модель зерттелетін үдерістің мақсатын, мазмұнын, құрылымдық компоненттерін, олардың өзара байланысын және күтілетін нәтижесін жүйелі түрде бейнелейтін ғылыми-теориялық құрылым ретінде қарастырылады. Ол зерттелетін педагогикалық үдерістің маңызды сипаттары мен ішкі байланыстарын ықшам әрі көрнекі түрде көрсетуге, оның жүзеге асырылу логикасын айқындауға мүмкіндік береді. Модель сызбалық, құрылымдық-мазмұндық немесе шартты-таңбалық формада ұсынылуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу зерттелетін үдерістің мақсаты, әдіснамалық тәсілдері, қағидаттары, мазмұны, лингводидактикалық шарттары, ұйымдастыру кезеңдері, әдістері мен құралдары, сондай-ақ бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижесі арасындағы өзара байланысты жүйелеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени даярлығының мақсаттық, мазмұндық, технологиялық және нәтижелік компоненттері арасындағы өзара байланыстарды айқындап, оларды біртұтас жүйе ретінде қарастыруға негіз болады. Осылайша, модель педагогикалық үдерісті ғылыми тұрғыдан жобалау мен ұйымдастыру құралы ретінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің құрылымын, мазмұнын және оның компоненттері арасындағы өзара байланысын бейнелейтін жүйе.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын (МЖМБС) енгізу болашақ мамандарды даярлау мазмұнындағы оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін, сондай-ақ білім беру сапасын бағалаудың құзыреттілік параметрлерін әзірлеудегі өзгерістерді алдын ала анықталған. Жоғары оқу орындары МЖМБС талаптарына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірленген.

Жоғары кәсіби білім беруді дамыту тұжырымдамасына сүйене отырып, игерілетін кәсіби іс-әрекеттің тұтас құрылымын қалыптастыру, яғни жоғары білікті кадрлардағы қоғамның талаптарын ескере отырып, мамандардың жеке басын және шығармашылық қабілеттерін дамыту мүдделеріне кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыру ЖОО-лардың білім беру іс-әрекетінің негізі бола алады деп болжаймыз. Бұл ретте болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру шарттарының біріне айналуы, белсенді кәсіби іс-әрекетке еркін кіруіне ықпал етуі тиіс.

Қазақстан Республикасының «Педагог» кәсіби стандарты Ұлттық біліктілік шеңбері мен білім беру саласының салалық біліктілік шеңберінде белгіленген талаптарды ескере отырып әзірленген және педагог кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оқу нәтижелерін айқындаудың нормативтік негіздерінің бірі болып табылады. Аталған стандартта белгіленген кәсіби құзыреттер мен педагог қызметінің талаптары болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау мазмұнын айқындауда, соның ішінде олардың кәсіби коммуникацияға, мәдениетаралық өзара әрекеттестікке және білім алушылардың мәдени ерекшеліктерін ескеруге даярлығын қалыптастыруда маңызды бағдар болып табылады.

«Педагог» кәсіби стандартына сәйкес педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінде кәсіби іс-әрекеті тиімді жүзеге асыруға қажетті білім, білік, дағдылар мен құзыреттер кешені қалыптастырылуы тиіс. Атап айтқанда, олар төмендегідей кәсіби дағдыларды меңгеруі қажет:

– жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларына берілгендік;

– жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесіне олардың бірлігінде араласу;

– Қазақстанның ұлттық басымдықтары;

– мәдени сана, тілдік құзыреттілік студенттердің мәдени және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы білім беру ортасын дамыту;

– басқа мәдениетке, басқа өмір салтына төзімділікпен қарау.

«Мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін» қалыптастыру қазіргі кезеңдегі шетел тілін оқытудың басты мақсаты болып отыр. Мұндай тұлғаның қалыптасу процесі, студент санасында оқытылатын тілдің бейнесін қалыптастырумен байланысты. Көптеген шетел тілі мұғалімдерінің шетел тілі мәдениеті туралы жеткілікті білімі орташа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын емес. Осыған байланысты болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекеті барысында мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін, оның ішінде лингвомәдени құзыреттілігін жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру моделін құру білім беру процесінің ерекшеліктері туралы жаңа ақпарат алуға және оларды одан әрі жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі ғылым әдіснамасында модель «табиғи немесе әлеуметтік шындықтың белгілі бір фрагментінің аналогы, адамзат мәдениетінің туындысы, тұжырымдамалық теориялық білім және түпнұсқасы» деп түсініледі.

А. Н. Дахиннің түсінігінде «Модель-бұл зерттелетін объектіге ұқсас бола отырып, құрылымды, қасиеттерді, қатынастарды және сол объектінің элементтері арасындағы қатынастар немесе жасанды түрде жасалған объект» деп атап өткен [149, 42–47 бб.].

Ал педагогикалық модельдеу «жалпы зерттеу әдісіндегі дербес бағыт болып табылады. Бұл бағыт үлгіленетін құбылыстардың ерекшелігін көрсететін, формасы жағынан да, мазмұны жағынан да ашылатын ерекше белгілерге ие.

В.А. Штофф зерттеу позициясынан модельдеуді қарастыра келе келесідей анықтама береді: «Модель деп - объект туралы жаңа ақпарат беретіндей етіп оны алмастыратын, ойша бейнеленген немесе материалдық тұрғыдан жүзеге асырылған жүйе» деп түсіндіреді [150].

Әртүрлі білім беру салаларындағы педагогикалық модельдеу мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерді талдау педагогикалық объектілерді модельдеудің ортақ заңдылықтары мен қағидаттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Осыған сәйкес, диссертациялық зерттеуде педагогикалық модельді құрастырудың тұжырымдамалық ережелері зерттеу мақсаты мен болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктеріне сәйкес нақтыланды. Ең алдымен, модельдеудің мақсаты болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан жобалау ретінде айқындалды. Осыған байланысты модельденетін үдерістің болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау жүйесіндегі орны, қызметі мен ерекшеліктері анықталды.

Модельді құрастыру барысында лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымы нақтыланып, оны құрайтын ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктердің мазмұны мен өзара байланысы жүйеленді. Сонымен қатар модельдің мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық-үдерістік және нәтижелік-бағалау компоненттерінің өзара сабақтастығы негізделіп, олардың зерттеу мақсатына қол жеткізудегі функционалдық қызметі айқындалды. Модельді тиімді жүзеге асырудың маңызды негізі ретінде лингводидактикалық шарттар белгіленіп, олардың модельдің басқа құрылымдық компоненттерімен өзара байланысы қарастырылды. Сонымен бірге лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың кезеңдік логикасы, қолданылатын әдістері, құралдары мен цифрлық білім беру ресурстарының дидактикалық мүмкіндіктері жүйеленді. Модельді әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ететін тұғырлар мен оқыту қағидаттары айқындалып, олардың лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіндегі қызметі негізделді. Модельдің нәтижелілігін анықтау мақсатында лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін критерийлер, көрсеткіштер мен деңгейлер белгіленді. Осы ретте модельдің құрылымдық компоненттері арасындағы мақсаттық, мазмұндық, функционалдық және технологиялық байланыстар ескеріліп, олардың өзара тәуелділігі мен сабақтастығы қамтамасыз етілді.

Осылайша, аталған тұжырымдамалық ережелер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құруға, оның негізгі компоненттерінің мазмұнын айқындауға және олардың өзара байланысын біртұтас педагогикалық жүйе ретінде негіздеуге мүмкіндік берді.

Осы тұжырымдамалық ережелер негізінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру моделі әзірленді. Ұсынылған модель жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінің құрылымы мен мазмұнын жүйелі түрде ұйымдастыруға, оның

компоненттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етуге және лингвомәдени құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға бағытталды.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жобалау өзара сабақтас бірнеше кезең негізінде жүзеге асырылды. Алдымен модельденетін жүйенің шекаралары белгіленіп, модельдеудің объектісі мен пәні нақтыланды. Одан кейін модельді жобалаудың мақсаты айқындалып, ол зерттелетін үдерістің мақсаты мен міндеттерімен сәйкестендірілді және осы үдеріске қатысатын негізгі субъектілер анықталды.

Келесі кезеңде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері айқындалып, тиісті тұғырлар мен оқыту қағидаттары негізделді. Осыған сәйкес лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістері мен құралдары жүйеленіп, олардың өзара байланысы белгіленді. Сонымен қатар модельді тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін лингводидактикалық шарттар айқындалды.

Модельді жобалаудың қорытынды кезеңінде күтілетін нәтиже белгіленіп, оған қол жеткізу деңгейін анықтауға арналған критерийлер, көрсеткіштер мен диагностикалық құралдар негізделді. Осылайша, модельденетін жүйенің шекараларын белгілеу зерттеу объектісі мен пәнінің аясын нақтылауға, ал модельдің құрылымдық компоненттерін жүйелеу олардың арасындағы мақсаттық, мазмұндық, үдерістік және нәтижелік байланыстарды біртұтас жүйе ретінде көрсетуге мүмкіндік берді. Зерттеудегі құрылымдық-мазмұндық модельдің объектісі - болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру, пәні – осы процестің моделі болды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіби даярлықтың құрамдас бөлігі болып табылатын, өзіндік мақсаты, мазмұны, құрылымы мен жүзеге асыру тетіктері бар ішкі жүйе ретінде қарастырамыз.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жобалай отырып, жүйелі талдау принципін басшылыққа алдық: кез-келген объектіні құру мақсатты анықтаудан және тұжырымдаудан басталады. Мақсатты анықтаудағы маңызды сәт болып табылады, өйткені мақсат басқа компоненттерге қатысты басқару инстанциясы болып табылады. Мақсат сонымен қатар жүйенің компоненттерін мазмұнды дамытудың басым факторы болып табылады. Ол нәтижені нақты түсінуді талап етеді.

Сонымен, кәсіби дайындық процесінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру үшін мақсатты, нәтижені анықтаймыз және негіздейміз, нәтижеге жету құралдарын қарастырамыз. Бұл әдістер, құралдар, осы процесті ұйымдастырады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық

моделінің келесі блоктарын бөлдік: мақсатты, теориялық-әдіснамалық, мазмұнды-процессуалдық және нәтижелі блоктардан тұрады.

Мақсатты блок. Құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаты болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру.

Құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұны, құрылымдық компоненттері және олардың өзара байланысы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мақсатымен айқындалады. Зерттеуімізде лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасуы оның құрылымын құрайтын ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктердің өзара сабақтастықта және кешенді дамуы ретінде қарастырылады. Аталған субқұзыреттіліктердің қалыптасу нәтижелері модельдің нәтижелік-бағалау блогында белгіленген критерийлер, көрсеткіштер мен деңгейлер негізінде анықталады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық тәсілдерге негізделеді. Құзыреттілік тәсіл білім беру процесін болашақ шетел тілі мұғалімінің мәдениетаралық қарым-қатынас пен педагогикалық өзара әрекеттесуді қоса алғанда, кәсіби іс-әрекетте лингвомәдени білімді, дағдыларды және құндылық көзқарастарды тиімді қолдану қабілетін қалыптастыруға бағыттайды. Интерактивті тәсіл студенттерді мәдениеттер диалогына белсенді қосуды, бірлескен іс-әрекеттерді, нақты коммуникативті жағдаяттарды модельдеуді және коммуникативті бастаманы дамытуға ықпал ететін интерактивті оқыту әдістерін қолдануды қамтиды. Аксиологиялық тәсіл, өз кезегінде, зерттелетін мәдениеттерге құндылық қатынасын, толеранттылықты, мәдениетті құрметтеуді және осы құзырет іске асырылатын кәсіби маңызды педагогикалық құндылықтарды түсінуді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Осыған сәйкес, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әзірленген әдістеме аясында құрылымдық-мазмұндық модельдің негізгі компоненттерінің мазмұны мен өзара байланысын сипаттау қажет.

Лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымдық-мазмұндық моделінің мақсатты аспектісіне тоқталамыз, ол білім беру процесінің стратегиялық бағытын көрсетеді және мәдениетаралық өзара іс-әрекет жағдайында кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілетті болашақ шетел тілі мұғалімдерінің даярлауға бағытталған мақсаттар мен міндеттердің жиынтығын анықтайды.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру оның барлық құрамдас бөліктерінің бірлігінде болады ақпарат-аналитикалық субқұзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік субқұзыреттілік, прагматикалық субқұзыреттілік. Лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымында ол көп факторлы интегративті тұтастық ретінде әрекет етеді, бұл аталған субқұзыреттіліктерді, сондай-ақ лингвистикалық білім мен дағдылардың белгілі бір жиынтығын игеруді білдіреді.

Шетел тілін коммуникативті оқытуды жүзеге асырудың тәсілдері мен принциптері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тұжырымдамалық блогын құрайды.

Құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұндық-іс-әрекеттік блогы шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған оқыту мазмұнын, кезеңдерін, стратегиялары мен әдістерін, педагогикалық технологияларды, жаттығулар жүйесін және білім алушылардың өзара әрекеттесу формаларын қамтиды. Аталған компоненттің мазмұны лингвомәдени білімді меңгеру, талдау, интерпретациялау және оны мәдениетаралық әрі кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда қолдануға бағытталған оқу әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасуының үш деңгейін анықтадық: жоғары, орта және төмен.

Жоғары деңгейдегі студенттер коммуникативтік мақсат пен мәдени контекстті ескере отырып, тілдік құралдарды орынды қолдануға және қарапайым педагогикалық қарым-қатынас жағдаяттарын модельдеуге бағытталған тапсырмаларды орындай алады. Олардың сөйлеу мінез-құлқы базалық деңгейдегі орындылықпен, жағдаятқа бейімделу қабілетімен және белгілі бір дәрежедегі вариативтілікпен сипатталады.

Орта деңгейдегі студенттер стандартты коммуникативті тапсырмаларды сәтті орындайды, негізінен үлгілер мен сөйлеу модельдеріне сүйенеді. Сонымен қатар, тілдік құралдарды қолдану ішінара саналы, ал мәдени компонент сәйкес келмейді. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа деген қызығушылық бар, бірақ өзінің коммуникативті тәжірибесін талдау қабілеті түрінде қалыптасады және педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Төмен деңгей шеттілдік қарым-қатынастың мәдени шарттылығы туралы біртұтас түсініктің жоқтығымен және шетел тілін кәсіби бағдарланған коммуникативті жағдаяттарда, тіпті қарапайым сипатта да қолдануға дайындығынан көрінеді. Студенттер коммуникативті тапсырмаларды орындауда айтарлықтай қиындықтарға тап болады, бұл мәдени нормаларды ескермей тілдік материалдың ресми түрде қайталануына әкеледі.

Ұсынылған деңгейлер тілдің мәдени мағыналарын түсіну дәрежесіндегі сапалық айырмашылықтарды, олардың базалық кәсіби бағдарланған коммуникациядағы көріну сипатын және студенттердің одан әрі кәсіби түрде оқытуға дайындығын көрсетеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің процессуалдық-әдістемелік блогы білім беру процесінде модельді практикалық іске асыру тетіктерін көрсетеді және теориялық ережелерді қамтамасыз етеді. Бұл блок оқыту технологиясын, оқу жұмысын ұйымдастыру формаларын және лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың логикасын, динамикасын және нәтижелілігін анықтайтын тапсырмалар жүйесін қамтиды.

Зерттеуде қажетті білім беру процесінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру технологияларының даму дәрежесі туралы ақпаратты талдауға мүмкіндік береді. Сөздік көздерін талдау «технология» термині ежелгі грек сөздерінің синтезі екенін көрсетеді « techne-шеберлік және logos – білім, ілім, яғни кез-келген бизнесте, шеберлікте, өнерде қолданылатын әдістердің жиынтығы» [151].

Яғни, технология терминін қолдану бастапқыда оқытудың техникалық құралдарын белсенді енгізумен және қолданумен, содан кейін бағдарламалауды қолданумен, озық педагогикалық тәжірибені зерттеумен, жалпылаумен және таратумен байланысты болатындығы анықталды. Педагогикалық технология білім беру мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру формаларының өзара байланысқан жүйесі ретінде сипатталады. Сонымен бірге, педагогикалық технология болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған мақсат, мазмұн, әдістер, стратегиялар, оқу әрекеттері мен цифрлық құралдардың өзара сабақтастығын қамтамасыз ететін әдістемелік жүйенің үдерістік компоненті ретінде қарастырылады.

В.П. Беспалько өз еңбектерінде білім беру саласындағы «технология» ұғымының мазмұны тарихи даму барысында өзгеріп, бірқатар теориялық түсіндірмелермен толыққанын көрсетеді [152]. Педагогикалық технологияның мәні, құрылымы және оны білім беру үдерісінде жүзеге асыру мәселелері В.В. Гузеев [153], Р.А. Шаханова [154], Г.К. Селевко [155] еңбектерінде де әртүрлі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырылған. Аталған зерттеушілердің тұжырымдарын талдау педагогикалық технологияны алдын ала белгіленген білім беру нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған мақсат, мазмұн, әдістер, құралдар мен оқу әрекеттерінің өзара байланысқан жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

М. В. Кларин «технологияны» педагогикалық мақсаттарға жету үшін қолданылатын барлық жеке және әдістемелік құралдардың жүйелік жиынтығы ретінде қарастырады [156].

Педагогикалық технологияның ең ауқымды, тәжірибеге бағытталған анықтамасын Л. В. Абдалина берді. Ол арқылы ғалым білім беру процесінің өзгеретін жағдайларында болжамды нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің жиынтығын түсінеді [157, 8–11 бб.].

Кәсіби білім берудің заманауи технологиялары, В.Ф. Орлов, маманның жеке тұлғасын қалыптастырумен, оның кәсіби мәдениетін дамытумен және кәсіби дамуын қамтамасыз етуі бідлім беру бағдарламасында қарастырылған. Білім, білік және дағдыларды белсенді игеруді қамтамасыз ететін педагогикалық процестің негізгі құрамдас бөліктерінің жиынтығы болып табылады [158].

Құзыреттілікті арттырудың педагогикалық технологиясында ең бастысы – болашақ маманның тұлғасын қалыптастыру үдерісін жобалау. Демек, оның кәсіби дайындық нәтижесіне деген ниеттерін күшейту, жеке тұлғаның кәсіби дамуы жағдайында, кәсіби сананы қалыптастыру және өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі бірінші орынға шығады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің оқу үрдісінде лингвомәдени құзыреттілігін дамыту мәселесіне қайта оралсақ, А.Т. Алиакбарова және басқалар (B. Sansyzbayeva, A. Nurtayeva, G. Smanova) педагогикалық практика барысында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің лингвоәдістемелік рефлексиясын дамытудың когнитивтік және шығармашылық стратегияларын қарастырған. Авторлардың пікірінше, стратегиялық жоспарлау мен өзін-өзі бақылау сияқты когнитивтік стратегиялар, сондай-ақ метафора, оқиға баяндау (storytelling) және визуалды рефлексия құралдары сияқты шығармашылық тәсілдер болашақ мұғалімнің тіл педагогикасын шынайы сынып тәжірибесімен байланыстыруына және кәсіби бірегейлігінің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл ретте рефлексивті білім беру ортасын құру және стандартты емес педагогикалық жағдаяттарды шешу маңызды рөл атқарады [159].

Зерттеу жұмысымызда интерактивті технологияның мүмкіндіктерін қолданамыз. Бұл жағдайда бұл технология оқу материалының анықтық дәрежесін арттырады, оны қабылдау мен игеруді жеңілдетеді.

Интерактивті оқыту – білім алушылардың өзара әрекеттестігіне, бірлескен танымдық әрекетіне және оқу үдерісіне белсенді қатысуына негізделген оқытуды ұйымдастыру формасы. Интерактивті оқыту барысында білім алушылар оқытушымен және өзара пікір алмасып, мәселені бірлесіп талдау, өз көзқарасын дәлелдеу және баламалы шешімдерді ұсыну арқылы білімдерін толықтырады. Мұндай оқыту ортасы тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға, дербестігін дамытуға және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Интерактивті білім беру технологиялары кәсіби білім мен дағдыларды меңгеру үдерісінде білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін инновациялық оқыту құралдарының бірі болып табылады. Олардың негізгі ерекшелігі – білімді дайын күйінде қабылдаудан гөрі, оны өзара әрекеттесу, тәжірибелік тапсырмаларды орындау, проблемалық жағдаяттарды талдау және рефлексия жасау арқылы меңгеруге бағытталуы. Бұл ерекшеліктер құзыреттілікке негізделген және тұлғаға бағдарланған тәсілдердің талаптарымен сабақтасады.

Е. П. Белкинаның зерттеуінде кейс-стади әдісін жоғары оқу орнында тілдік емес мамандықтар студенттеріне шетел тілін оқытуда қолдану мәселесі қарастырылады. Зерттеуші бұл әдістің білім алушыларды нақты немесе модельденген жағдаяттарды талдауға, мәселенің шешімін іздеуге және алған білімдерін практикалық әрекетте қолдануға бағыттайтын мүмкіндіктеріне назар аударады [160]. Аталған тұжырымдар кейс-стади әдісінің шетел тілін оқытуда теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға және білім алушылардың белсенді танымдық әрекетін ұйымдастыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында интерактивті оқыту технологияларын қолдану ерекше маңызға ие. Себебі олардың кәсіби қызметі тек тілдік білімді меңгерумен шектелмейді, сонымен қатар өзге мәдениетті түсіну, мәдени айырмашылықтарды дұрыс интерпретациялау, мәдениетаралық қарым-қатынасты ұйымдастыру және туындаған коммуникативтік мәселелерді педагогикалық тұрғыдан шешу қабілеттерін талап

етеді. Осыған байланысты интерактивті әдістерді қолдану болашақ мамандардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік мүмкіндіктерін кеңейтеді.

А. Б. Парманова мен А. К. Садыкованың зерттеуінде кейс-стади әдісі шетел тілі мұғалімдерін кәсіби-бағдарлы даярлаудың білім беру технологиясы ретінде қарастырылады. Авторлар бұл әдістің болашақ мамандарды кәсіби жағдаяттарды талдауға, мәселені шешудің ықтимал жолдарын анықтауға және теориялық білімді практикалық әрекетте қолдануға бағдарлайтын мүмкіндіктерін көрсетеді [161]. Бұл зерттеудің тұжырымдары кейс-стади әдісін болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығымен қатар, олардың лингвомәдени құзыреттілігін дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін құрастыруда да қолдануға негіз болады.

Кейс-стади әдісінің мәні – білім алушыларға белгілі бір проблемалық жағдаятты ұсынып, оны талдау, қажетті ақпаратты іріктеу, әртүрлі көзқарастарды салыстыру және негізделген шешім қабылдау үдерісіне тарту. Бұл ретте білім алушылар тек дайын ақпаратты меңгеріп қана қоймай, өз білімдерін жаңа жағдайларда қолдануға, өз ұстанымын дәлелдеуге және басқа қатысушылардың пікірлерін ескеруге үйренеді. Әдістің осындай ерекшеліктері оны кәсіби бағдарланған шетел тілі сабақтарында қолдануға мүмкіндік береді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда кейс-стади әдісінің мазмұны мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттармен толықтырылады. Мысалы, білім алушыларға әртүрлі мәдени орта өкілдері арасындағы түсінбеушілік, ұлттық-мәдени ерекшеліктерге байланысты туындайтын коммуникативтік кедергілер немесе шетел тілі сабағында мәдени мазмұнды түсіндіруге қатысты педагогикалық мәселелер ұсынылуы мүмкін. Осындай жағдаяттарды талдау барысында студенттер мәдени ақпаратты интерпретациялайды, ана тілі мен оқытылатын тіл мәдениетін салыстырады, коммуникативтік әрекеттің ерекшеліктерін анықтайды және педагогикалық тұрғыдан негізделген шешімдер ұсынады.

Кейс-стади әдісін қолдану үдерісінде болашақ мұғалімдердің лингвомәдени құзыреттілігінің мазмұндық компоненттері өзара байланыста дамиды. Атап айтқанда, мәдени ақпаратты іздеу және талдау ақпараттық-талдамалық компоненттің, мәдени құбылыстардың мәнін түсіну мен салыстыру когнитивтік компоненттің, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысу коммуникативтік компоненттің, ал нақты жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды таңдау және коммуникативтік әрекеттің нәтижесін ескеру прагматикалық компоненттің қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, кейс-стади әдісі лингвомәдени білімді меңгеруді ғана емес, оны кәсіби және мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайларында орынды қолдану қабілетін де дамытуға бағытталады.

Кейс-стади әдісін тиімді жүзеге асыру үшін тапсырмалардың мазмұны болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейіне, тілдік мүмкіндіктеріне және мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесіне сәйкес іріктелуі қажет. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушылардың жеке және топтық

жұмысы, пікірталас, дәлелдеу, бірлескен шешім қабылдау және рефлексия әрекеттері өзара сабақтастықта ұйымдастырылады. Мұндай жұмыс форматы студенттердің өз бетінше білім алуына, өзара бағалауына және мәдениетаралық жағдаяттарда әрекет ету тәжірибесін жинақтауына жағдай жасайды.

Кейс-стади көбінесе іскерлік ойын деп аталады, өйткені бұл әдіс кәсіби іс-әрекетті ойынмен біріктіреді. Бұл технологияның мәні: оқу материалы жағдаяттар түрінде беріледі, ал студенттер білімді олардың шешімдерді әзірлеу бойынша белсенді зерттеу және шығармашылық іс-әрекет нәтижесінде алады [162, 16–18 бб.].

Кейс-әдістің кәсіби даярлау үдерісіндегі дидактикалық мүмкіндіктері А.П. Панфиловаңың еңбектерінде қарастырылған. Зерттеуші кейс-технологияларды білім алушылардың проблемалық жағдаяттарды талдауына, баламалы шешімдерді іздестіруіне, өз ұстанымын дәлелдеуіне және бірлескен әрекет барысында кәсіби-коммуникативтік тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беретін интерактивті оқыту құралдарының бірі ретінде қарастырады [163]. Осы тұрғыдан кейс-әдісті болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда мәдениетаралық жағдаяттарды талдау, мәдени ерекшеліктерді салыстыру және кәсіби-педагогикалық шешім қабылдау дағдыларын дамыту құралы ретінде қолдануға болады [164].

Кейс-технологияларды білім беру үдерісінде қолданудың теориялық және әдістемелік мәселелері О.Г. Смолянинова, Ю.П. Сурмин, А.П. Панфилова және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Ғалымдардың зерттеулерін талдау кейс-әдістің кәсіби білім берудің тәжірибеге бағдарлануын күшейтуге, білім алушылардың кәсіби құзыреттерін дамытуға, проблемалық жағдаяттарды жан-жақты талдауға және негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, кейс-әдісті болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды талдау, мәдени айырмашылықтарды интерпретациялау, ықтимал коммуникативтік мәселелердің шешімдерін ұсыну және өз ұстанымын дәлелдеу құралы ретінде қолдану тиімді болып табылады.

Практикалық жағдаяттар нақты өмірлік жағдаяттарды көрсетеді.

Б. Е. Андюсев атап өткендей, практикалық істің мақсаты білім беру, пәндік білім мен дағдыларды білім беруден кейінгі, нақты өмірдің кәсіби-белсенділік кеңістігіне айналдыру дағдыларын пысықтау болып табылады [165, 61–69 бб.].

Кейс-әдісті жоғары кәсіби білім беру практикасына енгізудің өзектілігі оның білім алушыларды бірмәнді жауаптарды меңгеруге, дайын білімді жаттап алуға және тек базалық практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағдарламай, кәсіби жағдаяттарды талдау, баламалы шешімдерді салыстыру, дәлелді шешім қабылдау және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған интерактивті оқыту технологиясы ретіндегі әлеуетімен айқындалады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, кейс технологияларының нақты тұжырымы жоқ және мұндағы негізгі ұғым «нақты жағдаяттарды талдау» деп болжауға болады.

Олай болса, болашақ шетел тілі мұғалімдері кейс әдісі арқылы лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыра отырып, келесі дағдыларды қамтиды:

– түрлі коммуникативті жағдаяттарды тілде дұрыс қолдана білу;

– оқытылатын тіл елінің мәдени ерекшеліктерін түсіну;

– мәдени контекстті ескере отырып, мәтіндерді талдап, түсіндіре білу;

– оқу материалдарын студенттердің мәдени ерекшеліктеріне бейімдей білу;

– оқу процесінде эмпатия мен толеранттылық таныта білу.

Жұмысымызда қарастыратын келесі әдіс - жобалау әдісі. И.И. Джужук [166] еңбектері жобалық әдісті қолдануға арналған. Жоғары білім берудегі жобалық оқыту бойынша жүргізілген зерттеулерге шолу жасаған П. Гуо және әріптестері [167] оның студенттердің когнитивтік, аффективтік және мінез-құлықтық оқу нәтижелеріне оң ықпал ететінін көрсетеді. А. Грас-Веласкес [168] редакциялаған ұжымдық монографияда тілдік жобалар студенттерге аудиторияда да, жергілікті және жаһандық қоғамдастықта да тәжірибелік қоғамдастықтар (communities of practice) құруға мүмкіндік беретіні сипатталады. К.Ш. Лестари және әріптестері [169] жобалық оқыту болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін, рефлексиясын және кәсіби болмысын дамытатынын анықтаған.

Қазіргі білім беру үдерісінде жобалық әдісті қолданудың өзектілігі оның білім алушылардың дербес ізденісін, шығармашылық белсенділігін және практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталуымен айқындалады. Жобалық жұмыс барысында білім алушылар белгілі бір мәселені зерттеп, қажетті ақпаратты іздейді, іріктейді және талдайды, өзара әрекеттеседі әрі алынған нәтижені нақты өнім түрінде ұсынады. Осы тұрғыдан жобалық әдіс болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда тілдік және мәдени ақпаратты өзара сабақтастықта меңгеруге, мәдени құбылыстарды салыстыру мен интерпретациялауға, сондай-ақ алынған білімді мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік береді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда жобалық әдіс үлкен рөл атқарады. Жобалық жұмыс студенттерге тілдік білімдерін нақты мәдени жағдаяттар аясында қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқылатын тілдің мәдени аспектілерін жақсырақ түсінуге және ассимиляциялауға ықпал етеді. Жобалармен жұмыс істеу барысында студенттер әртүрлі дереккөздерден, соның ішінде мақсатты тілдегі түпнұсқалық материалдардан ақпаратты іздеуді, талдауды және синтездеуді үйренеді. Жоба тапсырмалары мәдени айырмашылықтар мен ұқсастықтар туралы сыни ойлауды талап етеді, бұл аналитикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Жобалар бойынша топтарда жұмыс істеу мәдениетаралық қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын жақсартады. Студенттер диалог құруға, идеяларды талқылауға және ымыраға келуге үйренеді. Жобалар көбінесе мәселелерді шешуге және нәтижелерді ұсынуға шығармашылық көзқарасты талап етеді. Бұл студенттердің шамадан тыс ойлау және түпнұсқа шешімдерді табу қабілетін

дамытады. Жоба әдісі осылайша белсенді, практикалық және шығармашылық қатысу арқылы студенттер өздерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың көп өлшемді оқу ортасын жасайды.

Имитациялық педагогикалық ойын - кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды модельдеуге және оған қатысушылардың белгілі бір рөлдер негізінде өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға бағытталған интерактивті оқыту әдісі. Имитациялық ойын барысында болашақ шетел тілі мұғалімдері мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды модельдеп, белгілі бір әлеуметтік және кәсіби рөлдерді орындайды, коммуникативтік мінез-құлық стратегияларын таңдайды және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып өзара әрекеттеседі. Бұл әдіс лингвомәдени білімді практикалық жағдаяттарда қолдануға, мәдени айырмашылықтарды түсіну мен интерпретациялауға және мәдениетаралық коммуникация тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай ойын оқыту іс-әрекетін табысты жүргізуге қажетті қасиеттерді, қабілеттерді, дағдыларды дамытудың тәсілі мен құралы болып табылады.

Модельдеу - шетел тілін оқытудың аса құнды әдісі. Олар ойлау мен шығармашылықты дамытады, студенттердің тілдік дағдыларын дамытуға және шынайы өмірге барынша жақын ортада шетел тілін қолдану тәжірибесіне мүмкіндік береді. Ғылыми әдебиеттерде модельдеу рөлдік ойынмен салыстырғанда неғұрлым кең ұғым ретінде қарастырылады. Ладусстың тұжырымдауынша, модельдеу әдісі күрделі сценарийлерді құруды, ұзақ уақытты және алдын ала мұқият дайындықты қажет етеді, сондықтан оны жүзеге асыру белгілі бір деңгейде икемділігі шектеулі үдеріс болып табылады. Ал рөлдік ойындар қысқа уақыт ішінде ұйымдастырылатын, қарапайым құрылымға ие және оқу жағдайына қарай оңай бейімделетін интерактивті оқыту әдісі ретінде сипатталады [170].

Симуляция әдісінің негізгі ерекшелігі нақты кәсіби немесе әлеуметтік жағдаяттардың құрылымы мен шарттарын оқу ортасында модельдеу арқылы білім алушыларды шынайы іс-әрекетке барынша жақын жағдайға енгізу болып табылады. Симуляция барысында қатысушылар нақты мәселені шешуге, шешім қабылдауға және өзгермелі жағдаяттарға сәйкес әрекет етуге бағытталады. Ал рөлдік ойын белгілі бір әлеуметтік немесе кәсіби рөлдерді орындау негізінде қатысушылардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыруды көздейді. Рөлдік ойын барысында білім алушылар тиісті коммуникативтік стратегияларды таңдап, тілдік және мінез-құлықтық үлгілерді қолдану арқылы кәсіби әрі мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін меңгереді. Демек, симуляция әдісінде негізгі назар жағдаят пен кәсіби іс-әрекет үдерісін модельдеуге аударылса, рөлдік ойында қатысушының белгілі бір рөл аясындағы коммуникативтік мінез-құлқы мен өзара әрекеттестігі басымдыққа ие болады [171, 223–230 бб.].

Білім беру симуляциясы - нақты кәсіби жағдайларды модельдеуге негізделген, айқын дидактикалық мақсатты, жүйеленген ережелерді, тапсырмалар мен әрекет ету стратегияларын қамтитын құрылымдық педагогикалық сценарий. Бұл әдіс білім алушылардың теориялық білімдерін

практикалық қызметпен ұштастырып, шынайы кәсіби ортада тікелей қолдануға болатын құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады. Модельдеу ойынының нәтижесінде келесі құзыреттер қалыптасады:

– тұлғааралық және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін шешу үшін шетел тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білу;

– әлеуметтік, этникалық, діни және мәдени ерекшеліктерді қабылдай отырып, топта жұмыс істей білу;

– тиісті кәсіби салада ауызша және жазбаша сөйлеуді анық, логикалық тұрғыда құра білу;

– кәсіби байланыстарды орнату және кәсіби қарым-қатынасты дамыту әдістерін, оның ішінде шетел тілін білу.

Симуляциялық ойын бірқатар оқыту коммуникативтік функцияларын орындайды, оның барысында кәсіби оқытудың негізгі міндеттері іске асырылады:

– кәсіби іс-әрекет саласындағы коммуникативтік дағдылар мен фондық білімді кеңейту және тереңдету;

– мәдениетаралық қарым-қатынастың кәсіби-маңызды жағдайларында тұлғааралық және іскерлік қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру;

– шетел тілін кәсіби-маңызды ақпаратпен алмасу құралы, ғылыми-зерттеу құралы ретінде пайдалану сонымен қатар лингвистикалық идеялардың, білім мен дағдылардың кеңеюі мен тереңдеуі байқалады.

Осы тұрғыдан шетел тілін кәсіби маңызы бар ақпаратпен алмасу және ғылыми-зерттеу әрекетін жүзеге асыру құралы ретінде пайдалану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвистикалық және лингвомәдени білімдерін кеңейтуге, тереңдетуге және оларды практикалық әрекетте қолдануға мүмкіндік береді. Аталған міндеттерді жүзеге асыру білім алушылардың ақпаратты іздеу, талдау, салыстыру, интерпретациялау және өзара әрекеттесу әрекеттерін біріктіретін заманауи цифрлық білім беру ортасын пайдалануды қажет етеді. Осындай мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін цифрлық құралдардың бірі ретінде зерттеуімізде Nearpod платформасы таңдалды. Платформаның интерактивті және мультимодальды мүмкіндіктері мәтіндік, аудио-бейне және визуалды лингвомәдени материалдарды бір оқу кеңістігінде біріктіруге, студенттердің мәдениетаралық мазмұндағы тапсырмаларды орындауын және өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Nearpod платформасын пайдалана отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері:

– студенттерге мәдениет пен тіл туралы теориялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді. Оған аутентті материалдармен (мәтіндер, аудио және бейне) жұмыс істеу, интерактивті тапсырмалар және нақты коммуникативтік жағдаяттардың симуляциясы кірді;

– студенттер өздерінің тілдік және мәдениетаралық коммуникативті дағдыларын жетілдірді. Олар өз ойларын шетел тілінде дұрыс және сауатты айтуды ғана емес, қарым-қатынасын мәдени нормаларға бейімдеуді де үйренді;

– студенттерге тілі оқылатын елдердің мәдени аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Бұл дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, тарихты, әдебиетті, өнерді және тілдік мінез-құлыққа және өзара іс-әрекетке әсер ететін мәдениеттің басқа да аспектілерін зерделеуді қамти алады;

– студенттер өздерінің мәдениетаралық сезімталдығын және мәдени контекстердің алуан түрлілігіне бейімделе білуін дамыта алады;

– студенттер өздерінің лингвомәдени құзыреттілігі саласындағы күшті және әлсіз жақтарын талдай алады және оларды жақсарту үшін белсенді жұмыс істей алды;

– болашақ шетел тілі мұғалімдерін оқытудағы, оқу материалдарын бейімдеудегі және әртүрлі мәдени топтармен өзара іс-қимылдағы нақты сын-қатерлерге даярлай отырып, оларды кәсіби даярлаудың маңызды бөлігі болып табылды.

Осылайша, лингвомәдени құзыреттілік бойынша ұсынылған Nearpod платформасы студенттердің тіл және мәдениет туралы білімін тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар оларға әртүрлі ортада шетел тілін табысты әрі кәсіби оқыту үшін қажетті дағдыларды дамытатын болады.

Nearpod платформасын пайдаланудың мақсаты - цифрлық, интерактивті және мультимодальды оқу мүмкіндіктерін пайдалану арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін жүйелі қалыптастыру, олардың тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуіне және лингвомәдени білімді мәдениетаралық әрі кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда қолдануына жағдай жасау.

Nearpod платформасын пайдаланудың міндеттері:

– аутенттік мәтіндік, аудио, бейне және визуалды материалдар негізінде лингвомәдени білімді меңгертуді ұйымдастыру;

– студенттердің лингвомәдени ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау, салыстыру және интерпретациялау дағдыларын дамыту;

– өз және өзге мәдениеттердің тілдік және мәдени ерекшеліктерін салыстыруға бағытталған интерактивті тапсырмаларды ұйымдастыру;

– мәдениетаралық коммуникативтік жағдаяттарда шетел тілін орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру;

– кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды модельдеу арқылы лингвомәдени білімді практикалық тұрғыдан қолдануға жағдай жасау;

– студенттердің интерактивті өзара әрекеттестігін, дербес және бірлескен оқу әрекетін ұйымдастыру;

– цифрлық ресурстар арқылы білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігі мен рефлексиясын дамыту;

– ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктерді өзара сабақтастықта қалыптастыру.

Бұл тек тілдік құрылымдарды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар ойын сценарийлері арқылы мәдени ерекшеліктерді зерттеуге де ықпал етеді;

– студенттер шынайы тілдік жағдаяттардың виртуалды симуляциясына ене алды, бұл тілдік аспектілерді ғана емес, мәдени нормалар мен күтулерді де түсінуге көмектеседі;

– студенттердің тілдік және мәдени туындыларына кері байланысты тез және тиімді ұсынуға мүмкіндік берді, бұл олардың ұдайы жақсаруына және қателерін түзете алады.

Осылайша, осы зерттеуде таңдалған технологиялар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделіне сәйкес анықталды. Лингвомәдени құзыреттілігі ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерден тұратындықтан, қолданылатын технологиялар бұл үш компоненттің дамуына тікелей ықпал етеді.

Сондықтан зерттеуде төмендегі қағидалар басшылыққа алынды:

Технология студенттің тілдік-мәдени білімін кеңейтуге мүмкіндік беруі керек - бұл ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілікның қалыптасуы үшін қажет.

Технология интерактивті тілдік қарым-қатынасқа жеткізетін ортаны қалыптастырады - бұл когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілікға сәйкес келеді және технология мәдени нормалар мен мәдениетаралық қатынасты тәжірибе арқылы меңгертетіндей болуы керек. Бұл өз тарабынан прагматикалық субқұзыреттілікке бағытталған.

Зерттеу барысында ұсынылған технологиялар қандай нәтижеге жеткізуді көзделгені нақтыланды. Сонымен, зерттеу барысында қолданылған педагогикалық және цифрлық технологиялардың болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін құрайтын субқұзыреттіліктерді өзара сабақтастықта қалыптастыруға бағытталғаны айқындалды. Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған технологиялар мәдени-тілдік ақпаратты іздеу, іріктеу, салыстыру, талдау және интерпретациялау әрекеттерін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Интерактивті оқыту технологиялары мәдени контекстке сәйкес тілдік бірліктерді орынды қолдану, мәдени мағыналарды түсіну, диалог пен пікірталас барысында мәдени айырмашылықтарды анықтау арқылы когнитивтік-коммуникативтік субқұзыреттіліктің қалыптасуына бағытталады. Ойын және имитациялық технологиялар мәдениетаралық әрі кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды модельдеу, коммуникативтік мінез-құлық стратегияларын таңдау және меңгерілген лингвомәдени білімді практикалық әрекетте қолдану арқылы прагматикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы технологиялардың кешенді және өзара сабақтастықта қолданылуы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін білімдік, коммуникативтік және іс-әрекеттік тұрғыдан тұтас қалыптастыруға негіз болады.

Үш технологияның таңдалуы кездейсоқ емес. Олардың әрқайсысы лингвомәдени құзыреттіліктің белгілі бір субқұзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан бұл технологиялар интеграцияланған түрде

қолданылғанда ғана болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін толыққанды қалыптасуына жағдай жасай аламыз деп болжамдадық.

Осылайша, оқытудың интерактивті технологияларын қолдану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың пәндік нәтижелеріне қол жеткізуге, сондай-ақ әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасауға ықпал етеді. Оқу-танымдық тапсырманы тұжырымдау және оны шешу үшін іс-әрекеттердің реттілігін анықтау, материалды игеру объектілерін талдау және синтездеу болып табылады.

В. И. Андреев оқытуды ұйымдастыру формасын «педагог пен студенттің өзара әрекеттесу ерекшеліктері, басқару мен өзін-өзі басқару арақатынасы, оқу орны мен уақыты, студенттер саны, мақсаттары, құралдары, мазмұны, әдістері мен нәтижелері бойынша оқыту процесінің тұтас жүйелік сипаттамасы» деп санайды. В. И. Андреев ұсынған оқытуды ұйымдастыру формаларының систематикасының үш өлшемді моделіне сүйене отырып, шетел тілін кәсіби-бағдарланған оқытудың келесі формаларын қолдануды дұрыс деп санаймыз. Оқыту формаларын таңдау мәдениеттер диалогы, коммуникативті өзара әрекеттесу және мәдениетаралық тәжірибені рефлексивті түсіну үшін жағдай жасау қажеттілігімен анықталады [172].

– фронтальды оқыту формасы лингвомәдени материалды енгізу және алғашқы түсіну үшін, сондай-ақ мәдени құбылыстар мен коммуникативтік нормаларды ұжымдық талқылауды ұйымдастыру үшін қолданылады. Фронтальды жұмыс барысында тілдік бірліктерге, мәтіндерге және коммуникативті жағдайларға бірлескен талдау жасалады, бұл студенттердің шеттілдік қарым-қатынастың мәдени шарттылығы туралы тұтас идеясын қалыптастыруға ықпал етеді;

– оқытудың жұптық формасы диалогтық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және тікелей өзара әрекеттесу процесінде мәдени мағыналарды түсіндіруге бағытталған. Жұптық жұмыс барысында студенттер позицияларды үйлестіруді, талқылауды және сөйлеу мінез-құлқын мәдени контекстпен байланыстыруды талап ететін коммуникативті тапсырмаларды орындайды;

– оқытудың топтық нысаны лингвомәдени мазмұнды ұжымдық игеруді қамтамасыз етеді және ынтымақтастықты, жауапкершілікті және бірлесіп шешім қабылдауды дамытуға бағытталған. Топтық жұмыс барысында студенттер мәтіндерді талдауға, кәсіби бағытталған коммуникативті жағдаяттарды модельдеуге және мәдени айырмашылықтарды талқылауға қатысады;

– оқытудың жеке түрі лингвомәдени материалды терең түсіну және рефлексиялық дағдыларды дамыту үшін қолданылады. Ол студенттердің мәтіндермен өзіндік жұмысын, аналитикалық және шығармашылық тапсырмаларды орындауды, сондай-ақ өзінің коммуникативті тәжірибесін түсінуді қамтиды.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы тапсырмалар жүйесі оқытудың әртүрлі формаларында жүзеге асырылады. Бұл тілдің мәдени мағыналарын кезең-кезеңімен және белсенді

түрде игеруді қамтамасыз етеді. Оқу жұмысын ұйымдастырудың фронтальдік, жұптық, топтық және жеке нысандары жаттығуларды саралап қолдануға жағдай жасайды және студенттердің кәсіби бағдарланған шеттілдік өзара іс-әрекетке белсенді қосылуына ықпал етеді. Диссертацияда жаттығулардың келесі түрлерін таңдадық: аналитикалық - индикативті жаттығулар, интерпретациялық-коммуникативті жаттығулар, репродуктивті-трансформациялық жаттығулар және продуктивті-коммуникативті жаттығулар (5- сурет).



Сурет 5 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың жаттығулар жүйесі

Аналитикалық-индикативті жаттығулары лингвомәдени материалдарды бастапқы түсінуге және студенттердің тіл мен мәдениеттің байланысы туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Осы жаттығуларды орындау барысында студенттер мәдени таңбаланған тілдік бірліктерді анықтайды, сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктерін талдайды және оларды коммуникативті контекстпен байланыстырады. Nearpod аналитикалық-бағдарлау жаттығуларын орындау кезеңінде технология студенттерді тілдік құбылыстар мен коммуникативтік нормалардың мәдени шарттылығы туралы хабардар етуге бағыттай отырып, іс-әрекеттің бағдарлау негізін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бұл кезеңдегі технологияның рөлі шеттілдік қарым-қатынастың негізінде жатқан мәдени мағыналарды анықтауға және түсінуге мүмкіндік беретін танымдық әрекеттерді құрылымдау болып табылады.

Интерпретациялық-коммуникативті жаттығулар мәдени мағыналарды терең түсінуге және оларды шеттілдік қарым-қатынас процесінде түсінуге бағытталған. Осы жаттығулар аясында студенттер мәтіндер мен коммуникативті жағдаяттарды түсіндіреді, мәдени айырмашылықтар мен ерекшеліктерді талқылайды, өздерінің коммуникативті ұстанымдарын тұжырымдайды. Nearpod интерпретациялық-коммуникативті жаттығуларын орындау кезінде технология оқу өзара әрекеттесуін және мағыналық білім беруді ұйымдастыру құралы ретінде әрекет етеді. Студенттерді диалог, талқылау және коммуникативті

жағдаяттарды бірлесіп талдау жағдайында мәдени мағыналарды түсіндіру процесіне қосуға ықпал етеді, бұл бастапқы түсініктен лингвомәдени материалды саналы түрде пайдалануға көшуді қамтамасыз етеді.

Репродуктивті-трансформациялық жаттығулар модельденген кәсіби бағдарланған жағдайларда үйренген лингвомәдени материалды қолдануға бағытталған. Студенттер сөйлеу үлгілерін көбейтеді және өзгертеді, оларды берілген қарым-қатынас жағдайлары мен коммуникативті тапсырмаларға бейімдейді. Репродуктивті-трансформациялық жаттығулар шеңберінде Nearpod платформасының рөлі коммуникативті міндет пен мәдени контекстке сәйкес үйренген сөйлеу модельдерін көбейтуден оларды түрлендіруге кезең-кезеңмен көшуді қамтамасыз ету болып табылады. Технология студенттерде кәсіби бағытталған сөйлеу әрекетінің тұрақты тәсілдерін қалыптастыра отырып, лингвомәдени білімді бекіту және бейімдеу процесін реттейді.

Nearpod платформасын пайдалану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға айтарлықтай ықпал ете алады. Nearpod платформасы студенттерге өздері оқып жатқан мәдениет пен тілге тереңірек енуге көмектесетін бейнелекциялар, интерактивті жаттығулар және аудио материалдар сияқты әртүрлі мультимедиялық ресурстарды жасауға және пайдалануға мүмкіндік береді. Nearpod платформасының цифрлық және интерактивті мүмкіндіктері лингвомәдени мазмұндағы оқу материалдарын мәтіндік, аудиовизуалды және интерактивті форматта ұсынуға мүмкіндік береді. Платформа арқылы аутенттік материалдарды пайдалану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің оқытылатын тіл елдерінің мәдени ерекшеліктерімен танысуына, тілдік бірліктердің мәдени мағынасын түсінуіне және әртүрлі мәдени құбылыстарды салыстырып, интерпретациялауына жағдай жасайды. Осы тұрғыдан Nearpod шетел тілін меңгертудің цифрлық құралы ғана емес, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған интерактивті білім беру ортасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.Продуктивті-коммуникативтік жаттығулар мәдени контекст пен кәсіби бағыттылықты ескере отырып, шеттілдік сөйлеуді өз бетінше туғызуға бағытталған. Оларды орындау процесінде студенттер рөлдік және ситуациялық ойындарға қатысады, педагогикалық жағдаяттарды моделдейді және қарым-қатынас стратегиясын саналы түрде таңдауды талап ететін коммуникативтік міндеттерді шешеді. Бұл жаттығулар коммуникативтік бастаманы, икемділікті және кәсіби мәні бар шеберлікті дамытуға ықпал етеді.

Nearpod платформасы продуктивті коммуникативті жаттығуларын орындау кезінде технология тәуелсіз коммуникативті іс-әрекетті белсендіру функциясын жүзеге асырады. Ол лингвомәдени білімнің шығармашылық қолданылуына, коммуникативті стратегияларды саналы түрде таңдауға және модельденген педагогикалық жағдаяттарда кәсіби маңызды бастаманың көрінуіне жағдай жасайды. құзыреттілігін қалыптастыруда Nearpod платформасында жүзеге асырылатын жаттығулар түрлерінің байланысы 8 – кестеде жинақталған.

Кесте 8 – Nearpod платформасында жүзеге асырылатын жаттығу түрлері және олардың субқұзыреттіліктермен байланысы

№	Қалыптастыру субқұзыреттілік	Жаттығулар түрі	Nearpod платформасы	Тапсырмалар	Қалыптасқан нәтижелер
1	Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік	Аналитикалық - индикативті жаттығулар	Interactive Video, Time to Climb, Quiz, Matching Pairs, Draw It	Watch the video and identify cultural differences; Match the words with their meanings; Read the text and identify cultural elements	Аутентті мәтіндер мен бейнематериалдарды талдайды; мәдени маңызды ақпаратты бөлектейді; мәдени құбылыстарды салыстырады; ақпаратты іздеу және өңдеу үшін цифрлық ресурстарды пайдаланады.
2	Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік	Интерпретациялық-коммуникативті жаттығулар	Collaborate Board, Open-Ended Question, Poll, Pair Share (Discussion)	Discuss the questions in pairs; Compare English idioms with Kazakh equivalents; Explain the meaning of idioms	Мәдени ерекшеліктерді түсіндіреді; өз ұстанымын дәлелдейді; мәдениетаралық қарым-қатынаста тілдік құралдарды қолданады; коммуникацияның мәдени мәнмәтінін ескереді.
3	Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік Прагматикалық субқұзыреттілік	Репродуктивті-трансформациялық жаттығулар	Open-Ended Question, Fill in the Blanks, Quiz, Draw It	Complete the dialogue using appropriate expressions; Transform the dialogue; Rewrite the text from another cultural perspective	Зерттелген материалды жаңа коммуникативті жағдаяттарда қолданады; сөйлеу модельдерін өзгертеді; мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, адекватты тілдік құралдарды таңдайды.
4	Прагматикалық субқұзыреттілік	Продуктивті-коммуникативті жаттығулар	Collaborate Board, Open-Ended Question, Interactive Video, Nearpod Slides	Solve the intercultural case; Role play; Simulation; Create a digital poster illustrating five idioms with examples;	Кәсіби бағдарланған мәдениетаралық міндеттерді шешеді; педагогикалық жағдаяттарды модельдейді; дәлелді шешімдер қабылдайды; цифрлық технологияларды пайдалана отырып, өзінің білім беру ресурстарын жасайды.

Осылайша, Nearpod платформасы студенттердің аналитикалық, интерпретациялық, репродуктивті және тиімді әрекеттерін біріктіру арқылы жаттығу түрлерін орындау процесінің тұтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Оның рөлі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін кезең-кезеңмен және тиімді түрде қалыптастыруды және кәсіби бағдарланған шетел тілін оқытудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Нәтижелі блок жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін бағалау және диагностикалық функцияға жауап береді (деңгейлер, критерийлер және диагностикалық әдістер). Зерттеу жұмысы барысында келесі критерийлер негізге алынды: лингвомәдени білімді меңгеру критерийі, мәдениетаралық өзара әрекеттестік критерийі, кәсіби-практикалық білімді қолдану критерийі.

Мазмұндық – танымдық критерийі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тіл мен мәдениеттің байланысы туралы білімді меңгеру дәрежесін көрсетеді. Ол зерттелетін тілдің лексикасында, фразеологизмдерінде, сөйлеу этикетінде және мәтіндерінде көрсетілген ұлттық-мәдени ерекшеліктерді түсінуді қамтиды. Бұл критерийдің мазмұны зерттелетін мәдениет өкілдерінің дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, құндылықтары мен мінез-құлық нормалары туралы білімді қамтиды. Тілдік бірліктердің мәдени шарттылығы және оларды қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдану туралы хабардар болу ерекше маңызды. Мәдени таңбаланған сөздердің, өрнектер мен шындықтардың мағынасын түсіндіру қабілетінде көрінеді. Бұл критерийдің көрсеткіші сонымен қатар аутентті мәтіндердегі және басқа ақпарат көздеріндегі мәдени мағыналарды анықтай білу болып табылады. Маңызды аспект-жергілікті және зерттелетін мәдениеттердің құбылыстарын олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай отырып салыстыру мүмкіндігі. Бағалау кезінде алынған білімнің толықтығы, дәлдігі, жүйелілігі және мағыналылығы ескеріледі. Олардың ассимиляциясының жоғары дәрежесі лингвомәдени құбылыстарды тәуелсіз түсіндірумен және олардың ерекшеліктерін дәлелді түсіндірумен сипатталады. Осылайша, бұл критерий болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің білім негізінің қалыптасуын бағалауға мүмкіндік береді.

Мәдениетаралық өзара әрекеттесу критерийі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен қарым-қатынас жасау қабілетін көрсетеді. Ол әңгімелесушінің жағдайлары мен мәдени нормаларына сәйкес келетін сөйлеу құралдары мен қарым-қатынас стратегияларын таңдай білуді қамтиды. Бұл критерийдің мазмұны сөйлеу этикетінің ережелерін сақтауды және ауызша және вербалды емес мінез-құлықтың ерекшеліктерін түсінуді қамтиды. Маңызды көрсеткіш-өз ойларын білдіру және Серіктестің мәлімдемелерін түсіндіру кезінде мәдени айырмашылықтарды ескеру мүмкіндігі. Мәдениетаралық өзара іс-әрекет басқа көзқарасқа ашықтықты, мәдени әртүрлілікті құрметтеуді және диалогқа дайындықты білдіреді. Бұл байланыс орнату және қолдау,

позицияларды үйлестіру және бірлескен іс-әрекет барысында өзара түсіністікке қол жеткізу қабілетінде көрінеді. Коммуникативті қиындықтардың себептерін анықтау және оларды нақтылау, парафразалау және өз ұстанымын дұрыс түсіндіру арқылы жеңу қабілеті ерекше маңызға ие. Кәсіби дайындықта бұл критерий студенттердің рөлдік ойындарға қатысуы, мәдениетаралық жағдайларды талқылау және бірлескен жобаларды орындау арқылы ашылады. Бағалау кезінде сөйлеу мінез-құлқының орындылығы, коммуникативті стратегиялардың икемділігі және өзара әрекеттесудің тиімділігі ескеріледі. Осылайша, бұл критерий болашақ шетел тілі мұғалімінің мәдениетаралық қарым-қатынас пен педагогикалық іс-әрекетте лингвомәдени білімді қолдануға дайындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Кәсіби-практикалық критерийі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәселелерді шешуде үйренген лингвомәдени және әдістемелік білімдерін пайдалану қабілетін көрсетеді. Ол тіл мен мәдениеттің байланысын ашуға бағытталған оқыту әдістерін саналы түрде таңдауды қамтиды. Бұл критерийдің мазмұны материалдың мәдени мазмұнын, оқу мақсаттары мен білім алушылардың ерекшеліктерін ескереді. Маңызды көрсеткіш-қойылған міндеттерге сәйкес келетін шынайы мәтіндерді, аудиовизуалды материалдарды және коммуникативтік жағдаяттарды таңдау мүмкіндігі. Кәсіби және практикалық білімді қолдану студенттерді мәдени құбылыстарды талдауға және алған білімдерін қарым-қатынаста қолдануға шақыратын жаттығуларды жасауда көрінеді. Бұл критерий сонымен қатар мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайларын модельдейтін рөлдік ойындарды, пікірталастар мен жобаларды ұйымдастыра білуді көздейді. Мәдени таңбаланған материалды шетел тілін меңгеру деңгейіне және білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне бейімдеу қабілеті ерекше маңызға ие. Мәселелерді шешуде болашақ шетел тілі мұғалімдері оқыту әдістерін және цифрлық құралдарын таңдауды дәлелдеуі керек. Бағалау қабылданған шешімдердің әдістемелік негізділігі, практикалық тапсырмаларды орындаудың дербестігі және әзірленген материалдардың оқу мақсаттарына сәйкестігі негізінде жүзеге асырылады. Осылайша, бұл критерий болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени білімін қолданудың тиімділігін бағалауға дайындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Модельдің нәтижелі блогы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың критерийлері, деңгейлері және көрсеткіштерінің жиынтығынан тұрады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру процесінің ішкі ұйымдастырылуы ашылып, құрылымдық-мазмұндық модель элементтерінің үздіксіз өзара әрекеті ашылады.

Критериалды жүйені анықтау мәселесі бойынша педагогикалық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау кезінде объективті көрсеткіштерді анықтау ең күрделі мәселе болып табылады. Өкінішке орай, қазіргі уақытта болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін диагностикалаудың әмбебап әдісі жоқ.


Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру моделі жоғары оқу орнында бәсекеге қабілетті маманды тиімді дайындауда маңызды рөл атқарады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру моделін құрастыру мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді:

– модель түрі таңдалды және оның блоктары анықталды – мақсатты, теориялық-әдістемелік, мазмұндық-процессуалдық және нәтижелі;

– жобаланатын модельдің әрбір блогы сипатталады және нәтижесінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың тұтас моделі ұсынылады;

– болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары анықталып, жан-жақты сипатталды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі 6-суретте ұсынылған.



Сурет 6 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Мазмұндық-іс-әрекеттік блокта болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісіне мазмұндық-әдістемелік қолдау көрсетілді. Мазмұндық-іс-әрекеттік кезеңде негізгі назар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени білімдерін тереңдетуге және оларды мәдениетаралық әрі кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда практикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын қалыптастыруға аударылды. Осы кезеңде студенттердің лингвомәдени ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау және интерпретациялау, тілдік бірліктердің мәдени мағынасын түсіну, өз және өзге мәдениеттердің ерекшеліктерін салыстыру, сондай-ақ мәдени контекстке сәйкес коммуникативтік стратегияларды таңдау әрекеттері ұйымдастырылды. Бұл міндеттер интерактивті тапсырмалар, кейс-әдіс, жобалық жұмыс, рөлдік және имитациялық ойындар, аутенттік материалдар мен цифрлық білім беру ресурстарын кешенді қолдану арқылы жүзеге асырылды [173].

Қазіргі педагогикада «оқыту әдісі» ұғымы біржақты түсіндірілмейді. Л.А. Пескова [174] әдіс дегеніміз – белгілі бір оқу мақсатына жетуге бағытталған оқытудың әдістері мен формаларының жиынтығы деп тұжырымдайды. Дж. Ричардс пен Т. Роджерс [175] шетел тілін оқыту әдісін тәсіл (approach), құрылым (design) және процедура (procedure) деңгейлерін біріктіретін жүйе ретінде қарастырады. Сонымен, әдіс студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың әдісі мен сипатын қамтиды. Оқыту формасы – оқу үрдісі субъектілерінің ұйымдасқан өзара әрекеті

Әлеуметтік конструктивизм тұжырымдамасына сәйкес, іс-әрекеттің негізгі формалары жұптық және топтық жұмыс болады, дегенмен әр сабақта студенттің жеке жұмысына орын беріледі. Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту практикалық сабақтар түрінде жүзеге асырылады және тапсырмаларға байланысты пікірталас түрінде болуы мүмкін. Оқу материалдары электрондық білім беру ресурстары түрінде сақталатындықтан, жұмыс формасы ағылшын тіліндегі ақпарат көздері, оның ішінде Интернет желісі бар ПК-мен жұмыс істеу болады.

Жұмыстың құралы негізінде әзірлеген электрондық оқу құралында орналастырылған оқу материалдары болады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель қазіргі білім беру талаптарына сәйкес кәсіби даярлықтың мазмұнын жүйелеуге және оның нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель шетел тілін меңгертуді мәдениетаралық коммуникация, құндылықтық бағдар, ұлттық мәдени код және тілдік тұлға ұғымдарымен өзара байланыста қарастырып, педагогикалық үдерістің теориялық және практикалық негіздерін біртұтас жүйеге келтіреді.

Құрылымдық-мазмұндық модельдің құрылымы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың мақсат-міндеттерін, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, ұйымдастыру формаларын және күтілетін нәтижелерін кешенді түрде біріктірді. Сонымен қатар аталған оқу әрекеттерін ұйымдастыру барысында студенттердің лингвомәдени құзыреттілікті меңгеруге қызығушылығын арттыру мен кәсіби қажеттілігін саналы түсінуіне назар аударылады.

Жалпы алғанда, ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаты, мазмұны, әдіснамалық негіздері, іске асыру тетіктері мен күтілетін нәтижелері арасындағы өзара байланысты жүйелеп, аталған үдерісті жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық аясында ғылыми-әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыруға негіз болады.

Құрылымдық-мазмұндық модельдің нәтижелік көрсеткіштері құзыреттіліктің деңгейлік өлшемдері арқылы бағалануға мүмкіндік береді және кәсіби даярлық сапасын арттыруға бағытталған тиімді әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

2.3 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы жаттығулар кешені

Отандық әдістемелік әдебиеттерде жиі қолданылатын, сырттай қарағанда ұқсас көрінетін екі негізгі ұғым бар: «тапсырма» және «жаттығу». Тілді оқыту теориясы мен практикасы аясында әдістемелік термин ретінде қарастырылатын «Жаңа әдістемелік терминдер мен түсініктер сөздігінде» арнайы анықталады. Онда тапсырма оқу материалы негізінде орындалатын әрекеттерді ұйымдастыруға арналған ауызша немесе жазбаша нұсқау ретінде сипатталып, оқыту үдересін қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі екені көрсетіледі. Сонымен қатар, тапсырманың нақты әрі дұрыс құрастырылуы жаттығулардың нәтижелілігіне тікелей әсер ететін фактор ретінде бағаланады [176].

А. Шехаде көзқарасына сәйкес, жаттығу оқу материалын әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырудың құрылымдық бірлігі ретінде тапсырмаға қарағанда мазмұндық ауқымы тар ұғым болып табылады. Ғалымның пайымдауынша, жаттығулар көбіне белгілі бір дағдыны бекітуге бағытталған әрекеттер жүйесімен шектелсе, тапсырмалар сабақтың жалпы ұйымдастырылу логикасымен, оқу материалының түсіндірмесімен және оқу үдерісінің құрылымдық құрамдас бөліктерімен тығыз байланыста қарастырылады. Осы тұрғыда алғанда, тапсырма жаттығуға қарағанда сабақтың ұйымдастырушылық және мазмұндық аспектілерін толық қамтитын кеңірек әдістемелік категория ретінде сипатталады [177]. С.Л. Рубинштейн зерттеулерінде білім беру міндеттерін орталық проблемалардың бірі ретінде болып отыр. Ол оқу міндеттері студент іс-әрекетінің нақты жағдаяттарымен байланысты деген пікірді білдіреді.

Оқу тапсырмаларын талдай отырып, С.Л. Рубинштейн категорияларды қарастырады: мотив, көзқарас, мақсат, шарттар. Мотив студенттің оқу міндетіне қатынасын анықтайды, оны мақсатқа жетелейді, іс-әрекетті жүзеге асыруды ынталандырады. Бұл идеяны дамыта отырып, ғалымдар: «Адамның саналы әрекеті тапсырмаларды орындаудан тұрады. Тапсырмада берілген қарым-қатынастарға, мақсаттарға және шарттарға байланысты тапсырма қабылданады және шешіледі» деген көзқарас білдіреді [178, 187 б.].

Л. М. Фридман оқу тапсырмаларының дидактикалық ерекшеліктерін, ақыл-ой және практикалық тапсырмаларды орындау процесінде қиындықтарды жеңу жолдарын қарастырды. О. Р. Розиков «Оқу материалы және тапсырма»

жүйесін зерттеп, «тапсырма» ұғымын оқу процесінде туындайтын қажеттіліктерді қанағаттандыру құралы ретінде сипаттады. Бұл тәсіл оқу тапсырмасын оқу материалының өзгертілген түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Практикалық тапсырмалар – бұл студенттерге өз білімдерін қолдануға мүмкіндік беретін басшылықпен алынған тәжірибе. Олар курс материалдарына сәйкес келуі керек және курстың тақырыбы бойынша бірегей нақты тәжірибе мен білімді қолдануды көрсетуі керек. Тапсырмалар студенттерге курстың оқу мақсаттарына жетуді көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан осы тараушада болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға неғұрлым тиімді ықпал ететін жаттығулар мен тапсырмалардың түрлері айқындалып, олардың жүйесі ұсынылады.Лингводидактикада оқу мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал ететін жаттығулардың әртүрлі жүйелерін жасайды. Шетел тілін оқытудың заманауи мақсатына сүйене отырып, мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті дамыту қажет. С.С.Кунанбаева қарым-қатынасқа дайындайтын жаттығулар, қарым-қатынасты үлгі ететін жаттығулар және қарым-қатынас тәжірибесін қамтамасыз ететін жаттығулар деп өз еңбегінде атап өтеді [179].

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы міндеттер – студенттерде тиімді мәдениетаралық қарым-қатынасқа қажетті білім, білік және дағдыларды дамытуға бағытталған арнайы әзірленген оқу-тәжірибелік іс-әрекет. Бұл тапсырмалар болашақ шетел тілі мұғалімдеріне тілді меңгеріп қана қоймай, шетел тілінде сөйлеушілердің мәдени ерекшеліктерін, дәстүрлері мен мінез-құлық нормаларын түсінуге көмектеседі.

Тапсырмалар оқудың әртүрлі кезеңдеріне және студенттердің дағды деңгейлеріне сәйкес деңгейлері бойынша әртүрлі болуы керек. Тапсырмалар мәдениетаралық қарым-қатынастың нақты жағдайында білім мен дағдыларды қолдануға бағытталуы керек. Студенттер тілді тиісті мәдениет контекстінде түсініп, қолдана алуы үшін тілдік білімді мәдени аспектілермен байланыстыру.

Осылайша, тапсырмалар студенттерге тілді меңгеріп қана қоймай, мәдени лингвомәдени құзіреттіліктің негізгі аспектісі болып табылатын мәдени айырмашылықтарды түсіну қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі өзара сабақтасқан бірнеше арқылы жүзеге асырылады. Аталған үдерісті жүйелі ұйымдастыру мақсатында оны үш негізгі кезеңге бөлуге болады: мотивациялық, іс-әрекеттік және рефлексивті-нәтижелік (7-сурет).



Сурет 7 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру кезеңдері

Тілдік дағдыларды мотивациялық кезеңде дамытуда Nearpod платформасын қолдану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Аталған технология болашақ шетел тілі мұғалімдерінің оқу-танымдық қызығушылығын арттыруға, тілдік материалды мәдени контексте меңгеруге және кәсіби бағытталған тапсырмалар арқылы коммуникативтік белсенділігін күшейтуге мүмкіндік береді (9- кесте)

Кесте 9 – Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдеріндегі тапсырмалар мен Nearpod платформасының құралдары

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру кезеңдері	Тапсырмалар мен жаттығулар түрі	Қалыптасатын субқұзыреттіліктер	Nearpod платформасы құралдары	Қалыптасатын нәтижелер
1	2	3	4	5
Мотивациялық кезең	Express your opinion, Brainstorm, Think-share, Find cultural elements, Match the pairs, cultrural challenge, True and false, Describe and predict, Watch anf predict	Ақпараттық-аналитикалық	Open-Ended, Video Response, Collaborate Board,	Болашақ шетел тілі мұғалімдері тақырыпқа қызығушылық танытады; тіл мен мәдениет туралы қолда бар білімді өзектендіреді; сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын айқындайды; мәтіндер мен бейнематериалдардағы негізгі ақпаратты таниды; идиомалардың мағынасы және оларды қолдану туралы болжамдар жасайды; топта өзара әрекеттесуге және талқылауға дайындықты дамытады
Іс-әрекеттік кезең	Read and analyze, Mine research, Group problem	Когнитивті-коммуникативті	Match It, Draw Circle, Cultural Idiom Comparison,	Болашақ шетел тілі мұғалімдері мәтіндерді, бейнематериалдарды және

9 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	solving, Digital poster,Read and analyze, Mine research, Group problem solving, Digital poster, Compare and contrast, Watch-analyze-discuss, solve cultural problem, cultural presentation		Web Content, Time to Climb, Match It, Draw Circle, Cultural Idiom Comparison, Web Content, Time to Climb	коммуникативтік жағдаяттарды талдайды және түсіндіреді; контексте идиомалық өрнектердің мағыналарын табады және түсіндіреді; тілдік бірліктер мен қарым-қатынас жағдайлары арасында байланыс орнатады; мәдени ерекшеліктерін салыстырады; сөйлеу жағдайларында жаңа тіркестерді қолданады; ақпаратты іздеу, өңдеу және ұсыну дағдыларын жетілдіреді; топтық ынтымақтастық дағдыларын дамытады
Рефлексивті-нәтижелік кезең	Comparative Analysis of Higher Education Systems, Reflection Board, Self-Assessment Challenge.	Прагматикалық	Poster Presentation, Video Response, Collaborate Board	Болашақ шетел тілі мұғалімдері алған білімдерін жинақтайды және жүйелейді; жұмыстың нәтижелерін цифрлық форматта ұсынады (постер, бейне жауап, ұжымдық тақта); зерттелген идиомаларды өз сөйлеуінде пайдаланады; жеке және топтық қызметтің нәтижелерін бағалайды; қиындықтарды және оларды жеңу тәсілдерін анықтайды; зерттелген материалды талдау, коммуникация және практикалық қолдану дағдыларының қалыптасуын көрсетеді

Бұл кезеңде болашақ шетел тілі мұғалімдері оқытылатын тілдің прагматикалық және мәдениетаралық контекстіне белсенді түрде қатысады, тұрақты танымдық қызығушылық қалыптасады, құндылық-семантикалық көзқарастар мен мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы кәсіби іс-әрекетке мотивация қалыптасады. Nearpod платформасы лингвистикалық және мәдени білімдерді тереңдетуге ғана емес, сонымен қатар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби дайындығына лингвистикалық және мәдени құрамдастарды біріктіруге ықпал етеді.

Оқу-әдістемелік құрал болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін мақсатты және жүйелі түрде қалыптастыру мақсатында әзірленді. Құралдың негізгі мақсаты – тіл мен мәдениетті кіріктіре меңгертуге бағытталған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі арқылы білім алушылардың ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктерін кешенді қалыптастыру. Осы мақсатқа сәйкес оқу-әдістемелік құралда студенттердің лингвомәдени білімдерін кеңейту мен

тереңдету, аутенттік материалдар негізінде мәдени-тілдік ақпаратты іздеу, іріктеу, салыстыру, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту, тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін түсіну, өз және өзге мәдениеттердің құндылықтары мен ерекшеліктерін салыстыру, сондай-ақ тілдік құралдарды мәдени контекстке сәйкес қолдану міндеттері көзделді.

Сонымен қатар оқу-әдістемелік құралдың мазмұны білім алушылардың меңгерген лингвомәдени білімдерін мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда практикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын дамытуға бағытталды. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін кейс-тапсырмалар, рөлдік және имитациялық ойындар, жобалық жұмыстар, проблемалық және интерактивті тапсырмалар, аутенттік мәтіндер мен аудиовизуалды материалдар, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстары пайдаланылды. Құралдың тапсырмалар жүйесі зерттеуде басшылыққа алынған құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық тұғырлар мен оқыту қағидаттарына сәйкес құрылды. Осылайша, әзірленген оқу-әдістемелік құрал болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени ақпаратты меңгеру, талдау және интерпретациялауымен қатар, оны мәдениетаралық қарым-қатынас пен болашақ кәсіби-педагогикалық қызметте орынды қолдану қабілеттерін қалыптастыру 10-кестеде көрсетілген.

Кесте 10 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру кезеңдерінің мақсаты, тәсілдері мен ұстанымдары

Кезеңдер	Әдіснамалық тәсілдер	Принциптер	Жаттығу түрлері	Қалыптасатын субқұзыреттілік	Қалыптасатын нәтижелер
1	2	3	4	5	6
Мотивациялық	Аксиологиялық, құзыреттілік	Ынтымақтастық пен өзара әрекеттестік және тұлғаға бағдарланған	Аналитикалық-индикативті: мәтіннен, бейнематериалдан немесе сөйлеу жағдаятынан мәдени тұрғыдан маңызды ақпаратты анықтау; ана тілі мен оқып-үйреніп жатқан мәдениетке қатысты фактілерді салыстыру.	Ақпаратты-аналитикалық	Студент мәдениетаралық қарым-қатынастың кәсіби маңыздылығын түсінеді, өзге мәдениетті зерделеуге қызығушылық танытады, мәдени тұрғыдан таңбаланған тілдік бірліктер мен мәдени фактілерді ажыратып, таниды.
Іс-әрекеттік	Құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық	Ынтымақтастық пен өзара әрекеттестік және тұлғаға бағдарланған	Интерпретациялық-коммуникативті: Мәдени мағыналарды талқылау және түсіндіру; репродуктивті-трансформациялық: қарым-қатынас жағдаятына сәйкес сөйлеу үлгілерін түрлендіру;	Ақпаратты-аналитикалық Когнитивті – коммуникативті Прагматикалық	Студент тілдік бірліктердің мәдени мағыналарын түсіндіреді, әртүрлі мәдениеттердегі қарым-қатынас тәсілдерін салыстырады және коммуникативтік міндеттерді шешу барысында

10 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
			интерпретациялық-коммуникативті: диалогтар құру, рөлдік ойындарға қатысу, мәдениетаралық жағдаяттарды шешу.		жағдаятқа сәйкес келетін тілдік құралдарды таңдайды.
Рефлексивті нәтижелік	Құзыреттілікаксиологиялық интерактивтік	Тұлғаға бағдарланған коммуникативтік, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу	интерпретациялық-коммуникативті: кәсіби жағдаяттарды модельдеу, сабақ фрагментін әзірлеу, өзінің сөйлеу барысында қабылдаған шешімдерін бағалау және кері байланыс беру.	Прагматикалық	Студент кәсіби бағдарланған жағдаятта лингвомәдени білімдерін өз бетінше қолданады, сөйлеу стратегиясын таңдауды негіздейді, оның орындылығын бағалайды және одан әрі дамытудың бағыттарын айқындайды.

Әр кезеңде жаттығуларды іріктеу құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық тәсілдердің, сондай-ақ коммуникативтік, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу және тұлғаға бағдарланған оқыту принциптері үйлесімділігіне негізделеді. Тапсырмалардың кезең-кезеңімен күрделенуі мәдени тұрғыдан маңызды ақпаратты анықтау мен талдаудан бастап, оны интерпретациялау, қарым-қатынас барысында қолдану және өзінің коммуникативтік тәжірибесін рефлективті бағалауға дейінгі үдерісті қамтамасыз етеді.

Мотивациялық кезеңінде ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруда студенттерге мәтіндерге негізделген тапсырмалар ұсындық. Мәтіндер студенттердің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарды, өйткені олар әртүрлі қоғамдардың мәдени және тілдік ерекшеліктерін зерттеуге және талдауға бірегей мүмкіндіктер береді. Тарихи оқиғаларды, мәдени тәжірибелер мен дәстүрлерді сипаттайтын мәтіндерді зерттеу арқылы, студенттерге мәдениеттің уақыт өте келе қалай дамып, өзгеретінін түсінуге көмектеседі.

Студенттердің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық кезеңінде бірнеше негізгі аспектілерді ескеру маңызды болды. Бұл аспектілер студенттерге мәдени контекстерді тереңірек түсінуге және мәдени білімді олардың тілдік практикасына тиімді біріктіруге көмектеседі. Тілі оқытылып жатқан елге немесе өңірге қандай мәдени нормалар, құндылықтар мен дәстүрлер тән екенін түсіну маңызды. Бұл дәстүрлерді, мерекелерді, әлеуметтік иерархияны, сондай-ақ жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын білуді қамтиды. Студенттер тілді қолдануға әсер ететін мәдени аспектілерге назар аударады, мысалы, идиомалар, мәдени сілтемелер және қарым-қатынас стильдері. Бұл мәдени маңызы бар фразеологизмдерді, әзілдер мен сөздерді зерттеуді қамтиды. Білім алушылардың әртүрлі мәдени контекстерге бейімделу

қабілетін дамыту, мәдени айырмашылықтарды түсіну және ескеру, қарым-қатынас стратегияларын мәдени жағдаятқа сәйкес таңдау және мәдениетаралық өзара әрекеттесу барысында орынды коммуникативтік мінез-құлық таныту дағдыларын қалыптастыру көзделді. Бұл аспектілер студенттерге лингвомәдени құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға көмектеседі, бұл оларға тілді жақсы түсінуге ғана емес, сондай-ақ осы тіл қолданылатын мәдени контекстерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тапсырмаларды орындау кезең-кезеңімен жүйеленді. Жаттығуларды орындай барысында негізгі тәсілдер мен принциптерді басшылыққа ала отырып таңдалды.

Тапсырмалардың кезеңдермен байланысын айқындау мақсатында лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру моделінің мазмұнды іс-әрекеттік блогында көрсетілген кезеңдер мен жаттығу түрлерінің арақатынасы негізге алынды. Модельге сәйкес мотивациялық кезең аналитикалық-индикативті жаттығулар арқылы, іс-әрекеттік кезең интерпретациялық-коммуникативті және репродуктивті-трансформациялық жаттығулар арқылы, рефлексивті-нәтижелік кезең продуктивті-коммуникативті жаттығулар арқылы жүзеге асырылды. Әр кезеңде ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктер өзара байланыста қалыптастырылып, тапсырмалардың мазмұны мен күрделілік деңгейі кезеңнен кезеңге қарай біртіндеп арттырылды.

Әр кезеңнің соңында ұсынылған байланыстырушы тапсырмалар алдыңғы кезеңде меңгерілген білімді жинақтап, келесі кезеңнің тақырыбына көшуге дайындайды.

Мотивациялық кезең

Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік

Аналитикалық-индикативті жаттығу (1-блок: Ұлыбританияның мерекелері мен дәстүрлері)

Мотивациялық кезеңіне арналған жаттығулар мен тапсырмалар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің шетел тіліндегі мәдени контекстке дайындығын қалыптастырады. Жаттығулар мен тапсырмалар арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілігін қалыптастыра аламыз. Басты алған дескрипторлар:

– мәдениет туралы ақпаратты анықтау және алдын-ала болжам жасау;

– мәдени контекстке қызығушылық таныту.

Бұл жаттығулар мен тапсырмалардың әдістемелік функциялары: тақырыпқа бағыттау, мәдени байланыс құру және қызығушылықты ояту.

Студенттерге тілі оқылатын елдердегі мерекелер, дәстүрлер және мәдени тәжірибелер туралы бастапқы түсініктерін анықтау мақсатында алдын ала бағыттаушы сұрақтар жүйесі ұсынылады. Аталған жұмыс түрін ұйымдастыруда Nearpod платформасының Open-Ended және Collaborate Board форматтары тиімді қолданылып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жеке пікірін білдіруіне, топтық талқылауға қатысуына және мәдени тақырыптарға қатысты ой-тұжырымдарын негіздеуіне мүмкіндік жасалады.

Task 1. Express your opinion. (А қосымшасы, А.1)

Байланыстырушы тапсырма (мерекелерден идиомаларға өту)

Мерекелер мен дәстүрлерге қатысты мәдени ақпаратты тілдік деңгейге көшіру мақсатында мерекелік тұрақты тіркестерге негізделген тапсырма ұсынылды. Тапсырма мәдени фактінің тілде бейнелі түрде бекітілетінін көрсетіп, ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттіліктен когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілікке өтуді қамтамасыз етеді. Тапсырма Nearpod платформасының Matching Pairs форматында ұйымдастырылады.

Task. From Holidays to Idioms: Festive Language. (А қосымшасы, А.2)

Мотивациялық кезең

Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік

Аналитикалық-индикативті жаттығу (2-блок: идиомалар – мәдени код)

Кезеңмен байланысы: Бұл блокта мотивациялық кезеңнің аналитикалық-индикативті сипаты сақталады: болашақ шетел тілі мұғалімдері идиомаларды визуалды және контекстік белгілер арқылы анықтап, олардың мағынасы туралы алдын ала болжам жасайды. Идиомалардың мәдени мәнін интерпретациялау және оларды басқа мәдени-тілдік бірліктермен салыстыру іс-әрекеттік кезеңде тереңдетіледі.

Tasks 1–5: A riddle «Secret code», Odd one out, Pantomime and Absurdity, Circle the secret code, Bingo cards. (А қосымшасы, А.3)

Бұл тапсырма арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілігін қалыптастырады. Студенттер идиомалдарды визуалды және контекстік сигналдар арқылы тани алса, берілген BINGO карталарындағы идиомалардан мағынаға сәйкесіндіре алды. Тапсырма орындау барысында, Nearpod форматы: Draw-it / Matching Pair платформасы қолданылды.

4. Picture prompts. Give the meaning of the idioms. (А қосымшасы, А.4)

Аталған жаттығуды орындау үдерісінде студенттерден мәдени-тілдік мазмұнды интерпретациялау, мағынаны контекст арқылы анықтау және образды ойлау дағдыларын қолдану талап етілді. Бұл тапсырма білім алушылардың тілдік бірліктерді мәдени тұрғыдан түсіндіру қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беріп, нәтижесінде олардың ақпараттық-аналитикалық және когнитивті-коммуникативті субқұзыреттіліктері қалыптастыруға ықпал етті.

IV. Cultural Idiom Comparison; V. Idiom Interviews; VI. Idiom Mash-up; 5. Writing task. (А қосымшасы, А.5)

Байланыстырушы тапсырма (идиомалардың прагматикалық қолданысына өту)


Идиомалардың мағынасын анықтаудан олардың қарым-қатынас жағдаятына сәйкес қолданылуын талдауға көшу мақсатында жағдаяттық тапсырма енгізілді. Тапсырма студенттердің тілдік бірлікті коммуникативтік жағдаятқа, сөйлеу стиліне және тыңдаушының мәдени ерекшелігіне сәйкес таңдау біліктілігін дамытып, прагматикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға негіз қалайды.

Task. Idioms in Real Communication: Is It Appropriate? (А қосымшасы, А.6)

Мотивациялық кезең

Прагматикалық субқұзыреттілік

Аналитикалық-индикативті жаттығу (3-блок: идиоманың прагматикалық мәні)



Сурет 8 – Nearpod платформасының Web Content құралы арқылы BBC Learning English бейнематериалымен жұмыс

Watch the following video https://www.bbc.co.uk/learningenglish/english/course/experiment/unit-1/session-1, Summarize and present the main ideas of the video. Analyze the pragmatic meaning of the idiom in different languages. Discuss the similarities and differences between the English idiom and its Kazakh equivalent. Additionally, provide your own critical perspective on how idioms reflect cultural values and communicative traditions in different societies.

Тапсырманы орындау барысында болашақ шетел тілі мұғалімдері идиоманың мағынасын өз мәдениеттерімен салыстыра отырып талдады. Бұл идиоманы «қасиет пен мінезді өзгерту мүмкін емес» деген ұғыммен байланыстырады, ал ұқсас мәндегі мақал-мәтелдер бар екенін атап өткен. Олар өз мәдениетінде «жылан терісін өзгерткенмен, табиғатын өзгерте алмайды» деген сияқты тұрақты тіркестерді мысалға келтірген. Бұл салыстырулар идиомаларды меңгерудің тек тілдік емес, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді. Демек, идиомаларды талдау арқылы студенттер тек ағылшын тілін үйреніп қана қоймай, өз мәдениетіндегі ұқсас бейнелі ойды салыстырып, мәдениетаралық түсінікті тереңдетеді.

Ағылшын тіліндегі «a leopard can’t change its spots» идиомасы мен қазақ тіліндегі «Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» сияқты мақал-мәтелдер мәдениетаралық параллельді көрсетеді. Бұл ұқсастықтар идиомаларды оқытуда лингвомәдени құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді: студенттер тек тілдік құрылымды ғана емес, әр халықтың дүниетанымын салыстыра отырып меңгереді.

Мотивациялық кезеңі маңызды кезең болып табылды. Тапсырмалар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің танымдық қызығушылығын арттырып,

мәдениетаралық қарым-қатынасқа қажетті бастапқы білімдері мен тәжірибелерін өзектендірді. Цифрлық платформадағы тапсырмалар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тек тілдік білімін ғана емес, мәдени ерекшеліктерді түсінуіне, салыстыруына және бағалауына мүмкіндік берді. Мотивациялық кезеңдегі тапсырмалар барлық субқұзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал етті. Бұл өз тұрғысынан субқұзыреттіліктердің өзара байланыста қалыптасуына негіз қалайды. Бұл кезеңде қалыптасқан танымдық қызығушылық пен мәдениетаралық бағыттылық кейінгі іс-әрекеттік және рефлексивті-нәтижелік кезеңдерде лингвомәдени білімді терең меңгеруге және оны кәсіби-педагогикалық қызметте тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Байланыстырушы тапсырма (мотивациялық кезеңнен іс-әрекеттік кезеңге өту)

Мотивациялық кезеңді қорытындылау және іс-әрекеттік кезеңнің тақырыбына көшу мақсатында британдық мәдениеттің кеңінен танымал тілдік бірлігі – «Keep Calm and Carry On» тіркесіне негізделген тапсырма ұсынылды. Аталған тіркес 1939 жылы Ұлыбританияда басылған үгіт плакатында пайда болып, 2000 жылдан кейін интернет-мемге айналды. Сондықтан ол дәстүрлі тұрақты тіркес пен заманауи интернет-мем арасындағы өтпелі буын қызметін атқарады. Тапсырма студенттердің мемдердің тілге ықпалы туралы алдын ала болжам жасауына мүмкіндік беріп, іс-әрекеттік кезеңде орындалатын интерпретациялық-коммуникативті жаттығуларға дайындайды.

Task. From Idioms to Memes: «Keep Calm and Carry On». (А қосымшасы, А.7)

Зерттеу жұмысында іс-әрекеттік кезеңнің негізгі мақсаты -студенттердің тілдік бірліктердің артындағы мәдени мәнді, әлеуметтік реңкті, дүниетанымдық мазмұнды түсінуін қамтамасыз ету болды. Бұл кезеңде болашақ шетел тілі мұғалімдері тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, мәдени құндылықтарды, мағыналық қатынастарды, мәдениетаралық айырмашылықтарды интерпретациялады, оларды тілдік материал арқылы салыстырып, мәндік деңгейде талдады. Осы кезең когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің мағыналық тереңдігін қалыптастыратын негізгі саты ретінде қарастырылады. Бұл кезеңде келесі мәтінді алдық.

Іс-әрекеттік кезең

Ақпараттық-аналитикалық және когнитивті-коммуникативті субқұзыреттіліктер

Интерпретациялық-коммуникативті жаттығу (Task 1, Task 2)

Кезеңмен байланысы: Мотивациялық кезеңде идиомалар мен «Keep Calm and Carry On» тіркесі арқылы қалыптасқан танымдық қызығушылық бұл кезеңде интернет-мемдерді мәдени-тілдік құбылыс ретінде интерпретациялауға бағытталады. Болашақ шетел тілі мұғалімдері мәтіннен және интернет көздерінен алынған ақпаратты талдап, мемнің шығу тегін, тура және ауыспалы мағынасын, мәдени контекстін түсіндіреді.

Theme: The role of Internet Mems in language culture. (А қосымшасы, А.8)

Іс-әрекеттік кезең

Когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктер

Репродуктивті-трансформациялық жаттығу (Task 3, Task 4)

Кезеңмен байланысы: Репродуктивті-трансформациялық жаттығуларда студенттер мотивациялық кезеңде меңгерген идиомалар мен мақал-мәтелдер туралы білімін жаңғыртып, оны интернет-мемдер туралы жаңа ақпаратпен салыстырады және Венн диаграммасы мен цифрлық постер түріндегі жаңа формаға түрлендіреді. Осылайша мотивациялық және іс-әрекеттік кезеңдер арасындағы мазмұндық сабақтастық қамтамасыз етіледі.

Task 3. Compare Cultural Language Units. (А қосымшасы, А.9)

Task 4. Theme. Internet Memes as a Reflection of Language and Culture. (А қосымшасы, А.9)

Collaborate Board, Web Content, Venn Diagram, Poster Presentation цифрлық құралдарын пайдалана отырып іске асырылған іс-әрекет кезеңінің тапсырмалары болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Олардың мазмұны белсенді танымдық іс-әрекетке, ақпаратты өз бетінше іздеуге, оны талдауға, түсіндіруге және оқу-коммуникативтік мәселелерді шешу процесінде қолдануға бағытталған. Мәтінмен, интернет көздерімен және цифрлық білім беру ресурстарымен жұмыс ақпараттық-аналитикалық субкомпетенцияны дамытуға ықпал етеді, өйткені студенттер тілдік және мәдени материалдарды іздеуді, таңдауды, сыни бағалауды, салыстыруды және түсіндіруді жүзеге асырады. Венн диаграммасы мен ұжымдық тақтаны пайдалану тіл мен мәдениет арасындағы байланысты анықтауды ынталандырады, сонымен қатар мәдени шартты тілдік құбылыстарды талдау қабілетін қалыптастырады. Топтық талқылау, тапсырмаларды бірлесіп орындау және цифрлық постерды қорғау когнитивті-коммуникативті субкомпенцияның қалыптасуына ықпал етеді.

Студенттер өз көзқарастарын дәлелді түрде білдіруге, пікірталас жүргізуге, коммуникативті мәселелерді шешу процесінде ынтымақтасуға және бірлескен іс-әрекеттің нәтижелерін шетел тілінде ұсынуға үйренеді. Заманауи цифрлық мәдениеттің элементтері ретінде интернет-мемдерді талдаумен байланысты тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды орындау прагматикалық субқұзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Болашақ шетел тілі мұғалімдері мәдени контекстті ескере отырып, тілдік құралдарды қолдану тәсілдерін меңгереді, шынайы коммуникативтік жағдайларда шетел тілін қолдану тәжірибесін жинақтайды және өздерінің цифрлық білім беру өнімдерін жасайды.

Осылайша, іс-әрекет кезеңіндегі тапсырмалар жиынтығы ақпаратты қабылдау мен талдаудан оны мағыналы пайдалануға және оқу іс-әрекетінің өзіндік өнімдерін жасауға көшуді қамтамасыз етеді. Цифрлық құралдарды кешенді қолдану ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің интеграцияланған қалыптасуына ықпал етеді, бұл цифрлық білім беру ортасы жағдайында болашақ шетел тілі

мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Байланыстырушы тапсырма (іс-әрекеттік кезеңнен рефлексивті-нәтижелік кезеңге өту)

Интернет-мемдерді талдау барысында меңгерілген білімді академиялық мәдениет контекстіне көшіру мақсатында студенттік өмірге қатысты мемдер мен сленг бірліктеріне негізделген тапсырма ұсынылды. Тапсырма репродуктивті-трансформациялық сипатта болып, студенттердің Ұлыбритания мен Қазақстандағы студенттік мәдениеттің тілде көрініс табуын салыстыруына және рефлексивті-нәтижелік кезеңде қарастырылатын жоғары білім беру жүйелері тақырыбына көшуге дайындалуына мүмкіндік береді.

Task. From Memes to Student Life: Academic Culture in Language. (А қосымшасы, А.10)

Рефлексивті-нәтижелік кезеңі – болашақ шетел тілі мұғалімдері алдыңғы кезеңдерде меңгерген мәдени-тілдік мағыналарды ішкі психологиялық құрылымға енгізіп, оларды жеке тәжірибесімен, құндылықтарымен және мәдени көзқарасымен байланыстыра алатын кезең. Бұл кезеңде студент тек ақпаратты талдап қана қоймай, оны өзінің коммуникативтік тәжірибесінде қолдану стратегияларын саналы түрде қалыптастырады.

Аталған кезеңнің теориялық негіздерін Л.С. Выготскийдің сыртқы әлеуметтік әрекеттің ішкі психикалық құрылымға ауысуын түсіндіретін интериоризация туралы идеялары [180], М. Байрамның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік моделіндегі сыни мәдени сананы (critical cultural awareness) қалыптастыру тұжырымдары [55], сондай-ақ Б. Блум таксономиясының жаңартылған нұсқасындағы талдау, бағалау және жаңа мазмұн құруға бағытталған жоғары деңгейлі когнитивтік әрекеттер құрайды [181].

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру кезінде мәдени өзара әрекеттесуді талдау және рефлексиялау кезеңінде бірнеше негізгі аспектілерге назар аудару маңызды болды. Бұл кезең студенттерге өздерінің мәдени тәжірибелері туралы ойлануға, мәдени айырмашылықтарды және олардың қарым-қатынасқа әсерін анықтауға және түсінуге, өзін-өзі реттеу мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді, яғни, қарым-қатынасқа, нормаларға және әртүрлі мәдени тәсілдер өзара әрекеттесу нәтижесі. Мәдениетаралық қарым-қатынастың күшті және әлсіз жақтарын анықтау үшін кері байланысты пайдаландық. Бұл аспектілер студенттерге мәдени өзара әрекеттесуді және олардың қарым-қатынасқа әсерін тереңірек түсінуге, сонымен қатар олардың тілдік және мәдени құзыреттілігін арттыруға ықпал етті.

Білім берудегі айырмашылықтар туралы мәтінге негізделген рефлексивті – нәтижелік кезеңі үшін келесі сөйлеу тапсырмаларын ұсындық. Бұл тапсырмалар болашақ шетел тілі мұғалімдеріне білім берудің мәдени аспектілерін талқылауды тереңдетуге, сыни талдау және жеке рефлексия дағдыларын дамытты.

Рефлексивті-нәтижелік кезең

Ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктер

Продуктивті-коммуникативті жаттығу

Кезеңмен байланысы: Бұл кезеңде алдыңғы кезеңдерде қолданылған тәсілдер (Collaborate Board, Венн диаграммасы, цифрлық постер) жаңа мазмұнда – жоғары білім беру жүйелерін салыстыру барысында – өз бетінше қолданылады. Студенттер идиомалар мен мемдерді талдау арқылы меңгерген мәдени салыстыру біліктілігін кәсіби-педагогикалық контекстке көшіріп, өздерінің жеке ұстанымын білдіретін өнім (постер, бейнебаяндама, рефлексия) жасайды. Task 1 ақпараттық-аналитикалық және когнитивті-коммуникативті субқұзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Task: Comparative Analysis of Higher Education Systems in Kazakhstan and Great Britain. (А қосымшасы, А.11)

Студенттер Қазақстан мен Ұлыбританияның жоғары білім беру жүйелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды, мәдени факторлардың білім беру процесін ұйымдастыруға әсерін түсіндіреді, салыстырмалы талдау және мәдениетаралық интерпретация дағдыларын дамытады, сондай-ақ зерттелген материалдың болашақ кәсіби қызмет үшін маңыздылығын негіздейді.

Кезеңмен байланысы: Продуктивті-коммуникативті жаттығу; прагматикалық субқұзыреттілік – меңгерілген лингвомәдени білімді болашақ кәсіби қызметке көшіру.

Task 2. My future as a foreign language teacher. (А қосымшасы, А.12)

Тапсырманы орындау нәтижесінде студенттер Қазақстан мен Ұлыбританияның жоғары білім беру жүйелерін сыни тұрғыдан бағалау, олардың ерекшеліктерін дәлелді түрде салыстыру, болашақ шетел тілдері мұғалімдерін даярлаудың отандық тәжірибесінде шетелдік тәжірибені пайдалану мүмкіндіктерін анықтау, оқытудың өзіндік тәжірибесін рефлексиялау және болашақ кәсіби қызмет үшін лингвомәдени білімнің маңыздылығын негіздеу қабілетін көрсетеді.

Кезеңмен байланысы: Продуктивті-коммуникативті жаттығу; когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік – меңгерілген мәдени білімді рефлексиялау және бағалау.

Task 3. Reflection Board. What have I learned? (А қосымшасы, А.13)

Тапсырманы орындау нәтижесінде студенттер тақырыпты зерделеу нәтижелерін түсінеді, Қазақстан мен Ұлыбританияның жоғары білім беру жүйелері арасындағы мәдени айырмашылықтардың маңыздылығын бағалайды, өздерінің кәсіби ұстанымдарын тұжырымдайды және алған лингвомәдени білімдерін болашақ педагогикалық қызметте қолдануға дайын екендіктерін көрсетеді.

Кезеңмен байланысы: Продуктивті-коммуникативті жаттығу; ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік – кәсіби лексиканы жүйелеу, жіктеу және өзін-өзі бағалау.

Task 4. Self-assessment challenge. Check your knowledge; Task 5. Ordering activity. (А қосымшасы, А.14)

Қорытынды тапсырма (үш кезеңді біріктіретін өзін-өзі бағалау)

Кезеңдердің өзара байланысын қорытындылау және лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін студенттердің өздеріне бағалату мақсатында үш кезеңде орындалған тапсырмаларды біріктіретін лингвомәдени портфолио ұсынылды. Өзін-өзі бағалау модельдің бағалау блогында көрсетілген жоғары, орташа және төмен деңгейлерге сәйкес жүргізіледі. Тапсырма студенттердің мотивациялық кезеңнен рефлексивті-нәтижелік кезеңге дейінгі өзіндік оқу траекториясын саналы түрде бағалауына мүмкіндік береді.

Task 6. Linguocultural Portfolio: My Path through Three Stages. (А қосымшасы, А.15)

Рефлексивті-нәтижелі кезең болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалауға, алған білімдерін жалпылауға және оларды болашақ кәсіби іс-әрекет аясында түсінуге бағытталған. Цифрлық құралдарды пайдалану оқу материалын игеруден оны өз бетінше қолдануға, өзін-өзі бағалауға және рефлексияға көшуді қамтамасыз етеді. Бұл тапсырмалар ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді, өйткені студенттер Қазақстан мен Ұлыбританияның Жоғары білім беру жүйелері туралы ақпаратты жүйелейді, талдайды және жинақтайды, салыстырмалы талдау жүргізеді, алынған деректердің дұрыстығын бағалайды және негізделген қорытындыларды тұжырымдайды. Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік презентацияларды дайындау, бейне баяндамаларды жазу, нәтижелерді ұжымдық талқылау және рефлексия процесінде қалыптасады. Студенттер өз көзқарастарын дәлелді түрде білдіру, кәсіби диалогқа қатысу, бірлескен іс-әрекеттің нәтижелерін бағалау және оларды шетел тілі арқылы ұсыну қабілеттерін көрсетеді. Прагматикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға кәсіби терминологияны қолдануға, цифрлық технологияларды қолдануға және алынған лингвомәдени білімді болашақ педагогикалық қызметке ауыстыруға бағытталған тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды орындау ықпал етеді. Студенттер мәдениетаралық өзара іс-әрекетті ұйымдастыру және қазіргі заманғы шетел тілі мұғалімін даярлау үшін білім беру жүйелерінің мәдени ерекшеліктерінің маңыздылығын түсінеді.

Рефлексивті-нәтижелі кезеңнің тапсырмалары оқу нәтижелерін бақылау мен бағалауды ғана емес, сонымен қатар жеке тәжірибені түсінуге, кәсіби рефлексияны дамытуға және цифрлық білім беру ортасында лингвомәдени білімді қолдануға дайын болуға ықпал етеді. Цифрлық құралдарды кешенді пайдалану болашақ шетел тілі мұғалімінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері болып табылатын ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің интеграцияланған қалыптасуына жағдай жасайды.

Бұл тапсырмалар студенттерге білім берудегі мәдени айырмашылықтарды түсініп қана қоймай, сонымен бірге алған білімдерін практикалық және

теориялық жағдаяттарда қолдану арқылы талдау, дәлелдеу және рефлексия дағдыларын дамытуға көмектесті.

Рефлексивті-нәтижелік кезеңіндегі тапсырмалар студенттердің мәдени-тілдік білімді терең сезініп, оны жеке коммуникативтік тәжірибесіне енгізуіне бағытталған. Осы кезеңде ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті, прагматикалық субқұзыреттіліктер жоғары деңгейде іске қосылып, мәдениетаралық жағдаяттарды өзіндік тілдік мінез-құлық стратегиясын қалыптастыру қамтамасыз етіледі. Тапсырмалар Nearpod платформасының рефлексияны, өзіндік бағалауды және жеке траекторияны қолдауға арналған құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Олай болса, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру – мәдени білімді тіл арқылы тиімді оқытып, жеткізе алатын маман даярлаудың негізгі аспектісі. Мәдени контексттерді білу болашақ шетел тілі мұғалімдерінде тілдің негізінде жатқан мәдени сипаттарды жақсы түсінуге және түсіндіруге көмектеседі. Мәдени бағыттағы оқу материалдарын жобалау мәдени айырмашылықтар мен ерекшеліктерді терең түсінуге ықпал етеді.

Осылайша, бұл тапсырмалар мен тұжырымдамалар тиімді оқыту үшін тілдің мәдени аспектілерін терең түсінудің маңыздылығын анықтайды. Болашақ шетел тілі мұғалімдері тек тілді ғана емес, оны қолданатын контекстті де сәтті жеткізу үшін тек лексикалық және грамматикалық білімге ғана емес, мәдени хабардарлыққа ие болуы керек.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Диссертациялық зерттеудің екінші тарауында зерттеудің әдіснамалық негіздерін айқындау барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға неғұрлым сәйкес келетін құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық тәсілдер таңдалды. Олар диссертациялық жұмыста өзара сабақтастығы негізделді. Құзыреттілік тәсіл лингвомәдени білімді меңгерумен қатар, оны мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда орынды қолдану қабілетін қалыптастыруға бағытталса, интерактивтік тәсіл білім алушылардың белсенді өзара әрекеттестігі, диалогі мен бірлескен оқу әрекеті негізінде мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруды көздейді. Аксиологиялық тәсіл өз және өзге мәдениеттердің құндылықтарын түсіну, салыстыру, құрметтеу және мәдени әртүрлілікке құндылықтық қатынас қалыптастыруға негіз болады. Осы тәсілдердің өзара ықпалдастығы лингвомәдени құзыреттілікті білімдік, коммуникативтік, іс-әрекеттік және құндылықтық аспектілердің бірлігінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми-педагогикалық және лингводидактикалық еңбектерді талдау негізінде зерттеу үдерісін ұйымдастырудың коммуникативтік, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу және тұлғаға бағдарланған оқыту принциптері айқындалды. Коммуникативтік принцип лингвомәдени білімді нақты мәдениетаралық қарым-қатынас барысында қолдануға бағытталса,

ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі білім алушылардың мәдени мағыналарды бірлесіп талдауына, салыстыруына және интерпретациялауына жағдай жасайды. Тұлғаға бағдарланған принцип болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жеке тәжірибесін, танымдық мүмкіндіктерін, мәдени құндылықтары мен кәсіби қажеттіліктерін ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Осылайша, таңдалған әдіснамалық тұғырлар мен принциптердің өзара сабақтастығы зерттелетін үдерістің теориялық-әдіснамалық негізін құрады.

Зерттеу аясында оқыту технологиясының анықтамасы нақтыланды. Оқыту технологиясы деп - болашақ шетел тілі мұғалімдерінің Nearpod платформасы арқылы белгілі бір білім мен дағдылар жүйесін қалыптастыруға және нәтижесінде лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқу-танымдық іс-әрекетін жүзеге асыру жөніндегі іс-әрекеттер жиынтығын түсінеміз.

Зерттеу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Модель зерттелетін үдерістің мақсатын, әдіснамалық негіздерін, мазмұнын, ұйымдастырылуын және күтілетін нәтижесін өзара байланысты біртұтас жүйе ретінде бейнелейді. Оның құрылымында мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және нәтижелік-бағалау блоктарының өзара сабақтастығы қамтамасыз етілді.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік тұжырымдары негізінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар кешені әзірленді. Жаттығулардың келесі түрлерін таңдадық: аналитикалық - индикативті жаттығулар, интерпретациялық-коммуникативті жаттығулар, репродуктивті-трансформациялық жаттығулар және продуктивті-коммуникативті жаттығулар. Бұл жаттығулар негізінде ақпаратты іздеу, іріктеу және талдау; тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени мағынасын анықтау; өз және өзге мәдениеттердің ерекшеліктерін салыстыру және интерпретациялау; мәдениетаралық проблемалық жағдаяттарды шешу; коммуникативтік стратегияларды мәдени контекстке сәйкес таңдау әрекеттерін қамтыды.

Осылайша, екінші тарауда жүргізілген теориялық-әдістемелік талдау нәтижесінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың тұтас әдістемелік жүйесі негізделді. Аталған теориялық және әдістемелік нәтижелер келесі тарауда ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеруге негіз болады.

3 БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ

3.1 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік - эксперименттік жұмысты ұйымдастыру

Теориялық тарауда лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың басым міндеттерінің бірі екені негізделді. Шетел тілі мұғалімі тілді меңгерген маман ғана емес, сонымен қатар мәдениеттер арасындағы дәнекер болып табылады. Сондықтан ол көпмәдениетті білім беру кеңістігінде тиімді өзара әрекеттесуге дайын болуы тиіс.

Жаһандану және білім беру жүйелерінің белсенді интеграциясы жағдайында мәдениетаралық коммуникацияның маңызы артып келеді. Бұл кәсіби іс-әрекеті мәдени құндылықтарды берумен және студенттердің мәдениетаралық диалогқа қабілеттілігін қалыптастырумен тікелей байланысты болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін өзекті етеді. Бұл үдеріс мәдениетаралық өзара әрекеттесуді жүзеге асыру және тілдік бірліктерді оқытылатын тіл мәдениетінің контекстінде түсіндіру қабілетін дамытуды көздейді.

Жоғары білім беру жүйесінің құзыреттілік парадигмасына көшуі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби маңызды қасиеттерін дамытатын интерактивті оқыту формалары мен әдістерін белсенді енгізуді талап етеді. Мұндай технологиялар кәсіби бағытталған болып, білім беру кеңістігіндегі мұғалім іс-әрекетінің ерекшеліктерін көрсететін нақты педагогикалық жағдаяттарды талдауға негізделуі тиіс.

Өз кезегінде, білім беру ортасында мәдениетаралық өзара іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігі лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми негізделген құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуді талап етеді. Мұндай модель тілдік құбылыстардың мәдени ерекшеліктерін түсінуге, оларды әлеуметтік-мәдени контекстте интерпретациялауға және кәсіби қызмет барысында мәдениеттер диалогын тиімді құру қабілетін дамытуға бағытталған.

Теориялық-әдіснамалық тарауда болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауға қойылатын заманауи талаптар, лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері, оның қалыптасу критерийлері мен деңгейлері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді. Бұл нәтижелер зерттеудің ғылыми болжамын тексеруге және лингвомәдени құзыреттілікті кезең-кезеңімен қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында бағалауға негіз болды.

Ғылыми әдебиеттерді талдау педагогикалық эксперименттің ғылыми-педагогикалық зерттеудің маңызды әдістерінің бірі екенін және оның зерттеу болжамын тәжірибе жүзінде тексеруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Педагогикалық эксперимент теориялық қағидалар мен болжамдарды тексеруге, сондай-ақ педагогика ғылымындағы бар тұжырымдарды нақтылауға мүмкіндік

береді. Ол кешенді сипаттағы әдіс болып табылады, өйткені бақылау, әңгімелесу, сұхбат, сауалнама, диагностикалық жұмыстар және арнайы педагогикалық жағдаяттар құру сияқты әдістерді бірлесіп қолдануды қамтиды [141]. Эксперименттің тиімділігі оның міндеттерінің нақты тұжырымдалуына, сондай-ақ құбылыстар мен құралдарды зерттеуге және нәтижені бағалауға мүмкіндік беретін белгілер мен өлшемдердің әзірленуіне байланысты.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру мен жүргізуде психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде сипатталған мынадай талаптар басшылыққа алынды:

– оқу үдерісіне енгізілетін өзгерістер зерттеудің мақсаты, міндеттері мен болжамына сәйкес келуі;

– лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу динамикасын салыстырмалы талдауға мүмкіндік беретін эксперименттік және бақылау топтарының анықталуы;

– тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің сапалық және сандық тұрғыдан талдануы.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты – болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің, оны жүзеге асыратын лингводидактикалық шарттардың және Nearpod платформасында әзірленген жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінің тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Мақсатқа сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мынадай міндеттері айқындалды:

1. лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалаудың критерийлері мен көрсеткіштерін нақтылау және диагностикалық құралдарын іріктеу;
2. эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің лингвомәдени құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтау;
3. эксперименттік топтың оқу үдерісіне лингводидактикалық шарттарды ескере отырып, Nearpod платформасында әзірленген жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін кезең-кезеңімен енгізу;
4. лингвомәдени құзыреттіліктің қорытынды деңгейін анықтап, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыдан салыстыру;
5. алынған нәтижелер негізінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2022–2024 оқу жылдары жүргізіліп, үш кезеңнен тұрды: айқындаушы, қалыптастырушы және қорытынды.

Айқындаушы кезеңде (2022–2023 оқу жылының басы) эксперименттік жұмыстың бағдарламасы нақтыланды, диагностикалық құралдар іріктелді және эксперименттік, бақылау топтарындағы студенттердің лингвомәдени құзыреттілігінің бастапқы деңгейі анықталды.

Қалыптастырушы кезеңде (2022–2023 оқу жылы – 2023–2024 оқу жылының I жартыжылдығы) эксперименттік топтың оқу үдерісіне Nearpod платформасында әзірленген жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі енгізіліп,

зерттеу болжамы тексерілді. Сынақтан өткен жаттығулар мен тапсырмалар негізінде «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» оқу-әдістемелік құралы әзірленіп, 2023 жылы басылып шықты.

Қорытынды кезеңде (2023–2024 оқу жылының соңы) лингвомәдени құзыреттіліктің қорытынды деңгейі анықталып, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылды, әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Қойылған міндеттерді шешу және зерттеу болжамын тексеру үшін мынадай әдістер қолданылды:

– теориялық әдістер: лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және жалпылау, модельдеу;

– эмпирикалық әдістер: педагогикалық бақылау, сауалнама, диагностикалық тест, мәтінді аналитикалық талдау, кейс тапсырмалар, студенттер іс-әрекетінің нәтижелерін талдау, педагогикалық эксперимент;

– математикалық статистика әдістері: пайыздық үлесті есептеу, Пирсонның χ^2 (хи-квадрат) критерийі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың әдіснамалық негізін құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық тәсілдер құрады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2022–2024 оқу жылдары Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ базасында жүргізілді. Экспериментке «В018 – Екі шетел тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алатын студенттер екі оқу жылы бойы қатысты: эксперимент басталғанда олар 2-курста, аяқталғанда 3-курста оқыды. Эксперименттің барлық кезеңінде топтардың құрамы өзгерген жоқ. Эксперименттік топқа (ЭТ) 45 студент, бақылау тобына (БТ) 45 студент енді, барлығы 90 студент. Эксперимент басында екі топтағы студенттердің шетел тілін меңгеру деңгейі B1 (CEFR) деңгейінде болды.

Эксперименттік және бақылау топтары бұрыннан қалыптасқан академиялық топтардың негізінде құрылды. Топтар студенттер саны, оқу жоспары, шетел тілі пәндерінің мазмұны мен сағат көлемі бойынша бірдей болды. Эксперименттік топта сабақтар әзірленген әдістеме бойынша Nearpod платформасында жүргізілді, ал бақылау тобында оқу үдерісі дәстүрлі бағдарлама бойынша ұйымдастырылды.

Айқындаушы кезеңде мынадай міндеттер шешілді:

– эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің лингвомәдени құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық құралдарды іріктеу;

– әр субқұзыреттілік бойынша студенттердің бастапқы деңгейін анықтау;

– эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы деңгейінің біртектілігін Пирсонның χ^2 критерийі арқылы тексеру.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сандық және сапалық талдау әдістері бірлесіп қолданылды. Сандық талдау әр субқұзыреттілік бойынша деңгейлердің пайыздық үлесін анықтауға және топтарды статистикалық тұрғыдан салыстыруға мүмкіндік берді. Сапалық талдау

студенттердің жауаптары мен жұмыстарының мазмұнын түсіндіруге мүмкіндік берді.

Айқындаушы кезеңде лингвомәдени құзыреттілік 0–100 балл аралығында бағаланды. Деңгейлердің шекаралары диагностикалық тапсырмаларды орындау сапасына қарай анықталды: тапсырмалардың 90%-ы және одан жоғарысы дұрыс әрі толық орындалса – жоғары, 70–89%-ы орындалса – орташа, 70%-дан төменгісі орындалса – төмен деңгей. Деңгейлер бойынша баллдардың бөлінуі 11-кестеде берілген.

Кесте 11 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерінің балл шкаласы

№	Деңгей	Балл
1	Жоғары	90-100
2	Орта	70-89
3	Төмен	0-69

Айқындаушы кезеңде лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымын құрайтын үш субқұзыреттіліктің қалыптасу деңгейі теориялық тарауда айқындалған критерийлер бойынша анықталды (4-кесте): ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік – мазмұндық-танымдық критерий, когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік – мәдениетаралық өзара әрекеттестік критерийі, прагматикалық субқұзыреттілік – кәсіби-практикалық критерий бойынша бағаланды. Әр субқұзыреттілік үш көрсеткіш бойынша диагностикаланды:

– мазмұндық – танымдық (тест);
– мәдениетаралық өзара әрекеттестік (жағдаяттық тапсырма);
– кәсіби-практикалық жағдаятта қолдану (кейс тапсырма).

12-кестеде әр субқұзыреттілікті бағалауға арналған диагностикалық тапсырмалар мен балл беру тәртібі берілген. Тапсырмалардың нақты мазмұны төменде әр субқұзыреттілік бойынша сипатталған.

Кесте 12 – Критерийлер бойынша ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерді бағалау критерийлерінің құралдары

Субқұзыреттілік	Критерий	Диагностикалық тапсырмалар	Максималды балл
1	2	3	4
Ақпараттық-аналитикалық	Мазмұндық-танымдық	1. Диагностикалық тест (ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау және сыни бағалау)	100
		2. Мәтінді аналитикалық талдау (5 сұрақ)	100
		3. Кейс тапсырма (цифрлық ресурсты бағалау және кәсіби-педагогикалық шешім қабылдау)	100

12 кестенің жалғасы

1	2	3	4
Когнитивті-коммуникативті	Мәдениетаралық өзара әрекеттестік	1. Тест (Nearpod: Quiz, Matching Pairs) – идиомалар, мәдени реалийлер, сөйлеу этикеті	100
		2. Жағдаяттық тапсырма (Nearpod: Open-Ended Question, Collaborate Board)	100
		3. Кәсіби жағдаяттық тапсырма (Case-analysis, 4 тапсырма)	100
Прагматикалық	Кәсіби-практикалық	1. Тест (Nearpod: Quiz, Matching Pairs) – сөйлеу актілері және сөйлеу әдебі	100
		2. Жағдаяттық тапсырмалар (5 тапсырма)	100
		3. Кәсіби жағдаяттық тапсырмалар (Case-analysis, 5 тапсырма)	100

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымын құрайтын ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерді маңыздылығы мен мәнділігіне қарай орналастыруды ұсындық. Бұл аталған субқұзыреттіліктердің кәсіби дайындықта бағалау деңгейін, олардың лингвомәдени құзыреттіліктің мазмұны туралы түсініктерін анықтауға мүмкіндік берді. Әрбір субқұзыреттілік бойынша олардың жоғары, орташа және төмен деңгейлерінің критерийлері 13-кестеде берілді.

Кесте 13 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық субқұзыреттіліктер мен критерийлер тұрғысынан қалыптасу деңгейлері

	Лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымдық субқұзыреттіліктері	Критерий	Төмен (0-69)	Орташа (70-89)	Жоғары (90-100)
1	2	3	4	5	6
1	Ақпараттық-аналитикалық	Мазмұнды - танымдық	Оқылатын тіл елінің мәдениеті мен тілі туралы ақпаратты дәстүрлі және цифрлық дереккөздерден өз бетінше іздеуде, іріктеуде және жинақтауда қиналады, релевантты ақпаратты ажырата алмайды. Медиамәтіндердегі визуалды және дыбыстық мәдени элементтерді толық анықтай алмайды. Лингвомәдени материалды салыстыру мен синтездеуде, мәдени маркерлерді, коннотациялар мен символдарды интерпретациялауда елеулі қателіктер жібереді. Nearpod, Quizlet, Wordwall және Padlet платформаларындағы тапсырмаларды толық орындай алмайды, мәдени ақпаратты оқыту мақсаттарына сәйкес	Мәдениет пен тіл туралы ақпаратты онлайн дереккөздерден іздеп, жинақтайды, алайда релевантты ақпаратты іріктеуде кей жағдайда оқытушының көмегіне сүйенеді. Медиамәтіндердегі негізгі мәдени элементтерді ажыратады, бірақ олардың астарлы мәнін толық ашпайды. Түрлі дереккөздерден алынған лингвомәдени материалды салыстырады, мәдени маркерлер мен символдарды интерпретациялауда жекелеген қиындықтарға	Мәдениет пен тіл туралы ақпаратты дәстүрлі және цифрлық дереккөздерден өз бетінше іздеп, релевантты ақпаратты сыни тұрғыдан іріктейді және жүйелі түрде жинақтайды. Медиамәтіндерді жан-жақты талдап, визуалды және дыбыстық ақпараттағы мәдени элементтерді нақты ажыратады. Түрлі дереккөздерден алынған лингвомәдени материалды салыстырып, синтездейді, мәдени маркерлерді, коннотациялар мен символдарды ғылыми тұрғыда

13 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
			өңдеуде және цифрлық контентті пайдалануда оқытушының тұрақты көмегін қажет етеді.	кездеседі. Nearpod, Quizlet, Wordwall және Padlet платформаларындағы тапсырмаларды орындайды, алайда мәдени ақпаратты оқыту мақсатында өңдеуде және қорытындылауда дайын үлгіге сүйенеді.	интерпретациялайды. Nearpod, Quizlet, Wordwall және Padlet платформаларындағы тапсырмаларды өз бетінше әрі сапалы орындап, мәдени ақпаратты оқыту мақсаттарына сәйкес өңдейді және мультимедиялық, цифрлық контентті шетел тілін оқытуда тиімді пайдаланады.
2	Когнитивті-коммуникативті	Мәдениетаралық өзара әрекеттестік	Тұрақты тіркестердің мағынасын анықтауда және мәдени реалийлерді сәйкестендіруде қиналады, концепт, стереотип, символ, ұлттық құндылықтар сияқты мәдени бірліктерді тани алмайды. Өз мәдениеті мен өзге мәдениетті салыстыруда үстірт пайымдаулар жасайды, мәдени айырмашылықтарды түсіністікпен қабылдауда қиындық көреді. Nearpod, Padlet, Flip және Google Meet платформаларында ұйымдастырылған коммуникативтік жағдаяттарда, рөлдік ойындарда, кейс-тапсырмалар мен пікірталастарда белсенділік танытпайды, сөйлеу этикеті формалары мен тілдік құралдарды мәдени контекске сәйкес таңдай алмайды, өз ойын дәлелді жеткізуде қиналады. Лингвомәдени білімді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануда және оқу материалдарын мәдени қажеттіліктерге бейімдеуде қиындыққа тап болады.	Жиі қолданылатын тұрақты тіркестердің мағынасын анықтайды, негізгі мәдени реалийлерді сәйкестендіреді, алайда концептілер мен стереотиптерді тануда кей жағдайда қателеседі. Өз мәдениеті мен өзге мәдениетті салыстырып, мәдени айырмашылықтарды қабылдайды, бірақ салыстыру нәтижелерін тереңдете алмайды. Nearpod, Padlet, Flip және Google Meet платформаларында ұйымдастырылған интерактивті тапсырмаларға, рөлдік ойындар мен пікірталастарға қатысады, сөйлеу этикеті формаларын таңдайды, алайда пікірін дәлелдеуде және мәдениетаралық қарым-қатынасты ұйымдастыруда оқытушының немесе дайын үлгінің көмегіне сүйенеді. Лингвомәдени білімді оқу материалдарын мәдени қажеттіліктерге бейімдеуде үлгі негізінде қолданады.	Тұрақты тіркестердің мағынасын дәл анықтайды, мәдени реалийлерді сәйкестендіреді, концепт, стереотип, символ, ұлттық құндылықтар сияқты мәдени бірліктерді еркін таниды. Өз мәдениеті мен өзге мәдениетті жан-жақты салыстырып, мәдени айырмашылықтарды түсіністікпен қабылдайды. Nearpod, Padlet, Flip және Google Meet платформаларында ұйымдастырылған коммуникативтік жағдаяттарға, рөлдік ойындарға, кейс-тапсырмаларға, пікірталастар мен мәдениетаралық диалогтарға белсенді қатысып, сөйлеу этикеті формалары мен тілдік құралдарды мәдени контекске сәйкес таңдайды, өз ойын еркін әрі дәлелді жеткізеді. Лингвомәдени білімді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолданып, оқу материалдарын мәдени қажеттіліктерге шығармашылықпен бейімдейді.
3	Прагматикалық	Кәсіби-практикалық	Өтініш айту, кешірім сұрау, алғыс білдіру, ұсыныс жасау, қарсылық білдіру сияқты сөйлеу актілерінің мәдени ерекшеліктерін ажырата алмайды, оларды жағдаятқа сай қолдануда	Негізгі сөйлеу актілерінің мәдени ерекшеліктерін түсінеді, бірақ оларды бейтаныс жағдаяттарда қолдануда қиындыққа кездеседі.	Өтініш айту, кешірім сұрау, алғыс білдіру, ұсыныс жасау, қарсылық білдіру сияқты сөйлеу актілерінің мәдени ерекшеліктерін терең түсініп, оларды

13 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
			қателіктер жібереді. Астарлы, имплицитті мағыналарды (меңзеу, ирония, бейвербалды белгілер) және фразеологизмдердің мәдени мазмұнын интерпретациялауда қиналады. Сөйлеу стратегиясын таңдауда адресант пен адресаттың әлеуметтік мәртебесін, жас ерекшелігін, қарым-қатынастың ресмилік деңгейін және коммуникативтік ниетті ескермейді. Мәдениетаралық прагматикалық қателерді анықтай алмайды. Nearpod, Canva, Genially, LearningApps және Google Forms платформаларының мүмкіндіктерін тиімді қолданбайды, цифрлық постер, бейнеролик, микросабақ немесе мәдениетке бағдарланған оқу материалдарын өз бетінше әзірлей алмайды.	Айқын астарлы мағыналар мен жиі қолданылатын фразеологизмдердің мәдени мазмұнын интерпретациялайды, ал ирония мен бейвербалды белгілерді тануда қателеседі. Сөйлеу стратегиясын таңдауда қарым-қатынастың ресмилік деңгейін ескереді, алайда адресаттың әлеуметтік мәртебесі мен коммуникативтік ниетті әрдайым ескере бермейді. Мәдениетаралық прагматикалық қателерді анықтайды, бірақ олардың себептері мен болдырмау жолдарын толық негіздей алмайды. Nearpod, Canva, Genially, LearningApps және Google Forms платформаларында қарапайым оқу материалдарын, постерлер мен презентацияларды үлгі негізінде әзірлейді, шығармашылық белсенділігі тұрақты емес.	жағдаятқа сай орынды қолданады. Астарлы, имплицитті мағыналарды (меңзеу, ирония, бейвербалды белгілер) және фразеологизмдердің мәдени мазмұнын дәл интерпретациялайды. Адресант пен адресаттың әлеуметтік мәртебесін, жас ерекшелігін, қарым-қатынастың ресмилік деңгейін және коммуникативтік ниетті ескере отырып, тиімді сөйлеу стратегиясын таңдайды. Мәдениетаралық прагматикалық қателерді талдап, олардың себептерін түсіндіреді және оларды болдырмаудың жолдарын сыни тұрғыдан негіздейді. Кейс-әдіс пен жоба әдісі негізінде Nearpod, Canva, Genially, LearningApps және Google Forms платформаларын тиімді пайдаланып, мәдениетке бағдарланған цифрлық оқу өнімдерін (постер, бейнеролик, микросабақ) шығармашылықпен әзірлейді, өз жұмысына рефлексия жасап, қолданылған әдістер мен цифрлық ресурстардың тиімділігін бағалайды.

Айқындаушы кезеңнің басында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілікке қатысты дағдыларын өздері қалай бағалайтынын анықтау маңызды болды. Ол үшін 10 тұжырымнан тұратын сауалнама әзірленді. Тұжырымдар ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің негізгі көрсеткіштерін қамтиды. Сауалнамаға эксперименттік және бақылау топтарының 90 студенті қатысты (14-кесте). Сауалнама студенттердің субъективті пікірін көрсететіндіктен,

құзыреттіліктің нақты деңгейі кейін диагностикалық тапсырмалар арқылы анықталды.

Алынған деректер Google Drive және Microsoft Excel құралдары арқылы сақталып, өңделді. Пайыздық үлес мына формуламен есептелді:

$$P = (n / N) \times 100\%, \quad (1)$$

мұндағы P – пайыздық үлес; n – осы көрсеткіші бар студенттер саны; N – топтағы студенттердің жалпы саны.

Кесте 14 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігі субқұзыреттіліктерінің айқындаушы деңгейін анықтау сауалнамасы

Сауалнама сұрақтары	Толық келісемін	Келісемін	Жартылай келісемін	Келіспеймін	Мүлде келіспеймін
1	2	3	4	5	6
I can highlight the main information in the text and analyze it.	18 (20%)	21 (23%)	24 (27%)	15 (17%)	12(13%)
I can compare the information of linguocultural content and draw conclusions.	11 (12%)	13 (14%)	17(19%)	29 (32%)	20(22%)
I can critically evaluate the information contained in digital educational resources.	14 (15%)	25(28%)	19 (21%)	17 (19%)	15 (17%)
I can choose words and sentence structures according to the communicative situation.	23(26%)	20 (22%)	21(23%)	16(18%)	10(11%)
I can explain the meaning of idioms, stable phrases, and cultural realities.	12(13%)	21(23%)	23(26%)	16(18%)	18 (20%)
I can connect listening, pronunciation, reading and writing skills with linguocultural content.	17(19%)	26(29%)	22 (25%)	12(13%)	13(14%)
Given the cultural context, I can express my thoughts clearly and accurately.	13(14%)	24(27%)	27(30%)	14 (16%)	12(13%)
I can create monologue and dialogue texts in accordance with the communicative purpose.	26(29%)	23(26%)	18 (20%)	11 (12%)	12(13%)
I can develop the linguistic and cultural competence of students through case studies and situational tasks.	19(21%)	17 (19%)	28(31%)	16(18%)	10(11%)
I can use digital platforms to develop culture-oriented educational materials.	15(17%)	16(18%)	29(32%)	17 (19%)	13(14%)

Сауалнама барысында студенттердің мәтінмен жұмыс істеу, мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындығы және шетел тілін оқытудағы лингвомәдени компоненттерді қолдану дағдыларын өзін-өзі бағалауы сараланды. Талдауда «толық келісемін» және «келісемін» жауаптарының

қосындысы оң жауап ретінде, ал «келіспеймін» және «мүлде келіспеймін» жауаптарының қосындысы теріс жауап ретінде алынды.

I can highlight the main information in the text and analyze it сұрағы бойынша толық келіскендер – 20%, келіскендер – 23%, жартылай келіскендер – 27%, келіспегендер – 17%, мүлде келіспегендер – 13%. Оң жауаптар үлесі (43%) теріс жауаптардан (30%) жоғары болғанымен, респонденттердің басым бөлігі ақпаратты талдау дағдыларына толық сенімді емес. Бұл ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілікті мақсатты түрде дамыту қажеттігін көрсетті.

I can compare the information of linguocultural content and draw conclusions сұрағы бойынша теріс жауаптар үлесі – 54%, оң жауаптар үлесі – 26%. Бұл респонденттердің лингвомәдени ақпаратты салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларының жеткілікті қалыптаспағанын және осы бағыттағы жұмысты күшейту қажеттігін айқындады.

I can critically evaluate the information contained in digital educational resources сұрағы бойынша оң жауаптар – 43%, теріс жауаптар – 36%. Респонденттердің бір бөлігі цифрлық білім беру ресурстарындағы ақпараттың сапасы мен сенімділігін бағалай алатынын көрсеткенімен, қалғандарында ақпаратты сыни тұрғыдан талдау дағдылары жеткілікті қалыптаспаған.

Төртінші сұрақ (I can choose words and sentence structures according to the communicative situation) бойынша оң жауаптар – 48%, теріс жауаптар – 29%. Бұл көрсеткіштер респонденттердің едәуір бөлігі коммуникативтік жағдаятқа сәйкес тілдік құралдарды таңдай алатынын көрсетті. Алайда теріс жауап берген респонденттер үшін тілдік бірліктерді таңдауға бағытталған тапсырмалармен жұмысты жалғастыру қажет.

Бесінші сұрақ (I can explain the meaning of idioms, stable phrases, and cultural realities) бойынша теріс жауаптар (38%) оң жауаптардан (36%) сәл жоғары болды. Демек респонденттерде мәдени тұрғыдан шартталған тілдік бірліктердің мағынасын түсіндіру дағдылары жеткіліксіз.

I can connect listening, pronunciation, reading and writing skills with linguocultural content сұрағы бойынша оң жауаптар – 48%, теріс жауаптар – 27%. Бұл тілдік дағдыларды лингвомәдени мазмұнмен байланыстыру қабілетінің қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Жетінші сұрақ (Given the cultural context, I can express my thoughts clearly and accurately) бойынша оң жауаптар – 41%, жартылай келіскендер – 30%. Бұл мәдениетаралық қарым-қатынаста ойды нақты әрі дәл жеткізу дағдылары бойынша практикалық жұмысты жалғастыру қажеттігін көрсетті.

I can create monologue and dialogue texts in accordance with the communicative purpose сұрағы бойынша оң жауаптар үлесі – 55%. Бұл барлық сұрақтардың ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. Респонденттердің көпшілігінде коммуникативтік мақсатқа сәйкес байланысты мәтін құрастыру дағдылары қалыптаса бастағаны байқалды.

Тоғызыншы сұрақ кейс және жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін дамыту дайындығын бағалауға арналды. Оң жауаптар – 40%, жартылай келіскендер – 31%, теріс жауаптар –

29%. Респонденттер аталған әдістердің маңыздылығын түсінгенімен, оларды тәжірибеде қолдануға қатысты сенімділігі жеткіліксіз болды.

Онынші сұрақ мәдениетке бағдарланған оқу материалдарын әзірлеуде цифрлық платформаларды қолдану қабілетін анықтауға бағытталды. Толық келіскендер – 17%, келіскендер – 18%, жартылай келіскендер – 32%, келіспегендер – 19%, мүлде келіспегендер – 14%. Жалпы алғанда, респонденттердің көпшілігі цифрлық платформаларды қолдану мүмкіндіктерін толық меңгермеген. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетке бағдарланған цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану дағдыларын жүйелі түрде дамыту қажеттігін айқындайды.

Осылайша, сауалнама нәтижесі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің жекелеген аспектілері қалыптасқанымен, оларды кәсіби іс-әрекетте кешенді қолдану деңгейі жеткіліксіз екенін көрсетті. Сегізінші сұрақтан басқа барлық сұрақтар бойынша оң жауаптар үлесі 50% аспады. Алынған нәтижелер лингвомәдени бағыттағы оқу мазмұнын жетілдірудің, тәжірибеге бағдарланған тапсырмаларды көбейтудің және заманауи цифрлық білім беру құралдарын тиімді пайдаланудың өзектілігін айқындады. Сауалнама қорытындысы диагностикалық кезеңде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің даярлық деңгейін нақтылауға және оның құрылымдық компоненттерін жан-жақты бағалауға негіз болды.

Алдымен болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейі мазмұндық-танымдық критерийі бойынша анықталды. Бұл критерий бойынша лингвомәдени білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін диагностикалық тест өткізілді. Тест респонденттердің мәтіндегі негізгі ақпаратты түсінуін, басты ойды анықтауын, мәдени мазмұндағы деректерді ажырата алуын және ақпараттың кәсіби-педагогикалық құндылығын бағалай білуін тексеруге бағытталды. Тест тапсырмалары ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау, жүйелеу және сыни бағалау қабілеттерін анықтауға мүмкіндік берді.

Тест нәтижесі бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 11% (5), БТ – 9% (4). Бұл респонденттер ақпаратты сыни тұрғыдан талдай алды, сенімді дереккөздерді анықтады және кәсіби негізделген шешім қабылдады. Орташа деңгей: ЭТ – 29% (13), БТ – 38% (17). Бұл деңгейдегі респонденттер мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтай алғанымен, оның сенімділігін кешенді талдауда, бірнеше дереккөзді салыстыруда және алынған мәліметтер негізінде дәлелді қорытынды шығаруда қиналды. Төмен деңгей: ЭТ – 60% (27), БТ – 53% (24). Бұл нәтижелер ақпаратты іздеу, талдау, сыни бағалау және оны кәсіби іс-әрекетте тиімді қолдануға бағытталған әдістемені оқу үдерісіне енгізу қажеттігін көрсетті.

Аталған критерий бойынша білімді мәдениетаралық жағдаятта қолдану деңгейін анықтау үшін мәтінді аналитикалық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс респонденттердің мәдениетке қатысты мәтінді түсіну, салыстыру, мәдени ерекшеліктерді интерпретациялау және дәлелді қорытынды жасау қабілеттерін

бағалауға мүмкіндік берді. Мәтін бойынша респонденттерге мына тапсырмалар берілді:


1. Identify the main idea of each text.
2. Complete the comparison table.
3. Identify two similarities and two differences between the two cultures.
4. Imagine you are an English teacher. A British exchange student feels uncomfortable because Kazakh students greet him with hugs. How would you explain the situation to both sides?
5. Write a short conclusion.

Нәтижелер бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 9% (4), БТ – 7% (3). Бұл респонденттер мәдени ақпаратты талдау, салыстыру және интерпретациялау дағдыларын меңгерген. Орташа деңгей: ЭТ – 33% (15), БТ – 29% (13). Бұл деңгейдегі респонденттер мәтіндердің негізгі мазмұнын түсініп, мәдениеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай алғанымен, мәдениетаралық жағдаяттарды терең талдауда, бағалауда және кәсіби негізделген қорытынды жасауда қиналды. Төмен деңгей: ЭТ – 58% (26), БТ – 64% (29). Бұл респонденттерде мәдени ақпаратты интерпретациялау, мәдени ерекшеліктерді түсіндіру және педагогикалық жағдаятқа сәйкес шешім қабылдау дағдылары жеткіліксіз болды.

Білімді кәсіби жағдаятта қолдану деңгейін анықтау үшін респонденттерге кейс тапсырмалары берілді. Кейсті орындау барысында олар ақпарат көзін таңдады, ұсынылған цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігін бағалады, оларды оқу үдерісінде қолдану мүмкіндігін негіздеді және кәсіби-педагогикалық жағдаятқа сәйкес шешім қабылдады. Бұл диагностикалық әдіс студенттердің лингвомәдени білімді тәжірибеде қолдану, цифрлық ресурстарды педагогикалық тұрғыдан бағалау және кәсіби міндеттерді шешу деңгейін кешенді анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 13% (6), БТ – 11% (5). Орташа деңгей: ЭТ – 36% (16), БТ – 27% (12). Төмен деңгей: ЭТ – 51% (23), БТ – 62% (28). Жоғары деңгейдегі респонденттер үлесінің аз болуы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпарат көзін таңдау, цифрлық ресурсты бағалау және кәсіби-педагогикалық шешім қабылдау дағдыларын жүйелі түрде жетілдіру қажеттігін көрсетті.

Осылайша, мазмұндық-танымдық критерийі бойынша үш диагностикалық тапсырманың нәтижесінде екі топта да төмен деңгей басым болды (51–64%), ал жоғары деңгейдегі респонденттер үлесі 7–13% аралығында болды (9-сурет).



Сурет 9 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілігінің айқындаушы кезеңдегі қалыптасу деңгейлері

Когнитивті-коммуникативті субқұзыреттіліктің қалыптасу деңгейі мәдениетаралық өзара әрекеттестік критерийі бойынша анықталды. Бұл критерий бойынша лингвомәдени білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін тест Nearpod платформасының Quiz және Matching Pairs құралдары арқылы ұйымдастырылды. Тапсырмалар респонденттердің идиомалар мен тұрақты тіркестердің мағынасын анықтауын, мәдени реалийлерді сәйкестендіруін, сөйлеу этикеті формаларын коммуникативтік жағдаятқа сәйкес таңдауын және олардың мәдени мәнін түсіндіруін бағалауға бағытталды.

Тест нәтижесі бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 13% (6), БТ – 9% (4). Орташа деңгей: ЭТ – 31% (14), БТ – 27% (12). Төмен деңгей: ЭТ – 56% (25), БТ – 64% (29). Алынған мәліметтер екі топта да төмен деңгейдің басым екенін көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі лингвомәдени бірліктерді жалпы түсінгенімен, оларды мәдени контекстке сәйкес түсіндіру және коммуникативтік жағдаяттарда орынды қолдану дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспаған. Сондықтан шетел тілін оқыту барысында лингвомәдени мазмұндағы тапсырмалар жүйесін, цифрлық платформаларды және мәдениетаралық коммуникацияға бағытталған интерактивті әдістерді мақсатты түрде енгізу қажеттігі айқындалды.

Аталған критерий бойынша білімді мәдениетаралық жағдаятта қолдану деңгейі респонденттердің коммуникативтік жағдаятты түсіну, мәдени контекстке сәйкес тілдік құралдарды таңдау және оларды қарым-қатынас барысында орынды қолдану қабілеті арқылы бағаланды. Диагностика Nearpod платформасының Open-Ended Question және Collaborate Board құралдары арқылы ұйымдастырылды. Респонденттерге мына тапсырмалар берілді:

Situation: A Kazakh student says to a British guest: “Why don’t you hug people when you meet them? Are you unfriendly?”

Nearpod Open-Ended Question: Explain the cultural misunderstanding and write an appropriate response.

Nearpod Collaborate Board: Write one example of how greetings differ in Kazakh and British cultures.

Тапсырмалар барысында студенттер мәдени түсінбеушіліктің себебін түсіндіріп, жағдаятқа сәйкес жауап жазды және қазақ пен британ мәдениеттеріндегі амандасу ерекшеліктерін салыстырды.

Нәтижелер бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 7% (3), БТ – 4% (2). Орташа деңгей: ЭТ – 36% (16), БТ – 29% (13). Төмен деңгей: ЭТ – 58% (26), БТ – 67% (30). Екі топта да төмен деңгей басым, ал жоғары деңгейдегі респонденттер үлесі аз болды. Студенттердің көпшілігі мәдени айырмашылықты байқағанымен, оны түсіндіруде және жағдаятқа сәйкес дәлелді жауап беруде қиналды. Бұл тілдік құралдарды саналы таңдау, мәдени айырмашылықтарды түсіндіру және коммуникативтік жағдаятқа сәйкес дәлелді жауап беру дағдыларын мақсатты түрде дамыту қажеттігін көрсетті.

Білімді кәсіби жағдаятта қолдану деңгейін анықтау үшін Nearpod платформасының Open-Ended Question, Collaborate Board және Draw It құралдары негізінде кәсіби жағдаяттық тапсырмалар (Case-analysis) ұйымдастырылды. Бұл тапсырмалар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени білімді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдану қабілетін анықтауға бағытталды.


Situation: You are a future English teacher. You need to prepare a short activity on the topic “Greetings in different cultures” for first-year students.
Task 1. Open-Ended Question. Choose one culture: British, Kazakh, American or Japanese. Write 3–4 sentences about greeting traditions in this culture.
Task 2. Collaborate Board. Compare this culture with Kazakh culture. Write one similarity and one difference.
Task 3. Draw It. Create a simple lesson fragment. Include: the lesson topic; one cultural expression; one question for students; one expected result.
Task 4. Reflection. Write 2–3 sentences explaining how this activity can help students avoid intercultural misunderstanding.

Тапсырмалар барысында респонденттер таңдаған мәдениеттің амандасу дәстүрлерін сипаттап, оны қазақ мәдениетімен салыстырды, сабақ фрагментін құрастырды және оның мәдениетаралық түсінбеушіліктің алдын алудағы рөлін түсіндірді. Бұл тапсырмалар лингвомәдени білімді кәсіби іс-әрекетте қолдану және педагогикалық шешім қабылдау қабілеттерін бағалауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 4% (2), БТ – 2% (1). Орташа деңгей: ЭТ – 42% (19), БТ – 36% (16). Төмен деңгей: ЭТ – 53% (24), БТ – 62% (28). Екі топта да төмен деңгей басым болды. Студенттер мәдени ақпаратты сипаттай алғанымен, оны сабақ фрагментіне айналдыруда және таңдауын педагогикалық тұрғыдан негіздеуде қиналды. Бұл лингвомәдени білімді кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда қолдану қабілетін жүйелі түрде дамыту қажеттігін көрсетті.

Осылайша, мәдениетаралық өзара әрекеттестік критерийі бойынша үш диагностикалық тапсырманың нәтижесінде екі топта да төмен деңгей басым

болды (53–67%), ал жоғары деңгейдегі респонденттер үлесі 2–13% аралығында болды (10-сурет).



Сурет 10 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілігінің айқындаушы кезеңдегі қалыптасу деңгейлері

Прагматикалық субқұзыреттіліктің қалыптасу деңгейі кәсіби-практикалық критерийі бойынша анықталды. Бұл критерий бойынша лингвомәдени білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін диагностикалық тест Nearpod платформасының Quiz және Matching Pairs құралдары арқылы өткізілді. Тест респонденттердің сөйлеу актілерін, сөйлеу әдебі формаларын және мәдени контекстті түсіну қабілетін анықтауға бағытталды. Тестті орындау барысында респонденттер сөйлеу актілерінің түрін анықтады, коммуникативтік жағдаятқа сәйкес сөйлеу әдебі формаларын таңдады, сөйлеушінің коммуникативтік мақсатын айқындап, оны мәдени контекст негізінде түсіндірді.

Тест нәтижесі бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 7% (3), БТ – 4% (2). Орташа деңгей: ЭТ – 40% (18), БТ – 33% (15). Төмен деңгей: ЭТ – 53% (24), БТ – 62% (28). Екі топта да төмен деңгей басым болды. Бұл респонденттердің сөйлеу актілерінің негізгі түрлерін, сөйлеу әдебі формаларын және коммуникативтік мақсаттарды мәдени контекстке сәйкес орынды қолдануда қиналатынын көрсетті. Осыған байланысты сөйлеу актілерін, сөйлеу әдебі формаларын және мәдениетаралық коммуникация жағдаяттарын қамтитын практикалық әрі цифрлық тапсырмалар жүйесін оқу үдерісіне мақсатты түрде енгізу қажеттігі айқындалды.

Аталған критерий бойынша білімді мәдениетаралық жағдаятта қолдану деңгейін анықтауға арналған жағдаяттық тапсырмалар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативтік ниетті, мәдени контексті және сөйлеу стратегияларын ескере отырып өз ойын жеткізу қабілетін бағалауға бағытталды:

Task 1. Complete the dialogue (Nearpod: Open-Ended Question).

S: I don’t understand why British people always say “please” and “thank you”.

Task 2. Choose the best response (Nearpod: Quiz).

A foreign student says: “Your presentation was interesting.” Choose the most appropriate reply:
A) Yes
B) I know
C) Thank you. I am glad you enjoyed it.
D) Whatever
Task 3. Identify the communication strategy (Nearpod: Matching Pairs).
Match the situation with the correct communication strategy.
[Situation – Strategy кестесі өзгермейді]
Task 4. Analyze the situation (Nearpod: Collaborate Board).
A Kazakh student remains silent during a discussion, while British students actively express their opinions.

1. Why might this happen?
2. Is it a cultural difference?
3. What should the teacher do?

Task 5. Reflection (Nearpod: Open-Ended Question).
Imagine that you are conducting a lesson. How would you encourage students from different cultural backgrounds to participate equally in classroom discussion? Write 3–4 sentences.

Нәтижелер бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 4% (2), БТ – 2% (1). Орташа деңгей: ЭТ – 38% (17), БТ – 33% (15). Төмен деңгей: ЭТ – 58% (26), БТ – 64% (29). Респонденттердің басым бөлігі коммуникативтік жағдаяттың жалпы мазмұнын түсініп, мәдени ерекшеліктерді ажырата алғанымен, сөйлеушінің нақты коммуникативтік ниетін анықтауда және мәдени контекстке сәйкес тиімді сөйлеу стратегиясын таңдауда қиналды. Сондықтан оқу үдерісіне мәдениетаралық коммуникация жағдаяттарын модельдейтін практикалық тапсырмалар жүйесін енгізу қажеттігі анықталды.


Білімді кәсіби жағдаятта қолдану деңгейін анықтауға арналған кәсіби жағдаяттық тапсырмалар (Case-analysis) респонденттердің прагматикалық білімді кәсіби-педагогикалық қызметте қолдану, коммуникативтік тапсырмалар әзірлеу және негізделген педагогикалық шешім қабылдау қабілеттерін бағалауға бағытталды:

Task 1. Write a short text (Nearpod: Open-Ended Question).
Situation: An exchange student asks: “Can you tell me about Kazakh traditions?” Write 3–4 sentences introducing one Kazakh tradition in a polite and understandable way for a foreign student.
Task 2. Explain the situation (Nearpod: Open-Ended Question).
A British student says: “I don’t understand why people take off their shoes before entering a house in Kazakhstan.” Write a short explanation in English.
Task 3. Draw It.
Create a simple poster “How to communicate politely with foreign students”. Include 4–5 rules.
Task 4. Open-Ended Question.
Imagine that you are working in pairs with an international student. Write five polite

expressions you would use during the conversation.
Task 5. Collaborate Board.
Your group is preparing a presentation about Kazakh culture for foreign students. Suggest:
– one topic;
– one cultural example;
– one discussion question.

Тапсырмаларды орындау барысында респонденттер мәдени ақпаратты түсінікті жеткізіп, мәдениетаралық қарым-қатынаста сыпайы тілдік бірліктерді қолданды, жағдаятқа сәйкес жауап құрастырды және қарапайым кәсіби-коммуникативтік шешімдер ұсынды. Нәтижелер бойынша жоғары деңгей: ЭТ – 4% (2), БТ – 2% (1). Орташа деңгей: ЭТ – 38% (17), БТ – 29% (13). Төмен деңгей: ЭТ – 58% (26), БТ – 69% (31). Респонденттердің басым бөлігі мәдени ақпаратты жүйелі жеткізуде, тілдік құралдарды жағдаятқа сәйкес таңдауда және кәсіби тұрғыдан негізделген шешім қабылдауда жеткілікті дайындық таныта алмады. Бұл практикаға бағдарланған тапсырмаларды, кәсіби жағдаяттарды талдауды және цифрлық білім беру платформаларын жүйелі қолдану қажеттігін дәлелдеді.

Осылайша, кәсіби-практикалық критерийі бойынша үш диагностикалық тапсырманың нәтижесінде екі топта да төмен деңгей басым болды (53–69%), ал жоғары деңгейдегі респонденттер үлесі 2–7% аралығында болды (11-сурет).



Сурет 11 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің прагматикалық субқұзыреттілігінің айқындаушы кезеңдегі қалыптасу деңгейлері

Осылайша, айқындаушы кезеңнің нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. Үш критерий бойынша орындалған тоғыз диагностикалық тапсырманың бәрінде екі топта да төмен деңгей басым болды: ЭТ – 51–60%, БТ – 53–69%. Жоғары деңгейдегі студенттер

үлесі 13% аспады. Ең төмен нәтижелер кәсіби-практикалық критерийі бойынша, білімді кәсіби жағдаятта қолдану тапсырмасында анықталды.

Эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы деңгейінің біртектілігі Пирсонның χ^2 критерийі арқылы тексерілді. Тоғыз диагностикалық тапсырманың әрқайсысы бойынша есептелген мән χ^2эмп = 0,45–1,31 сыни мәннен аз болды (χ^2кр = 5,99; df = 2; α = 0,05; p > 0,05). Яғни айқындаушы кезеңде топтар арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді емес, топтар біртекті. Бұл қалыптастырушы кезеңнің нәтижелерін объективті салыстыруға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін мақсатты түрде қалыптастыруға бағытталған арнайы әдістемені енгізу қажеттігін дәлелдеді. Сондықтан қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топтың оқу үдерісіне цифрлық білім беру платформалары мен мәдениетаралық өзара әрекетке негізделген жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі енгізілді.

3.2 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру барысындағы тәжірибелік – эксперименттік жұмысты жүргізу.

Зерттеудің қалыптастырушы кезеңінің мақсаты бірінші тарауда анықталған лингводидактикалық шарттар кешенінің және екінші тарауда әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан тексеру болды. Бірінші тарауда болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру келесі лингводидактикалық шарттар орындалғанда тиімді болатыны теориялық тұрғыдан негізделді:

- болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде оқу-танымдық белсенділігін арттыратын интерактивті әдістерді жүйелі қолдану;
- лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттармен сабақтастыру;
- лингвомәдени мазмұнды меңгертуде ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктерін мақсатты түрде жүйелі пайдалану.

Теориялық тұрғыдан анықталған лингводидактикалық шарттар 1.3-тараушада ұсынылған болатын. Бұл тарауша ұсынылған лингводидактикалық шарттарды жүзеге асыру кезең-кезеңімен қарастыру ұсынылды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін біртұтас процесс ретінде қалыптастыру мәселесін зерттеу, осы процестің тиімділігін арттыруға ықпал ететін лингводидактикалық шарттарды жүзеге асырудың нақты құралдарын анықтауға, яғни болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру технологиясын әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік берді және практикалық жүзеге асырылуын, эксперименттік тұрғыдан расталуын тапты.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін тиімді, мақсатты және саналы түрде дамыту оқу процесін жүйелі және бірізді ұйымдастыруды талап етеді, себебі бұл құзыреттілікті оқшауланған іс-шаралар немесе жеке оқу тапсырмалары арқылы дамыту мүмкін емес. Тиісінше, анықталған лингводидактикалық шарттарды жүзеге асыру мотивациялық, іс-әрекеттік және рефлексивті-нәтижелік кезеңдерде жүзеге асырылды.

Лингводидактикалық шарттар және кезеңдер жиынтығын жүзеге асыру құралы «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» [182] (Ә қосымшасы) болды. Бұл практикум негізгі оқу бағдарламасының курстық бағдарламаларына қосымша ретінде іс-әрекет етеді және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктерін жүйелі түрде қалыптастыруға арналған лингвомәдени бағытталған тапсырмалар жүйесін қамтыды. Практикумның мазмұны интерактивті оқыту әдістері мен Nearpod платформасын қолдана отырып, аналитикалық-индикативті, интерпретациялық-коммуникативті, репродуктивті-трансформациялық және продуктивті-коммуникативті жаттығуларды орындауды қамтыды.

Әзірленген практикумның ерекшелігі-оның тілдік, мәдени және кәсіби-педагогикалық дайындықты интеграциялау арқылы лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру кешеніне бағытталған бағыты. Негізінен тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған дәстүрлі практикалық курстардан айырмашылығы, бұл практикум болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінің ерекшелігін көрсететін ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің дәйекті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Практикум бірыңғай әдістемелік жоспармен біріктірілген аналитикалық-индикативті, интерпретациялық-коммуникативті, репродуктивті-трансформациялық және продуктивті-коммуникативті жаттығулар негізінде құрылған. Әр тапсырма тек лингвомәдени білімді игеруге ғана емес, сонымен қатар оларды модельдік кәсіби-педагогикалық жағдаяттарда қолдануға бағытталды.

Практикумның айрықша ерекшелігі интерактивті өзара іс-әрекетті, өзіндік танымдық іс-әрекетті дамытуды, ынтымақтастықты ұйымдастыруды және жедел кері байланысты қамтамасыз ететін Nearpod, Quizlet, Padlet, Wordwall, Genially, Canva сияқты цифрлық білім беру цифрлық құралдарын кеңінен қолдану болып табылады.

«Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» курсының мақсаты студенттерде Nearpod платформасын пайдалану арқылы оқытылатын тіл елдерінің тілдік және мәдени ерекшеліктерін терең түсінуді дамыту болып табылды.

Практикумның негізгі міндеттері:

- лексиканы, фразеологияны, идиоматиканы және мәдени ерекшеліктермен байланысты басқа да тілдік бірліктерді зерделеуге баса назар аудару;

- оқытылатын тіл елдерінің мәдени нормаларын, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тарихи фактілері мен рәміздерін талдау;

- интернет-ресурстардың (веб-сайттар, дерекқорлар және т.б.) көмегімен тілдік және мәдени аспектілер туралы ақпаратты іздеу және талдау әдістерін игеру;

-болашақ шетел тілі мұғалімдерінің түрлі жағдаяттарда сөйлемдер мен коммуникативті стратегияларды бейімдеуді қоса алғанда, мәдениетаралық қарым-қатынас контекстінде тілді пайдалануға үйрету.

Бірінші лингводидактикалық шарт болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде оқу мотивациясын арттыруға және белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталады. Бұл лингводидактикалық шартты жүзеге асыру барысында проблемалық оқыту, жұптық және топтық жұмыс, пікірталас, рөлдік ойындар, кейс-әдіс, симуляциялар, сондай-ақ Nearpod платформасының интерактивті құралдары Collaborate Board, Time to Climb, Open-ended Questions, Interactive Video қолданылды. Мұндай оқыту болашақ шетел тілі мұғалімдерінің оқу үдерісіне белсенді қатысуына, мәдениетаралық мәселелерді бірлесіп талдауына, кәсіби-коммуникативтік жағдаяттарды шешуіне және лингвомәдени білімді саналы меңгеруіне мүмкіндік береді.

«Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» тақырыптары болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби дайындығының мазмұнына, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру талаптарына және эксперименттің айқындаушы кезеңінің нәтижелеріне негізделіп анықталды. Тақырыптарды таңдау кезінде олардың мәдени байлығы, коммуникативтік бағыты, кәсіби-педагогикалық маңыздылығы, отандық және шетелдік мәдениеттерді салыстыру мүмкіндігі және интерактивті әдістер мен цифрлық білім беру платформаларын қолдану мүмкіндігі ескерілді.

Практикумның мазмұны ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктерді жүйелі түрде қалыптастыруға арналған тақырыптарды қамтыды. Тақырыптар студенттерге аутентті мәтіндер мен бейне материалдарды талдауға, мәдени реалийлерді анықтауға, коммуникативтік мінез-құлықтың дәстүрлері мен нормаларын салыстыруға, кейс-стадилерді шешуге, коммуникативтік жағдаяттарды модельдеуге және лингвомәдениетке бағытталған оқу тапсырмаларын жасауға мүмкіндік беретіндей етіп таңдалды (15-кесте).

Кесте 15 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикумы арқылы қалыптастырудың кезеңдік әдістемесі

Кезеңдер	Практикум тақырыптары	ЛҚ субқұзыреттіліктері	Күтілетін нәтиже	Бағалау
1	2	3	4	5
Мотивациялдық	Cultural Holidays and Traditions; Music Festivals;	Ақпараттық-аналитикалық	Білім алушы өзге мәдениетті танып-білуге қызығушылық танытады, мәдени мәні	Критерий: мазмұндық-танымдық. Құралы: Nearpod Poll, Quiz, Interactive Video есептері;

15 кестенің жалғасы

	Art and Architecture		бар ақпаратты анықтайды және оны өз мәдениетімен бастапқы деңгейде салыстырады.	аналитикалық-индикативтік жаттығуларды дескрипторлар бойынша бағалау. Балл: 5 × 20 = 100.
Іс-әрекеттік	Digital History; Film and TV; Idioms; Cultural Differences in Education and Business	Ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті, прагматикалық	Білім алушы мәдени ақпаратты түсіндіреді, мәдениеттер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты талдайды, қарым-қатынас жағдаятына сәйкес тілдік құралдарды қолданады.	Критерий: мәдениетаралық өзара әрекеттестік. Құралы: Nearpod Matching, Quiz, Time to Climb есептері; рөлдік ойын, диалог пен жазбаша жауапты дескрипторлар бойынша бағалау. Балл: 5 × 20 = 100.
Рефлексивті-нәтижелік	Intercultural Understanding; Cultural Differences in Education and Business	Прагматикалық	Білім алушы мәдениетаралық қарым-қатынас жағдаятын дербес шешеді, өз тілдік және мінез-құлықтық таңдауын негіздейді, болашақ мұғалім ретіндегі әрекетіне рефлексия жасайды.	Критерий: кәсіби-практикалық. Құралы: кейсті бағалау рубрикасы; өзін-өзі және өзара бағалау; Nearpod Open-Ended Question жауаптары. Балл: 5 × 20 = 100

«Cultural holidays and traditions» тақырыбы респонденттерге ағылшын тілді елдердің мәдени мерекелеріне қатысу жағдайларын модельдеуге, дәстүрлердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын талқылауға, олардың мәдени ерекшеліктерін анықтай отырып, аутентті материалдарды талдауға, сондай-ақ мәдениетаралық ортада лайықты мінез-құлықты таңдауға байланысты практикаға бағытталған міндеттерді шешуге бағытталған тапсырмалар ұсынылды (16-кесте).

Кесте 16 – «Cultural holidays and traditions» тақырыбы бойынша ұсынылған тапсырмалар түрі

Theme: «Cultural holidays and traditions»	Analytical-indicative task	Interactive Video + Quiz https://youtu.be/pnCQyo98cwY?si=-XPT0pFprHVmH_1p Holiday | Traditions | Symbols | Cultural values	Task: Watch the video and identify cultural differences about Christmas in the UK, Thanksgiving in the USA, and Nauryz in Kazakhstan.	Expected outcome: -analyzes cultural information; -identifies cultural characteristics; -compares cultural values.
1	2	3	4	5
	Interpretive-communicative task	Collaborate Board	Task: Compare cultural holidays. Discuss the following questions in pairs. 1.Which holiday is the most important in your culture?	Expected outcome -substantiates their own views; -explains cultural characteristics;

16 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
			2.What similarities exist between Nauryz and Christmas? 3.Why is it important for a teacher to know students' cultural traditions?	-engages in intercultural communication.
	Productive-communicative task	Collaborate Board	Case: “Only our traditions are correct” As a future teacher: -analyze the situation; -propose ways to resolve the conflict; -justify the method you would use; -design an activity aimed at fostering intercultural respect.	resolves intercultural situations; applies linguocultural knowledge in learning activity;

Зерттеу барысында ұсынылып отырған әдістеме үш кезең арқылы жүзеге асырылды. Тапсырмалар мен жаттығулар Nearpod платформасы жүйесінде орындалды.

Бірінші *мотивациялық кезеңде* ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға негізделген жаттығулар ұсынылды. Тақырып бойынша тапсырмаларды орындау болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін кешенді қалыптастыруға бағытталды. Аутенттік материалды талдау барысында респонденттер ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттіліктің мәдени маңызы бар ақпаратты іздеу, іріктеу және түсіндіру дағдыларын жетілдірді, ағылшын тілді елдердің мәдени ерекшеліктерін анықтауды, оларды қазақ халқының дәстүрлерімен салыстыруды және дәлелді қорытынды жасай алу критерийлері негізге алынды. Интерактивті тапсырмалармен жұмыс аналитикалық ойлауды дамытуға, тіл мен мәдениет арасындағы байланысты орнатуға, сондай-ақ лингвомәдени материалмен жұмыс істеу кезінде цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалануға ықпал етті.

Зерттеу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мотивациялық, іс-әрекеттік және рефлексивті-нәтижелік кезеңдер арқылы жүзеге асырылады. Яғни, әр кезеңде практикум тақырыптары, тапсырмалардың мазмұны және цифрлық технологиялар білім алушылардың лингвомәдени субқұзыреттіліктерін біртіндеп дамытуға бағытталады.

1.Мотивациялық кезеңде білім алушылардың өзге мәдениеттерді тануға қызығушылығын оятуға және мәдени ақпараттың болашақ кәсіби іс-әрекеті үшін

маңызын түсіндіруге басымдық беріледі. Cultural Holidays and Traditions, Music Festivals, Art and Architecture тақырыптары бойынша видеоматериалдар мен аутентті мәтіндер ұсынылып, студенттер мәдени мәні бар ақпаратты анықтайды және оны өз мәдениетімен салыстырады. Nearpod платформасының Poll, Interactive Video, Collaborate Board құралдары мен аналитикалық-индикативтік жаттығулар ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттіліктің бастапқы негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2.Іс-әрекеттік кезеңде білім алушылар мәдени ақпаратты анықтаудан оны түсіндіруге және қарым-қатынаста қолдануға көшеді. Digital History, Film and TV, Idioms, Cultural Differences in Education and Business тақырыптары аясында студенттер мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талқылайды. Сонымен бірге, тілдік бірліктердің мәдени мағынасын түсіндіреді және жағдаятқа сай сөйлеу үлгілерін қолданады. Осы тұста интерпретациялық-коммуникативтік және репродуктивтік-трансформациялық жаттығулар, рөлдік ойындар, Nearpod платформасының құралдары пайдаланылады. Бұл аталған жұмыстар ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктерді өзара байланыста дамытуға бағытталады.

3.Рефлексивті-нәтижелік кезеңде студенттер меңгерген білімдері мен дағдыларын кәсіби бағыттағы мәдениетаралық жағдаяттарды шешуде қолданады. Intercultural Understanding және Cultural Differences in Education and Business тақырыптары бойынша продуктивті-коммуникативтік тапсырмалар орындалып, болашақ шетел тілі мұғалімдері өздерінің тілдік таңдауын негіздейді. Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және орындалған тапсырманы талдау арқылы студенттер жетістіктері мен қиындықтарын айқындайды. Осы кезеңнің күтілетін нәтижесі -мәдениетаралық қарым-қатынаста орынды әрекет етіп, өз кәсіби тәжірибесіне рефлексия жасай алу болып табылады.

Түйіндей келе, кезеңдердің бірізділігі мәдени ақпаратты анықтау, түсіндіру, қарым-қатынаста қолдану, өз әрекетін бағалау логикасына негізделеді. Бұл логика болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін құрамдас субқұзыреттіліктердің өзара байланысы арқылы қалыптастыруға жағдай жасайды.

Жұптық және топтық жұмыс түрінде ұйымдастырылған коммуникативті тапсырмаларды орындау қарым-қатынас дағдыларын дамытуды, өз көзқарасын дәлелді түрде білдіруді және сындарлы диалогты қамтамасыз етті. Респонденттер мәдени құбылыстарды түсіндіруді, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың маңыздылығын түсіндіруді, әртүрлі халықтардың мәдени құндылықтарын салыстыруды және қарым-қатынас процесінде мәдени контекстті ескеруді үйренді. Nearpod платформасында Collaborate Board интерактивті тақтасын пайдалану қатысушылардың белсенді өзара әрекеттесуіне, ынтымақтастық пен коммуникация дағдыларын арттыруға мүмкіндік берді.

Репродуктивті-трансформациялық тапсырмалар жаңа коммуникативті жағдаяттарда лингвомәдени білімді қолдануға бағытталды. Жазбаша тапсырмаларды орындау кезінде респонденттер когнитивті-коммуникативті

субқұзыреттілік критерийлері негізінде сөйлеу мәдениеттің ерекшеліктеріне бейімдеу, коммуникативті жағдаятқа байланысты тиісті тілдік құралдарды таңдау, мәдени ақпаратты түсіндіру және оны сұхбаттасушыға қол жетімді және дұрыс түрде ұсыну қабілеттерін жетілдірді. Кейстерді шешуге және жағдаяттарды модельдеуге негізделген продуктивті-коммуникативті тапсырмалар ерекше маңызға ие болды. Оларды орындау барысында респонденттер жағдаяттарды талдап, оларды шешудің негізделген тәсілдерін таңдады, лингвомәдени бағдарланған оқу тапсырмаларын әзірлеп, сабақ үзінділерін жобалады.

Theme: Cultural Holidays and Traditions

Aim: Formation of students' ideas about cultural traditions of English-speaking countries by means of comparison of holidays in Great Britain, USA and Kazakhstan.

Stage of the lesson. Practice/Speaking

Warm up. Nearpod Poll

Question. Which holiday is the most important in your country?

Interactive activity.

Nearpod Interactive video. Students are watching videos about Christmas, Thanksgiving and Nauryz. While watching they have to answer the questions.

Pair work. Task. Compare Christmas and Nauryz. Complete the Venn diagram.

Speaking. Situation. Your British friend is visiting Kazakhstan during Nauryz. Explain:

- traditions;
- symbols;
- why this holiday is important.

Reflection. Nearpod open-ended question.

What new cultural facts have you learned today?

Оқу іс-әрекеттерін осылайша ұйымдастыру ойлаудың, шешім қабылдау дағдыларының, жобалау қабілеттерінің және болашақ кәсіби тәжірибеде лингвомәдени білімді қолдануға дайындықтың дамуына негіз болды.

Осылайша, «Cultural Holidays and Traditions» тақырыбындағы тапсырмалар жиынтығын орындау ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктердің біртіндеп қалыптасуын қамтамасыз етті; сонымен қатар респонденттердің мәдени ақпаратты талдау және түсіндіру, тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби бағытталған міндеттерді шешу және шетел тілін оқыту процесінде цифрлық білім беру технологияларын пайдалану дағдыларын дамытты. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін дамыту құралы ретінде Nearpod платформасын пайдаланудың тиімділігін растады. Сонымен қатар, ол бірінші лингводидактикалық шарттың, атап айтқанда, лингвомәдени құзыреттілікті дамыту кезінде респонденттердің танымдық белсенділігін ынталандыруға бағытталған интерактивті оқыту әдістерін қолданудың практикалық маңыздылығын айқындады. Бұл шартты енгізудің өзектілігі интерактивті оқыту әдістерінің респонденттердің тек ақпаратты пассивті тұтынушы ғана емес, сонымен қатар оқу процесінің белсенді қатысушылары болатын білім беру ортасын құратындығынан туындады. Демек,

лингводидактикалық шартты енгізу болашақ шетел тілі мұғалімдерінің оқу және танымдық іс-әрекеттерге белсенді қатысуына ықпал етті, олардың лингвомәдени материалдарды зерттеуге деген ынтасын арттырды және олардың лингвомәдени құзыреттілігін жүйелі түрде қалыптастыру үшін қажетті алғышарттарды белгіледі.

Екінші лингводидактикалық шарт – лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін мәдениетаралық және кәсіби-педагогикалық жағдаяттармен сабақтастыру – практикум тақырыптарын меңгеру барысында жүзеге асырылды. Бұл шарт респонденттерді коммуникативтік жағдаяттарға, жағдаяттық кейс тапсырмаларға, рөлдік ойындарға және нақты өмірлік сценарийлер мен білім берудегі өзара әрекеттесуді модельдейтін тәжірибеге бағытталған тапсырмаларға тарту арқылы жүзеге асырылды.

Сондай-ақ практикумның «Music and Cultural Festivals» тақырыбы бойынша тапсырмалар әзірледік. (А қосымшасы, А.16)

Бұл тәсіл респонденттердің коммуникативтік міндеттерді шешу барысында лингвомәдени білімді қолдануына, жағдаяттарды талдауына, қарым-қатынасқа қатысушылардың мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, өзара әрекеттесудің тиімді тәсілдерін таңдауына және өз ұстанымдарын дәлелді түрде негіздеуіне мүмкіндік берді. Тапсырмалардың практикалық бағыттылығы лингвомәдени білімді меңгеруден оны кәсіби-коммуникативтік жағдаяттарда саналы әрі орынды қолдануға біртіндеп көшуге ықпал етті.

Тапсырмаларды орындау респонденттердің мәдени ақпаратты талдау және түсіндіру, әртүрлі елдердің мәдени дәстүрлерін салыстыру, диалог жүргізу және өз ұстанымдарын дәлелді білдіру дағдыларын дамытуға септігін тигізді. Респонденттер өз елінің мәдени мұрасын ұсынуды, қарым-қатынас процесінде мәдени контекстті ескеруді, ынтымақтастықта жұмыс істеуді және қолдануды үйренді. Nearpod платформасының интерактивті құралдарын пайдалану респонденттердің коммуникативті мәселелерді талқылауға, бөлісуге және бірлесіп шешуге белсенді қатысуын қамтамасыз етті.

Осылайша, ұсынылған тапсырмалар кешені екінші лингводидактикалық шарттардың практикалық іске асырылуын көрсетті. Ситуациялық және коммуникативтік тапсырмаларды орындау респонденттердің әртүрлі жағдаяттарда лингвомәдени білімді белсенді қолдануына жағдай жасауға мүмкіндік берді, бұл ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға жетілдіруге мүмкіндік берді.

Үшінші шартты іске асыру технологиясының негізі – цифрлық пәндік ортаның әлеуетін және оның оқу сабақтарының сапасын арттыру, студенттерді білім беру процесіне тарту, мотивацияны арттыру және коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін кең мүмкіндіктерін пайдалану. Бұл шартты іске асыру білім беру процесіне Nearpod, Quizlet, LearningApps, Canva, Padlet және басқа да цифрлық ресурстар платформаларын біріктіру арқылы қамтамасыз етілді, бұл оқу сабақтарының сапасын арттыруға, студенттердің танымдық іс-әрекетін жандандыруға, олардың оқу мотивациясын дамытуға және тиімді

мәдениетаралық өзара іс-әрекетті ұйымдастыру тиімділігін арттырды. Цифрлық құралдарды пайдалану интерактивті білім беру ортасын құруға мүмкіндік берді, онда студенттер аутентті материалдарды талдады, коммуникативтік және ситуациялық тапсырмаларды орындады, оқу міндеттерін шешу үшін бірлесіп жұмыс істеді және оқу іс-әрекетінде түрлі лингвомәдени білімдерін қолданды.

Үшінші лингводидактикалық шарттың мазмұнында мыналар қарастырылды:

- цифрлық форматта аутентті мәтіндерді, аудио және бейнематериалдарды пайдалану;
- интерактивті тапсырмаларды орындау (Quiz, Matching Pairs, Time to Climb, Open-ended Question, Collaborate Board, Interactive Video және т. б.);
- цифрлық білім беру ортасында жеке, жұптық және топтық жұмысты ұйымдастыру;
- цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, жағдаяттарды модельдеу;
- тәжірибеге бағытталған коммуникативтік тапсырмаларды орындау;
- оқыту нәтижелерінің ағымдағы рефлексиясын және өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру;
- цифрлық бағалау құралдары арқылы жедел кері байланысты қамтамасыз ету.

Цифрлық платформаларды кешенді пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға, дербестікті, коммуникативтік дағдыларды және цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етті, сондай-ақ болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттілігін дәйекті қалыптастыруға жағдай жасады.

Осылайша, үшінші лингводидактикалық шартты іске асыру цифрлық білім беру ортасы мен интерактивті платформаларды жүйелі пайдалану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай туғызатынын көрсетті. Цифрлық ресурстарды білім беру процесіне интеграциялау студенттерді оқу іс-әрекетіне белсенді тартуды қамтамасыз етті, аутентті лингвомәдени материалдармен жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейтті, тәуелсіздікті, коммуникативтік белсенділікті және мәдениетаралық өзара іс-әрекет дағдыларын дамытуға ықпал етті. Nearpod, Quizlet, LearningApps, Canva және басқа да цифрлық құралдарды пайдалану интерактивті өзара әрекеттесу, жедел кері байланыс және лингвомәдени білімді практикалық қолдану негізінде оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Осылайша, лингводидактикалық шарттарды іске асыру болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға кешенді көзқарасты қамтамасыз етті. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану респонденттердің танымдық іс-әрекетін жандандыруға және олардың лингвомәдени материалды зерттеуге деген ынтасын арттырды. Оқытудың мәнмәтіні мен ситуациялық бағытын өзектендіру лингвомәдени білімді шетел тілі мұғалімінің болашақ іс-әрекетіне жақын оқу-коммуникативтік жағдаяттарға ауыстыруды қамтамасыз етті, бұл өзара іс-әрекет дағдыларын дамытуға және алынған білімді саналы түрде қолдануға негіз болды. Цифрлық білім беру

ортасының әлеуетін пайдалану интерактивті оқытуды ұйымдастыруға, аутентті материалдармен жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейтуге, жедел кері байланысты қамтамасыз етуге және респонденттердің білім беру процесіне белсенді қатысуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді. «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикумы шеңберінде аталған шарттарды кешенді іске асыру ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктердің дәйекті қалыптасуына негіз болды. Оқытудың интерактивті әдістерін, ситуациялық тәсілді және цифрлық білім беру платформаларын пайдалануға негізделген ұсынылған тапсырмалар жүйесі лингвомәдени құзыреттіліктің тұтас қалыптасуын қамтамасыздандырды және болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау процесінде әзірленген технологияның тиімділігін растады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі өзара сабақтас кезеңдер негізінде ұйымдастырылды. Әр кезеңде ақпараттық-аналитикалық, когнитивтік-коммуникативтік және прагматикалық субқұзыреттіліктердің қалыптасуына сәйкес критерийлер мен дескрипторлар басшылыққа алынды. Ақпараттық-аналитикалық бағыттағы тапсырмалар лингвомәдени ақпаратты іздеу, іріктеу, салыстыру, талдау және жүйелеу біліктерін қалыптастыруға бағытталды. Когнитивтік-коммуникативтік бағыттағы жаттығулар мәдени-тілдік құбылыстарды түсіндіру, салыстыру, пікір алмасу, диалог құру және өз көзқарасын дәлелдеу әрекеттерін қамтыды. Прагматикалық бағыттағы тапсырмалар нақты кәсіби-коммуникативтік жағдаяттарда лингвомәдени білімді орынды қолдану, әңгімелесушінің мәдени ерекшеліктерін ескеру және коммуникативтік стратегияларды жағдаятқа сәйкес таңдау біліктерін дамытуға негізделді.

Аталған критерийлер мен дескрипторларға сәйкес ақпараттық-танымдық, салыстырмалы-талдамалық, коммуникативтік және жағдаяттық-практикалық жаттығулар жүйесі қолданылды. Жаттығулар қарапайым репродуктивтік әрекеттерден аналитикалық, коммуникативтік және шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, одан әрі кәсіби жағдаяттарды шешуге бағытталған практикалық әрекеттерге біртіндеп күрделендірілді. Мұндай кезеңдік ұйымдастыру білім алушылардың лингвомәдени білімді меңгеруінен оны талдау мен интерпретациялауға, кейін кәсіби-коммуникативтік жағдаяттарда саналы әрі мақсатқа сай қолдануға көшуін қамтамасыз етті.

Қалыптастырушы эксперимент барысында ұсынылған жаттығулар мен тапсырмалар кешені зерттеудің теориялық бөлімінде негізделген құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық тәсілдерге, сондай-ақ коммуникативтілік, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу, тұлғаға бағдарланған принциптеріне сәйкес ұйымдастырылды. Құзыреттілік тәсіл лингвомәдени білімді кәсіби-коммуникативтік жағдаяттарда қолдануға бағытталған жағдаяттық және проблемалық тапсырмалар арқылы жүзеге асырылды. Интерактивтік тәсіл жұптық және топтық жұмыс, пікірталас, рөлдік ойын, кейс-тапсырмалар мен бірлескен талқылау барысында білім алушылардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз етті. Аксиологиялық тәсіл мәдени құндылықтарды салыстыру,

мәдени ерекшеліктерді интерпретациялау және әртүрлі мәдениет өкілдерінің құндылықтық ұстанымдарына құрметпен қарауға бағытталған тапсырмалар арқылы көрініс тапты.

Сонымен қатар, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар лингвомәдени білімді меңгеру, мәдениетаралық өзара әрекеттестік және кәсіби-практикалық білімді қолдану критерийлері мен олардың көрсеткіштері негізінде іріктелді. Бірінші критерий мәдени ақпаратты қабылдау, түсіну және талдауға бағытталған тапсырмаларды таңдауға негіз болса, екінші критерий мәдениетаралық қарым-қатынаста тілдік құралдарды орынды қолдануды және өзара әрекеттесуді талап ететін тапсырмалар арқылы жүзеге асырылды. Ал, үшінші критерий лингвомәдени білімді болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби әрекетінде қолдануға бағытталған шығармашылық және тапсырмаларды іріктеуге негіз болды. Осыған орай, тапсырмалардың мазмұны мен күрделілігі қалыптастыру кезеңдеріне сәйкес анықталып, оларды орындау және кері байланыс алу Nearpod платформасы арқылы ұйымдастырылды.

«Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикум аясында коммуникативтілік принципі шынайы және кәсіби-коммуникативтік жағдаяттарға негізделген диалогтік және пікірталастық тапсырмаларда іске асырылса, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу принципі Nearpod платформасының Collaborate Board құралы арқылы ұйымдастырылған жұптық, топтық және бірлескен жобалық жұмыстарда қамтамасыз етілді. Тұлғаға бағдарланған принцип білім алушылардың жеке тәжірибесін, қызығушылықтарын, коммуникативтік мүмкіндіктері мен өзіндік пікірін ескеретін рефлексивтік және шығармашылық тапсырмаларда көрініс тапты. Осылайша, аталған тәсілдер мен принциптер қалыптастырушы эксперимент барысында жаттығулар кешенінің мазмұнын, оны ұйымдастыру формаларын және жүзеге асырылу логикасын айқындады.

3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесін талдау және тұжырымдау


Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделінің құрылымында қажетті субқұзыреттіліктің қалыптасуының келесі көрсеткіштері анықталды: ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктер.

Тәжірибелік-экспериментке дейін «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикум аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің мазмұнды - танымдық, мәдениетаралық өзара әрекеттестік және кәсіби-практикалық білімді қолдану көрсеткіштері бойынша қалыптасуының бастапқы диагностикасы алдын ала жүргізілді. ЭТ және БТ респонденттер санынан % арақатынаста айқындаушы диагностикадан алынған нәтижелері осы диссертацияның 3.1-бөлімінде ұсынылды.


Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу динамикасын айқындау үшін эксперименттік және бақылау топтарында қорытынды диагностика ұйымдастырылды. Диагностика барысында лингвомәдени құзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтауда қолданылған тапсырмалармен мазмұндас тапсырмалар жүйесі қолданылды.

Диссертацияның осы бөлімінде «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикум аясында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік оқытудан кейін алынған болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейіне жүргізілген қорытынды диагностиканың нәтижелері ұсынылды. Тәжірибелік-эксперименттік оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысаны ретінде аудиториялық сабақтар алынды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігінің басты көрсеткіші болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің төменнен жоғарыға, осы зерттеу шеңберінде-бастапқы деңгейден жоғары деңгейге тұрақты өзгеруі болып табылды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің қорытынды диагностикасын жүргізу кезінде бастапқы диагностика барысында белгілі бір түзетулер енгізіп, бірдей тапсырмалар мен материалдарды әзірлей отырып, ұқсас диагностикалық құралдар қолданылды. Ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттіліктің қорытынды деңгейі 12, 13-суреттерде және 17-кестеде берілген.



Сурет 12 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненті ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілігінің ЭТ қалыптасу қорытынды деңгейі




Сурет 13 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненті ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілігінің БТ қалыптасу қорытынды деңгейі

Кесте 17 – Эксперименттік оқытудан кейін алынған эксперименттік және бақылау топтарындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің жиынтық деректері

Критерийлер	Жоғары		Орташа		Төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Мазмұндық-танымдық	9 (20,0%)	7 (15,6%)	22 (48,9%)	20 (44,4%)	14 (31,1%)	18 (40,0%)
Мәдениетаралық өзара әрекеттестік	8 (17,8%)	6 (13,3%)	26 (57,8%)	25 (55,6%)	11 (24,4%)	14 (31,1%)
Кәсіби-практикалық	9 (20,0%)	7 (15,6%)	24 (53,3%)	23 (51,1%)	12 (26,7%)	15 (33,3%)
Орташа мәні, %	19,3	14,8	53,3	50,4	27,4	34,8

Келесі диаграммада эксперименттік топтағы когнитивтік-коммуникативтік субқұзыреттіліктің қалыптасу деңгейін қорытынды бағалау нәтижелері (білім алушылар санына пайызбен шаққанда) (14-сурет).




Сурет 14 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненті когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілігінің ЭТ қалыптасу қорытынды деңгейі


Бақылау топтағы когнитивтік-коммуникативтік субқұзыреттіліктің қалыптасу деңгейін қорытынды бағалау нәтижелері (білім алушылар санына пайызбен шаққанда) (15-сурет, 18-кесте).

Кесте 18 – Эксперименттік оқытудан кейін алынған эксперименттік және бақылау топтарындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің жиынтық деректері

Критерийлер	Жоғары		Орташа		Төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Мазмұндық-танымдық	10 (22,2%)	8 (17,8%)	24 (53,3%)	22 (48,9%)	11 (24,4%)	15 (33,3%)
Мәдениетаралық өзара әрекеттестік	5 (11,1%)	4 (8,9%)	23 (51,1%)	20 (44,4%)	17 (37,8%)	21 (46,7%)
Кәсіби-практикалық	6 (13,3%)	5 (11,1%)	26 (57,8%)	23 (51,1%)	13 (28,9%)	17 (37,8%)
Орташа мәні, %	15,6	12,6	54,1	48,1	30,4	39,3




Сурет 15 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненті когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілігінің БТ қалыптасу қорытынды деңгейі



Сурет 16 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненті прагматикалық субқұзыреттілігінің ЭТ қалыптасу қорытынды деңгейі

Бақылау топтағы прагматикалық субқұзыреттіліктің қалыптасу деңгейін қорытынды бағалау нәтижелері (білім алушылар санына пайызбен шаққанда) (16, 17-суреттер, 19-кесте).



Сурет 17 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің құрылымдық компоненті прагматикалық субқұзыреттілігінің БТ қалыптасу қорытынды деңгейі

Кесте 19 – Эксперименттік оқытудан кейін алынған эксперименттік және бақылау топтарындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің прагматикалық субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің жиынтық деректері

Критерийлер	Жоғары		Орташа		Төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Мазмұндық-танымдық	6 (13,3%)	4 (8,9%)	25 (55,6%)	23 (51,1%)	14 (31,1%)	18 (40,0%)
Мәдениетаралық өзара әрекеттестік	7 (15,6%)	5 (11,1%)	26 (57,8%)	24 (53,3%)	12 (26,7%)	16 (35,6%)
Кәсіби-практикалық	6 (13,3%)	5 (11,1%)	27 (60,0%)	23 (51,1%)	12 (26,7%)	17 (37,8%)
Орташа мәні, %	14,1	10,4	57,8	51,9	28,1	37,8

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы әзірленген әдістемесін іске асыру тиімділігін бағалау үшін диагностика жүргізілді. Алынған нәтижелерді талдау әрбір критерий бойынша өзгерістерді және зерттеліп отырған лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. 20-кестеде эксперименттік және бақылау топтарында лингвомәдени құзыреттіліктің айқындаушы және қорытынды кезеңдердегі қалыптасу деңгейлері (білім алушылардың жалпы санынан %) берілген.

Анықталған өзгерістердің статистикалық маңыздылығын тексеру және эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтардың дұрыстығын бағалау үшін χ^2 Пирсонның критерийі пайдаланылды.

$$\chi^2 = \Sigma (O - E)^2 / E,$$

мұндағы O – бақыланған жиілік (деңгейдегі студенттер саны), E – күтілетін жиілік.

Аталған критерий үш бағытта қолданылды: 1) әр топ ішінде айқындаушы және қорытынды кезеңдер арасындағы деңгейлердің бөлінуін салыстыру; 2) айқындаушы кезеңде эксперименттік және бақылау топтарының біртектілігін тексеру; 3) қорытынды кезеңде эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру. Есептеулер еркіндік дәрежесі df = 2 және мәнділік деңгейі α = 0,05 (χ^2кр = 5,99) бойынша жүргізілді.

Кесте 20 – Эксперименттік және бақылау топтарындағы лингвомәдени құзыреттіліктің айқындаушы және қорытынды кезеңдердегі қалыптасу деңгейлері (білім алушылардың жалпы санынан %)

Субқұзыреттілік	Деңгей	ЭТ айқынд. кезең	ЭТ қорыт. кезең	ЭТ өзгерісі	БТ айқынд. кезең	БТ қорыт. кезең	БТ өзгерісі
Ақпараттық-аналитикалық	Жоғары	11,11% (5)	20,00% (9)	+8,89	8,89% (4)	13,33% (6)	+4,44
	Орташа	33,33% (15)	53,33% (24)	+20,00	31,11% (14)	51,11% (23)	+20,00
	Төмен	55,56% (25)	26,67% (12)	−28,89	60,00% (27)	35,56% (16)	−24,44
Когнитивті-коммуникативті	Жоғары	8,89% (4)	15,56% (7)	+6,67	4,44% (2)	13,33% (6)	+8,89
	Орташа	35,56% (16)	53,33% (24)	+17,78	31,11% (14)	48,89% (22)	+17,78
	Төмен	55,56% (25)	31,11% (14)	−24,44	64,44% (29)	37,78% (17)	−26,67
Прагматикалық	Жоғары	4,44% (2)	13,33% (6)	+8,89	2,22% (1)	11,11% (5)	+8,89
	Орташа	40,00% (18)	57,78% (26)	+17,78	33,33% (15)	51,11% (23)	+17,78
	Төмен	55,56% (25)	28,89% (13)	−26,67	64,44% (29)	37,78% (17)	−26,67

Пирсонның χ^2 критерийін есептеу ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктер бойынша жеке жүргізілді. Есептеу нәтижелері 21-кестеде берілген.

Кесте 21 – Эксперименттік және бақылау топтарындағы субқұзыреттіліктердің даму динамикасын Пирсонның χ^2 формуласымен салыстырмалы талдау

Субқұзыреттілік	ЭТ: айқындаушы → қорытынды	БТ: айқындаушы → қорытынды	ЭТ мен БТ: айқындаушы кезең	ЭТ мен БТ: қорытынды кезең
Ақпараттық-аналитикалық	χ^2 = 7,79; p = 0,020*	χ^2 = 5,40; p = 0,067	χ^2 = 0,22; p = 0,895	χ^2 = 1,19; p = 0,551
Когнитивті-коммуникативті	χ^2 = 5,52; p = 0,063	χ^2 = 6,91; p = 0,032*	χ^2 = 1,10; p = 0,578	χ^2 = 0,45; p = 0,797
Прагматикалық	χ^2 = 7,24; p = 0,027*	χ^2 = 7,48; p = 0,024*	χ^2 = 0,90; p = 0,637	χ^2 = 0,81; p = 0,668

Топтар арасындағы айырмашылық Пирсонның χ^2 критерийімен тексерілді (df = 2; α = 0,05; χ^2кр = 5,99). χ^2эмп > χ^2кр болған жағдайда айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді деп есептелді.

21-кестеден көрініп тұрғандай, эксперименттік топта ақпараттық-аналитикалық (χ^2 = 7,79; p = 0,020) және прагматикалық (χ^2 = 7,24; p = 0,027) субқұзыреттіліктер бойынша деңгейлердің бөлінуі айқындаушы кезеңмен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан мәнді өзгерді, ал когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік бойынша оң өзгеріс тенденция деңгейінде байқалды (χ^2 = 5,52; p = 0,063). Қорытынды кезеңде эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттер үлесі барлық үш субқұзыреттілік бойынша бақылау тобынан жоғары болды (20,00%, 15,56% және 13,33%; БТ-да – 13,33%, 13,33% және 11,11%), ал төмен деңгейдегі студенттер үлесі төмен болды (26,67%, 31,11% және 28,89%; БТ-да – 35,56%, 37,78% және 37,78%).

Сонымен бірге бақылау тобында да оң динамика байқалды (когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктер бойынша p < 0,05). Бұл екі топтың да негізгі оқу бағдарламасы аясында лингвомәдени мазмұнды меңгеруімен түсіндіріледі. Қорытынды кезеңде ЭТ пен БТ арасындағы айырмашылық эксперименттік топтың пайдасына бағытталғанымен, статистикалық мәнділік деңгейіне жеткен жоқ (χ^2 = 0,45–1,19; p > 0,05). Мұны таңдама көлемінің шектеулілігімен (әр топта 45 студент) және эксперимент ұзақтығымен байланыстыруға болады. Сондықтан әзірленген әдістеменің дәстүрлі оқытудан артықшылығын үлкен таңдамада қосымша тексеру зерттеуді жалғастырудың перспективалы бағыты болып табылады.

Сондай-ақ, әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельді іске асыру барысында Nearpod цифрлық білім беру платформасын жүйелі түрде қолдану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға оң әсер етті деп айтуға болады. Алынған деректерді талдау платформаның интерактивті құралдарын қолдану ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін арттыруға ықпал еткенін көрсетті. Айқындаушы кезеңмен салыстырғанда, эксперименттік топтағы респонденттер арасында лингвомәдени құзыреттілігі жоғары және орташа деңгейде қалыптасқан студенттер үлесінің артқаны және сәйкесінше төмен деңгейдегі студенттер санының азайғаны байқалды.

Платформа құралдарын пайдаланудың тиімділігі респонденттердің оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз еткендігімен және интерактивті өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға жағдай жасағандығымен анықталды. Collaborate board құралы топтық талқылау, мәдени құбылыстарды талдау және дәлелді пікір алмасу дағдыларын дамытуға ықпал етсе, Open-ended Question құралын пайдалану респонденттердің тілдік және мәдени ерекшеліктерін өз бетінше талдау, өз көзқарасын негіздеу және кәсіби бағдарланған міндеттерді шешуде лингвомәдени білімді қолдану қабілетін бағалауға мүмкіндік берді. Quiz, Time to Climb және Matching Pairs құралдары оқу материалын меңгеру сапасын арттырды, тұрақты кері байланысты қамтамасыз етті және лингвомәдени лексика

мен тұрақты тілдік бірліктерді бекітуге жағдай жасады. Interactive Video және Draw it құралдары респонденттердің аналитикалық іс-әрекетін жандандырды, аутентті материалдарды түсіндіру және тіл мен мәдениет арасындағы байланысты орнату дағдыларын дамытты.

Алынған нәтижелер Nearpod платформасының құралдарын пайдалану интерактивтілік, ынтымақтастық пен өзара іс-әрекет, көрнекілік және оқытудың практикалық бағыттылығы қағидаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік бергенін көрсетті. Жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру мүмкіндігі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативтік белсенділігін дамытуға, олардың оқу мотивациясын арттыруға және шетел тілінің лингвомәдени аспектілерін зерделеуге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға септігін тигізді. Тапсырмаларды орындау нәтижелерін автоматты түрде тіркеу ағымдағы бақылаудың объективтілігін қамтамасыз етті және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің білім беру қажеттіліктеріне сәйкес оқыту процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік берді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру процесіне цифрлық құралдарды енгізу лингвомәдени білімді тереңірек игеруге, мәдениетаралық коммуникативтік дайындықты дамытуға және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби маңызды дағдыларының қалыптасуына негіз қалады.

Осылайша, қорытынды эксперименттің нәтижелері Nearpod платформасын болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделіне интеграциялау мен лингводидактикалық шарттар кешенін іске асырудың оң нәтиже бергенін көрсетті. Оң нәтижелерге қол жеткізуде «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикумы маңызды рөл атқарды, оның мазмұны Nearpod платформасының интерактивті құралдарын пайдалана отырып іске асырылды. Практикумды, цифрлық білім беру технологияларын және арнайы әзірленген тапсырмалар жүйесін кешенді қолдану эксперименттік топта ақпараттық-аналитикалық және прагматикалық субқұзыреттіліктердің статистикалық тұрғыдан мәнді өсуіне, когнитивті-коммуникативті субқұзыреттіліктің оң динамикасына ықпал етті. Алынған нәтижелер зерттеудің ғылыми болжамының негізінен расталғанын көрсетеді.

Эксперименттік топтағы оң динамика мен статистикалық өңдеу нәтижелері ұсынылған әдістеменің нәтижелілігін көрсетті. Бұл әзірленген практикумды, құрылымдық-мазмұндық модельді және Nearpod платформасының цифрлық құралдарын болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау жүйесінде пайдалануға ұсынуға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері қарастырылып отырған ғылыми бағыттағы ізденістерді одан әрі тереңдету және зерттеу мәселесін жан-жақты дамыту мақсатында болашақ ғылыми зерттеулерді жалғастырудың өзектілігін айқындады.

Үшінші тарау бойынша тұжырым

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтау үшін айқындаушы кезеңде сауалнама және үш субқұзыреттілік бойынша тоғыз диагностикалық тапсырма жүргізілді. Эксперименттік және бақылау топтары бұрыннан қалыптасқан академиялық топтар негізінде құрылды (әр топта 45 студент). Пирсонның χ^2 критерийі бойынша топтардың бастапқы деңгейі біртекті екені анықталды (χ^2эмп = 0,45–1,31 < χ^2кр = 5,99). Айқындаушы кезеңде екі топта да лингвомәдени құзыреттіліктің төмен деңгейі басым болды (51–69%).

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топтың оқу үдерісіне Nearpod платформасында әзірленген «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикумы мотивациялық, іс-әрекеттік және рефлексивті-нәтижелік кезеңдер арқылы енгізілді, ал бақылау тобында оқыту қалыптасқан оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

Қорытынды кезеңнің нәтижелері бойынша эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттер үлесі ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілік бойынша 11,11%-дан 20,00%-ға, когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік бойынша 8,89%-дан 15,56%-ға, прагматикалық субқұзыреттілік бойынша 4,44%-дан 13,33%-ға артты; төмен деңгейдегі студенттер үлесі тиісінше 55,56%-дан 26,67%-ға, 31,11%-ға және 28,89%-ға дейін азайды. Бақылау тобында қорытынды кезеңде жоғары деңгейдегі студенттер үлесі 13,33%, 13,33% және 11,11%-ды, төмен деңгейдегі студенттер үлесі 35,56%, 37,78% және 37,78%-ды құрады.

Пирсонның χ^2 критерийі эксперименттік топта ақпараттық-аналитикалық ($\chi^2 = 7,79$; $p = 0,020$) және прагматикалық ($\chi^2 = 7,24$; $p = 0,027$) субқұзыреттіліктер бойынша өзгерістердің статистикалық мәнділігін, когнитивті-коммуникативті субқұзыреттілік бойынша оң тенденцияны ($\chi^2 = 5,52$; $p = 0,063$) көрсетті. Қорытынды кезеңде ЭТ көрсеткіштері барлық субқұзыреттілік бойынша БТ көрсеткіштерінен жоғары болғанымен, топтар арасындағы айырмашылық статистикалық мәнділік деңгейіне жеткен жоқ ($p > 0,05$). Бұл бақылау тобында да оң динамиканың болуымен және таңдама көлемімен түсіндіріледі.

Осылайша, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында:

- айқындаушы және қорытынды кезеңдердің нәтижелерін салыстыру арқылы әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістеменің нәтижелілігі тексерілді;
- Nearpod платформасы негізіндегі практикумды қолдану эксперименттік топта лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін арттыруға ықпал ететіні анықталды;
- Nearpod платформасы арқылы дамитын лингвомәдени құзыреттілік дағдылары мен оларды қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары нақтыланды;
- практикум аясында лингвомәдени құзыреттіліктің барлық компоненттерін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесі енгізілді.

Зерттеудің ғылыми болжамы негізінен расталды: әзірленген әдістемені енгізу эксперименттік топта лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің артуына ықпал етті. Әдістеменің дәстүрлі оқытудан артықшылығын үлкен таңдамада қосымша тексеру зерттеуді жалғастырудың перспективалы бағыты болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан білім жүйесінің модернизациясы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында жоғары білімнің сапасын арттыру мәселесін өзекті етеді. Отандық білімнің халықаралық білім кеңістігіне интеграциясы, мамандардың мобильдігі және түрлі саладағы, соның ішінде педагогикалық қызметтердің глобализациясы дәуірінде Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті мамандарға сұранысы артып отыр.

Қазақстандағы жоғары педагогикалық білімнің сапасы тек мамандық бойынша білім көлемімен емес, сонымен қатар болашақ түлектердің шетел тілінде қарым-қатынас жасау қабілетімен және лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырумен де бағалануы тиіс. Бұл мәдени контекстілерді талдау және білім беру ұйымдарында оқу-тәлім және тәрбиелік мәселелерді тиімді шешу қабілетін қамтиды. Болашақ шетел тілі мұғалімдері мәдени ерекшеліктеріне бейімделе отырып, оқу әдістерін қолдана алуы маңызды, осылайша, дүниежүзілік білім кеңістігіне интеграцияны қолдап, заманауи қоғамның талаптарына жауап беретін жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға көмектеседі.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің шеттілдік құзыреттілігі олардың кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктеріне тікелей байланысты. ЖОО болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігі – болашақ мамандардың мәдени контексттерді ескере отырып, шетел тілінің білімін пайдалана отырып, кәсіби және әлеуметтік анықталған жағдайларда туындайтын мәселелер мен типтік міндеттерді тиімді шешу қабілетін анықтайтын интеграциялық тұлғалық және кәсіби білім болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында, қазіргі кезеңде құзыреттілік тәсіл отандық білім беруді реформалаудың әдістемелік негізі ретінде орнықты. Құзыреттіліктің мәні мен болашақ білім саласының мамандарының кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасуын жүйелі-мақсатты және кешенді тұлғалық-кәсіби білім ретінде қарастырдық.

Зерттеудің бірінші міндетіне сәйкес болашақ шетел тілі мұғалімінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың мәні, мазмұны және құрылым нақтыланды. Лингвомәдени құзыреттіліктің мәні тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсіну, мәдени мағыналарды түсіндіру және оларды мәдениетаралық қарым-қатынас пен педагогикалық іс-әрекетте орынды қолдану қабілеті ретінде айқындалды. Лингвомәдени құзыреттілік мазмұны лингвомәдени білімдерді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын, мәдени құндылықтарға құрметпен қарауды және кәсіби жағдаяттарды әрекет ету тәжірибесін қамтыды. Лингвомәдени құзыреттіліктің құрылым ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттілік.

Бірінші міндет аясында болашақ шетел тілі мұғалімінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың мәні, мазмұны және құрылымы нақтыланды.

Аталған құзыреттіліктің мәні тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсіну, мәдени мағыналарды түсіндіру және оларды мәдениетаралық қарым-қатынас пен педагогикалық қызметте орынды қолдану қабілеті ретінде айқындалды. Оның мазмұны лингвомәдени білімдерді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын, мәдени құндылықтарға құрметпен қарауды және кәсіби жағдаяттарда әрекет ету тәжірибесін қамтиды. Лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымы ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің өзара бірлігі арқылы сипатталды. Нақтыланған мән, мазмұн, құрылым болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру құрылымдық-мазмұндық модеоін әзірлеуге және оның қалыптасу нәтижелерін бағалау өлшемдерін белгілеуге теориялық негіз болды. ;

Екінші міндет аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу негізі құзыреттілік, коммуникативті, аксиологиялық тәсілдер болды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үрдісінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуде шетел тілін оқытудың нақты принциптеріне сүйендік. Бұл принциптерге коммуникативті принципі, ынтымақтыстық және өзара әрекеттесу принципі, тұлғаға бағдарланған принциптер болып анықталды. Сонымен қатар, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары анықталды. Лингводидактикалық шарттар оқыту мазмұнының, әдістерінің және оқу ортасының өзара байланысын қамтамасыз етуге бағытталды. Зерттеу барысында келесі лингводидактикалық шарттар нақтыланды: білім алушылардың танымдық белсенділігі мен мәдениетаралық қарым-қатынасқа қызығушылығын арттыратын интерактивті әдістерді қолдану; кәсіби контексті өзектендіру және оқытудың жағдаяттық бағдарын қамтамасыз ету; ақпараттық-коммуникациялық оқу ортасының әлеуетін пайдалану арқылы жүзеге асырылып, Nearpod платформасындағы интерактивті тапсырмалар мен мультимодальды материалдарды оқу үдерісіне енгізу. Аталған лингводидактикалық шарттардың өзара байланыста іске асырылуы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерді біртұтас қалыптастыруға негіз болады.

Үшінші міндет бойынша болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаты болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени білімдерді меңгеруін, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысуымен олардың болашақ педагогикалық іс-әрекетінде қолдануын қамтамасыз ету ретінде айқындалды. Әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельді жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік жүйе ұсынылды. Ол оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары, құралдары және бағалау тәсілдерінің өзара байланысын қамтыды. Құрылымдық-мазмұндық модель мазмұны ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және

прагматикалық субқұзыреттіліктердің өзара байланысына негізделді. Оны жүзеге асыру мотивациялық, іс-әрекеттік және рефлексивті-нәтижелік кезеңдер арқылы ұйымдастырылып, әр кезеңге сәйкес тапсырмалар мен оқыту әдістері жүйеленді Әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель мақсат, мазмұн, оқыту үдерісі мен күтілетін нәтиженің бірлігін қамтамасыз етіп, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыруға негіз болды.

Төртінші міндет бойынша цифрлық технологиялар арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға арналған «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикумын жүзеге асыру үшін оқу үдерісіне Nearpod платформасы енгізілді. Nearpod платформасы лингвомәдени мазмұндағы материалдарды ұсыну, тапсырмалар мен жаттығуларды орындау және кері байланыс ұйымдастыру ортасы ретінде пайдаланылды. Практикум мазмұнына когнитивті-рецептивті, репродуктивті, шығармашылық-продуктивті және продуктивті-коммуникативті жаттығулар енгізіліп, олар Nearpod ортасында кезеңдік бірізділікпен ұйымдастырылды. Жаттығулардың орындалу нәтижелері белгіленген үш өлшем бойынша бағаланып, платформа арқылы алынған жауаптар мен кері байланыс білім алушылардың жетістіктерін талдауға және кейінгі тапсырмаларды нақтылауға негіз болды. Оқыту үдерісі мотивациялық, іс-әрекеттік және рефлексивті-нәтижелік кезеңдерге сәйкес ұйымдастырылып, тапсырмалар біртіндеп күрделендірілді.

Бесінші міндет бойынша болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесі және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді. Эксперимент анықтаушы, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерден тұрып, әр кезеңнің мақсаты мен мазмұны белгіленді. Анықтаушы кезеңде эксперименттік және бақылау топтарындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің бастапқы деңгейлері белгіленген үш өлшем негізінде анықталды. Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топтың оқу үдерісіне Nearpod платформасына негізделген «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» практикумы енгізілді. Практикум аясында когнитивті-рецептивті, репродуктивті, шығармашылық-продуктивті және продуктивті-коммуникативті жаттығулар лингводидактикалық шарттармен өзара байланыста қолданылды. Бақылау тобында оқыту қалыптасқан оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді. ЭТ және БТ бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелері салыстырылып, ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің қалыптасу динамикасы талданды. Қорытынды кезеңде ЭТ және БТ бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелері салыстырылып, ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктердің қалыптасу динамикасы талданды. Алынған нәтижелерді сандық және сапалық тұрғыдан талдау ұсынылған модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігін бағалауға негіз болды. Алынған нәтижелерді сандық және

сапалық тұрғыдан талдау ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігін бағалауға негіз болды.

Қорыта келе, тәжірибелік эксперимент нәтижелері Nearpod платформасы және интерактивті технологияны пайдалана отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін растады. Диссертациялық зерттеу мақсатына қол жеткізілді, гипотеза расталды - Nearpod платформасын пайдалана отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген әдістемесінің тиімділігі дәлелденді.

Жүргізілген зерттеулер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингводидактикалық шарттардың барлық аспектілерін, сондай-ақ болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктерін толықтай қамтымайды. Бұл диссертациялық жұмыс болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін, атап айтқанда, Nearpod платформасы және интерактивті технологияны пайдалана отырып лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауды зерделеу одан әрі зерттеуге негіз бола алады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2024 жылғы 2 қыркүйек. – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses (қаралған күні: 20.03.2026).

2 Послание Президента Республики Казахстан К.-Ж. Токаева народу Казахстана «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию». – Астана, 8 сентября 2025 г. – URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses (қаралған күні: 20.03.2026).

3 Білім туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319 (қаралған күні: 30.05.2026).

4 Об утверждении государственных общеобязательных стандартов высшего и послевузовского образования: приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 20 июля 2022 года № 2 (с изменениями от 04.05.2026 № 225). – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916 (қаралған күні: 30.05.2026).

5 Об утверждении Концепции развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023–2029 годы: постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 248. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248 (қаралған күні: 25.03.2026).

6 «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 маусымдағы № 133 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 маусымда № 36207 болып тіркелді. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036207 (қаралған күні: 30.10.2026).

7 Об утверждении Правил организации учебного процесса по кредитной технологии обучения в организациях высшего и (или) послевузовского образования: приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 20 апреля 2011 года № 152. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 27 мая 2011 года № 6976. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100006976 (қаралған күні: 30.10.2026).

8 Кунанбаева С.С. Стратегические ориентиры высшего иноязычного образования: монография. – Алматы, 2015. – 208 с.

9 Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010. – 344 с.

10 Подгорбунских А.А. Содержание понятия «лингвокультурная компетентность студентов вуза» // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Образование. Педагогические науки. – 2011. – № 38 (255). – С. 100–103.

11 Bekkozhanova G.K., Shakhanova R., Ospanova G. The role of proverbs in pedagogy: Cognitive and linguo-cultural aspects of transference of English proverbs and sayings into the Kazakh language // Contemporary Kazakh Proverb Research:

Digital, Cognitive, Literary, and Ecological Approaches. – Berlin: Peter Lang, 2023. – (International Folkloristics; Vol. 18). – P. 135–151.

12 Могилевич Б.Р. Межкультурная коммуникация в контексте социологии культуры // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия: Социология. Политология. – 2009. – Т. 9, вып. 4. – С. 21–25.

13 Kunanbayeva S.S. Modern foreign language education: methodology and theory. – Almaty, 2020. – 264 p.

14 Колосовская Т.А. Современное образование в области иностранных языков и культур // Концепт. – 2014. – № 3.

15 Кувшинова Е.Е. Изучение культур как способ обогащения владения иностранным языком // МНКО. – 2024. – № 3 (106).

16 Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Культура как содержание обучения, объект тестирования и характеристика обучающей деятельности // Язык и культура. – 2012. – № 1 (17).

17 Al Rifa'i F., Al-Majdawi A., Karam H. Teaching culture strategies in EFL classroom // Journal of Education College Wasit University. – 2021. – Vol. 2. – P. 1665–1686.

18 Cole M. Commentary on conceptualizing cultural and racialized process in learning // Human Development. – 2012. – Vol. 55. – P. 340–347.

19 Gallego M.A., Cole M., The Laboratory of Comparative Human Cognition. Classroom cultures and cultures in the classroom // Handbook of Research on Teaching / ed. by V. Richardson. – 4th ed. – Washington, DC: American Educational Research Association, 2001. – P. 951–997.

20 Golovchun A.A. Content and language integrated learning in terms of multilingualism: Kazakhstani experience // Astra Salvensis. – 2017. – Vol. 5, Issue 10. – P. 297–306.

21 Лунева Ю.Б., Ваганова О.И., Смирнова Ж.В. Практико-ориентированный подход в профессиональном образовании // Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования. – 2018. – № 6 (32).

22 Ветров Ю., Клушина Н. Практико-ориентированный подход // Высшее образование в России. – 2002. – № 6. – С. 43–46.

23 Ялалов Ф.Г. Деятельностно-компетентностный подход к практико-ориентированному образованию // Высшее образование в России. – 2008. – № 1.

24 Савицкая А.В. Практико-ориентированный подход в обучении: обзор зарубежной литературы и проблемы реализации в вузе // European Social Science Journal. – 2013. – № 4 (23). – С. 66–74.

25 Павлова Л.В. Практико-ориентированное обучение (из опыта стажировки в Швейцарии) // Социосфера. – 2013. – № 4. – С. 91–92.

26 Садыкова А.К., Аушахман А.Т. Вопросы использования корпусных методов в обучении иностранным языкам // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2015. – Т. 46, № 3. – С. 136.

27 Achieng S.A. Intercultural competence in foreign language teaching and learning: strategies and challenges // Journal of International Scientific Publications:

Language, Individual & Society. – 2023. – Vol. 17. – P. 19–26. – DOI: 10.62991/LIS1996073068.

28 Oberste-Berghaus N. The role of teaching foreign languages in developing intercultural competence // Revista Romaneasca pentru Educatie Multidimensionala. – 2024. – Vol. 16, No. 1. – P. 1–15. – DOI: 10.18662/rrem/16.1/808.

29 Aidarbekova K. Developing language skills and intercultural competence in a dialogic digital environment // International Journal of Society, Culture and Language. – 2025. – P. 17–28. – DOI: 10.22034/ijscl.2025.2053776.3928.

30 Abdraimova B.A. Peculiarities of forming linguoculturological competence // Scientific Community: Interdisciplinary Research: Proceedings of the IV International Scientific and Practical Conference. – Hamburg, Germany, 2022. – № 96. – P. 428–440.

31 Библер В.С. От наукоучения – к логике культуры: Два философских введения в двадцать первый век. – М.: Политиздат, 1990. – 413 с.

32 Сепир Э. Язык. Введение в изучение речи. – М.: Государственное социальное издательство, 1993. – 285 с.

33 Маслова В.А. Лингвокультурология: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Академия, 2001. – 208 с.

34 Телия В.Н. Культурно-национальные коннотации фразеологизмов (от мировидения к миропониманию) // Славянское языкознание. XI Международный съезд славистов: доклады российской делегации. – М., 1993. – С. 302–314.

35 Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы): монография. – М.: Изд-во РУДН, 1997. – 331 с.

36 Красных В.В. Этнопсихолингвистика и лингвокультурология: курс лекций. – М.: Гнозис, 2002. – 284 с.

37 Зиновьева Е.И., Юрков Е.Е. Лингвокультурология: учебное пособие. – М.: Академия, 2017. – 192 с.

38 Кульгильдинова Т.А. Актуализация когнитивно-лингвокультурологической методологии иноязычного образования в свете антропоцентрической парадигмы // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия: Педагогические науки. – 2021. – № 4 (63). – DOI: 10.48371/PEDS.2021.63.4.002.

39 Сабитова З.К. Лингвокультурология: учебник. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2013. – 528 с.

40 Кажигалиева Г.А. О лингвокультурологическом аспекте интерактивно-уровневых форм и видов работы // Экспериментальное и инновационное образование. – 2014. – № 5-1. – С. 65–70.

41 Тойғанбекова М.Е., Кажигалиева Г.А. Лингвокультурологическая компетенция: анализ учебных текстов // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2025. – Т. 416, № 4. – С. 293–306. – DOI: 10.32014/2025.2518-1467.1002.

42 Кадашева К.К. Лингвометодические проблемы изучения казахского языка в условиях близкородственного двуязычия // Вестник Российского

университета дружбы народов. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. – 2015. – № 3. – С. 64–71.

43 Сейсенова А. Лингвомәдениеттану және ұлттық дүниетаным мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 215 б.

44 Дюсембекова Ж.А., Сансызбаева С.К. Лингвокультурная компетенция казахоязычных учащихся в контексте обучения русскому языку // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2024. – Т. 196, № 4. – С. 216–229. – DOI: 10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph19.

45 Баграмова Н.В. Компетентностный подход в практике обучения иностранным языкам. – М.: Феникс, 2005. – 315 с.

46 Лепёшкина Н.И., Гуляева А.А. Лингвокультурологическая компетенция как основополагающая в изучении иностранного языка // Вестник ЛНУ имени Тараса Шевченко. – 2020. – № 2 (46). – С. 54.

47 Городецкая Л.А. Лингвокультурная компетентность личности как культурологическая проблема: автореф. дис. … д-ра культурологии. – М., 2007. – 48 с.

48 Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология: ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие. – М.: ФЛИНТА, 2016. – 288 с.

49 Дортман С.Р. Обучение лингвокультурологической компетенции учащихся средних профессиональных образовательных учреждений: дис. … канд. пед. наук. – Пятигорск, 2012. – 180 с.

50 Пахноцкая М.А. Лингвокультурологическая компетентность как ведущая в профессиональной компетентности филолога: монография. – Тольятти: Тольяттинский гос. ун-т, 2007. – 91 с.

51 Бирюкова М.С. Лингвокультурологическая компетенция: содержание и теоретические основы // Ученые записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета. – 2016. – № 4 (40). – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/lingvokulturologicheskaya-kompetentsiya-soderzhanie-i-teoreticheskie-osnovy (қаралған күні: 30.10.2026).

52 Cardoso C.J. Nearpod experience: A design and development tool use case study for undergraduate radiologic science students: doctoral dissertation. – Northcentral University, 2022.

53 Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттанулық құзыреттілікті қалыптастыру – тілді дұрыс меңгеру кепілі // ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2016. – № 1. – Б. 199–209.

54 Утегалиева Б.Б., Жумабекова Г.Б. Лингвокультурологическая компетенция в профессиональном становлении будущего учителя иностранного языка // Sciences of Europe. – 2021. – № 70. – С. 3.

55 Byram M. Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence: Revisited. – 2nd ed. – Bristol: Multilingual Matters, 2021.

56 Tulusina E.A., Sadykova A.G., Zaripova Z.M., Carlson C.F. Linguocultural competence as a basis for foreign language proficiency // Revista EntreLínguas. – 2021. – Vol. 7, No. esp. 1. – P. 115–125. – DOI: 10.29051/el.v7iEsp1.14878.

57 Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 260 p.

58 Соколова Т.Е. Информационно-аналитические умения. Система индивидуального мониторинга: учебно-методическое пособие. – 2-е изд. – Самара: Федоров: Учебная лит., 2008. – 94, [2] с.

59 Рубинштейн С.Л. О природе мышления и его составе // Психология мышления: хрестоматия / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Ф. Спиридонова, М.В. Фаликман. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: АСТ: Астрель, 2008. – С. 111–116.

60 Шеина И.М. Межкультурная коммуникация как проявление лингвистического и культурного опыта: автореф. дис. … д-ра филол. наук. – М., 2009. – 50 с.

61 Жанысбекова Ш.Т., Нургали С., Клычниязова Г. Прагматикалық құзыреттілікті оқыту: тілдерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктері // Journal of Educational Sciences. – 2025. – Т. 82, № 1. – Б. 177–184. – DOI: 10.26577/JES202582115.

62 Kasper G. Data collection in pragmatics research // Culturally Speaking: Managing Rapport through Talk across Cultures / ed. by H. Spencer-Oatey. – London; New York: Continuum, 2000. – P. 316–341.

63 Martínez-Flor A., Usó-Juan E. A comprehensive pedagogical framework to develop pragmatics in the foreign language classroom: The 6Rs approach // Applied Language Learning. – 2006. – Vol. 16, No. 2. – P. 39–64.

64 Takimoto M. The effects of deductive and inductive instruction on the development of language learners' pragmatic competence // The Modern Language Journal. – 2008. – Vol. 92. – P. 369–386.

65 Ошакбаева Ж.Б. Типология прагматического знания в усвоении второго языка // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2013. – № 4 (144). – С. 36–41.

66 Елисеева С.В. Прагматическая компетенция в лингвокультурной общности // Новый мир. Новый язык. Новое мышление: сборник материалов VII Международной научно-практической конференции. – М.: Дипломатическая академия МИД РФ, 2024. – С. 540–544.

67 Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – 3-е изд. – М.: Смысл; СПб.: Лань, 2003. – 287 с.

68 Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Смысл; Эксмо, 2005. – 1136 с.

69 Риверс У.М. Пусть они говорят то, что им хочется сказать! // Методика преподавания иностранных языков за рубежом. – М., 1976. – Вып. 2. – С. 226–240.

70 Taguchi N., Roever C. Second Language Pragmatics. – Oxford: Oxford University Press, 2017.

71 Педагогический энциклопедический словарь. – М.: Большая российская энциклопедия, 2003. – 528 с.

72 Новиков А.М. Методология образования. – М.: Эгвес, 2006. – 486 с.

73 Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчиков). – М.: Высшая школа, 1989. – 320 с.

74 Маркосян А.С. Овладение вторым языком как теоретическая и лингводидактическая проблема (на примере французского и армянского языков): автореф. дис. … д-ра филол. наук. – М.: МГУ, 2004. – 34 с.

75 Бушев А.Б. Дидактика и лингводидактика проекта международного дистанционного образования // Открытое и дистанционное образование. – 2009. – № 3. – С. 34–41.

76 Каменская О.Л. Вторичная языковая личность – методологическая основа межкультурной парадигмы в лингводидактике // Актуальные проблемы постдипломного профессионального лингвистического образования: сб. науч. тр. МГЛУ. – М.: МГЛУ, 2000. – Вып. 440. – С. 30–36.

77 Жайтапова А.А. Современные тенденции в лингводидактике // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия: Педагогические науки. – 2021. – Т. 60, № 1.

78 Полонский В.М. Словарь по образованию и педагогике. – М.: Высшая школа, 2004. – 512 с.

79 Зверев М.В. О понятии «дидактические условия» // Новые исследования в педагогических науках. – 2001. – № 1. – С. 29–32.

80 Андреев В.И. Педагогика высшей школы. Инновационно-прогностический курс. – Казань: Центр инновационных технологий, 2005. – 500 с.

81 Борытко Н.М. Теория обучения: учебник для студентов педагогических вузов. – Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2006. – 72 с.

82 Найн А.Я. О методологическом аппарате диссертационных исследований // Педагогика. – 1995. – № 5. – С. 44–49.

83 Сайгушев Н.Я. Рефлексивное управление процессом профессионального становления будущего учителя: монография. – М.; Магнитогорск: МПГУ; МаГУ, 2002. – 273 с.

84 Панина Т.С., Вавилова Л.Н. Современные способы активизации обучения: учебное пособие / под ред. Т.С. Паниной. – 4-е изд. – М.: Академия, 2008. – 176 с.

85 Багиева Ш.М. Интерактивные методы – механизм (инструмент) формирования жизненных навыков // Білім. – 2007. – № 6. – С. 9–10.

86 Абульханова-Славская К.А. О субъекте психической деятельности. – М.: Наука, 1973. – 288 с.

87 Реутов Е.А. Применение активных и интерактивных методов обучения в образовательном процессе вуза: методические рекомендации. – Новосибирск, 2015. – 58 с.

88 Коллегов А.К., Минеев-Ли В.Е., Гнездилова Н. Компетентностный подход как основа формирования лингвокультурологических знаний у иностранных студентов педагогического вуза // Концепт. – 2021. – № 8. – С. 66–80. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kompetentnostnyy-podhod-kak-osnova-

formirovaniya-lingvokulturologicheskih-znaniy-u-inostrannyh-studentov-pedagogicheskogo-vuza (қаралған күні: 30.10.2026).

89 Роберт И.В. Толкование слов и словосочетаний понятийного аппарата информатизации образования // Информатика и образование. – 2004. – № 5. – С. 22–29.

90 Дмитренко Т.А. Профессиональная подготовка учителя иностранного языка в условиях цифровизации языкового образования // Иностранные языки в школе. – 2021. – № 12. – С. 42–48.

91 Лузина Л.М. Словарь педагогического обихода: учебно-методическое пособие. – Псков: ПОИПКРО, 2009. – 120 с.

92 Сайков Б.П. Информационная среда школы // Информатика (Первое сентября). – 2007. – № 20.

93 Джусубалиева Д.М., Мынбаева А.К., Сері Л.Т. Цифровые технологии в иноязычном образовании. Дистанционное обучение: учебно-методическое пособие. – Алматы: Полилингва, 2019. – 272 с.

94 Нургалиева Г.К. и др. Педагогические технологии информатизации образования. – Алматы: РЦИО, 2002. – 268 с.

95 Львова О.В. Технократический и гуманитарный подходы к информатизации лингвистического образования // Информационные технологии в образовании и науке. – М.: Самарский филиал МГПУ, 2011. – С. 35–37.

96 Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. – 2005. – № 3. – С. 54–59.

97 Зенкина С.В. Методика разработки и оценивания электронных образовательных ресурсов: учебно-методическое пособие. – М.: Известия, 2010.

98 Чакликова А.Т. Научно-теоретические основы формирования межкультурно-коммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования: дис. … д-ра пед. наук: 13.00.02. – Алматы, 2009. – 340 с.

99 Jumamuratova S. O‘zbek tili ta’limida raqamli texnologiyalarni tatbiq etishning nazariy masalalari // Наука и общество. – 2025. – № 6 (extra). – С. 86–88.

100 Sarzhanova D., Shokparov A., Akeshova M., Rizakhojayeva G. Do web-quest technologies enhance socio-cultural competence in a language learning environment? // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – Vol. 8, No. 2. – P. 2129–2138.

101 Haleem A., Javaid M., Qadri M.A., Suman R. Understanding the role of digital technologies in education: A review // Sustainable Operations and Computers. – 2022. – Vol. 3. – P. 275–285. – DOI: 10.1016/j.susoc.2022.05.004.

102 Hakami M. Using Nearpod as a tool to promote active learning in higher education in a BYOD learning environment // Journal of Education and Learning. – 2020. – Vol. 9, No. 1. – P. 119–126. – DOI: 10.5539/jel.v9n1p119.

103 Abdraimova B., Dyankova G., Akhmetova M. Effective organization of lectures through the Nearpod platform in the formation of linguoculturological competence of pre-service foreign language specialists // Journal of Educational Sciences. – 2023. – Vol. 77, No. 4. – P. 111–118. – DOI: 10.26577/JES.2023.v77.i4.10.

104 Riddick K., Cooper P. Using Nearpod mobile technology to maximize active learning // Innovations in Teaching & Learning Conference Proceedings. – Fairfax, VA: George Mason University, 2018. – Vol. 10. – DOI: 10.13021/G8itlcp.10.2018.2237.

105 Alawadhi A., Thabet R.A. Using Nearpod to promote engagement in online ESL classes: A mixed-methods study in the context of higher education // BUiD Doctoral Research Conference 2022 / ed. by K. Al Marri, F. Mir, S. David, A. Aljuboori. – Cham: Springer, 2023. – P. 117–129. – (Lecture Notes in Civil Engineering; vol. 320). – DOI: 10.1007/978-3-031-27462-6_11.

106 Ilcham A.T.A., Samtidar S., Fauzan M.M. The effectiveness of the Nearpod application in improving students' English achievement in a secondary EFL classroom // ELT Worldwide: Journal of English Language Teaching. – 2026. – Vol. 13, No. 1. – P. 172–186. – DOI: 10.26858/eltww.v13i1.86376.

107 Efendi T.A. Nearpod as a means of promoting students' engagement in English class // Borneo Journal of Language and Education. – 2024. – Vol. 4, No. 1. – P. 65–79. – DOI: 10.21093/benjole.v4i1.8166.

108 Щербакова Т.Н. К вопросу о структуре образовательной среды учебных учреждений // Молодой ученый. – 2012. – № 5. – С. 545–548.

109 Ширяева К. Межкультурная коммуникация – детерминанта развития современного общества // Известия Дагестанского государственного педагогического университета. Психолого-педагогические науки. – Махачкала: ДГПУ, 2011. – Вып. 2. – С. 85–87.

110 Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: Аспект Пресс, 2006. – 376 с.

111 Мерзон Е.Е. Образовательная среда как фактор формирования профессиональной компетентности студентов педагогического вуза // Молодой ученый. – 2011. – № 10, т. 2. – С. 170–172.

112 Солдатов Б.Г., Солдатова Н.В. Образовательная среда в процессе обучения иностранному языку в неязыковом вузе: комплекс компонентов // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Педагогика. – 2021. – № 3. – С. 49.

113 Молчанская О.Я. Формирование учебной автономии студентов с использованием образовательных онлайн-платформ в процессе обучения иностранному языку // Преподаватель XXI века. – 2017. – № 4. – С. 108–115.

114 Джусубалиева Д.М. Роль цифровой образовательной среды в формировании иноязычных компетенций // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки». – 2021. – № 4 (72). – С. 70–75. – DOI: 10.51889/2021-4.1728-5496.08.

115 Садыкова А.К., Касымбекова М.А., Талапова А.К. Проблема формирования цифровой компетентности будущих учителей иностранного языка // 3i: intellect, idea, innovation. – 2023. – № 3. – DOI: 10.52269/22266070_2023_3_260.

116 Кунакова К.У., Колдас М. Разработка модели исследовательской компетенции будущих учителей иностранного языка // Известия КазУМОиМЯ

имени Абылай хана. Серия «Педагогические науки». – 2021. – № 4 (63). – DOI: 10.48371/PEDS.2021.63.4.005.

117 Узакбаева С.А. Қазақ халық педагогикасы: тәлімдік тағылымдар. – Алматы: Рауан, 1995. – 112 б.

118 Чакликова А.Т., Кульгильдинова Т.А. Аксиологические основы информатизации иноязычного образования // Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». – 2017. – № 2 (86). – С. 146–152.

119 Загвязинский В.И. Педагогическое предвидение. – М.: Знание, 1987. – 80 с.

120 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений. – М.: Школьная Пресса, 2004. – 512 с.

121 Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. – Алматы, 2014. – 208 с.

122 Безукладников К.Э., Новоселов М.Н., Крузе Б.А. Особенности формирования иноязычной профессиональной коммуникативной компетенции будущего учителя иностранного языка // Язык и культура. – 2017. – № 38. – С. 152–170.

123 Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. – М.: Просвещение, 1991. – 219 с.

124 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1985. – 223 с.

125 Long M.H. The role of the linguistic environment in second language acquisition // Handbook of Second Language Acquisition / ed. by W.C. Ritchie, T.K. Bhatia. – San Diego: Academic Press, 1996. – P. 413–468. – DOI: 10.1016/B978-012589042-7/50015-3.

126 Бим И.Л. Теория и практика обучения иностранным языкам. – М., 2013.

127 Зимняя И.А. Личностный подход в образовании: проблемы и решения. – М., 2001.

128 Сафонова В.В. Культуроведение в обучении иностранным языкам. – М., 1996.

129 Леонтьев А.А. Психолингвистика и обучение иностранным языкам. – М., 2007.

130 Мильруд Р.П. Личностно-ориентированное обучение в языковом образовании // Иностранные языки в школе. – 2010.

131 Tomlinson B. Materials Development in Language Teaching. – 2nd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011.

132 Кинг Н., Клифорд Г. Педагогика личности. – СПб., 2016.

133 Сейдахметова Р.Г., Задаева А.А. Личностно-ориентированный подход в условиях формирования поликультурной личности // Кросскультурное и полиязычное образование в современном мире: материалы международной научно-практической конференции. – Костанай, 2013. – С. 80–86. – URL: http://repo.kspi.kz/handle/item/1238 (қаралған күні: 30.10.2026).

134 Утегенова Б.М. Подготовка педагога новой формации: ценностно ориентированный подход, 2007. – № 1. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/podgotovka-pedagoga-novoy-formatsii-tsennostno-orientirovannyy-podhod (қаралған күні: 31.10.2026).

135 Караев Ж.А., Чокушева А.И., Кобдикова Ж.У. Теоретико-методологические основы развития среднего образования // Білім-Образование. – 2023. – Т. 104, № 1. – URL: https://bilim-uba.kz/index.php/science/article/view/4 (қаралған күні: 31.10.2026).

136 Караев Ж.А. Теоретико-методологические основы развития гуманизации образования. – 2023.

137 Колесникова И.Л., Долгина О.А. Англо-русский терминологический справочник по методике преподавания иностранных языков. – СПб.: Блиц; Cambridge University Press, 2001. – 224 с.

138 Щукин А.Н. Методика преподавания русского языка как иностранного. – М.: Высшая школа, 2003. – 334 с.

139 Abdraimova B.A., Zhaitapova A.A. Integrating structural and content components of foreign language formation to improve future specialists' linguistic and cultural competence // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2023. – Т. 68, № 1. – Б. 22–36. – DOI: 10.48371/PEDS.2023.68.1.002.

140 Турковская Е.В. Коммуникативный подход в структуре современных методических концепций обучения иностранным языкам // Вестник Витебского государственного университета им. П.М. Машерова. – 2015. – № 5 (89). – С. 107–115.

141 Яковлев Е.В., Яковлева Н.О. Педагогическое исследование: содержание и представление результатов: монография. – Челябинск: Изд-во РБИУ, 2010. – 316 с.

142 Zlatkin-Troitschanskaia O., Pant H.A., Kuhn C., Toepper M., Lautenbach C. Assessment practices in higher education & results of the German research program Modeling and Measuring Competencies in Higher Education (KoKoHs) // Research & Practice in Assessment. – 2016. – Vol. 11. – P. 46–54.

143 Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты // Интернет-журнал «Эйдос». – 2002. – 23 апреля. – URL: http://www.eidos.ru/journal/2002/0423.htm (қаралған күні: 30.10.2026).

144 Горбатюк В.Ф. Интерактивные методы в современной педагогике // Вестник Таганрогского государственного педагогического института. – 2011. – № 1. – С. 8–15.

145 Мелькаева Р.В., Радин А.М. Интерактивные методы обучения английскому языку // Символ науки. – 2017. – № 12. – С. 17–123.

146 Смолина Л.В. О возможностях использования интерактивных технологий в процессе обучения иностранному языку в неязыковом вузе // Инновационная наука. – 2017. – № 3, ч. 2. – С. 41–47.

147 Сластенин В.А., Колесникова И.А. Воспитательная деятельность педагога. – М.: Академия, 2008. – 332 с.

148 Сластенин В.А. Введение в педагогическую аксиологию. – М.: Академия, 2003. – 185 с.

149 Дахин А.Н. Компетенция и компетентность: сколько их у российского школьника? // Стандарты и мониторинг в образовании. – 2004. – № 2. – С. 42–47.

150 Штофф В.А. Моделирование и философия. – М.; Л.: Наука, 1966. – 301 с.

151 Виневская А.В. Педагогические технологии: вопросы теории и практики внедрения: справочник для студентов. – Ростов н/Д: Феникс, 2014. – 253 с.

152 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.

153 Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. – М.: Народное образование, 2000. – 240 с.

154 Шаханова Р.А. Актуальные тенденции казахстанской лингводидактики // Филологические науки и культурология. Методика и методология. – 2015. – Т. 1, № 4. – С. 48–51.

155 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 2000. – 256 с.

156 Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике. – Рига, 2001. – 196 с.

157 Абдалина Л.В., Зайцева В.А. Общее представление о психологических барьерах в профессиональной деятельности преподавателя // Вестник Воронежского государственного технического университета. – 2014. – Т. 10, № 3.2. – С. 8–11.

158 Орлов В.Ф. Профессиональное становление учителей художественных дисциплин: монография. – Киев: Научная мысль, 2013. – 276 с.

159 Sansyzbayeva B., Aliakbarova A., Nurtayeva A., Smanova G. Exploring cognitive and creative strategies for linguomethodical reflection: A qualitative case study of pre-service English teachers // Journal of Social Studies Education Research. – 2025. – Vol. 16, No. 4.

160 Белкина Е.П. Использование метода кейс-стади при обучении студентов неязыковых направлений вуза иностранному языку // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2015. – Вып. 5, ч. 1. – URL: https://www.gramota.net/article/phil20150905/fulltext (қаралған күні: 15.07.2025).

161 Парманова А.Б., Садыкова А.К. Использование кейс-стади как образовательной технологии профессионально-ориентированной подготовки учителей иностранного языка // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия: Педагогические науки. – 2020. – Т. 58, № 3. – DOI: 10.48371/PEDS.2020.58.3.013.

162 Покушалова Л.В. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения студентов // Молодой ученый. – 2011. – № 5, т. 2. – С. 155–157.

163 Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии: Активное обучение: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Академия, 2009. – 192 с.

164 Вагина Е.М. Использование метода кейс-стади как образовательной технологии // Вестник Северо-Западного отделения Российской академии образования. – 2013. – № 1 (13). – С. 16–18.

165 Андюсев Б.Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей // Директор школы. – 2010. – № 4. – С. 61–69.

166 Джужук И.И. Метод проектов в контексте личностно-ориентированного образования: дис. … канд. пед. наук: 13.00.01. – Ростов-на-Дону, 2004. – 218 с.

167 Guo P., Saab N., Post L.S., Admiraal W. A review of project-based learning in higher education: Student outcomes and measures // International Journal of Educational Research. – 2020. – Vol. 102. – Art. 101586. – DOI: 10.1016/j.ijer.2020.101586.

168 Project-Based Learning in Second Language Acquisition: Building Communities of Practice in Higher Education / ed. by A. Gras-Velazquez. – New York; London: Routledge, 2020. – 286 p.

169 Lestari K.S.R., Kweldju S., Widiati U., Erawati I. Project-Based Learning and the Development of EFL Pre-Service Teachers' Digital Competence in an Islamic University // Malaysian Journal of Learning and Instruction. – 2026. – Vol. 23, No. 2. – P. 21–41. – DOI: 10.32890/mjli2026.23.2.2.

170 Ladousse G.P. Role Play. – Oxford: Oxford University Press, 1987. – P. 102–107.

171 Scarcella R., Crookall D. Simulation/gaming and language acquisition // Simulation, Gaming, and Language Learning / ed. by D. Crookall, R.L. Oxford. – New York: Newbury House, 1990. – P. 223–230.

172 Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. – Казань: Центр инновационных технологий, 2000. – 608 с.

173 Черезова М.В., Шестакова Е.С. Педагогические условия формирования иноязычной коммуникативной компетентности у студентов неязыкового вуза // Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. Филологические науки. – 2016. – № 2-2. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskie-usloviya-formirovaniya-inoyazychnoy-kommunikativnoy-kompetentnosti-u-studentov-neyazykovogo-vuza (қаралған күні: 29.01.2024).

174 Пескова Л.А. Методы и средства интерактивного взаимодействия студентов и преподавателей в интернет-обучении: дис. … канд. пед. наук. – Улан-Удэ, 2006.

175 Richards J.C., Rodgers T.S. Approaches and Methods in Language Teaching. – 3rd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2014. – 410 p.

176 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: ИКАР, 2009. – 448 с.

177 Shehadeh A. It is a task, not an exercise: What is the difference? // System. – 2024. – Vol. 123. – Art. 103299. – DOI: 10.1016/j.system.2024.103299.

178 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. – М.: Педагогика, 1976. – 416 с.

179 Kunanbayeva S.S. The Modernization of Foreign Language Education: The Linguocultural-Communicative Approach: monograph. – London: Hertfordshire Press, 2013. – 294 p.

180 Vygotsky L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes / ed. by M. Cole, V. John-Steiner, S. Scribner, E. Souberman. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978. – 159 p.

181 Anderson L.W., Krathwohl D.R. (eds.) A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives. – New York: Longman, 2001. – 352 p.

182 Abdraimova B.A., Zhaitapova A.A., Bekdualieva A.K. Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher: educational manual. – Almaty: Ablai Khan KazUIR&WL, 2023. – 84 p.

А ҚОСЫМШАСЫ

Болашақ шетел тілі мұғалімінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар

А.1 Мотивациялық кезең. Task 1

Task 1. Express your opinion.

1. Analyze the elements of each of three sections of the illustration and provide detailed answers. (Open-Ended questions)

Look at the first panel. What two different historical aspects of Christmas are represented here?

Why do you think both religious icons and historical figures with candles are included in the same image? How did Christmas evolve over time?

Discuss the question: How does the modern way of celebrating Christmas in your country differ from the historical origins shown in this picture?

Panel 2. Find the two ancient words in the ribbon (Floralia and Beltane).

What did these ancient festivals celebrate?

Compare the top part of the panel with the bottom part. Which tradition looks more energetic, and which looks more symbolic? Why?

Why was the arrival of Spring so important to ancient communities that they created such elaborate traditions?



2. Choose one of the three sections of the picture, find a specific detail and stick a sticker on the board. Fact finder and picture detective.

Element: “Maypole with ribbons”.

Panel 2.

Historical meaning: Symbolize spring, fertility and community unity.

Write one question for your groupmate about this detail.

3. Then and Now comparison.

Column A	Column B
The students identify pagan and medieval elements in the pictures (Beltane fire, Nativity, Floralia garland).	Students add stickers showing how these holidays are celebrated today (Christmas trees, Bank Holiday, street food, fireworks).

Discussion: Which tradition has changed the most over the centuries?

4. Collaborative storytelling: A Day at the Festival.

Students choose one character from Panel 3.

Each student writes 2–3 sentences on the board from their character's perspective, creating a single, shared story about a day during a festival in an English village.

5. Answer the questions. Then talk about your answers.

1) What historical events do major holidays in Great Britain commemorate?


2) How have other cultures influenced British holidays and traditions?

3) What are the unique traditions associated with Christmas in Britain, such as food, decorations, and customs?

4) What are the historical origins of May Day celebrations, and how are they observed today?

5) How do communities come together to celebrate holidays in Britain?

6) How are efforts made to preserve traditional practices in the face of modernization?



А.2 Байланыстырушы тапсырма (мерекелерден идиомаларға өту)

Task. From Holidays to Idioms: Festive Language.

Holidays live not only in traditions but also in language. Read the expressions, decide which holiday or season from the illustration each of them is connected with and match it with its meaning.

Expression	Meaning	Answer
Christmas comes but once a year.	A) to decorate a place for a celebration	
Like turkeys voting for Christmas.	B) very happy and full of energy	
Full of the joys of spring.	C) special occasions are rare, so we should enjoy them	
A spring in one's step.	D) walking or behaving in a happy, energetic way	
Deck the halls.	E) people supporting a decision that will harm them	

Discuss the questions:

1) Which British holiday is reflected in most of these expressions? Why?


2) Are there Kazakh expressions connected with Nauryz or other holidays? Give examples and explain their cultural meaning.

3) What do these expressions tell us about the values of the people who use them?

A.3 Мотивациялық кезең. Tasks 1–5

Tasks 1–5: A riddle «Secret code», Odd one out, Pantomime and Absurdity, Circle the secret code, Bingo cards.

1. A riddle “Secret code”. Look at these pictures and ask questions.



Some of these sentences describe exactly what is drawn in this picture. Some sentences have a secret code. Can you find which ones have a secret meaning?

Students divide the phrases into two groups:

Group A	Group B
Literal meaning / What you see?	Secret Code / Idioms
I have so much work to do. That is a huge elephant.	It was a piece of cake. Spill the beans! He is under the weather. I have bigger fish to fry.

How do we call these phrases with a secret meaning in English? That's right — Idioms!

2. Odd one out.

Look at these two cards: «That is a huge elephant» and «He is under the weather».

Question: Look at the elephant picture and the rain picture. If I say “That is a huge elephant”, I am talking about an elephant. But if I say “He is under the weather”, am I really saying he is standing under a storm cloud? What does it actually mean?

3. Pantomime and Absurdity.

Call a pupil up to the blackboard and ask them to draw one of the cards:

“Spill the beans”.

“I have bigger fish to fry”.

Teacher asks the students: If your teacher says before an exam: "Don't worry, it's a piece of cake!", is she giving you a real cake to eat? What is she trying to tell you?

4. Circle the secret code. Look at the 6 cards above. Two cards describe the picture literally, while 4 cards contain idioms. Put a tick ✓ or circle the 4 idioms.

Card №	Phrase	Is it an idiom?
Card 1	It was a piece of cake.	[ ]
Card 2	Spill the beans!	[ ]

Card №	Phrase	Is it an idiom?
Card 3	I have so much work to do.	[ ]
Card 4	He is under the weather.	[ ]
Card 5	That is a huge elephant.	[ ]
Card 6	I have bigger fish to fry.	[ ]

4.1 Match the idioms to their meanings.


№	Column A: Idiom	Column B: Meaning	Answer
1	It was a piece of cake.	A) To tell a secret or ruin a surprise.	[ ]
2	Spill the beans!	B) Feeling sick, unwell, or having a cold.	[ ]
3	He is under the weather.	C) To have more important things to do.	[ ]
4	I have bigger fish to fry.	D) Something was very easy to complete.	[ ]

4.2 Read the real-life situations and match each person with the correct card/phrase.

Person	Situation	Matched Card / Phrase
Sarah	I didn't go to school today because I have a fever.	[ ]
Alex	The math test was so simple! I finished in 5 minutes.	[ ]
Max	Don't tell Tim about his surprise party! Don't ruin it!	[ ]
Emma	I can't play games now. I must study for final exams.	[ ]

5. Create bingo cards with different idioms. As the teacher reads out the meanings or examples, students mark the corresponding idioms on their cards






BINGO CARDS

"The American Dream"	**"Keeping up with the Joneses"**	**"A penny for your thoughts"**	**"When in Rome, do as the Romans do"**	**"Spill the beans"**
"Bite the bullet"	"Don't count your chickens before they hatch"	"The cat is out of the bag"	"Throw in the towel"	"Hit the nail on the head"

A.4 Picture prompts

4. Picture prompts. Give the meaning of the idioms.






A.5 Cultural Idiom Comparison, Idiom Interviews, Idiom Mash-up, Writing task

1. Cultural Idiom Comparison. Students research proverbs, sayings and idioms from their native language and compare them with English idioms. They present their findings to their groupmates, discussing cultural differences.

Kazakh proverbs and sayings	English meaning / equivalent
Ағаштан шыққан жапырақ	
Көңілің кең, шеңберің шеңбер	
Таспен ұрғанды аспен ұр	
Тіл - халықтың жаны	
Тұздық татқан - дәм татқан	
Ел болам десең, бесігіңді түзе	
Су ішкен құдығыңа түкірме	
Ақыл - дария, надан - шөл	
Адамға қарыз - күнге қарыз	

2. Idiom Interviews.

Questions	Answers to the questions
Which idiom do you find most interesting?	
Is there an idiom that you use frequently?	
In what context do you most often use this idiom?	
Do you know similar idioms in your language?	
Which idiom would you advise beginners to learn?	
Can you give an example of how to use the idiom?	
How do you learn new idioms?	



3. Idiom Mash-up. Combine different idioms and create new, interesting phrases:

Part 1: Idioms	Part 2: Idioms	The resulting phrase	Notes
Break the ice	Hit the nail on the head	Eg. Break the nail on the head	For example: the beginning of a conversation that leads directly to the goal.
Bite the bullet	Under the weather		
Barking up the wrong tree	The ball is in your court		
A blessing in disguise	Kill two birds with one stone		
Piece of cake	On cloud nine		
Cost an arm and a leg	In the same boat		


4. Writing task.

1. Choose an idiom and research its origin. Write a paragraph about its cultural significance in English-speaking countries.

2. Create a short story that incorporates at least ten idioms. Highlight the idioms and explain their meanings at the end.

3. Choose an idiom and illustrate it through a comic strip. Use images and speech bubbles to convey the meaning.

4. Reflect on how you plan to incorporate idioms into your daily English conversations. Write a plan outlining specific situations or contexts.



А.6 Байланыстырушы тапсырма (идиомалардың прагматикалық қолданысына өту)

Task. Idioms in Real Communication: Is It Appropriate?

Read the situations. Choose an idiom from the Bingo cards that could be used in each situation and decide whether it is appropriate. Explain your choice.

Situation	Idiom	Appropriate? Why?
1) You are encouraging your groupmate before an exam.		
2) You are writing an official letter to the dean of your faculty.		
3) You are having Christmas dinner with a British host family and want to start a conversation.		
4) You are explaining a difficult grammar rule to a pupil during a lesson.		

Discuss: Why can the same idiom be appropriate in one situation and inappropriate in another?

A.7 Байланыстырушы тапсырма (мотивациялық кезеңнен іс-әрекеттік кезеңге өту)

Task. From Idioms to Memes: «Keep Calm and Carry On».

Read the text and answer the questions.

The phrase «Keep Calm and Carry On» was printed on a British poster in 1939, at the beginning of the Second World War, but the poster was hardly ever shown to the public. In 2000 a copy was found in a second-hand bookshop in Northumberland, and the phrase quickly became popular. Today it exists in thousands of internet versions, such as «Keep Calm and Drink Tea» or «Keep Calm and Study English».

1) What British cultural value does the phrase reflect? Do you know the idiom «to keep a stiff upper lip»?

2) Is «Keep Calm and Carry On» an idiom, a slogan or a meme? Give reasons for your answer.

3) Create your own «Keep Calm and…» version for future foreign language teachers.

4) Make a prediction: how can internet memes change the language we use every day?

A.8 Іс-әрекеттік кезең. Task 1, Task 2

Theme: The role of Internet Memes in language culture.

Format: Padlet / Nearpod Collaborate Board / Miro + Peer Feedback.

The aim: An analysis of the impact of internet memes on contemporary language and culture, and the development of group communication skills, critical thinking and digital literacy.

Preparation. Before the lesson, students find and read 2–3 short texts about internet memes (for example, on the Know Your Meme website) and take notes on how memes influence language and culture.

Task 1. Work in your assigned groups. Based on your reading and group discussion, synthesize your findings and post at least one well-structured note into each of the 4 categories on our Collaborate Board. Afterward read the posts of other groups and leave constructive comments.

Category 1	Category 2	Category 3	Category 4
What are Internet memes? (Definition, characteristics, types)	How do memes influence language? (Linguistic impact, neologisms, slang, grammar shifts)	How do memes reflect culture? (Cultural values, social commentary, humor, shared identity)	Give examples from your own experience (Global & local/Kazakhstani meme culture)

Each group publishes its findings and comments on the posts made by the other groups.

Task 2. “Internet Meme Research”.

Using the Web Content digital tool, find a contemporary English-language internet meme and carry out a linguistic and cultural analysis of it. As part of your research, complete the following tasks:

1. Identify the origin of the meme (when and under what circumstances it first appeared).

2. Explain its literal and figurative meanings.

3. Describe the cultural or social context in which the meme became widespread.

4. Analyse which linguistic devices (slang, idiomatic expressions, wordplay, irony, cultural allusions) are used in the meme.

5. Explain why the meme became popular amongst English-speaking users.

6. Determine whether the expression from the meme is used in modern everyday communication or on social media.

7. Draw a conclusion about what this meme reflects regarding contemporary English-speaking culture.

A.9 Іс-әрекеттік кезең. Task 3, Task 4

Task 3. Compare Cultural Language Units.

Based on your reading and the results of Task 2, complete the Venn diagram, comparing internet memes and traditional idioms/proverbs as elements of culture and language.

Analyse them according to the following criteria:

1. Origin- What is the origin of memes and idioms/proverbs?

2. Transmission- How do they spread within society?

3. Cultural function- What cultural values, traditions or social phenomena do they reflect?

4. Language features – What linguistic features are characteristic of each (figurative language, metaphor, slang, humour, idiomatic expressions)?

5. Communication – What communicative situations are they used in?

6. Intercultural understanding- What difficulties might people from a different culture encounter in understanding them?

After you have completed the diagram, discuss the results in pairs and answer the following questions:

1. Which similarities are the most important?

2. Which differences may cause intercultural misunderstanding?

3. Which is more effective for modern communication: memes or traditional idioms? Why?

Task 4. Theme. Internet Memes as a Reflection of Language and Culture.

Working in groups (of 3–4 people), design a digital poster summarising the findings of your research into internet memes as a sociolinguistic phenomenon. Draw on the results of your text analysis, online sources and a comparative analysis of memes and traditional linguistic units.

The poster should include the following sections:

Definition	A brief definition of an internet meme.
Language features	linguistic features of a meme (slang, humour, intertextuality, wordplay, emotional tone).
Cultural context	cultural and social phenomena reflected in the meme.
Example	an example of a modern English-language meme with a brief explanation of its meaning.
Influence on communication	the influence of memes on modern communication and the development of language.
Intercultural perspective	possible difficulties in understanding memes among people from other cultures, and ways of overcoming them.
Conclusion	a conclusion on the role of internet memes in shaping contemporary linguistic and digital culture.

After you have finished, present your poster to the group for 3–5 minutes, explaining your conclusions and answering questions from your classmates.

A.10 Байланыстырушы тапсырма (іс-әрекеттік кезеңнен рефлексивті-нәтижелік кезеңге өту)

Task. From Memes to Student Life: Academic Culture in Language.

Many British student memes are built on words connected with university life. Match the words with their meanings. Then find Kazakh equivalents (if they exist) and explain the cultural differences.

№	Word	Meaning	Kazakh equivalent
1	fresher	A) a year between school and university spent working or travelling	
2	halls (of residence)	B) a first-year university student	

№	Word	Meaning	Kazakh equivalent
3	all-nighter	C) a long piece of written work at the end of a degree	
4	gap year	D) staying awake all night to study or finish work	
5	dissertation	E) university buildings where students live	
6	uni	F) an informal word for university	

1) Which words have no direct equivalent in Kazakh? What does this tell us about the cultural differences between the two education systems?

2) Which words from Kazakh student life (e.g. «грант», «сессия», «ҰБТ») are difficult to translate into English? Why?

3) Make a prediction: which aspects of higher education in Kazakhstan and Great Britain will be the most interesting to compare?

A.11 Рефлексивті-нәтижелік кезең. Task 1

Task: Comparative Analysis of Higher Education Systems in Kazakhstan and Great Britain.

Aim of the assignment: to summarise the findings from the study of this topic, to identify the influence of cultural factors on the organisation of higher education, and to present the results of the comparative analysis in the form of a digital poster.

Working in groups of 3–4, create a digital poster in Canva and present it using the Poster Presentation tool.

1. Compare the structure of HE in Kazakhstan and Great Britain.

2. Identify similarities and differences: complete the Venn diagram by comparing the HE systems of Kazakhstan and Great Britain. Write the differences in the outer circles and the similarities in the overlapping section.

Kazakhstan	Similarities	Great Britain
Admission requirements • Admission based on the Unified National Testing (UNT) and university requirements. • State educational grants are available. Teaching and learning methods • Combination of lectures, seminars and practical classes. • Teacher-guided learning is common. Assessment system • Continuous assessment, exams and GPA.		Admission requirements • Admission based on A-levels, International Baccalaureate or equivalent qualifications; some programmes require interviews. Teaching and learning methods • Student-centred learning with emphasis on independent study, tutorials and critical thinking. Assessment system • Coursework, essays, presentations, projects and final examinations.

Kazakhstan	Similarities	Great Britain
Academic mobility • Exchange programmes are developing through Erasmus+ and bilateral agreements. Student life • Student clubs, dormitories, university events and volunteer activities.		Academic mobility • Extensive international exchange opportunities and partnerships with universities worldwide. Student life • Student unions, societies, multicultural campus life and strong academic support services.

After completing the Venn Diagram, discuss the following questions with your partner:

1. Which similarities between the two systems are the most significant?
2. Which differences reflect cultural values?
3. Which practices from the British HE system could be adopted in Kazakhstan?
4. How can understanding different education systems help future foreign language teachers?

A.12 Рефлексивті-нәтижелік кезең. Task 2

Task 2. My future as a foreign language teacher.

Aim of the assignment: to assess students' ability to analyse the linguistic and cultural characteristics of the higher education systems in Kazakhstan and the United Kingdom, to reflect on the knowledge they have acquired, and to apply it in the context of their future professional careers.

After studying the topic "The System of Higher Education in Kazakhstan and Great Britain", record a video presentation lasting 2–3 minutes.

In your presentation, address the following points:

1. What similarities and differences between the HE systems of Kazakhstan and Great Britain do you consider the most significant? Explain your opinion.
2. Which educational practices of British universities could be successfully implemented in Kazakhstan? Why?
3. How can these practices contribute to improving the professional training of future foreign language teachers?
4. What intercultural knowledge and professional skills have you developed while studying this topic?
5. How will you use this knowledge in your future teaching practice?

A.13 Рефлексивті-нәтижелік кезең. Task 3

Task 3. Reflection Board. What have I learned?

Aim of the task: to encourage students to reflect on what they have learnt on the topic 'The System of Higher Education in Kazakhstan and Great Britain', to assess their level of understanding of the cultural differences between the two education systems, and to determine the relevance of the knowledge gained to their future careers as foreign language teachers.

Answer the questions.

1. What new cultural knowledge did you gain?

Explain:

1. What distinctive features of the British and Kazakhstani higher education systems you have learnt about;

2. What cultural values are reflected in the organisation of the educational process;

3. Which differences in academic culture you found most significant.

2. What surprised you most about British and Kazakh higher education?

Specify:

- unusual or interesting facts;
- differences in approaches to teaching, assessment or student life;
- characteristics of the interaction between lecturers and students.

3. How will this knowledge help you as a future foreign language teacher?

Explain:

1. How an understanding of a different educational culture will help in your professional practice;

2. Why it is important for a foreign language teacher to be familiar with the cultural characteristics of the country where the language is spoken;

3. How this knowledge can be applied in foreign language lessons.

A.14 Рефлексивті-нәтижелік кезең. Task 4, Task 5

Task 4. Self-assessment challenge. Check your knowledge.

Aim of the assignment: to carry out a final assessment and self-evaluation of students' understanding of the material on the topic 'System of Higher Education in Kazakhstan and Great Britain', to consolidate professionally relevant vocabulary, and to assess students' ability to apply the knowledge they have acquired in various learning situations.

After you have studied the topic, complete two sets of interactive exercises using Quizlet and LearningApps.

Quizlet: "Higher education vocabulary review"

Use Quizlet flashcards to revise and test your knowledge of the key terms on this topic:

degree	
credit system	
curriculum	
assessment	
undergraduate	
postgraduate	
Bachelor's degree	
Master's degree	
PhD	
academic mobility	
independent learning	
research-based education	

Complete the following tasks:

- match each term with its definition;
- form sentences using the new words;
- select the terms used in the higher education systems of Kazakhstan and the UK.

Classification activity.

Classify the characteristics into categories:

Kazakhstan	Great Britain	Both systems

For example: unified national testing, A-level qualification, student-centred learning, credit-based education, academic mobility, research activity.

Task 5. Ordering activity.

Put the stages of higher education in the correct order:

Bachelor – Master – PhD

and compare the duration and characteristics of each stage in Kazakhstan and the UK.

А.15 Қорытынды тапсырма (үш кезеңді біріктіретін өзін-өзі бағалау)

Task 6. Linguocultural Portfolio: My Path through Three Stages.

Look back at the tasks you have completed at all three stages. Assess your progress by putting a tick in the appropriate column and give one example from your own work.

Stage	I can…	High	Medium	Low	My example
Motivational	identify cultural information in British holidays and idioms and make predictions about their meaning.				
Activity	interpret the cultural meaning of idioms and internet memes and transform information into a diagram or a poster.				
Reflective-result	compare the HE systems of Kazakhstan and Great				

Stage	I can…	High	Medium	Low	My example
	Britain, reflect on my learning and apply linguocultural knowledge in my future teaching.				

Write a short conclusion (5–6 sentences): How are holidays, idioms, internet memes and education systems connected as elements of culture and language?

А.16 Қалыптастырушы кезең. «Music and Cultural Festivals» тақырыбы бойынша тапсырмалар

Task 1. Situation-based task.

Nearpod tool: Collaborate Board.

Task: Festival recommendation.

Imagine that an international student is visiting Kazakhstan for the first time and wants to learn about Kazakh music and culture.

Recommend one cultural festival: Nauryz festival.

- when it takes place;
- what visitors can see and hear;
- why it is worth visiting.

Task	Nearpod	Situation:	Students should include:	Developed skills:
2. Role-play	tool: Pair Share	The visitor asks questions about a traditional music festival.	- traditional music; -national instruments; -festival traditions; -cultural significance.	-dialogic communication; - spontaneous speaking; -explaining cultural traditions.

Task 3. Case study. Nearpod tool: Open ended questions.

Situation: During an international festival, one participant says: "Modern music festivals are more interesting than traditional ones."

Task:

- Explain why people may have different opinions.
- Give two arguments supporting traditional festivals.
- Suggest how both types of festivals can coexist.

Task 4. Practical communication task. Nearpod tool: Draw it.

Complete the task:

Festival	Country	Music	Cultural importance

Spirit of Tengri			
Glastonbury			
Nauryz Festival			

Explain which festival you would like to attend and why.

Task 5. Problem-solving task. Nearpod tool: Collaborate Board.

Situation: Your foreign classmates are preparing a presentation about Kazakh music but know very little about it.

Suggest:

- three musical traditions they should include;
- two national musical instruments;
- one interactive activity for the audience.

Task 6. Reflection. Nearpod tool: Poll-Open-ended question.

Answer the questions:

1. What did you learn about music festivals today?
2. Which festival impressed you most?
3. How can music help people understand another culture?

Ә қосымшасы

«Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» оқу-әдістемелік құралы және авторлық құқықты куәландыратын құжат

